В настоящее время разработка модульных программ проводится на принципах, изложенных в Правилах организации учебного процесса по кредитной технологии обучения [2]. В процессе работы по формированию модульных образовательных программ были изучены потребности рынка труда и обучающихся, требования работодателей, определена структура образовательной программы, сформулированы совместно с работодателями общие и профессиональные компетенции выпускников специальностей с учетом Дублинских дескрипторов.

В ходе разработки содержания модульных программ определен перечень учебных модулей, включаемых в модульную образовательную программу, оценен вклад каждой дисциплины, определен объем кредитов по каждому модулю и по каждой дисциплине. Разработке содержания модулей предшествовало планирование ожидаемых результатов обучения. Результаты обучения сформулированы как по всей программе, так и по каждому модулю и отдельной дисциплине. Также были определены методы обучения и методы оценки достижения результатов обучения. Модули разделены на три вида: общие модули, модули специальности и дополнительные модули.

По модульному принципу формируются как сами образовательные программы, так и учебные планы и учебные дисциплины. В качестве примера приведем модульное построение учебного плана специальности Математика. По специальности «Математика» реализуется подготовка в рамках одной модульной образовательной программы по уровням подготовки (бакалавриат, магистратура).

В общие модули входят 3 модуля: Обществознание, Экологическое образование и Основы социально-гуманитарных знаний. Эти модули включают дисциплины цикла общеобразовательных дисциплин и формируют общие компетенции.

Специальные компетенции формируются модулями специальности, представленными 16 модулями. Эти модули сформированы из базовых и профилирующих дисциплин. Модули на основе содержательного единства дисциплин построены по «горизонтальной» или по «вертикальной» схеме. В «горизонтальном» модуле все компоненты вносят приблизительно равный и относительно независимый вклад в образовательный результат. Например, в модуль «Дидактика 2» включены два компонента по выбору, один из которых представлен дисциплинами «История и методология математики» и «Математическое наследие аль-Фараби». Другой компонент предлагает по выбору такие дисциплины, как «Методические основы решения математических задач», «Методические основы обучения решению олимпиадных задач», «Организация обучения математике в малокомплектной школе» и «Организация обучения математике при инклюзивном образовании».

В «вертикальный» модуль включены последовательно изучаемые дисциплины, нацеленные на достижение определенного образовательного результата. К примеру, модуль «Элементарная математика» состоит из обязательного компонента «Элементарная математика» и компонента по выбору 2.1, представленного элективными дисциплинами, включенными по рекомендации работодателей: «Решение логических задач по математике», «Решение олимпиадных задач по математике», «Решение текстовых задач».

Освоение компетенций должно происходить постоянно и закрепляться в период производственной практики. В зависимости от взаимосвязи и единства целей

с учебными дисциплинами для формирования практических навыков и умений различные виды профессиональных практик включены в разные модули. Следует особо подчеркнуть важность при модульно-компетентностном подходе тщательного планирования и организации производственной практики, чтобы она на самом деле была связана с целями и задачами обучения. Для этого необходимы тесные рабочие контакты с работодателями. Основными работодателями специальности выступают ведущие организации образования города и области, такие как Назарбаев интеллектуальная школа г.Талдыкорган, специализированный лицей «Экономика и бизнес» № 24 имени М.Арына для одаренных детей с обучением на трех языках, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа-гимназия имени Ш.Уалиханова с дошкольным мини центром акимата Ескельдинского района» с. Карабулак Ескельдинского района Алматинской области.

В дополнительные модули включены 4 модуля, направленные на формирование дополнительных компетенций: «Информационные технологии», «Языковой модуль», «Иностранный язык» и «Физическая культура». Эти модули формируют ключевые компетенции, которыми должны владеть выпускники образовательной программы в области государственного языка, в области иностранных языков, в работе с современной техникой.

Учебные планы магистратуры и докторантуры построены по модульному принципу с учетом преемственности программ. Причем, для трех уровней образования модульная образовательная программа построена по принципу «от простого к сложному» с учетом различий компетенции.

К примеру, на уровне специальности 5В010900-Математика изучается модуль «Дидактика 1» с обязательной дисциплиной «Методика преподавания математики» и элективной дисциплиной «Практикум по решению математических задач». В магистратуре по логической взаимосвязи изучается модуль «Дидактика высшей школы», включающий два компонента по выбору с элективными дисциплинами: компонент по выбору 2.3 с дисциплинами «Роль технологии нейролингвистического программирования в подготовке будущих учителей» и «Совершенствование подготовки будущего учителя путем технологического проектирования учебного процесса», компонент по выбору 2.4 с дисциплинами «Интерактивные методы обучения математике», «Использование уровневой дифференциации в обучении математике» и «Методика преподавания математических дисциплин в ВУЗе».

Модульные программы согласовываются с работодателями, для этого на факультетах созданы Советы работодателей. Модульные образовательные программы, основанные на компетенциях, позволяют обновлять или заменять отдельные конкретные модули при изменении требований к специалисту. Тем самым, обеспечивая качество подготовки специалистов на конкурентном уровне, модульные программы дают возможность индивидуализировать обучение путем комбинирования модулей, строить индивидуальную траекторию обучения студентов в соответствии с заявками конкретного работодателя.

Таким образом, учебное заведение обеспечивает необходимые условия подготовки обучающихся к трудовой деятельности, способствует росту доверия социальных партнеров, формирует производственную культуру, создает стандартные, объективные, независимые условия оценки качества, освоения программ обучения через призму реальных потребностей рынка труда.

ЛИТЕРАТУРА

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 гг, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан № 1118 от 7 декабря 2010 года.
2. Правила организации учебного процесса по кредитной технологии обучения, утвержденные приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 20 апреля 2011 года № 152 с изменениями и дополнениями, внесенными приказом № 198 от 2 июня 2014 года.

ПЕДАГОГИКА

ӘОЖ 373.015.3

ТҮЛҒА ДАМУЫНДАҒЫ ДЕВИАЦИЯНЫ ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ

Ахмедиева К.Н.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
ahmedieva66@mail.ru*

Мақалада тұлға дамуындағы девиацияның дамуына әсер ететін факторлар, оны түзетудің жолдары және алдын-алу шаралары қарастырылған.

В статье рассматриваются проблемы девиантного и деликвентного поведения личности, а также коррекционные и профилактические работы с ними.

The article deals with the problems difficult children and their behavior, also correction and prophylactic works with them.

Кілт сөздер: девиация, деликвентті тәртіп, индивид, психикалық денсаулық, әлеуметтік орта, аддиктивтік мінез-құлық, әлеуметтік ауытқу

Жеке индивид адамның эмоциялық жағдайының тұрақтылығы оның өмір сүретін ортасына, ғылыми техникалық жетістіктеріне мен экономикасына байланысты екені жайлы Елбасымыз Қазақстан халқына Жолдауында халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда жас ұрпақтың денсаулығын сақтау мен нығайту бойынша белсенді іс-шаралардың қажеттігі мен мемлекеттік маңызды басымдылық ретінде көрсетілетіндігі және жасөспірімге салауатты өмір салтын үйретіп, «әр оқушының қабілеті мен білім деңгейінің тиімділігін» арттыру қажет екендігі көрсетілген [1].

Қазақстанда соңғы 10-15 жылдарда психологиялық көмекке сұраныс пайда болып, күн өткен сайын бұл сұраныстың саны арта түскен. Бүгінгі таңдағы өмір жағдайлардың стресске толы болуы, уақыттың басым бөлігінің жұмыспен өтуі, балалар тәрбиесіне назардың аз бөлінуі, әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, экологиялық жағымсыз факторлардың әсері жеке тұлғалардың психологиялық, психикалық денсаулығының бұзылуына әкеледі.

Денсаулық дегеніміз – аурулардың жоқтығы ғана емес, ол физикалық шынығудың белгілі бір деңгейі, психикалық және физикалық сәттіліктің негізі.

Болмыстың үш түріне байланысты адамның денсаулығын үш деңгейге бөлуге болады:

Оның біріншісі – тән саулығы.

Екіншісі – психикалық, ақыл-есінің саулығы.

Үшіншісі – жан саулығы.

Адамның физикалық тәнінің денсаулығы деп - онын ағзасының сау болып, барлық жүйелердің бір-бірімен дұрыс үйлесімді түрде жұмыс атқаруын айтамыз.

Психикалық денсаулық деп - адамның қоршаған ортаны дұрыс қабылдап, онымен дұрыс байланыс жасап, алға қойылған мақсатқа байланысты дұрыс шешім мен оны дұрыс іске асыру қабілеттігін айтамыз. Әлеуметтік өмірде бұған арбір адамның өзіне берілген табиғи және қоғамдық міндеттерді дұрыс орындау жатады.

Рухани денсаулыққа адамның рухани болмысының тазалығы мен қасиеттері, адамның тәніне, әлеуметтік, жыныс, этникалық, діни, және мәдени айырмашылықтарынан бөлек адамның өзін-өзі рухани дұрыс тануы жатады. Осы үш аспект адам болмысының барлық жақтарын қамтиды.

Өкінішке орай, қазіргі таңда болып жатқан қылмыс, бұзақылық, ұрлық, зорлық - зомбылық, жеткіншектер арасындағы сунцидтың көбейуі, үйден кету, қыздардың жеңіл жүрістері, оқушылар арасындағы бопсалау, т.б. болып жатқан

қылмыс айыптыларының басым көпшілігі 11 - 18 жас аралығындағы жеткіншектер екенін көрсетіп отыр. Дәлірек тоқталсақ, 14 жастағылар - 11% , 15 жастағылар - 7%, 16 - 17 жас аралығындағылар - 42%, көбіне көп 14 жасар балалар қылмыстық істерді топтасып жасайды. Ал қыз балалар тарапынан жасалған жалпы қылмыстың 5% құрайды. Бұл дегеніміз, қазіргі нарықтық қоғамдағы адамдар арасында қарым-қатынас пен психологиялық қысым, әсіресе, жас буын психологиялық денсаулығының бұзылуына алып келуде. Қазақстан Республиканың өзінде, тіпті әлемдік деңгейде халқымыздың психологиялық, физиологиялық денсаулығын сақтау адамзат алдында тұрған үлкен мәселе болып отыр. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымының аймақты бюросының мәліметтері бойынша дүние жүзінде 14 - 24 жас аралығындағы адамдарда өзін-өзі өлтіру соңғы 15 жылда екі есе өскен. ҚР Агенттігінің статистикалық есебі бойынша Республикасы бойынша өзін-өзі өлтіру жағдайы тіркелген, оның ішінде 10 - 18 жас аралығындағы жастардың 154 - і ер балалар, 57 - сі қыз балалар. Ал өзін - өзі өлтіруден дүние жүзі бойынша Қазақстан бірінші орында тұрады екен. Ол әсіресе, 15-18 жас аралығындағы қыз балалар арасында көп орын алатынын статистикалық мәліметтер дәлелдейді [2].

Сонымен қатар, әлеуметтік ортаның ықпалын былай қойғанда, тәрбиелі мақсатты түрде ұйымдастыратын әлеуметтік институттардың бірі мектептің өзінде жеткіншектердің мінез-құлқы мен іс-әрекетін қадағалау қиынға соғып отыр. Оған дәлел, ең көп стресс алатындар мектеп жасындағы балалар екендігі анықталған. Мысалы, мектепке келген 1 - сынып оқушылар арасында 25-30% әртүрлі аурулар келсе, 11 - сыныпты бітіретін оқушылардың 80%-ы денсаулығын бұзып, әртүрлі диагноздармен мектеп қабырғасынан шығады екен [3].

«Девияция» кездейсоқ себептердің әсерінен заттың қалыпты жағдайынан ауытқуы деген мағынаны білдіреді. Девиянтты мінез-құлық деп мінез-құлқындағы нормадан ауытқуы бар балаларды айтамыз. Девиянтты мінез-құлықтың көрінуі тұлғаның ортаға деген реакциясы, яғни агрессия, өз бетінше және жүйелі түрде сабақтан қалуы, еңбектенуге құлқының болмауы; жүйелі түрде үйінен кетіп қалып қаңғырып жүруді әдетке айналдыруы, балалар мен жеткіншектердің ішімдікке әуестенуі; ерте нашақорлыққа қызығушылық танытуы, суицидтік әрекеттерге баруға талпынысының байқалуымен сипатталады.

Девиянттық мінез-құлық екі үлкен категорияға бөлінеді. Біріншісі – анық немесе жасырын психопатологияның барлығын білдіретін психикалық саулықтың қалыптарынан ауытқыған мінез-құлық.

Екіншісі – әлеуметтік, мәдени және әсіресе, құқықтық қалыптарды бұзатын антисоциалды мінез-құлық. Мұндай әрекеттер аз болса, оларды құқық бұзушылық деп қабылдаймыз да, ал салмақты болса әрі жазаланса қылмыс деп атаймыз. Бұл жерде делинквенттік (құқыққа қарсы) және қылмыстық іс-әрекеттер мен мінездер туралы айтылып отыр. Бұл мінездегі балалар девиянтты мінез-құлықты балалар қылығын қайталайды. Сонымен бірге оларда көбінде құқықтық нормаларды бұзушылық әрекеттер басым келеді, бірақ қылмыстық жауапкершілікке тартуға баланың жасының кішілігі мен қоғамға келтірген зиянының аса қауіпті болмауынан жазалауға тартылмайтын әрекеттер басым болады. Делинквентті мінез-құлықты балаларға мынадай қасиеттер тән:

- зорлық көрсету, балағаттау, ұрып кету, адамзатқа қарсы әрекеттер жасайды;
- материалдық пайда табуды көздейтін қоғамдық көліктердегі ұрлық, машина алып қашу және т.б. айналысады;
- наркотик сату, тарату және т.б.

Делинквенттік мінез-құлықты балалар тек сыртқы көрінісі жағынан ғана емес, ішкі тұлғалық жағынан да өзгерісті болады, яғни жеткіншектің құндылық

бағдарында деформация болғанда ішкі өзін басқару жүйесінде де, өзін-өзі бақылауында еріктік-әлсіздік болады.

Занды бұзатын, мінез-құлқында ауытқуы бар балаларға тән сипат мыналар:

- қылмыс түрлері мен адамзатқа жат қылықтар жасау;
- ішкі құрылымдық ауытқу (яғни ауытқу белгілі бір әлеуметтік топқа байланысты болса);
- ауытқудың сыртқы ортаға бағытталуы (отбасындағы ұрыс-керіс нәтижесінде қылмысқа барса) немесе өзіне зиян келтірсе (алкоголизм және т.б.)

Жеткіншектегі ауытқыған жүріс-тұрыс өз-өзін дәлелдеп көрсету үшін пайда болады. Ғалым П.М. Якобсон мінез ауытқуларын оның ішкі түрткілеріне қарай негізгі үш түрге бөліп қарастырған:

1. Дүниеқорлыққа бағдарланған ауытқу. Дүниеқорлыққа бағытталған әлеуметтік ауытқулар материалдық, ақшалай, мүліктік қажеттілікке қол жетуімен тығыз байланысты болып, оған құқық бұзушылық және зиян қылықтар жатады. Жеткіншектер арасындағы мұндай ауытқулар қылмыстық жазаланатын әрекеттер және қылықтар мен аморалды жүріс-тұрыстар ретінде көрініс береді.

2. Агрессивтілікке бағдарланған ауытқу. Агрессивті бағдарланған әлеуметтік ауытқуларға тұлғаның жеке басына қарсы бағытталған әрекеттерді (тіл тигізу, бұзақылық жасау, ұрып-соғушылық, зорлау және адам өлтіру) жатқызады.

3. Әлеуметтік-пассивтік ауытқу. Бұл түрі қоғам өмірінің белсенділігінен азаматтық міндеттерінен бас тартуында көрініс береді. Мұндай көріністерді жұмыс пен оқудан, тұлғалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпалын тигізбеуінен, қиял мен психиканы бұзу әлемінен байқауға болады. Ең соңғы позициясы – бұл өз-өзіне қол салу немесе суицид [4].

Психологиялық ашығудың девианттылыққа жетелейтіндігі ғылымда дәлелденген. Э.Берннің пікірі бойынша адамда психологиялық ашығудың алты түрі бар:

- сенсорлық стимуляцияға ашығу;
- өзгелерге өзін мойындату бойынша ашығу;
- қарым-қатынас жасауға ашығу;
- физикалық жақындасуға және сексуалдық қатынасқа ашығу;
- психологиялық құрылымдық ашығу;
- тіл табысуға келіспеушілік жағдайында ашығу.

Девиациялық мінез-құлықтың шегінде көрсетілген ашығу түрлерінің әрбірі өрши түседі. Адам ашығу сезіміне қанағат таппайды және осы ақиқат жағдайда сол ынғайсыздықты шешуге ұмтылады. Ол сенсорлық стимуляцияның (күш берудің) жоғары деңгейіне жетуге ұмтылады (қарқынды әсерлерге, қатты дауысқа, өткір иіске көңіл бөледі). Сонымен қатар, күнделікті өмірдің қиыншылықтарын игере алмауы, жақындарынан ұдайы ескертулер естуі, кемшілігін бетіне басуы мұндай аддиктивті адамдарда «жабық толыққандылық емес» кешенін қалыптастырады. Олар басқалардан ерекше болғаны үшін жапа шегеді, адамдар сияқты өмір сүре алмайтынына азаптанады.

Алайда мұндай «толыққанды емес кешені» гиперкомпенсаторлық реакцияға айналады. Мұндай адамдарға социум жағынан басымдық жасау қарқынды жүреді, аддиктивті адамдарға қоғамға, оның нормаларына қарай бейімделуіне тура келеді, «бөтендер арасындағы өз рөлін» ойнауға тура келеді. Осының нәтижесінде, ол қоғам міндеттейтін әлеуметтік рөлдерді орындауға үйренеді. Мысалы, үлгілі бала - инабатты. Ішкі әлеуметтік қатынастарды оңай түзеу манипулятивті мінез-құлықпен және эмоциялық байланыстармен сүйемелденеді. Мұндай адам тұрақты эмоциялық қатынастармен және ұзақ қатынаспен үйлесе алмай, бойын қорқыныш билейді, нәтижесінде сол бір адамға деген қызығушылығы жоғалып, ол қандай да бір

жауапкершіліктен қорқа бастайды. «Сұр бойдақтың» мінез-құлқының мотиві, егер онда аддиктивті мінез-құлық пайда болса, онда ол отбасы құрудан, әйелі мен балаларының алдындағы жауапкершіліктен қорқады.

Девияциялық мінез-құлық психологиялық ауытқумен байланысты болғанда ол көптеген дезадаптациялық құбылыстармен байланыста көрініс табады: өтірік айтуға ұмтылу, қоршаған ортаны, айналасындағы адамдарды алдау, сонымен бірге өз қажеттігі үшін басқаларды айыптау, күнделікті міндеттерге толы өмірден қорқу, қандай да бір жағдай үшін жауапкершіліктен қорқу аддиктивті адамның құрылымынан шығады, ол қоршаған ортасынан, айналадағылардан өзінің «толыққанды емес» кешенін жасыруға әрекет жасайды. Аддиктивтік мінез-құлық кезінде ақиқаттан қашу жүзеге асады, яғни адамның белсенділігі бір бағытта ғана жүреді. Бұл мәселені өзіне ыңғайлау үшін адам қызметтің азды-кемді бір саласына икемделеді және барлық өмірін сол қызметке бағыштайды. Д.Миллер концепциясының тұжырымына сәйкес «ақиқаттан қашудың» төрт түрі бар:

1. Денеге қарай қашу.
2. Жұмысқа қашу.
3. Қатынасқа (контактіге), жалғыздыққа қашу.
4. Қиялға берілу.

«Денеге қарай қашу» түрін таңдау негізінде отбасына дәстүрлі өмірден қызметтік дәрежесінің өсуіне, күнделікті өмірді өзгертуге, яғни өзіндік физикалық және психикалық жетілуіне ғана бағытталған әрекеттің қайта бағытталуында өтеді. Бұл кезде өзін сауықтыру шаралары сексуалдық өзара әсерлермен, жеке келбетімен, демалыс сапасы мен демалыс тәсілдерімен айналысу әрекеттері басым болады.

«Жұмысқа қашу» - адам жұмысқа шектен тыс уақыт бөліп, қызметтік жұмыстарында дисгармониялық тіркеумен сипатталады, еңбекқор атанады. Коммуникативтік құндылықтарын өзгерту «қатынастан қашу немесе жалғыздық» түріндегі мінез-құлықта қалыптасады. Бұл жағдайдағы қарым-қатынас адамның қажеттілігін қанағаттандыратын жалғыз тәсіл болып, қарым-қатынас минимумға дейін баратын жағдайлар да болады. Олар ой-қиялға берілуге бейім, өмірге қандай да бір үлесін қосуға белсенділік төмен, қандай да бір нақты белсенділікті көрсетуге пассив болады. Мұндай түрдегі қашудан философиялық ізденістерге, сонымен бірге діни фанатизмге, иллюзиялар әлеміндегі өмірге деген қызығушылық туады [5].

Девиянттық мінез-құлықтың патосипаттық түрлері тәрбие процесінде қалыптасқан мінездің патологиялық (ауытқу) өзгертулерімен шектелген. Оларға жеке адамның көңіл күйінің бұзылуы (психопатия) және мінездің анық акцентуациялары жатады. Мінездің дисгармониялық түрі адамның психикалық қызметінің барлық құрылымының өзгеруіне әкеліп соғады. Ол өз қимылында нақты және теңбе-тең шартталған мотивтерді емес, «психопатиялық өзін-өзі актуализациялауды» басшылыққа алады.

Тұлғаның мінез-құлығының бұзылуы немесе девиянтты мінезі бірнеше түрде көрініс береді:

- гиперкинетикалық мінез-құлықтың бұзылуы;
- мүмкіндігі шектеулі отбасындағы мінездің бұзылуы;
- әлеуметтендірілмеген мінездің бұзылуы;
- әлеуметтенген мінез-құлықтың бұзылуы;
- делинквентті мінез-құлық;
- ерте кезден ішімдік қолдану, наркомания;
- девициді сексуалды мінез-құлық;
- тұлғаның психогенді патологиялық құрылымы.

Гиперкинетикалық мінез-құлық. Мұндай мінез-құлыққа өз дегеніне жете алмау, оқуда табандылық көрсетпегендікпен, бір тапсырманы аяқтамай жатып

екінші тапсырмаға тез өту тән болады. Мұндай балалар санасыздық, импульсивтік, үнемі келеңсіз жағдайға түсіп қалу, қоғам нормасына қарсы келетін көзқарастарды айтатындығымен ерекшеленеді. Олар ересектермен қарым-қатынаста аралықты сезінбейді. Балалар оны ұнатпайды, олармен ойнаудан бас тартады. Кейде өзін-өзі бағалауы төмен болуы да мүмкін.

Мүмкіндігі шектеулі отбасындағы мінез-құлықтың бұзылуы. Бұл әлеуметтік нормаға қарсы немесе агрессивті мінез-құлық (қарсы шығу, дөрекілік) көрсетуімен байланысты ерекшеленеді. Мұны тек үйде ата-анасымен қарым-қатынаста, туысқан бауырларына көрсетеді. Соған қарамастан кей жағдайда үйдегі заттарды ұрлау, заттарды қирату, бұзу, яғни қатыгездік істеу, кейде үй өртеу әрекеттері де кездеседі [6].

Әлеуметтендірілмеген мінездің бұзылуы - әлеуметтік қоғамда қалыптасқан нормаларды бұзу, балаларға қатыгездік істеумен көзге түсетіндер. Олар өз құрбы-құрдастарымен жақсы қарым-қатынаста болмауымен, олардан шеттеліп қалуымен, құрдастарының онымен дос болудан бас тартуымен, беделінің болмауымен, сонымен қатар достарының болмауы немесе олармен тығыз қарым-қатынаста болмауымен сипатталады. Әдетте үлкендермен қарым-қатынаста оларға қарсы шығады, қатігез, жақсы қарым-қатынаста өте сирек болғанымен, оларға сенбейді. Кейде көңіл күйінің бұзылуы қатар жүреді, әдетте бала мен жеткіншек жалғыз болады. Бұл мінез-құлыққа бұзықтық, төбелесқұмарлық, өзгенің затын, ақшасын тартып алу, қатыгездік зорлық-зомбылық көрсету, тыңдамау, дөрекілік тән.

Әлеуметтенген мінез-құлықтың бұзылуы. Мұндай мінез-құлық антиәлеуметтік тұрақтылық (ұрлау, өтірік айту, сабақ кезінде қыдыру, үйден кетіп қалу, дөрекілік) немесе агрессивті мінез-құлық қарым-қатынасқа тез түсетін балаларда көрінеді. Олар жиі әлеуметтік нормаға қарсы топтар құрамында болады, бірақ кейде делинквентті емес топтар құрамында болады. Беделді ересектермен қарым-қатынасы нашар. Аралас мінез-құлық көрсеткенімен, олардың басым көпшілігі ашу-ызақорлыққа түсуге бейім және депрессия белгілері жиі көрінеді. Кейде үнемі депрессияда болады, қатты уайымда болу, қызығушылығының жоғалуы, ойыннан, тапсырмалардан ләззат алмауы жиі байқалады. Сонымен қатар, қорқақтық, өзін-өзі үнемі кінәлау сезімі де байқалады.

Анықталған тәрбиесі “қиын” оқушылардың тәртібі мен адамгершілік қасиеттерін дамытудағы ауытқушылықтардың себебін зерттеу және жеке басының психологиялық ерекшеліктерін зерделеу мәселесі бойынша, “қиын” балалардың “қиындығы” неде екенін білу үшін оның себебін табу керек. Біріншіден, оның жүйкесі мен психикасында ауытқушылық бар жоғын анықтап алу қажет. Мамандардың пікірінше, ондай ауытқушылығы бар оқушылардың 10% – 15% жүйке немесе психикалық ауру жағдайына байланысты. Мұндай оқушыларды тәрбиелеуден бұрын емдеу керек. Сау балалардың адамгершілік қасиеттеріне қандай факторлар жағымды, ал қандай факторлар жағымсыз әсер ететінін анықтап алу үшін ақпарат жинау. Ол үшін әңгімелелер, бақылау, сауалнама жүргізу, құжаттарды зерттеу әдістері қолданылады. Олардың бәріне дұрыс талдау жасау дегеніміз – “қиын” балаларды анықтауда қателікке бой ұрмау жағын қарастыру болып табылады [7].

“Қиын” оқушылардың отбасылық жағдайын өзгерту. Отбасының қиын жағдайы бала тәрбиесіне кері әсер ететіні бұрын да бірнеше рет дәлелденген ақиқат. Қалыптағы отбасыдан “қиын” бала шыға қоймайтыны белгілі. Алайда, Л.Толстой жазғандай “барлық бақытты отбасылар бір - біріне ұқсамайтындай әрқилы бақытсыз”, - қазіргі кезеңдегі әрбір отбасының мәдениет, моральдық, материалдық деңгейіне байланысты балалар тәрбиесіне де әсері дәл осындай.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының мақсаты- жан-жақты үйлесімді дамыған азамат тәрбиелеу, сондықтан бірлесе отырып тәрбие жұмысын жүргізу бүгінгі күннің қажеттілігі. Бұл тәрбие ісінің негізгі принциптерінің бірі ретінде халыққа білім беру заңдылықтарының жобасынан басты орын алған. Биологиялық құрылым иесі- адам өткен әлеуметтердің білім, салт, заттай және рухани мәдениеті күйінде топтанған өмір тәжірибесін игерумен ғана жеке тұлға дәрежесіне көтеріледі. Ал тұлғалық дамудың жоғары деңгейіне қол жеткізген адам өзінің рухы мәртебелілігімен, қоғамдық мәнді құндылықтарымен ерекшеленеді.

Әрбір дара тұлға өзінің қоғамдағы өмірлік әдептерін реттеумен күнделікті тіршілік проблемаларын шешіп отырады. Бірдей қиыншылық кедергілердің шешімін әр адам өз әдіс тәсілдерімен табуы мүмкін. Осыдан жеке тұлғаны танып, білу үшін сол адамның алдында тұрған өмірлік міндеттерін, оларды іске асыру жолдары мен өмір барысында ұстанған принциптерін жете білу аса маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. 2014 жылғы 11 қараша.
2. Личко А.Е. Психопатии и акцентуация характера у подростков. М., 2012
- 3.Беличева С. Дети и семьи группы риска как объекты социальной профилактики. М., 2013.- С. 22.
4. Конфликтология. Под. ред. проф. В.П. Ратникова . М , 2012 .
5. Б.Жолмаханов. “Қиын”оқушыны тәрбиелеу // Бала тәрбиесі № 5, 2010, 40-бет.
6. Керимов Л.К. Трифонов В.В. Трудный подросток. Алма-ата. 2009. -43с
7. Қойжігітов А. Девиантты іс-әрекетті балалар мәселесі. // Ұстаздар пайымы. 2007 № 3 , 2-9 бет

ӘОЖ 371. 123

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Абдилданова А.К., Каратаева Д.Г.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Аk.abdildanova@gmail.com, Dg.karataeva@gmail.com*

Мақала жалпы инновация ұғымы және білім берудегі инновация туралы. Білім беру жүйесіндегі инновацияның қолданылуы жайлы. Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі инновацияның жүзеге асуы туралы.

Статья о понятии инновация в образовательной сфере. Нововведения, или инновации, характерны для любой профессиональной деятельности человека и поэтому естественно становятся предметом изучения, анализа и внедрения. Инновации сами по себе не возникают, они являются результатом научных поисков, передового педагогического опыта отдельных учителей и целых коллективов.

This article is about innovation in learning. Innovations, or innovations, are characteristic for any professional activity of man and naturally become the article of study, analysis and introduction. Innovations in itself do not arise up, they are the result of scientific searches, pedagogical advanced experience of separate teachers and whole collectives.

Кілт сөздер: *қоғам, реформа, мемлекет, республика*

Бүгінде заман талабына сай оқу орындарында инновациялық әдістерді қолданып, шәкірт тәрбиеу жүйесі енгізілді. Бұл бастама оқушылар мен студенттердің тұлға ретінде қаптасуына, жан-жақты жетілуіне, ой-санасын дамытуға өз септігін тигізеді. Ғылым саласындағы жаңару мен жаңғыру үдерісі Президенттің жыл сайынғы халыққа жолдауында да айтылып келеді. Инновациялар – кез келген елдің дамуындағы жаңа пірім және нақ соларға отандық инновациялық экономиканың қалыптасу жолына үлкен үміт арттырылады. Елдің басты ресурсы ретінде барлық салалардағы кәсіби сауатты мамандар – адами капитал танылуы тиіс. Қазіргі заманғы ғылымның міндеті өзіміздің бәсекеге қабілетті және кәсіби шеберлігі жоғары кадрларды өсіру және дамыту. Егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алудамыз. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Инновация–латын тілінің «novatio» және сөзалды «in» қосымшасының бірігуі арқылы жасалған термин. Инновация ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. «Инновация – белгілі бір топқа жаңа болып табылатын идея» немесе «Инновация – арнайы өзгеріс». Ал елімізде «Инновация» ұғымына тұңғыш рет зерттеуші Н. Нұрахметов анықтама берді. Оның пікірінше: «Инновация дегеніміз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және оларды таратуға қатысты қызметі». Инновация білімнің мазмұнында, әдістемесінде, технологиясында, оқу үдерісін ұйымдастыру барысында айқындалады. Инновацияны «жаңашыл», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме кұралы» деп қарауға болады. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір оқытушы үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа оқытушы үшін өтілген материал тәрізді. Қазіргі таңда оқу үдерісіне «жаппай» енгізіліп жатқан инновациялық технологиялар баршылық. Әрине, инновация көкейкесті мәселелердің тоғысында пайда болып, оқу үдерісіндегі әдістемелерге жаңаша тұрғыдан қарап, оны үздіксіз жаңғыртуға бағытталады.

XXI ғасыр жаһандану, ақпараттандыру, инновациялық экономиканы автоматтандыру және өмірдің түрлі салаларындағы терең өзгерістер арқылы адамның өндірістегі және жалпы қоғамдағы маңызының түбегейлі өзгеруі, сонымен бірге білім және ғылым саласының қоғам өміріндегі маңызының өзгеруі пайда болатын жаңа өркениеттің басталуы.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2030» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл процесс педагогика теориясы мен оқу – тәрбие процесіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді». Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру,

халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі мемлекет саясатының басты мақсаты» (6.02.2008) Жолдауында «... қазіргі өмірге сай білім алу мен алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану мүмкіндігін жасау» туралы атап көрсетілген. Осыған байланысты жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды қолдану, бір жағынан, оқу әрекетін нәтижелі ететін, екінші жағынан, мамандарды дайындау сапасын көтеруге басты себеп болатын инновациялық процесс. Сол сияқты, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты қазіргі ғылым мен техниканың даму беталысы, автоматтандырылған ақпараттық орта, мамандардың да заман талабына сай болуын қажет етеді. Сондықтан жоғары оқу орындарының білім беру процесіндегі студенттердің өзіндік жұмыстарының үлесін көбейту, олардың білімді меңгеру барысында жаңа ақпараттық оқыту технологияларын қолдануына мол мүмкіндік беру педагогикалық процестің маңызды міндеті болмақ. Бүгінгі ақпаратпен толықтырылған білім беру ортасының оқу процесін электрондық қорларды жоғары дәрежеде құрылымдалған және көрнекіленген электрондық оқулықтар мен пәннің оқу-әдістемелік кешендерін (жаңа ақпараттық коммуникативтік және интернет-конференциялар жағдайындағы бірлескен танымдық іс-әрекет және т.б.) қолдана отырып, сапалы ұйымдастыру жөнінде айтарлықтай педагогикалық тәжірибелер жинақталған. Осыған орай «инновация» терминінің өзі латын тілінен алынған, ол - «жаңару, өзгеру» дегенді білдіреді. Бұл түсінік XIX ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдірді. XX ғасырдың 30-жылдарында Еуропада ғылымның жаңа саласы, жаңашылдық ғылымы пайда болып, ал 50 жылдары педагогикалық инноватика қалыптасты. КСРО-да бұл термин XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап қолданыла бастағаны белгілі. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Олай болса бүгінде әлемдік педагогика саласында білім беру мен жас ұрпақты тәрбиелеудің инновациялық технологиялары өмірге еніп жатыр. Қоғамда түрлі ақпаратты меңгеруге бірінші кезекте жастарды тарту қажеттілігі туындайды. Осыған орай, еліміздің білім жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы қарастырылған. Сондағы негізгі міндеттердің бірі оқушылардың ақпараттық даярлығын жетілдіру болып табылады. Әр сабақта қолданылатын жаңаша технологиялармен сабақ беру мақсат қоюдан басталады. Заман ағымына қарай оқыту әдістері де өзгертіліп, жаңаланып отыруы тиіс. Оқытуды жетілдіру ғылым мен техниканың жетістіктеріне сәйкестендірілуі керек. Сол негізде компьютерлік техниканы жетік меңгерудің, электронды оқу құралдарын жан-жақты пайдаланудың маңызы зор. Барлық пәндер бойынша оқу процесін ақпараттандыру - білім беру жүйесін жаңа сатыға көтеретін фактор. Сабақта электронды оқулықтарды пайдалану арқылы оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға, ізденісін ұлғайтуға, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға машықтануына негіз қаланады./1/ Білім берудегі инновациялық процесстерге тоқталсақ бұл дегеніміз мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды аттестациялау, педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығы. Білім берудегі инновациялар. Жаңа енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанасына айналды. Иновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми әдістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді. Осы орайда инновацияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажет білім сапасы мұғалімнің құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігіне байланысты. Бұл үшін мұғалімдерді

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименталды жұмысқа тарту қажет, өйткені ол білім жүйесі дамуының басым түрі болып табылады. Ал жұмыстың инновациялық бағытына қолдау көрсету, біліктілікті арттыруда мынандай сынды стратегиялық бағдары болса: білім сапасын басқару, білім мазмұнының жаңаруы, оқытушы жұмысындағы инновациялық жобалар, бағдарлы дайындық пен бағдарлы оқыту-білімгер тұлғасының өзін-өзі анықтау факторы, білімгерлерді оқытудың технологиялық әдісі, білімгерлердің дарындылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, білімгерлердің шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастырудағы қазіргі технологиялар, тиімді білім технологиялар негізінде мемлекеттік тілді оқыту, мұражай – оқушыларға рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбие беру құралы, техникалық және кәсіби білім беруде тәрбие жұмысын жетілдіру, оқу-тәрбие үрдісін жобалауға инновациялық көзқарастар. Көрсетілген бағдарды Шығыс Қазақстан облысының білім қызметкерлері дәстүрлі секция отырыстарын өткізу үстінде. Бұл бағдарламаның мақсаты – инновациялық педагогикалық тәжірибелерді, шығармашыл жұмыс істейтін педагогтарды айқындау, қолдау, марапаттау. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнын, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді. Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Сондықтан да қазіргі қоғамымызға әр оқытушының өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді әртүрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар оқу орнында оқу-тәрбие жүйесі, оқытушы мен білімгер арасындағы қарым-қатынас жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми – педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды мәселелердің бірі. Оқу процесіндегі инновациялық модельдің құрылымын былай көрсетуге болады: жалпы инноватикадағы инновациялық процесс идеялары; педагогикалық инноватиканың пайда болуы, таралуы, педагогикалық жаңалықтарды меңгеру; оқу процесі кезінде теориялық талдау жасау немесе іс-әрекет ретінде.

Қазіргі кезде педагогикалық инновацияның білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелерінің бірі – жаңалықтарды топтастыру. Мұғалім үшін ашылған жаңа әдісті жан-жақты түсіне білу үшін, бұл жаңалықтың басқа жаңалықтардан ерекшелігін, айырмашылығын, артықшылығын көре білу қажет. Инноватика мазмұнына талдау жасау нәтижесінде Ш.Т. Таубаева төмендегі негізгі аспектілерді көрсетеді:

- 1) Инноватика – жаңа білімді ойлап табу, меңгеру, енгізу заңдылықтарын зерттейтін гуманитарлық ғылым;
- 2) Иноватика – жаңа білімді жасап шығару, меңгеру, енгізу процестерін зерттейтін ғылыми білім саласы;
- 3) Инноватика – қоғамдық тәжірибеде және ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы инновациялық процестің теориясы мен практикасы./2/

Осы орайда ақпараттандыру ғасыры деп танылып отырған ХХІ ғасырдағы мұғалім — біздің тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын қалап жатқан маман. Өйткені ел болашағының кілті – бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Жас ұрпақтың тағдыры олардың бойына білім мен ізгілік нұрын себуші ұстаздардың қолында. Елбасы атап көрсеткеніндей, «Тек жоғары сауатты, дарынды, дана әрі отансүйгіш мұғалім ғана лайықты ұрпақ тәрбиелеп шығара алады. Бүгінде, мұғалім балаларға білімдер жиынтығын беріп қана қоймай, сонымен бірге, ең бастысы – оларды өмір бойы үйренуге үйретулері керек». Сонымен бірге, бүгінгі таңда институт ұстаздарын

қатты толғандырып отырған мәселелердің бірі – болашақ мұғалімді балаларды өзіне үйренуге, одан кейін үйретуге үйрету. Сол себепті институттағы оқу-тәрбие ісін ұйымдастыруда, жүзеге асыруда, оның қыры мен сырын әрбір студентке олардың өздеріне тән ерекшеліктерін ескере отыра жеткізіп, иландырып, сіңіруде қолданылатын инновациялар мен соны технологиялардың пәрменін осы міндеттерді ойдағыдай орындау ісіне пайдалануға тырысу қажет. Бүгінгі заман талабына сәйкес жаңа формация мұғалімі дегеніміз, ол – педагогикалық құралдардың бүкіл әлеуетін меңгерген, өзін өзі жетілдіруге үнемі ұмтылып отыратын рухани дамыған, әлеуметтік жағынан жетілген шығармашылық тұлға, білікті маман. Еліміздің мақсаты да өзін өзі дамытуға және өзін барынша көрсетуге қабілетті жоғары сауатты шығармашыл тұлғаны қалыптастыру және дамыту болып табылады. Күн талабына сай айтылған «Дәуір даналарын ілестіреді, ұстаз білімділікті үйлестіреді» деген қанатты сөз ұстаздық кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп тұрудың қажеттігін еске түсіреді. Білікті де білімді, мейірімді ұстаз ғана білімді үлестіруші, көш басының тұлғасы бола алады деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұр Астана М. Қазығұлова «Ақпараттық технология жаңа сатыға көтереді», 18.12.2008 жыл.
2. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. Монография. – Алматы: Ғылым, 2001.
3. //Егемен Қазақстан – Жаңа тұрпатты ұстаз, 2006-11-21

ӘОЖ 821.512.122 – 31

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ТІЛІН МӘТІН АРҚЫЛЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Галиева А.Н., филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Жиеналина М., 4 курс студенті

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мақалада бастауыш сыныптардағы баланың байланыстырып сөйлеу тілін дамытудағы әдіс-тәсілдерді іріктеу, оны оқу үрдісінде пайдалану жолдары қарастырылмақ.

В статье рассматривается проблема овладения связной речи учащихся начальных классов посредством использования активных методов обучения в учебном процессе.

In the article the problem of mastering coherent speech of pupils of primary school through the use of active learning in the classroom.

Кілт сөздер: сөйлеу тілі, мәтін, әдіс-тәсілдер, қызығушылық.

Сөйлеу үдерісіндегі басты орын алатын – сөз бен сөздің байланысы, грамматикалық формалар мен мағыналары, сөздердің тіркесі, сөзжасам – осының бәрі тіл үдерісіндегі басты орын алатын – сөз бен сөздің байланысы, грамматикалық формалар мен мағыналары, сөздердің тіркесі, сөзжасам – осының бәрі тіл білімінің салаларында қарастырыла келіп, грамматиканың дамуына қанша әсер етсе, тілдік қарым – қатынасқа, сөйлеуге де сонша ықпал етеді.

Сөйлеуді меңгерту дегеніміз – оқушының айтайын деген ойын ауызша және жазбаша түрде екінші адамға түсінікті етіп жеткізуіне мүмкіндік жасау. Ал сөйлеуді

үйрету – күнделікті өмірде кездесетін жағдайларға байланысты адам өз ойы мен пікірін тұжырымдау; сол ойды сөзбен бейнелеудің, сөйлем арқылы түсінікті түрде жеткізудің амалдарын игерту. Мұның өзі оқушының тілдік құралдары мен бірліктерді, олардың байланысу формаларын жете білумен қатысты. Сөйлеуші тілдік бөлшектерді жеке игермей, олардың бір –бірімен тіркесу, қолданылу заңдылықтарын іс жүзінде түсініп, өз бетімен қажетіне сай пайдаланып үйрену керек. Бұл тілдегі сөздік қор мен грамматиканы қатар меңгеріп, ойда пайда болған ұғымды сөйлемге айналдыруды қажет етеді. Осы күрделі үдерістің бәрі (санадағы ұғым, оны сөзбен бейнелеу, сөздерді байланыстырып, сөйлем құрап айту) бір мезгілде орындалады. Осылай оқушы екінші адаммен тілдік қатынасқа түсіп, айтар ойын оған жеткізеді.

Олай болса, сөйлеуге үйретілудегі негізгі мақсат тілдік материалдарды оқушыларға таныстыру емес, оларға фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдардың қолданылу заңдылықтары мен амалдарын үйрету, оларды сөйлеу кезіндегі дұрыс жұмсауға дағдыландыру болып табылады.

Байланыстырып сөйлеу – оқушылардың бұрын қабылдаған алуан түрлі сөйлеу шеберлігі мен дағдыларының, соның ішінде орфографиялық және пунктуациялық жағынан дұрыс, интонация жағынан әсерлі, тартымды (ауызекі сөйлегенде) тұрғыда іскерліктер мен дағдылардың шоғырланған түрде қолданылған айту формасы. Сөйлеудің бейнелі, көрікті, сезімге әсерлі және логикалық байланыстырып айту мен жазуға бірдей қатысты.

Әдістеме саласында байланыстырып сөйлеуді үйретуге арналған жаттығулар жете қарастырыла қойылған жоқ. Әдетте, мақсатына қарай дайындық, үйрету; өту орынына қарай сыныпта, үйде; ойды жеткізу формасына қарай жазбаша, ауызша; ойлау операциясына қарай аналитикалық, синтетикалық, аналитика - синтетикалық, деп бөлінеді [1]. Сондықтан біз аталған мәселелерге теориялық тұрғыда көңіл бөліп, педагогикалық, әдістемелік жағынан жетілдіру жолдары бойынша жұмыс түрлеріне қызығушылық таныттық.

Оқыту - екі жақты күрделі дидактикалық құбылыс.

Балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытудың өзіндік қиындықтары бар. Балабақшадан кейінгі бастауыш мектептегі кезеңде оқушының оқу әрекетін дұрыс ұйымдастырудың дидактикалық талаптарының бірі - баланың оқу-танымдық белсенділігін арттыру. Бала не үшін оқитынын бірте-бірте саналы түрде ұғынатын кезеңі де осыдан басталады. Мұндай жастағы баланың жоғарыда айтқандай оқу әрекетін қалыптастыруда кездесетін қиындықтардың бірі - зейінінің тұрақсыз болуы. Сондықтан мұғалім оқушының зейінін тұрақтандырып, білім беруді нәтижелік моделіне бағыттау жолында оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруы қажет.

Оқу - баланың әрекетіне күрделі талаптар қояды. Балалардың басты ерекшеліктерінен психологтар «бәрін білуге құштарлықтан туындайтын тамаша қасиеттің» бар екендігіне мән береді.

Сондықтан адам ойлауының бастапқы формасы ұғым қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтап алу мұғалімнен психологиялық білімді қажет етеді.

Бастауыш мектеп жасындағы баланы байланыстырып сөйлеуге үйрету – білім беру мекемелерде жүйелі жүргізілетін үрдіс. Бұл кезеңде сөздік қорды байытып қана қоймай, сөйлем құрау, өздігінен мәтін құрап, ойын жүйелі, бірізділікпен айтуға қалыптастыру қажет. Сөйлеу әрекетінің айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым секілді түрлерін меңгеруге байланысты соған сәйкес жаттығу-тапсырмаларды орындай білу қабілеттерінің қалыптасуына баса мән беріледі.

Байланыстырып сөйлеу тілін (ауызша және жазбаша) дамытудың негізі ретінде мәтін алынды.

Соңғы кездері әдістемелік еңбектерде мәтін тек оқу және оқыту материалы

ретінде ғана емес, сөйлеу кезінде ойды басқаға жеткізу құралы тұрғысынан қарастырылуда. Сөйлеушінің айтатын ойы мәтін құру арқылы жүзеге асырылатыны жөніндегі ой-пікірлер, зерттеулер Ф.Ш.Оразбаеваның, С.Р.Рахметованың, Т.Әбдікәрімнің, Н.Ж.Құрманованың, А.С.Қыдыршаевтың, Б.Қалимұқашеваның, Ә.Е.Жұмабаеваның, Б.Қабатайдың, Н.Сламбекованың, Н.Тойбазарованың т.с.с. көптеген ғылыми-әдістемелік еңбектерінде қарастырылған. Дегенмен бастауыш сынып жасындағы балалардың жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретуге байланысты шешімін таппаған мәселелер де жоқ емес.

Мәселен, бастауыш сыныпқа арналған «Қазақ тілі» жаңа буын оқулықтарында «Мәтін» ерекшелігін танытатын жеке тарау берілген. Оның белгілері және құрылымдық ерекшелігі жайлы теориялық мағлұматтар да енгізілген. Дегенмен «Мәтін» тарауы бойынша енгізілген теориялық мәліметтер мен оған қатысты жаттығулар тек грамматикалық бағытта қамтылып, оқушының мәтін құрастыру арқылы өз ойын байланыстырып жазу қабілетін дамыту мәселесі назардан тыс қалған.

Жұмысымызда мәтін арқылы байланыстырып сөйлеуге үйретуге арналған жаттығулар мен тапсырмалар кешені былайша топтастырылды: танымдық талдау жаттығулары; түзету жаттығулары; шығармашылық ізденіс жаттығулары. Жаттығуларды іріктеу үшін мынадай әдістемелік талаптарды басшылыққа алдық: баланың теориялық білімін практикада қолдануына бағытталуы; балада қызығушылық туғызып, олардың өз бетімен ізденуіне жағдай жасауы; ұшқыр ой, ұтымды пікір, бейнелі сөздер кездесетін, тәрбиелік мәні бар, қызықты мәтін берілуі; тапсырманың шығармашылық сипатта болуы көзделді [2,36.].

Бастауыш сынып оқушысының байланыстырып сөйлеу тілін дамыту мақсатында жаттығулар мен тапсырмалар бойынша мынадай жұмыс түрлері жүргізілді:

1. Танымдық-талдау жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларына мәтіннің мағыналық, құрылымдық ерекшелігі жайлы, қазақ тілі оқулығындағы тілдік тұлғалардың қолданылуы туралы теориялық білімі толықтырылады. Бақылау, салыстыру, талдау, сызба құру т.б. арқылы оқушылардың теориялық ұғымдарды саналы түрде қабылдап, өз тәжірибесінде қолдана білу дағдысын жетілдіріледі.

Танымдық талдау жаттығуларын орындатудағы басты мақсат – мәтінге байланысты ұғымдарды саналы түрде қабылдап, өз тәжірибесінде қолдана білу дағдысын жетілдіру. Бұл тапсырмалар мен жаттығулар мәтіннің мазмұндық құрылымдық ерекшелігін танытуға құрылады. Оқушылар мәтіндегі тілдік тұлға бірліктердің қолданысын түсініп, тақырып пен негізгі ойдың байланысын, ондағы сөздер мен сөйлемдердің байланысын ажыратады. Мәтіндегі тұтастық сақталу үшін байланыстың қалай жүзеге асатынын аңғарады, ой қорытындысын жасайды.

2. Түзету жаттығулары арқылы белгілі бір тақырып, негізгі ой бойынша дұрыс түзілмеген мәтінді қайта жөндеу, түзету дағдысы қалыптастырылады. Тілдік құралдар арқылы өз мәтінін түзу үрдісінде ой жүйесін бір-бірімен байланыстыра білуге үйретіледі. Белгілі бір тақырып, негізгі ой бойынша дұрыс жазылмаған мәтіндегі қатені тауып, түзетуге үйрену арқылы жазбаша байланыстырып сөйлеудің логикалық құрылымын танып біледі.

Түзету жаттығулары ауызша және жазбаша сөйлеудегі ой байланысын, оқиға желісін дұрыс құруға, өңдеуге құрылады. Қате құрылған мәтінмен жұмыс істеудің тиімді жағы, қатені іздеген кезде оқушы оны бірнеше рет оқиды. Мәтінге бірнеше рет қайта айналып келу, қайта оқу ерікті түрде әрі жеңіл орындалады. Егер оқушыға «мәтінді екі рет оқып шығындар» дейтін болсақ, тапсырма қызықсыз әрі еріксіз орындалар еді. Қатені түзету мақсатымен оқитын кезде бала ойланады, ізденеді. Біреудің қатесін жөндеу арқылы бала байқағыштыққа үйренеді, біртіндеп өз сөзін де

қадағалауға жаттығады.

Мәтінді түзету, қалпына келтіру тапсырмасын «Сырлы сандық», «Шатасқан шумақтар» деп аталатын *ойын әдісі* арқылы ұйымдастыруға болады. Мысалы, сандықтың бір жағына белгілі бір мәтіннен алынған бір сөйлемді, екінші сандыққа екінші сөйлемді жазып, бірнеше сандықты пайдалануға болады. Сандыққа жазылған сөйлемдерден мәтін құрастыруға әртүрлі тапсырма беруге болады. Олар: берілген тақырып бойынша мәтін құру; бірінші сөйлем бойынша мәтін құру т.б. осы сияқты тапсырмаларды орындау барысында оқушы белгілі бір тақырыпта сөйлемдерді жинақтап, мәтін тұтастығын қалпына келтіруді үйренеді. Мәтіннің ішкі логикасын түсінуге үйрету үшін, ұйқасы бұзылған өлең мәтінін редакциялап, түзету тапсырмасы беріледі. Мұны «*Шатасқан шумақтар*» ойыны арқылы жүргізуге болады. Екі түрлі өлеңнің тақырыбы беріледі де, ондағы өлең жолдары орны ауыстырылып беріледі. Оқушының міндеті осы өлең жолдары қай өлеңнің тақырыбына сәйкес келетінін анықтап, түзетіп жазады. Тапсырма топтық немесе жұптық жұмыс түрінде ұйымдастырылады. Мұндай жаттығуларды орындау кезінде оқушылардың бір-бірімен ақылдасуы арқылы коммуникативтік қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туады.

3. Шығармашылық ізденіс жаттығулары мәтінді құрастыруға қажетті сөздер мен сөз тіркестерін іздестіру жұмыстары арқылы жүргізіледі. Оған мыналар жатады:

- 1) өлең мәтінін құрастыруды үйрету;
- 2) теңеуді құрастыруды үйрету;
- 3) жұмбақ мәтінін құрастыруды үйрету;
- 4) сурет бойынша өз ойынан мәтін құрастыруға үйрету.

Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорында көбінесе зат есім, етістік болады да, сын есім, үстеу, есімдік сияқты сөз таптары сирек кездеседі. Сондықтан да байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмысында заттың түр-түсін, пішінін, әр түрлі белгілерін бейнелейтін сөздерді, яғни сын есім сөздерді қолдануға үйретуді теңеу, жұмбақ, сипаттау мәтінін құрастыруға үйрету арқылы жүзеге асырылады.

Өлең, жұмбақ, ертегі құрастыру барысында оқушының алған білімі мен білігін мәтін құру үрдісінде қолдану арқылы өз ойын жүйелі жазуға, шығармашылық қабілетін шыңдауға мүмкіндік ашылады.

Есептелген кадр бойынша анимация ұйымдастырғанда бейненің тек қана бастапқы және соңғы кадрлары анықталады. Мұндай анимацияның өзі екі түрлі болады – қозғалыс анимациясы және форма анимациясы. Қозғалыс анимациясында орналасу орны, көлемі, бірінші кадр үшін айналу объектісі анықталады және соңғы кадр үшін осы қасиеттер жана мәндер бойынша беріледі. Форма анимациясында бірінші кадр үшін фигура салынады, ал соңғы кадрда фигура формасы өзгереді. Әрі қарай программа қозғалыс қасиеті мәндерінің немесе форма үшін анимация кадрларының аралық өзгерісін интерполяциялайды.

Macromedia Flash бағдарламасында кадрлар екі типті болады: «**keyframe**» (кілттік) және «**frame**» (қарапайым). Кілттік кадрда – анимациядағы өзгерістер беріледі. Мұндай кадрмен кез-келген анимация басталады және аяқталады.

Есептелген кадр бойынша ұйымдастырылған анимацияда фильмнің негізі нүктелеріндегі кілттік кадрлар ғана анықталады, ал басқа кадрларды программа автоматты түрде құрады. Кадрлық анимацияда барлық кадрлар кілттік болып табылады.

Кілттік кадр «TimeLine» уақыт өлшемі терезесінде тіктөртбұрыштың төменгі бөлігінде кішкене дөңгелек түрінде бейнеленеді. Әрбір қатпарда бірінші кадр автоматты түрде кілттік болып табылады. Сонымен бірге, сахнадағы қандай да бір өзгеріске қатысты әрбір кадрда кілттік болып табылады. Қарапайым кадр бос тіктөртбұрышпен белгіленеді және ол алдындағы кілттік кадр мазмұнымен толтырылады. Егер кадр бос болса, ақ түспен, ал егер онда қандай да бір бейне болса сұр түспен белгіленеді.

Мәтінге анимация қолдану үшін «Modify→Convert to Symbol» (Модифицировать→Преобразовать в символ) командасы қолданылады. Егер әріп белгілі траектория бойында қандай да бір нүктеге жетпесе, онда кілттік кадр қосып, осы кадрда әріпті қажетті нүктеге жеткізу керек.

Форма анимациясы дегеніміз – бір объекті формасының, түрінің және түсінің екінші бір объектіге ауысуы. Мұндай әсерді қолдану үшін «Properties» (Свойства) панелінің «Tween» (Дублировать) бөлімінен «Shape» (Форма) қасиетін таңдау керек. Сонда «TimeLine» панеліндегі аралық кадрлар жасыл түске боялады.

Flash бағдарламасында фильмге дыбыстық әсер берудің 2 түрі қолданылады: «**event**» (іс-әрекеттік) және «**stream**» (ағымдық).


Іс-әрекеттік дыбыс қолданушы компьютерінде толық жүктелген болуы керек және тоқтатқанға дейін орындала береді. Егер іс- әрекеттік дыбысты қайталау қажет болса, онда оның көшірмесі жүктеусіз орындала береді. Бағдарламада іс-әрекеттік дыбыстық әсердің 3 түрі қолданылады: «Event» (іс-әрекет) үнсіздік бойынша қолданылады, «Start» (Бастау) және «Stop» (Токтау).

Ағымдық дыбыс бірінші кадрларды дыбыстауға қажетті қандай да бір мәліметтер жүктелгеннен соң барып іске қосылады. Егер дыбысты қайталау қажет болса, онда оны жаңадан орнату қажет.

Фильмге дыбыстық әсер беру үшін ең алдымен қажетті файлды «File→Import→Import to Library» (Файл→Импорт→Импортировать в библиотеку) командасы арқылы импорттаймыз.


Қарапайым анимация ретінде еден бетінен секірілген доп бейнесін тұрғызайық. Ол үшін:

- 1) Жаңа құжаттың бірінші қатпарында кішкене дөңгелек сызайық (15-сурет);



15-сурет.

- 2) «TimeLine» терезесінде 40 кадрды шертемізде F6 батырмасын басамыз немесе жанама мәзірден «Insert KeyFrame» командасын таңдаймыз. Сол жақтағы ең жақын кілттік кадрдан мазмұны көшірілетін екінші кілттік кадр құрылады (16-сурет);



16-сурет.


3)40 кадрда тұрған бойы дөңгелекті сахнаның оң жақ бөлігіне орнын ауыстырамыз. Ал дыбыс нұсқағышты бірінші кадрға апарамыз;

4)Уақыт өлшемінде бірінші кадрды нұсқаған бойда жанама мәзірден «Create Motion Tween» (Қоғалыстың есепті анимациясын құру) командасын таңдаймыз (17-сурет);




17-сурет.

5)Бірінші және екінші кадрлар арасында қозғалыс анимациясының құрылғандығын білдіретін көк түсті фонға ие бағыттауыш сызық пайда болады (18-сурет);



18-сурет

6)Бірінші кадрда дөңгелекті ерекшелеп алып, қасиеттер бөліміне көңіл бөлетін болсақ, онда қарапайым графикалық объектінің автоматты түрде эталонды «Graphic» типіне ауысқан және оған стандартты «Tween 1» атауы берілген (19-сурет);




19-сурет.

7) Анимацияның екінші кадрындағы (40 кадр) дөңгелекті белгілесек, мұның да графикалық символға айналғанын және оған үнсіздік бойынша Tween2 атауы берілгенін байқаймыз;


8) Window → Library (Окно → Библиотека) командасы көмегімен екі символдың кітапханаға енгізілгеніне көз жеткізуге болады;

9) «Control → Play» командасы арқылы немесе «Enter» батырмасын баса отырып анимацияны көруге болады. Дөңгелек сол жақ сахнадан оң жақ сахнаға қарай жылжып барады (20-сурет);



20-сурет.

10) «Control → Test Movie» (Басқару → Фильмді тестілеу) командасы арқылы немесе «Ctrl+Enter» батырмалар көмегімен кеңейтілмесі *.swf типті Flash-фильмді көруге болады (21-сурет).




21-сурет.

Сонымен бірге графикалық объектіні **аралық кадрларға** ауыстыра отырып қосымша анимациялық кадрларды қосуға болады. Мысалы, доптың еденнен секіруін көрсететін жоғарыдағы анимацияға қосымша үш кілттік кадр қосайық. Ол үшін:

1)Дыбыс нұсқағышты 10 кадрға әкелеміз;


2)Фильм сахнасында дөңгелекті оңға жылжытамыз және төмен түсіреміз, сонда 10 кадрда кілттік кадр, яғни оған келетін және одан шығатын бағыттауыш сызықтар пайда болады. Бағыттауыштар аралық кадрдың бар екендігін білдіреді (22-сурет);



22-сурет.

3)Нақ осы жолмен 20 және 30 кадрларда аралық кадрлар ұйымдастырайық және ол объектіге қандай да бір әсерлер беруге болады (мысалы, айналдыруға);

4)Соңғы өзгерістерді сақтаймыз және фильмді тестілеуден өткізуге болады (23-сурет).



23-сурет

Flash бағдарламасында объектіге анимациялық әсерлер және фильтрлер қолдануға болады. Кез келген Flash фильмін құратын кезде объекті – бағытталған жолды қарастырамыз. Әрбір қойылым қандай да бір анықталған қабаттар байланысынан тұрады. Жай фильмдер үшін, бір қабаттан тұратын жай ғана қойылымнан жасайды. Күрделі фильмдер әр түрлі дайындалған қойылымдардан тұрады. Бір қойылымнан екіншіге өту уақыт диаграммасын емес, басқа механизмді пайдаланды. Әйтпесе олар, орналасқан реті бойынша ойнала береді. Фильм егер көрік пен тартымды күрделі құрылымдармен ерекшелену керек болса, ActionScript пайдаланылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Литтлджон Бинджер. “Macromedia Flash MX 2004”, 2004, издательство “ВНУ”.
2. Г. Миллер. “Сети и мультимедиа”. Издательство “Ноллидж”, 2003 г.
3. Крис Касперски. “Хакинг: в шутку и всерьез”. Издательство “Рoadстар”, Москва, 2001 г.
4. Р. Гардиан. “Мультимедия и коммуникация”, 1998 г., Киев, “КГУ-Диалог-Наука”.
5. «Глобальные сети: информация и средства доступа» - издательство ПГТУ.
6. Гиттель Э., Джеймс С., «ISDN просто и доступно» - 1999 г.
7. Олифер В.Г., Олифер Н.А., «Macromedia Flash 6» - Издательство «Питер» 2000 г.
8. Фролов А.В., Фролов Г.В., «Глобальные сети компьютеров. Практическое введение в Internet» - 1998 г.
9. Шафрин Ю. А., Основы компьютерной технологии. – М. АБФ.1997 г.
10. Кенин А. М., Печенкина Н. С., IBM PC для пользователей. – Екатеринбург, 1993 – 1997 г.г.
11. Журналы «Компьютера» за 1999-2000 г.г.
12. HTML: справочник. Под ред. Ю.Колесникова. - СПб: Питер, 2000.

УДК 378

**ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУМЕН
ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ**

Мамекова Ұ.М.

Білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «№7 ясли-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі, Талдықорған қ.

Бұл мақалада триз технологиясының мектепке дейінгі тәрбиелеумен оқытудағы тиімділігі қарастырылған. Бұл технология мектепке дейінгі жастағы балалардың ойлау қабілетін дамытуға және қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Из этой статьи воспитатель получает сведения о методике ТРИЗ. Педагог в учебно-воспитательной работе используя технологию ТРИЗ сможет обучать детей дошкольного возраста решать противоречивые задания и прививать творческое мышление.

In this article, the teacher will receive information on the methods of TRIZ. Teacher in the educational work using technology TRIZ can teach children to resolve conflicting assignments and instill creative thinking.

Кілт сөздер: педагогикалық технология, «ТРИЗ» технологиясы, техникалық шығармашылық әдістемесі, педагогикалық технология.

ТРИЗ әдістемесінің негізін қалаушы - Генрих Саулович Альтшуллер 1926 жылы 15 қазанда Ташкент қаласында дүниеге келген. Кейінірек бес жасында Баку қаласына көшіп барып сол қалада өмірінің аяғына дейін тұрған.

ТРИЗ - бұл объективті заңдылықтардың даму жүйесін зерделейтін және проблемалық шешу әдістемесін әзірлейтін ғылым. Техникалық шығармашылық әдістемесі өндірістегі интеллектуалдық өнімділікті жоғарлату үшін қажеттіліктен туындаған әдіс. Ол екі концепцияға сүйенеді. Бірінші жағдайда ерекше ойлайтын

дарынды адамдарда шабыты келген кезде ойлап табатын ерекше туынды. Бұл көбейтуге зерделеуге келмейді. Екінші жағдайда жасанды жүйенің өзгеруі адамның субъективті еркіне сүйене отырып жүргізілмейді, объективті заңдылықтаға сүйенеді. Бұл технологияның негізгі ойы, техникалық жүйелер қалай болса солай емес белгілі бір заңдылықтарға сүйенеді. Ол заңдылықтарды танып білуге болады. ТРИЗ жаңа ойларды нақты бір ғылымға айналдырады. Себебі ол логикалық шешімдерге сүйенеді. Қазіргі заман талабына сай тәрбиелеумен білім берудің негізгі мақсаты баланың шығармашыл жеке бас болып дәстүрден тыс әр саладағы мәселелерді шешуге бейім әрекет ете алатын баланы тәрбиелеу болып табылады. Сол себепті оқытумен тәрбиелеуде дәстүрлі түсіндіру көрсету әдісін қазіргі даму заңдылықтарын ескере отырып жеке бастың дамуына бейімделген белсенді әрекет етуші технологияға ауыстыру уақыт талабы. Педагогикалық технология ұғымына шетелдік және отандық әдебиеттерде үш жүзден астам анықтама берілген. Бұл педагогикалық технология ұғымының қалыптасу мен дамуының тарихында оның оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деп ұғынудан бастап педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін түрліше пікірлер бар. Олар педагогикалық технология мәселесіне арналған Б.Блум, Ф.Фрадкин, П.Я.Гальперин, М.Кларин, Л.В.Занков т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

«Технология» термині алғаш рет 1940-1950 жылдары шет елдерде пайда болды және ол педагогикалық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды. «Технология» - techne- өнер, шеберлік және logos-ғылым, заң бір сөзбен айтқанда, технология дегеніміз - шеберлік (өнер) туралы ғылым екенін көреміз [1]. Оқу тәрбие жұмысында тиімді технологияларды қолдану тек мектепті ғана қамтып қойған жоқ, балабақшаны да қамтыды. Қазіргі мектепке дейінгі мекемелер жаңа технологияларға белсенді бейімделіп араласып келеді. Мектепке дейінгі жас- ерекше жас. Бұл кезде әр баланың шығармашылық қабілетін өз еркінен тыс ашуға мүмкіншілік бар. Мектепке дейінгі тәрбиеге бейімделген ТРИЗ технологиясы «Барлық жағынан да шығармашылық» ұранымен жұмыс істейді. ТРИЗ бұл тәрбиешіге нақты әдістемелік ұсыныстары бар сабақ құрылымдары мен ұжымдық ойын бағдарламасы. Триз бағдарламасын нақты іске асыру үшін балаға ойын, тақырып таңдауда еркіндік беру керек. Сол кезде ғана ол заттардың құрылысымен танысып қарама-қайшылықтарын түсінеді, түйіткілдерін шешуге үйренеді. Мектепке дейінгі баланың қарама-қайшылықтарды шешіп үйренуі – шығармашылық ойлаудың кілті болып табылады. Балалармен жұмыстың негізгі әрекеті педагогикалық ізденіс. Педагог балаларға дайын білімді бермейді. Сол білімге жету тәсілдерін көрсетіп, өз еңбектерімен жетуге тәрбиелейді. ТРИЗ әдістемесі бойынша төрт деңгейден өту арқылы біз мақсатқа жетеміз:

1. Алдымызға мәселе аламыз, сол мақсаттың нақтылығын анықтаймыз.
2. Қарама-қайшылықтарды анықтау.
3. Қарама-қайшылықтарды шешу.
4. Қарама-қайшылықтарды шешу үшін баланың алдына амалдарды ұсынамыз [2].

Мысалы: Сүзгішпен суды қалай тасуға болады. Сүзгіш болғандықтан ол су болмау керек. Ендеше су қандай жағдайда болғанда тасуға келеді. Су өз бетімен ағып кетеді. Не істейміз? Жауабы біз суды қатырып сүзгішке салуымыз керек. Бұл деңгейде бала өз бетімен бір жаңалық ашып шығармашылық қиялы дамиды. Өздері шешім айтуға үйренеді.

Соңғы деңгейде бала әр түрлі әрекеттерді қолдана отырып өзінің білімін болжампаздығының мәселені шешу жолдарын білуінің арқасында кез келген жағдаяттан шығуды үйренеді. Бұл деңгейде тәрбиеші тек бақылаушы қызметін

атқарады. Бала тек өз күшіне ғана сенеді. Сондай-ақ тексеру үшін эксперименттік жағдаяттар ұсынуға болады, бұл жағдайда бала өзінің тапқырлығын көрсету керек. Бірқатар зерттеушілердің ойынша заманауи интеллектуалдық әрекеттің педагогикалық және психологиялық ойдың негізі белсенді ізденімпаздық әрекет әдістеріне негізделсе, мектепке дейінгі баланың интеллектуалды әрекеті табиғи үйреншікті болуы мүмкін. Бұл ата-анамен педагогтың күнделікті тәрбие беру барысында баланың танып білуге қызығушылығын ояту қажеттілігін туғызу, өз беттерімен мәселені шешу, нәтижеге жетуге тәрбеленуінің, бағыт беруінің арқасында туындайды. Мектепке дейінгі тәрбиелеуде ТРИЗ технологиясын алғашқы математикалық түсініктерін қалыптастыруда тиімді екені байқалды. Мысалы: «Ұқсастықтарын тап» ойыны арқылы қарама-қарсы тұрған заттардың ұқсастықтарын тауып айту керек.

«Не жетіспейді?» деген ойын арқылы баланың есте сақтау қабілеті шынығады.

Қазіргі кезде техникалық триз әдіс-тәсілдері балабақшада балалардың диалекті ойлауын шығармашылық қиялын, ой ұшқырлығын дамыту үшін кеңінен қолданылуда. Балабақшадағы триздің мақсаты – баланың ой қиялын дамыту, жүйелі ойлауға баулу, болып жатқан жағдайды тереңнен түсіну ғана емес, тәрбиешінің қолына нақты дамыту тәрбиелеу құралын беру. Тәжірибе жүзінде баланың білім сапасын көтеру, шығармашыл жеке бас болып дамуына, айнала қоршаған ортадағы бірлікпен қарама-қайшылықтарды түсінуіне өздерінің кішкентай проблемаларын шешіп білуге үйрену.

«ТРИЗ» технологиясы баланы ғана емес, тәрбиешіні де шығармашылық педагогикаға оқытады. ТРИЗ қолдаушылары алдында тұрған басты мәселе – дайын формуланы балалармен сабақ өткізуде схемалық түрде қолдану ниетінен сақтандыру. Балалар тумысынан үлкендердің ақпараттарын талдай отырып, өздерінің қандай да бір жүйесін құруға, өзінің пәктігі мен аңғалдығын көрсете отырып, жүріп жатқан үдерістердің заңдылықтарын ұғынуға талпынады. ТРИЗ оқиғалар мен құбылыстардың заңдылықтарын түсіну үдерісімен мүмкіндігіне қарай танысуды ұсынады. «ТРИЗ» технологиясы балалармен тарихи тақырыпта әңгімелесуді ұсынады: қарындашты ойлап табу тарихы; үстелді ойлап табу тарихы; дөңгелек, шам, радио, робот және т.б. тарихы. Объектіні даму тұрғысынан қарау үнемі жетілдірудің, ойлап табудың себептерін түсінуге мүмкіндік береді. Балалар ойлап табу – бұл қайшылықтарды шешу дегенді түсіне бастайды [3] «ТРИЗ» бағдарламасы тәрбиешілер мен балаларға адам өзінің жасына тәуелсіз меңгеретін шығармашылықтың әдістері мен құралдарын береді. Осы бірыңғай құралды қолдана отырып, балалар мен ересектер бір-бірімен тіл табысуы, түсінісуі жеңіл болады. ТРИЗ – бір рет құрылып, өзгермейтін шығармашылық педагогикалық жұмыстар жүйесі емес, бұл үнемі дамиды технология.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жолжақсынова К.Ш. Орақова А.Ш Білім беру технологиялары оқыту үрдісінде .Алматы, 2009 5 бет
2. Журнал Мектепке дейінгі білім №1 қаңтар 2006 ж 3бет
3. Республикалық педагогикалық журнал Бала мен балабақша Ребенок в детском саду. №3, 2014 ж 11 бет

УДК 378

ОҚЫТУДЫҢ ҮШ ӨЛШЕМДІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Манджекова Г.М., әдіскер

*Білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «№ 7 ясли-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Талдықорған қ.*

Бұл мақалада балабақшада оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі мен педагогикалық технологиясы қарастырылған.

В этой статье рассмотрена методическая система трехмерного обучения в детском саду. Это позволило воспитателям лучше оценивать знания детей.

In this article the methodical system in kindergarten is considered of three-dimensional. It allowed tutors to estimate better knowledge of children.

Кілт сөздер: *Блум таксономиясы, ұстаз шеберлігі, дидактикалық құралдар*

«Біз білім беруді жанартуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз.
Өмір бойы білім алу әрбір Қазақстандықтың кредосына айналуы тиіс».
Н.Ә. Назарбаев

Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналууда. Дүние жүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы оның алған білімінің спасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады. Жаңа ХХІ ғасыр табалдырығын аттаған Тәуелсіз Қазақстан Республикасының білім беру саласына тың көзқарас, жаңа үлгідегі ізденіс қажет. Өскелең ұрпақ, болашағы зор жас ұрпақты қоғам талаптары мен оның мақсат мүддесіне сай өмір сүруге бейімдей отырып, логикалық ой тұжырымдамалар жасау балабақшадан басталады.

Тәрбиешінің негізгі мақсаты - сабақ сапасын көтеріп, түрлерін жетілдіре отырып мектепке дейінгі балаға терең де, тиянақты білім беру. Осыған орай озық тәжірибе, жаңа технологиялардың тиімді әдістерін таңдап алып оларды үйлесімді, тиімді және шығармашылықпен қолдану - ұстаз шеберлігінің белгісі. Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық технологиялар саны жеткілікті әзірленген. Алайда барлығы мектепке дейінгі тәрбиеге қолайлы емес. Ал қолайлы технологияларды атайтын болсақ; - оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйе (ОҮӘЖ) педагогикалық технологиясы авторы профессор Жауымбай Амантұрлыұлы Қараев. Соңғы жылдары еліміздің көптеген оқу орындары өзінің оқу тәрбие үрдісінде пайдаланып, тиімді нәтижелерге жетіп жүр. Бұл технологиялардың мазмұнын, ерекшеліктерін түсіну үшін, дәстүрлі оқытумен салыстырайық. Егер дәстүрлі оқытуда оқу-тәрбие үрдісінде басыңқы рөл тәрбиешіде болса, ал қазір белсенді қызметті бала атқарады, оны оқытпайды, ол өзі оқуға талпынады. Дәстүрлі оқытуда тәрбиеші балаға дайын, дұрыс ақпаратты берген, бала тек тындап, алған ақпаратты қабылдап отырған яғни сабақта көбіне репродуктивті әдістер қолданылған (түсіндіру көрсету, сұрақ-жауап т.б.) Ал бұл технология бойынша тәрбиеші алғашқы білімді береді ары қарай бала өзі ізденіп, өзі талпынып, өзі үйренеді. Оқу тәрбие барысында проблемалық оқыту іске асырылады (проблеманы шешу, балаға ой тастау (миғашабуыл) Тәрбиеші сабақта басқарушылық міндеттер атқарады, балаға бағыт-бағдар беріп тұрады. Жұмыс барысында тәрбиеші негізгі көңілді әрбір баланың жеке мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтауға бөледі.

Баланың қызметі көптеген тұлғалық қасиеттеріне қарай бағаланады (интеллектуалды дамуы, тіл мәдениеті, дербестігі, инициативасы, жауапкершілігі т.б). Әрбір баланың дамуы басқа баланың емес, өз-өзімен салыстырады. Баланың өзін-өзі бағалауына мүмкіндік береді. Бұл технологияда индивидуалды және топтық оқыту формалары негізгі болып табылады. Топтық оқытудың негізгі мақсаты – балаларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Қиналған жағдайды балалар бір-бірінен көмек сұрай алады, ортақ міндеттерді шешеді т.б. Индивидуалды оқыту түрі баланың кейбір тапсырмаларға тереңінен тоқталуына мүмкіндік береді, өзінің де, тәрбиешінінде алдында тапсырмаларды орындау нәтижесіне жауапты болуға үйретеді. Біздің еліміздегі білім беру жүйесіндегі жаңартудың жан-жақты ауқымдағы үдерісі жекелей әрекеттік оқытуды іске асыру жолымен сапалы нәтижеге жетугекепілдік беретін тиімді дидактикалық құралдарды білім беру үрдісіне енгізуді көздейді.

Осындай дидактикалық құралдардың бірі оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесінің білім беру технологиясы болып табылады. Жекелей әрекеттік парадигмадан шығатын осы технологияның психологиялық-педагогикалық негізі ретінде біз С.Л.Рубенштейнның ойлау үрдісіндегі жаңа байланыстарда ойлай білу объектісін енгізу, ондағы өнер тапқыштық пен жаңалықтарға әкелетін жаңа ерекшеліктерді табу жөніндегі тұжырымдамасын анықтадық [1].

Сондай-ақ технология негізіне Л.С.Выготскийдың баланың ақыл-ойын дамытудағы оқыту үрдісінде «өзекті даму» аймағынан «жақын арадағы даму» аймағына қарай көшу туралы теориясы енгізілген, ол әрекет ету негізінде іске асырылып ытежелу деңгейінен өнімділікке қарай көшетін іс-қимыл болып табылады. Осы ретте В.П.Беспалько, М.В.Кларинның басқада жетекші ғалымдардың бекіткен негіздемелеріне сүйенсек, бұрынғы кеңестік оқу тәрбие орындарында әлі күнгі дейін диагностикалық мақсаттар жүзеге аспаған. Осы себептен біздің білім беру парадигмасынана таңдап алынған осы мәнді шығара отырып, пед технологияны әзірлеудің басқа да негізгі талаптары оқыту үрдісінің жобасы болуға тиіс екендігі анықталды. Бұл баланың оқу танымдық әрекетіндегі құрылымымен мазмұнын белгілеп оның ең жоғарғы субъектілік рөлін ескереді. Пед технологияны жасақтаудың негізгі талаптары сондай-ақ жоғарыда аталған психологиялық – педагогикалық негізін қалаушы тұжырымдамалар баланың іс-қимылының көрінуімен сипатталады, осылайша нақты тануға және өлшеуге болады. Осы мақсаттағы неғұрлым белгілі жүйе, өзіндік ерекшелігі бар Б.Блум таксономиясы болып табылады. Әлемде бұл жүйені негізінен оқытуда жоспарлау және оның нәтижелерін бағалау кезінде пайдаланады. Ағылшынның педагог – әдіскері Дж.Петти Блум таксономиясын жан-жақты қолдануға болады деп әділ бағасын бере білген [2]. Мәселен, таксономияның алты негізгі сатысын білумен қабілеттіліктің ирархиясы ретінде қарауға болады. Бұл сатыларды балаларға ұсынылатын тапсырмалардың деңгейі ретінде қабылдау керек. «Тапсырма» сөзі бұл арада кең ауқымда қолданылады - ол педагогтың, сұрағы, жаттығуы, шығармасы, жобасы және т.б. болуы мүмкін. Осылайша оқыту мақсатының диагностикалық қойылымы дамып келе жатқан оқытуды ұйымдастыру мен өткізудегі, жекелей әрекеттік тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығының қажетті шарттары болып табылады. Жоғарыда айтылғандардан қорытынды шығара отырып, баланың ізденіс зерттеушілік қабілетін дамыту тапсырмалар жүйесін тігінен қатарластыра, яғни ұсынылып отырған білім беру мазмұнын иерархиялық тұрғыдан беруді талап етеді. Сол себепті бұл технологияны «оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі технологиясы» деп аталынды. «Үш өлшемділік» көп деңгейлілікті, ирархиялықтың, яғни оның әрбір құрамдас бөліктерінің: мақсатының, мазмұнының, әдісінің, нысанымен оқыту құралының тігінен (жоғарыдан) болуын белгілейді. Мұндай

иерархия оқытудың әдістемелік жүйесінің құрамдарын ғана құрып қоймайды, сонымен бірге ынталандыруды, белсенділікті, білуді, білім сапасын игеру үрдісін, сондай-ақ өзінің танымдық әрекетін қабылдауға мүмкіндік береді. Оқу тәрбие барысында баланың «деңгей басапалдағы» бойынша біртіндеп жоғары көтеріліп, одан сайын биік деңгейді игеруге қол жеткізе беруге қарай ұйымдастырылуы керек. Қаралатын технологияда оқу материалының мазмұнын, ең бастысы ретінде оқушылардың өз бетінше танымдық әрекетін дамытуды жүзеге асыруға арналған әр түрлі тапсырмалар түрінде құрылады.

Олар мына негізде әзірленеді:

- 1) оқытудағы таксаномия мақсатының сипаттамасы;
- 2) тиісті деңгейдегі негізгі білім сапасының барлық сипаттамаларының мәндері;

3) В.П Беспальконың деңгейді игеру талаптары [3].

Балалармен жүргізілетін иерархиялық тапсырмалардың жүнесі әр сабаққа әр тақырып бойынша әзірленуі тиіс. Бұл педагогтың тиянақты, шығармашылық жұмысын талап етеді. Балалардың оқу тәрбие барысында баланың төменгі деңгейлі тапсырмадан келесі деңгейдегі тапсырмаларға көшуі дамып келе жатқан оқытудың нақты жекелей бағдарлаушылығын іске асыруға мүмкіндік береді.

Аталған бес компонент кез келген үрдіс барысында қолданылады.

Жоспарды тиімді жүзеге асыру үшін; тәрбиеші баланы қызықтырушы әрекеттер қолданады. Тәрбиешінің басқарушы функциялары жүзеге асырылады. Орындаушының өз бетімен танымдық қызметінің әрекеттері орындалады. Нәтижесінде тәрбиеленуші әр істелген жұмысына жұлдызша алып отырса, сабақ технологиялық амал ретінде орындалғаны болып табылады.

ҮӘЖ технологиясы негізінде тақырыпты меңгеру екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім синектикалық бөлім деп аталынады және екі кезеңнен тұрады.

I-кезеңде

А) ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі.

Б) өткенді қайталау.

В) жаңа тақырыпқа көшу үшін проблемалық жағдаяттар анықталады.

(«көпір» тапсырмаларын орындату арқылы)

II- кезең жаңа тақырып бойынша анықталған проблеманы шешуге арналады.

Бұл кезеңде балалар топтық жұмыс барысында түрлі интер белсенді әдіс тәсілдер немесе зерттеушілік әдіс арқылы тақырыпты меңгереді.

Зерттеушілік әдіс қадамдарының орындалу реті Б.Блумның «Толық меңгерту теориясындағы» аралық мақсаттардың (1) білу 2) түсіну 3) қолдану

4) талдау 5) жинақтау 6) баға беру яғни рефлексия жасау) ретімен сәйкес келеді. Бірақ мұнда олардың реті ауыстырылып жүзеге асырылады.

Тақырып меңгерудің екінші бөлімі-нәтижеге бағытталған бөлім немесе

III-кезең кері байланыс, бағалау кезең деп аталынады. Бұл кезеңде жоғарыда меңгерілген білім және біліктілік тапсырмалары күрделілік дәрежесіне сәйкес үш деңгейге іріктелініп қайтадан орындатылады. Баланы даму басапалдағы бойынша жоғары қарай көтеруге ынталандыру-өте күрделі де маңызды міндет. Бұл технологияда ынталандыруды қалыптастырудың тиімді құралы ретінде тәрбиеленушілердің оқу жетістіктеріне жетуін бағалау тәсілі анықталады. Нәтижесінде мұндай бағалау оқытудың сапасын арттырудың нағыз тетігі болып табылады. Бұл технологиямен жұмыс істеу барысында нәтижелі жетістіктерге қол жеткізуге болады.

1) нәтижеге бағытталған сапалы білім алуға жағдай жасалынады .

2) білім беру жүйесінің дамуын болжауға және қадағалауға (мониторинг жүргізуге) қолайлы жағдай туады.

3) Білім беру жүйесінің сапасын әділ бағалайтын ұлттық бағалау жүйесі құрылады.

Баланың білімі алған білімі сапасымен ғана емес, әр деңгейдің нәтижесіне сәйкес, баланың білім біліктілігі және оларды күнделікті өмірде кездесетін проблемалық жағдаяттарды шешуде қолдана білу деңгейі өлшенеді.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» негізінде құрылған оқыту арқылы ғана Қазақстанның Ұлттық тәрбиені құруға мүмкіндік туатыны ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Бұл технологияны біз балабақшадан бастап қолданатын болсақ, бәсекелес елдердің қатарына қосылатын жас ұрпақты тәрбиелетініміз сөзсіз. «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» - әлемдік білім беру стандартына жету жолы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қараев Ж., Көбдікова Ж.У. Технологиялық тәсіл негізінде педагогикалық жүйені жанартудың өзекті проблемалары. Алматы. Жазушы 2005 \200-б\

2. Дж. Петти Заманауи оқыту – М. Ломоносов, 2010 ж. 624-бет

3. Кобдикова Ж.У. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және даму деңгейін критериялды бағалау жүйесі арқылы өлшеуіш тапсырмалар жинағы. Алматы, 2013ж.

УДК: 378 (075.8)

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Майлыбаева Г.С. - магистр, аға оқытушы

Кұлан Күлән – педагогика және психология факультетінің 4 курс студенті

Утегулов Д.Е. – педагогика және психология факультетінің 2 курс магистранты

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ. -сы

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауында «Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз», - деп ұлттық мұраларымыздың құндылығы зор екендігін көрсетеді [1].

Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі - ұлттық ойындар. Бүгінде ойынды халық педагогикасының бір бөлігі деп тегін айтпаса керек, адам баласы жасаған жеті кереметтің қатарына сегізінші етіп осы ойынның аталып жүруі жайдан жай емес. Қазақ халқы – материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары жатады.

Педагогикалық теорияда ойындар түрлері, оның ішінде ұлттық ойындар баланың ақыл-ойының және денесінің дамуына қажетті негізгі қызмет түрі ретінде қарастырылады. Ойын балаға қажетті қозғалыс пен эмоциялық серпілісті қанағаттандыратын іс-әрекеттер туындатып, бала психикасының дамуына себепші болады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен де мәнді, мағыналы істер

туындап өрбитінін байқаймыз, өйткені ең алдымен не болса да жол бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді жинақтайды, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шындай түседі. Сондықтан ол тәрбие жүйесінің міндеттері мен түрлерін толықтырып қана қоймай, оқу-тәрбие жүйесінің мазмұны мен әдіс-тәсілдерін байытуға, оны жетілдіре түсуге де өз үлесін қосады, барынша белсенді әрекет жасайды.

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек [2].

Халық өзінің қоршаған дүниенің қыры мен сырын егжей – тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы жастайынан сіңіре білуді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспек емес. Бала отбасы тәрбиесі және өзін қоршаған ортамен тығыз араласа отырып ана тілін үйренеді. Осы ретте, Ә.Диваев: «Как киргизы развлекают детей» деген мақаласында: «бала бас бармағын көтеріп оған пайғамбарымыз не дейді деп көк аспанға қарап, құдай тәңірінен рұқсат сұраған», - дей келіп, «Бес саусақ» ойыны мен саусақ атауларын алға тартады және аталған мақалада саусақ пен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелеп, шынықтырудың үлкен даналық философиялық мағынасы жатқандығы сөз етіледі [3].

Мектеп табалдырығын алғаш аттаған балаларға ана тілін оқытудың тиімді әдістеріне ерекше мән беріледі. Баланың сөздік қорын молайтып, сөзді еркін, өз мағынасында қолдануға, тез жылдам сөйлеуге жаттықтыруға ойын бірден – бір таптырмайтын құрал. Мысалы: Бірінші сыныпта балаларды қимылдату мақсаты мен халық ойыны «Қуыр, қуыр, қуырмашты» ойнату пайдалы. Оның шарты: Бірінші бала бас бармақтан бастап шынашаққа дейін бір рет саусақтардың атын түгел айтып береді. Сөйтіп, бар саусағын жұмып тұрып, екінші бала кез – келген саусағының атын атайды. Бұл ойын балалардың тілін жаттықтырып, есте сақтау қабілетін жетілдіре түседі.

Жұмбақ шешу ойынын жарыс түрінде өткізуге болады. Жұмбақ ойыны балалардың өздігінен ойлауына мүмкіндік береді. Оларды дерексіз ойлаудан нақтылы ойлауға жетелей түседі. Бірінші сыныпқа келген балалардың кейбір әріптерге барлығының бірдей тілі келе бермейді. Бұл кезеңде нағыз көмекші халық ойыны болып табылады. Бұл мақсатта ежелгі халық ойыны жаңылтпашты ұтымды пайдалануға болады. Жаңылтпаштардың тіл дамытуда, сөзді таза сөйлеп, ширақ айтуда пайдасы көп.

Қазақ тілі сабағында «Буын» тақырыбында «Өз атыңды буынға бөле білесің бе?» Сыныптағы заттарды ата ойындарын ойнатуға болады.

Сабақта ойын түрлерін күрделендіріп «ойлан тап» ойынын ойнатуға болады. Мысалы: Мұғалім ішінен «Алма» деген сөз ойлап тұрып «ал» буынынан басталатын бірінші буынды айтады. Балалар әр түрлі «ал» буынынан басталатын бірнеше сөздер айтады. (алау, алма, алға). «Сан есім» тақырыбында «сен білесің бе?» ойынын ойнатуға болады. Мұнда бір әңгіме оқылып, оқушыларға ондағы сан есімдерді атап айту ескеріледі. Балалар топқа бөлініп мұқият тыңдаулары шарт. Қай топ әңгімедегі сан есімді көп жазса сол топ озады. Бұл ойында оқушылардың алары көп. Дара, күрделі сан есімдерді жазуға үйреніп дағдыланады, сауатты жазып үйренеді. Қазақ тілі сабағында халық ойынын пайдалану – оқушылардың еркін сөйлеуін, тіл байлығын сөздің дәл мағынасын бағдарлай білу қасиеттерін жетілдіре түседі.

Халық ойындарын математика сабағында пайдалану оқушының алған білімін күнделікті өмірмен берік ұштастыруға қолайлы. Математика сабағында халық ойындарын қолданудың түрлі жолдары бар. Мысалы: ойын сабақтың басында, не ортасында, не соңында қолданылуы мүмкін. Ойынды сабақтың басында қолдану үй

тапсырмасын тексеруге оқушылардың түгел қатысуына мүмкіндік туғызады. Ортасында оқушылардың шаршағанын басып, сергіту жаттығуы мақсатында қолданылады. Сабақтың соңында сабақты бекіту немесе сол сабақтан алған білімді жинақтау.

Математика сабағында «аз», «көп» ұғымдарын баланың зердесіне ұялату оңай нәрсе емес. Ал оны қарапайым халық ойынының негізінде түсіндіре бастасаң, ол онша қиындық келтірмейді. Бірінші сыныпта математиканы оқып үйрене бастағанда оқушылардың түсінігін жеңілдету үшін «санамақ» ойынын ойнату тиімді. Ұлттық ойындарды үнемі пайдалану арқылы оқушылардың ауызша есептерге жаттығуына логикалық ой жүйелерін жетілдіре түсуіне толық мүмкіншілік бар. Олардың қатарына халықтың байырғы ауызша есептерін, халық ойындарын жатқызуға болады. Атап айтқанда: «Қай қолымда», «Сөз мәнісін байқаңыз», «Өзім де құр қалмаймын» т. б. Мысалы: «өзім де құр қалмайын» ойыны. Жексенбі күні еді. Атамның үйіне немерелері келді. Атасы олардың алдына бір табақ алма қойды. Немерелері атасына алманы бөліп беруді өтіңді. Алманы бір – бірден берсе біреуі ауысып қалады, екі – екіден берсе жетпейді. Сонда неше алма, неше немере болған?

Жауабы: 3 немере, 4 алма.

Бастауыш сыныпта ойынды пайдалану арқылы есептер шығарумен қатар текстті есептеп шығару барысында құрғақ шығарумен шектелмей оның тәрбиелік мәнін ашып түсіндіруді қажет етеді. Сонымен қатар, Тәулік жыл ғасыр тақырыбын өткенде біраз тәрбиелік мәні бар әңгіме жүргізуге болады.

Мысалы, жылдың қазақша атауы бар екенін ескеріп былайша үйретеміз:

Тышқан жылы – тыныштық.

Сыыр жылы – сыйлық.

Қоян жылы – қашбалы.

Жылан жылы – жайлы.

Ұлу жылы – үлгілі.

Қой жылы – құтты.

Мешін жылы – мейірлі.

Тауық жылы – табысты.

Ит жылы – игілік.

Доңыз жылы – дүниелі.

Одан кейін есепті шығаруға кіріссек сабақтың тәрбиелік мақсаты ашыла түсер еді. Өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.


Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баиі түседі. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе, «Сіқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды.

Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы сабақтастырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Оқушының сөздік қорын байыта түседі.

Көңіл аударарлық ойынның бір түрі – асық ойыны. Ол өте қарапайым көрінгенімен, мұнда адам денесін шындап, сомдайтын қасиеттер, бала тәрбиесінде, оны өзара әрекетке жетелейтін қимыл түрлері қаншама. Ең бастысы, ол – баланы жастайынан салауатты өмір салтына жетелейді. Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшық еттерінің жетілуіне, тыныс мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін меңгеруіне, соның нәтижесінде қырағылық мен мергендікке баулиды.

Ойын мағынасымен жеке оқушының мақсаттары бір-бірінен алшақ кетпейді, қайта бір-біріне қабысып, ұштасып жатады. Олай болатыны, ойын мақсаты - өзінің қарсыласын ұту, одан басым түсіп, жеңіске жету. Ұлттық ойындардың жасаушысы – халық, бұл – халықтық шеберлік. Осы күнде сол халық жасаған туындыларға күдікпен қарайтындар әлі де кездеседі.

Ұлттық ойындардың ел арасында кең тарауына байланысты бір ойынның әр жерде әртүрлі тәртіппен ойналуы және олардың атауларының әртүрлі болып келуі жиі кездеседі. Осы жағдайды ескере келіп ойындарды жүйелеу, топтау және атау беру мәселесі шығады. Топталып, жүйеленбеген ойындарды тәжірибелік тұрғыдан қолдану, ережесін айқындау мүмкін болмайды.



1 сурет – Қазақтың ұлттық ойындарын жүйелеу, топтау.

Ойындарды жүйелеу арқылы оларды қолдану кезінде ойнаушыларды жынысына, жасына қарай бөлу, олардың дене-күш даму ерекшелігін, мінез-құлқын ескеру арқылы ойнаушыларды топқа бөлу, оқу-жаттығу ұзақтығын анықтау, жыл мезгіліне бөлу сияқты қажетті шараларды іске асыруға мүмкіндік туады.

Ойындарды жүйелеу, топтау, барлық ойындар туралы алынған ақпаратты бір жерге жинақтауға және осы ақпаратты ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан пайдалануға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, ұлттық ойындардың бастауыш мектеп оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануды зерттей келе біз ойындардың адамдарды дене дамуына, шынығуына, еңбек етуіне бейімдеу мақсаттарында қажеттіліктен туғандығын көруге болады, сондықтан ұлттық ойындар жалпы дене мәдениетін дамытудың негізі болып саналады деген тұжырым жасаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Назарбаев. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Қазақстан халқына жолдауы. 2014ж.
2. Кішібаева Д. Ұлттық ойындардың пайдасы /Бастауыш мектеп, 2004ж №1. -Б. 52-56
3. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқу тәрбие ісінде пайдалану.

УДК 37.015

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МУЗЫКОТЕРАПИИ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА – ПСИХОЛОГА**

Молдахметова Д.Т.

*Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова,
г.Талдықорган, Dmoldaxmetova@mail.ru*

Статья посвящена освещению метода музыкотерапии, и ее роль в профессиональной деятельности педагога-психолога, как корректирующего и регулирующего средства. Нами были выделены основные виды музыкотерапии, и их эффективное применение в современной практике.

Мақала музыкотерапия әдісін жарыққа түсіру, және оның педагог-психологтің кәсіби қызметіндегі атқаратын рөлі, оның дәлде-тәсіл және ретте-тәсіл сияқты ретінде қолдануы. Біз музыкотерапия негізгі көріністерін қасқайттып, оны қазіргі тәжірибеде тиімді қолдануын бақылау.

The article is sanctified to illumination of method of musicotherapy, and her role in professional activity of teacher-psychologist, as correcting and regulative means. We distinguished the basic types of musicotherapy, and their effective application in modern practice.

Ключевые слова: *музыкотерапия, коррекционная деятельность, воздействие музыки на личность, музыкотерапевтические методы, музыкопсихотерапия, музыкосоматотерапия.*

В современном обществе музыка является одним из видов художественно-эстетической деятельности. Еще древнегреческие философы отмечали роль музыкального искусства в эстетическом воспитании индивида и его положительное терапевтическое влияние на личность.

Известный педагог, музыкотерапевт В.И. Петрушин считает: «Рост стрессогенных факторов в обществе, вызывающих психологическую нестабильность и дезорганизацию, ведет к невротизации как детей, так и взрослых, поэтому музыка традиционно считается одним из мощнейших средств эмоциональной регуляции психической деятельности человека» [1, с.125 -127].

Музыка обладает силой формировать характер. Можно классифицировать разные типы музыки, основанные на разных ладах, по их воздействию на характер. Один тип музыки вызывает меланхолию, другой - изнеженность и женственность, третий - непринужденность, четвертый - умение владеть собой, пятый - воодушевление и т.д. Музыка постоянно внушает слушателю какие-то эмоциональные состояния и воспроизводит их в нем, и эти эмоциональные привычки в конце концов становятся частью природы.

Возможности музыки как средства воздействия на личность подробно исследованы и обоснованы различными философами, музыкотерапевтами, медиками

и психологами. Например, первые исследования лечебного воздействия музыки на человека начались в конце XIX века – начала XX века появились научные труды, исследующие механизм влияния музыки на организм человека в работах С.В. Шушарджана, В.М. Бехтерева, И.М. Догеля, И.Р. Тарханова, С.С. Корсакова и других. Появляются данные о благоприятном влиянии музыки на центральную нервную систему, дыхание, кровообращение и т.д. Подробный обзор литературы, посвященной различным аспектам музыкотерапии, представлен в работах Л.С. Брусиловского, В.Ю. Завьялова, А. Швабе, Н. Галинской, Б.М.Теплова и других.

Музыка может стать незаменимым средством педагогического регулирования эмоционального состояния учащихся, средством коррекции и реабилитации школьников с проблемами в развитии, детей, находящихся в трудной жизненной ситуации, подростков с девиантным поведением, воспитанников специальных школ.

Музыкотерапия наиболее древняя и естественная форма коррекции эмоциональных состояний, которыми многие люди пользуются, чтобы снять накопленное психическое напряжение, успокоиться, сосредоточиться. По мнению А. Хайгл-Эверс, «музыкотерапия» - это метод, использующий музыку в качестве средства коррекции эмоциональных отклонений, страхов, двигательных и речевых расстройств, отклонений в поведении, при коммуникативных затруднениях, а также для лечения различных соматических и психосоматических заболеваний [2]. С помощью музыкотерапии человек должен приобрести возможность лучше понимать себя и окружающий мир, свободней и эффективней в нем функционировать, а также достичь большей психической и физической стабильности.

В последние десятилетия стали встречаться новые трудности при использовании музыкотерапии, современный рынок цинично эксплуатирует музыкальную классику в коммерческих целях, музыкальные звонки мобильных телефонов, рекламные ролики, что наносят не только музыкальной культуре непоправимый ущерб, но также носит психологический аспект, который влияет на психику и эмоциональную чувствительность подрастающего поколения. Современная молодежь воспринимают мир сквозь набор примитивных мелодий. Поэтому в настоящий момент в профессиональной деятельности педагога-психолога и других педагогических профессий стоит вопрос о формировании музыкальной культуры подрастающего поколения, что остается главной и наитруднейшей задачей.

Современные исследования в области музыкотерапии в настоящее время развиваются по двум направлениям:

- изучение художественно-эстетических закономерностей музыкального восприятия осуществляются в эстетических, музыкально-теоретических и психолого-педагогических работах, а именно в работах Л. Самсонидзе, О.О. Соколов, Л.Д. Столяренко, Г.С. Тарасов и др.;

- психофизиологические аспекты музыкотерапии изучаются в работах психологов и физиологов. В работах таких ученых как Е.Д. Дединская, К.А. Щербинина, В.Б. Полякова, К.Роджерса, К. Фопеля и других.

Музыкотерапия ориентирована на приобщение человека к внутреннему опыту гармонического здоровья собственного тела. Здоровье - это осознание себя, человек здоров настолько, насколько сознает свое бытие здесь и сейчас, при музыкотерапии происходит постоянный приток энергии внутрь нашего организма до тех пор, пока не достигается гармония.

Музыкотерапия в профессиональной деятельности педагога-психолога может быть представлена нами в различных видах, а именно:

- активная коррекционная музыкотерапевтическая деятельность, направленная на воспроизведение, фантазирование, импровизацию с помощью человеческого голоса и выбранных музыкальных инструментов;

- динамическую музыкотерапию, служит замыслу эмоциональной активизации слушателя;

- регулятивная музыкотерапия, направлена на провоцирование аффективно - динамических реакций, вызывая катарсис, духовное очищение, что определяется особенностями организации групповой дискуссии, возникшей в процессе музыкотерапии, чаще всего используется с ориентацией на коммуникативные задачи;

- рецептивная музыкотерапия предполагает восприятие музыки с коррекционной целью.

По мнению профессора В.С. Шушарджана, в рецептивной музыкотерапии существует два основных направления:

1. «Музыкапсихотерапия» - основной задачей, которой является нормализация психоэмоционального состояния;

2. «Музыксоматотерапия» - преследующая своей целью контактное лечебное воздействие непосредственно на тело человека [3, с.86].

В настоящее время некоторые ученые, например, А.И. Копытин, рассматривают данное направление как инструмент прогрессивной педагогики, направленной на развитие потенциала психического здоровья, формирования полноценной творческой личности. Многие исследователи (Л.С. Брусилковский, В.И. Петрушин, И.В. Дубровина, А.И. Прихожан и др.) отмечают влияние рецептивной музыкотерапии на регулирование психовегетативных процессов, физиологических функций организма, повышение социальной активности, облегчение усвоения новых положительных установок и форм поведения.

Педагог - психолог организует с учащимися совместное прослушивание со специально подобранным произведениям музыкального искусства, а затем они обсуждают собственное переживание, ассоциации, фантазии, возникшие в ходе прослушивания.

При этом реализуются различные профессиональные функции, а именно:

- развивающая функция;
- коммуникативная функция;
- диагностическая и коррекционная функция;
- конструкторско-организаторская функция;
- координирующая, функция самосовершенствования.

Работа может проводиться индивидуально, в парах, группах, причем в парной или групповой работе, хорошо осознаются и отрабатываются поведенческие модели, связанные с взаимодействием, невербальным общением. Музыкальный материал выступает в подобных фрагментах занятий в качестве фона, не требующего специального вслушивания, осмысления, переживания содержания звучащего произведения. В процессе занятия возможны случаи гиперпассивного восприятия, после которого слушатель не может с уверенностью сказать, звучала ли музыка вообще. Здесь музыка выполняет функцию катализатора эмоциональных процессов, а внимание слушателя направленно на иные внутренние или внешние факторы, к примеру, на собственные мысли.

Главная сложность в данных процедурах заключается в точном подборе музыкального материала, соответствующего терапевтическим задачам. Комплексное коррекционное воздействие музыкотерапии используется педагогом-психологом в различных формах.

Различают три формы психокоррекции:

- коммуникативная, предполагает совместное прослушивание музыки, направленное на поддержание взаимных контактов;

- реактивная, предполагает взаимопонимание и доверие, наиболее простая форма музыкотерапии;

- регулятивная, направлена на достижения катарсиса, способствует снижению нервно - психического напряжения.

В профессиональной деятельности педагога-психолога использование музыкотерапии как вспомогательного коррекционного средства, возможно в следующих видах:

- во - первых, выступает как особый вид музыкальной деятельности, направленной на профилактику, оздоровление и коррекцию различных психо-эмоциональных, поведенческих отклонений, на реабилитацию личности средствами музыкального искусства;

- во - вторых, как облегчающий, эмоционально регулирующий вид диагностической и коррекционной работы.

Так как деятельность педагога-психолога связана с необходимостью постоянного общения с широким кругом людей: детьми, подростками, учащимися средних и высших учебных заведений разными по индивидуально-психологическим характеристикам; родителями, имеющими различный образовательный и возрастной статус; коллегами и администрацией учебного заведения, которые часто имеют профессиональные деформации; социальными партнерами и другими. Поэтому музыкотерапия является вспомогательным элементом в коррекционной деятельности педагога-психолога.

В различных научных источниках понятия «коррекция» трактуется так:

- определяется как исправление (частичное или полное) недостатков психического и физического развития у аномальных детей с помощью специальной системы педагогических приемов и мероприятий. Причем коррекция рассматривается как педагогическое воздействие, которое не сводится к тренировочным упражнениям, направленным на исправление (ликвидацию) отдельно взятого дефекта, а подразумевает воздействие на личность ребенка в целом ;

- выступает как система специальных педагогических мероприятий, направленных на преодоление или ослабление недостатков развития аномальных детей, сориентированных не только на исправление отдельных нарушений, но и на формирование личности данной категории учащихся ;

- выступает как процесс, как система мер, направленных на исправление или ослабление отклонений в психическом и физическом развитии личности учащегося [7];

- как вид психологической помощи (среди других: психологическое консультирование, психологический тренинг, психотерапия); деятельность, направленная на исправление особенностей психологического развития, не соответствующих оптимальной модели, с помощью специальных средств психологического воздействия;

Телекоммуникациялық құралдар мультимедиа құралы ретінде. Қазіргі заманғы компьютерлік мультимедиа-құралдар және мультимедиа технологиялар жылдам дамып жатқан компьютерлік телекоммуникациялармен тығыз байланысты. Компьютерлік желілерде жарияланған барлық ақпараттық ресурстар мультимедиа-ресурстар болып табылады. Және, керісінше, қазіргі кезде құрылып отырған мультимедиа ресурстар және технологиялар телекоммуникациялық режимдердегі жұмысқа бағытталған. Телекоммуникациялық желілерді адам өмірінің барлық саласына, сонымен қатар білім беруге енгізу тек Интернет аумақтық желісінің пайда болуымен мүмкін болды. Интернет желісінің жұмысы негізінде ақпаратты жіберудің қолданылатын хаттамалар стандарттары, архитектура ашықтығы және жаңа желілердің еркін қосылу мүмкіндігі жатыр. Мұның бәрі, жиынтықта, Интернет желісінің әлемнің әртүрлі мемлекеттерінде таралуына, осы телекоммуникациялық желінің адам қызметінің барлық саласында, білім беруді қосқанда қолданылуына әкеледі.

Телекоммуникациялық желілерді мультимедиа технологиялар және ресурстармен бірге қолдану негізгілері келесілер болатын мүмкіндіктерді ашады:

- оқу-әдістемелік мультимедиа ақпаратқа рұқсатты кеңейту;

- коммуникативті дағдыларды, қатынас мәдениетін құру, мультимедиа ақпаратты іздеу білігі;

- жедел консультациялық көмекті ұйымдастыру;
- білім берудің даралығын көтеру, өздігінен оқу үшін базаны дамыту;
- нақты уақыт режимінде виртуалды оқу сабақтарын (семинарлар, дәрістер) өткізуді қамтамасыз ету;
- қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру;
- бірлескен зерттеу жобаларын ұйымдастыру;
- ғылыми-іздеу қызметін модельдеу;
- қайталанбас құрылғыға рұқсат, күрделі немесе қауіпті объектілер, құбылыстар немесе үрдістерді модельдеу;
- оқытушыларды желілік қоғамдастығын құру;
- білімгерлердің желілік қоғамдастығын құру;
- білім алушыларда критикалық ойлау, іздеу дағдыларын және сенімді, қажет мультимедиа ақпаратты тандауды дамыту.

Білім беруде қолданылатын телекоммуникациялық құралдарға мұндай қатынаста компьютер және бағдарламалық қамсыздандырумен қатар, телефон, телевизор және басқа телекоммуникациялық құрылғылар жатады.

Бірақ, осымен қатар, телекоммуникациялық желілердің әмбебап мүмкіндіктері аталған ақпараттандыру құралдарының білім беруге енгізілуін мақсатты етпейді. Телекоммуникациялық компьютерлік желілер қосымша мүмкіндіктер спектріне ие бола отырып барлық басқа телекоммуникациялық құралдарды алмастырады. Осыған байланысты, білім беру саласында қолданылатын телекоммуникациялық құралдарға тек білім берудің мультимедиа ақпаратын жіберетін компьютерлік құрылғыларын қолданған дұрыс.

Телекоммуникациялық құралдарды қолдану арқасында білім беру саласына жалпы белгілі, электрондық пошта, телеконференциялар, ақпараттық ресурстарға қашықтықтан рұқсат және басқа телекоммуникациялық жүйелердің енуіне мүмкіндік берді. Олардың барлығы мультимедиа ақпаратпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді және білім беруде мультимедианы қолдану аумағын кеңейтетін мықты құрал болып табылады.

Мультимедианың әмбебап құралдары. Көбіне, көптеген компьютерлік техникамен таныс педагогтар және оқушылар, аппараттық мультимедиа-құралдар қатарына қатесіз акустикалық жүйелерді (колонкалар), компьютердің дыбыстық картасын (платаны), микрофон, арнайы компьютерлік видеокамераны және джойстикті жатқызады. Барлық осы құрылғылар, шын мәнінде, мультимедиа аппаратураның кең таралған компоненттері болып табылады, қолданыста қарапайым, түсінікті қолданысқа ие және қандай да сипаттаманы қажет етпейді [2].

Мультимедиа-ресурстарды құру үшін құрал-саймандық бағдарламаларының функционалленуінің түрлері жіне ерекшеліктері.

Мұғалімдер және білім алушылар мультимедиа-ресурстарды құрудың басқа да құралдарын қолдана алады. Ол үшін педагогтар мультимедиа-құралдар парақтарын құру үшін қолданылатын бағдарлама-редакторды тандауы қажет. Толықфункционалдық мультимедиалық қосымшаларды құруға мүмкіндік беретін мультимедианы құрудың құрал-саймандық құралдары бар. Macromedia Director немесе Authoware Professional сияқты дестелер құрудың жоғары кәсіби және қымбат құралы болса, FrontPage, mPower, HyperStudio и Web Workshop Pro қарапайым және арзанырақ болады. PowerPoint және мәтіндік редактор (мысалы, Word) сияқты құралдар қарапайым мультимедиа-ресурстарды құру үшін қолданыла алады.

Құрудың аталған құралдары оқуға және қабылдауға оңай нақты құжаттамамен қамтылған. Әрине, аталғандар орнына тең сәттілікпен қолданыла алатын басқа құру құралдары бар.

Интернетте орналасқан мультимедиалық ақпарат үлкен көлемдегі компьютерлік файл бола алады. Бұл интербелсенділік құралдарының бар болуымен, аудио- және

видеоүзінділерді қосу, жоғары рұқсаттылықты графикалық бейне және т.б. байланысты болуы мүмкін. Байланыс арналарының жеткіліксіз өткізу мүмкіндігі және сенімділігіне байланысты оқу үрдісінде мұндай ақпараттық ресурстарды толықмасштапта қолдану қиын болуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда, телекоммуникациялық желілердің сапасының жоқ болуы немесе нашар болуымен байланысты мәселелерден ақпараттық желіде мұндай ресурстармен жұмыс есебінен құтылуға болады. Мультимедиа-ресурспен аймақтық әрекеттесуде, оқушылар ақпаратты телекоммуникациялық желіден емес, өз компьютерінің ішкі және сыртқы жады көздерінен алады. Ақпараттық ресурс мазмұны және онда ақпаратты ұсыну әдістері Интернетте орналасқанға толық сәйкес келеді. Көбіне, мұндай ресурстар телекоммуникациялық жұмыс сеансы кезінде желіден көшіріледі, одан кейін аймақтық нұсқада білім алушыларға ұсынылады.

Салыстырмалы мұндай жағдайда ұсынылатын мультимедиалық ақпараттың үлкен көлемі орын ауыстыру және сақтау үшін жұмсақ магниттік дискілерді (дискета) қолдануға рұқсат бермейді. Интернет-сайттардың жиынтығын бөлшектеп сақтау қазіргі заманғы барлық компьютерлерде бар алмаспайтын қатты магниттік дискілерді («винчестер») қолдану есебінен қамтамасыз етілуі мүмкін. Бірақ мультимедиалық ақпаратты қолданудың мұндай әдісі ақпаратты бір компьютерден басқасына ауыстыру мүмкіндігін толық блоқтайды. Білім беру көзқарасынан, Интернеттен алынатын мультимедиалық ақпаратты сақтау құралдарының перспективтісі оптикалық лазерлік компакт-дискілер (CD). Жоғары технологиялық лазерлік жазбаларға және осы тасымалдауышта ақпаратты оқу, оның қатысты аз физикалық өлшемінде жеткілікті үлкен көлемді мультимедиа ақпаратты сапалы ұсынуға болады. CD дискіні білім беру құралы ретінде қолдану мектептің оқу үрдісіне келесі артықшылықтарды әкеледі:

- оқушыларға оның құрылымы және визуализация спецификасын есепке ала отырып, дәстүрлі телекоммуникация құралдарында орналасқан мультимедиа ақпаратты ұсыну;
- оқу курсы мазмұнын және оның байланыстарын, дағдылар және білік тренингтері, білімді есте сақтау және өзін бақылау мүмкіндіктерін терең түсіну үшін білім алушыға жаңа мүмкіндіктерді ұсыну;
- білім алушымен жеке дара жұмысқа педагогпен бөлінетін уақыт тапшылығының компенсациясы, ал кейбір жағдайларда мұғалімнің кәсібилігінің жеткіліксіздігі;
 - кері байланыспен кешенді мультимедиалық әсерді жүзеге асыру;
 - шектелген уақыт режимінде өзін бақылауды қамтамасыз ету;
 - оқу үрдісінде қолданылатын ақпараттық материалдың жоғары мобилділігі, ауыстырылуы және саны [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оспанбаев М.А., Білім беруде мультимедиа қосымшаларын құру тәсілдері [Мәтін]: Магистрлік диссертация. Мамандығы: 6M011100 Информатика / М.А. Оспанбаев.- Талдықорған, 2013.- 86б.
2. Сарбасова, Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар [Мәтін]: Оқу құралы / Қ. Сарбасова.- Алматы: Атлас баспасы, 2006.- 176б.

ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ

УДК 39:93/99

К ВОПРОСУ О ПРИЧИНАХ И ОСНОВНЫХ ЭТАПАХ ФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ

Ашимова Д.И., магистрант

Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова, г.
Талдыкорган, dana.ashimova@mail.ru

Бұл мақалада қазақ диаспорасының қалыптасу себептері мен негізгі кезеңдері қарастырылады. XVII-XX ғасырлардағы тарихи оқиғаларды талдау негізінде қазақ диаспорасының пайда болу процесі саяси және әлеуметтік-экономикалық себептермен байланысты екені айқындалады.

В данной статье рассматриваются причины и основные этапы формирования казахской диаспоры. В результате анализа исторических событий XVII-XX веков выявлено, что процесс сложения казахской диаспоры обусловлен политическими и социально-экономическими причинами.

In this article discusses the causes and main stages of formation of the Kazakhs diaspora. An analysis of the historical events of XVII-XX centuries revealed that the process of adding the Kazakhs Diaspora conditioned to the political and social-economic reasons.

Ключевые слова: казахская диаспора, Центральная Азия, Китай, Российская империя, откочевка, Синь-Цзян, миграции.

Казахская диаспора неоднородна и разнотипна, формировалась на протяжении ни одного столетия и имела в каждый исторический период различные причины для формирования и развития. Казахская диаспора была создана миграциями на длинные расстояния, имевшими временную, затем перешедшую в постоянную продолжительность; с пересечением внешних границ, сначала из Казахстана в Китай, государства Средней Азии, Афганистан и Иран, а затем далее - по всему миру.

Основополагающую роль в возникновении казахской диаспоры сыграли политические события, происходившие в XVI-XIX вв. в Центральной Азии, в особенности, тесные многосторонние взаимоотношения между Казахстаном, Российской империей, Китаем и Джунгарией.

Казахи, проживающие в Китае представляет собой наиболее многочисленную и репрезентативную часть всего зарубежного сообщества казахов, в которой в значительной степени еще сохраняются элементы традиционной этнической культуры и, вместе с тем, происходят существенные этнокультурные изменения, идет процесс кардинальной социально-экономической адаптации и интеграции в современный мир. В особой степени это относится к казахам Китая и Монголии (диаспоре Большого Алтая), которые являют собой одну из наиболее представительных и динамично развивающихся частей казахского этноса за рубежом. В их среде издавна сохраняются многие элементы этнографической культуры на фоне новых социально-экономических процессов.

Казахско-ойратские отношения в XVII–первой декаде XVIII вв. являются той исторической основой, на которой спустя век–полтора была создана казахская диаспора в Китае, ставшая отправной точкой для возникновения диаспоры у казахов в XX в. Необходимо отметить, что районы Южного и Юго-Восточного Казахстана подвергались нападению со стороны ойратов еще в XV в., в период существования государства Моголистан [1, с.51]. Побудительным мотивом появления ойратов в

Казахстане во второй половине XVI в. становится земельный голод и пастбищная теснота в Джунгарии [2, с.21].

На рубеже XVI-XVII вв. некоторая часть ойратов была подчинена казахским ханам, военные столкновения между казахами и ойратами зачастую заканчивались победой первых, в особенности при хане Есиме. С возникновением Джунгарского ханства (из юго-восточной группировки ойратов, располагавшихся на востоке от Казахского ханства) в середине 1630-х гг., отношения между этими двумя государствами кардинально меняются. Набеги в целях грабежа казахского населения отступают на второй план, а на первый выдвигается идея (цель) захвата территорий. Со второй половины XVII в. борьба между Казахским ханством и Джунгарией за кочевья велась с переменным успехом, но вскоре ойратам удалось захватить и удержать за собой небольшую восточную часть Семиречья, ранее принадлежавшую казахам [3, с.43-46]. Это было первое отторжение земель в пользу Джунгарии, приведшей к миграции основной массы казахов племени дулат, кочевавших по левобережью р. Или, в районы рек Чу, Талас, Келес [4, с.38].

В начале 1690-х гг., с приходом к власти Галдан-хана, Джунгария укрепила свои позиции. Ойратская армия во главе с Галдан-ханом вторглась в районы Семиречья и Южный Казахстан [5, с.109]. Несогласованность в действиях казахских, бухарских и кыргызских военачальников, а также стремительность и неожиданность, с которыми ударились ойраты, привели к разгрому некоторых казахских родов и захвату нескольких оседлых оазисов бассейна р. Сырдарьи, вследствие чего казахам пришлось покинуть родные места [6, с.19].

XVIII в. вошел в историю казахско-ойратских отношений как время кровопролитной и жестокой войны, огромных людских потерь с обеих сторон, мощных миграционных процессов, повлиявших на дальнейшую историческую судьбу народов Центральной Азии. В феврале–марте 1723 г. ойраты обрушились на казахские аулы Старшего и Среднего жуза, не подготовленные к отражению нападения в силу ряда причин. Казахи не смогли оказать сопротивления и вынуждены были бежать со своих кочевий, бросив там скот и имущество. Вторжение ойратских феодалов привело к нарушению исторически сложившихся этнических границ, вызвало целый ряд перемещений племен и народов Центральной Азии.

В 1757 г. цины разгромили Джунгарское ханство и за этим последовало отторжение казахских земель в пользу Цинского Китая.

В августе–сентябре 1757 года хан Аблай направляет первое посольство в Пекин, с целью установления мирных отношений с Цинской империей. В ходе встречи Аблая с китайскими послами им был обсужден широкий спектр вопросов. В первую очередь Аблай пытался получить подтверждение в заверении цинских военачальников о неприкосновенности системы политического управления казахов. Во время переговоров Аблай ставит вопрос о меновой торговле, и в итоге была достигнута договоренность об открытии торговли в местностях Иран-Хабирга и Урумчи [7, с.81].

Следует отметить тот факт, что в течение правления в Китае династии Цин всегда было две наиболее важные области, которые находились под китайским контролем вследствие свободолюбия народов, исконно проживавших на этих землях. Во-первых, это – Тибет и во-вторых, северо-западная часть Китая, образованная на захваченных землях разгромленного Джунгарского ханства, включавшего в свой состав земли народов Центральной Азии и позже, спустя полтора столетия, названная китайскими правителями «Синьцзян», что в переводе с

китайского означает «новая граница» или «новая территория». С 1884 года Синьцзян стал обычной провинцией Китая [8, с.41].

В период военных действий Китая против Восточного Туркестана китайское правительство отвлекало казахов от вмешательства в антицинское национально-освободительное движение уйгуров путем ведения переговоров о праве казахов кочевать в верховьях р. Иртыш, долине и верховьях реки Или. Как только восточнотуркестанские города были захвачены и антицинские национально-освободительные движения подавлены, китайское правительство резко изменило свою политику по отношению к казахам и категорически отказалось от своих обещаний, так как с покорением Джунгарского ханства и Восточного Туркестана Китай получил ключ к северо-западной части Центральной Азии и не нуждался в нейтралитете или поддержке казахов.

Первым официальным документом о проведении границ между Китаем и Россией в Центральной Азии стал Пекинский договор от 2 ноября 1860 г., получивший более конкретную доработку в Чугучакском Протоколе 1864 г. Спустя несколько лет после подписания Чугучакского Протокола, воспользовавшись начавшимся в 1864 г., антицинским национально-освободительным движением в Синьцзяне, Россия потребовала провести проверку и изменить кое-где демаркационную линию путем присоединения к ней земель за счет китайской империи. Так был подписан Хобдинский Протокол 1869 г., а на следующий год – Тарбагатайский Демаркационный протокол 1870 г. [1, С.55-70].

«Илийский вопрос» сыграл немаловажную роль в окончательном территориально-государственном разделе земель между Китаем и Россией в Центральной Азии, вследствие которого были нарушены традиционные маршруты казахов, а пастбищные и водные угодья были отняты у них.

С возвращением Россией Илийского края Китаю казахские роды суан, албан, кызай лишились своих сезонных кочевий по долинам рек или, ее притока Текес и в других районах, так как нарушились традиционные кочевые маршруты казахов, насильственно причисленных к одному из государств, разделивших между собой казахские земли.

Вследствие достигнутых соглашений между Китаем и Россией казахи пользовались своими бывшими кочевками практически до 1892 г., когда озабоченные данными постоянными проникновениями и возникавшими беспорядками китайские власти стали ограничивать кочевки казахов, что негативно отразилось на их жизнедеятельности.

События XX в. еще более усугубили насущные проблемы казахского населения, находившегося в составе двух государств – Российской империи, а затем СССР, и Китая, - привели к многочисленным людским потерям у казахского народа, проживающего как в Казахстане, так и в Синьцзяне.

В начале XX в. на территории Казахстана крупномасштабно проводилась Столыпинская аграрная реформа, приведшая к изменению демографической картины, социально-экономических отношений, ухудшению и без того тяжелого положения казахов. В Казахстан, кроме добровольных, негосударственных мигрантов, хлынули потоки государственных переселенцев из Европейской части России, Украины, Белоруссии, являвшихся, по существу, разорившимися мелкими крестьянами, остро нуждавшимися в земле. Все время растущий поток русских переселенцев и незаконные изъятия земель Переселенческим управлением, чинимые произволом чиновников, вынудили казахов тысячами мигрировать в Китай.

Большинство казахов пришли в Или и Алтайские просторы Синьцзяна. В 1911 г. в Китае казахи составляли 244 тыс. 900 человек. Для упрочения верноподданческих идеалов в казахской среде китайские чиновники заставляли

обучать детей в школах на китайском языке, а учителей присылали специально неисповедующих мусульманскую религию. Так дело обстояло со всеми представителями неханьских этнических групп: казахами, уйгурами, кыргызами, монголами, татарами, узбеками и др. Такими мерами китайские чиновники пытались разъединить мусульманское население Синьцзяна и превратить его в послушных верноподданных.

В 1914 г. китайские власти Синьцзяна и русский консул в Урумчи достигли соглашения, в котором ставилось условие, что казахи, иммигрировавшие до июля 1911 г. (до начала Синхайской революции в Китае) и оставшиеся в Синьцзяне, становились китайскими подданными, те, которые прибыли после этой даты, возвращались в Российскую империю. Китайские власти в Пекине, опасаясь, что русские будут использовать казахов в своих политических требованиях на Или, решили, что число репатриантов не может превышать 6 тыс. человек.

Царский указ от 25 июня 1916 г. «О привлечении мужского инородческого населения на оборонительные работы...», послужил поводом для начала национально-освободительного восстания в Казахстане и Центральной Азии. Миграция казахов из Семиреченской области в Китай началась еще в июле 1916 г., а к сентябрю достигли широких размеров [1,С.70-85]. В октябре 1916 г., после восстания в Семиречье против царского самодержавия, спасаясь от карательных акций русской армии, перешли через русско-китайскую границу около 300 тыс. казахов. Пограничные области Синьцзяна, такие как Тайчен на севере, Или на западе, Кашгар и Аксу на юге, стали центрами казахских беженцев, в которых насчитывалось: в Алтайском округе – около 100 тыс., Тарбагатайском – 60-70 тыс. и более 100 тыс. – в Илийском округах [3,С.7].

За переход на свою сторону китайцы с казахов потребовали плату: 9 черных иноходцев, 9 аргамаков, 10 тыс. рублей деньгами и 12 джамбе (слитков серебра). Только при такой оплате казахи имели возможность перейти китайскую границу, но нередко доведенные до отчаяния карательными мерами царских войск, природными несчастьями или грабежами со стороны многочисленных банд, казахские беженцы прорывали границу в тех местах, до которых могли добраться.

Установление Советской власти и гражданская война в Казахстане явились новым толчком для миграций казахов за пределы Родины. Вскоре после начала Великой Октябрьской социалистической революции казахи небольшими группами стали переходить границу с Китаем. Они перегоняли свой скот, в основном, в районе пограничной Кульджи, через Тарбагатайские горы и долину Черного Иртыша. Многие из них оставались в Синьцзянском Алтае и Илийском крае. Годфри Лиас упоминает о нескольких сотнях беженцев из Казахстана в Китай во время установления советской власти и гражданской войны [9,С.61].

Одним из трагических событий XX в. для Казахстана стало проведение насильственной и незаконной коллективизации 1928-1932 гг., являвшихся, по сути своей, геноцидом против казахского народа, разрушением сложившейся хозяйственной системы [10,С.243]. Данный процесс характеризовался в Казахстане огромными человеческими жертвами, которые сказываются до сих пор на всех сферах жизни казахстанского общества. По данным извлеченным из Центрального Государственного архива Республики Казахстан (ЦГА РК), можно судить о том, как чиновники разных уровней пытались обставить и объяснить дело с возникшими откочевками из Казахстана, говоря о том, что: «В первые откочевки шли, главным образом, байско-кулацкие элементы, которые самочинно забирали скот и уходили за пределы края» [1,С.74].

В период проведения коллективизации начались массовые переселения казахов в Россию, Узбекистан, Туркменистан, Каракалпакию, Китай, Иран, Афганистан. Из них 616 тыс. откочевали безвозвратно и 414 тыс. впоследствии вернулись в Казахстан. Около 200 тыс. казахов, безвозвратно откочевали, ушли в Китай, Монголию, Афганистан, Иран [10,С.57].

Одной из малоприводимых причин переселения некоторых казахских семей в Китай в 1930-1940-х гг. являлось проведение политики направления советских кадров военных, инженеров, учителей, врачей и т.п. в Синьцзян на работу для повышения профессионально-образовательного уровня населения, что западными исследователями рассматривается как наличие мощного советского контроля и влияния в данной пограничной с СССР области Китая в вышеназванный период.

До обострения советско-китайских отношений в 60-х годах прошлого века родственники навещали друг друга, пересекая «границу дружбы» без всяких виз и официальных пропусков. В Синьцзяне были созданы автономные уезды, районы и волости для нацменьшинств. В 1962 году в результате притеснений китайских властей произошел массовый переход этих нацменьшинств из СУАР в СССР. Десятки тысяч беженцев с детьми и имуществом покинули свои обжитые места и переехали из Синьцзяна в Казахстан, Узбекистан, Киргизию, Таджикистан. Границы были закрыты..

Таким образом, процесс возникновения и формирования казахской диаспоры в Китае состоит из трех этапов:

Первый – во время ойратско-казахских войн XVII-XVIII вв., в ходе которых казахи потеряли свои земли в районах Семиречья, Тарбагатай, Барлыка и др. Казахско-ойратские войны непосредственно привели к гибели тысячи людей, мощным миграционным процессам у народов Центральной Азии, коренным образом изменивших демографическую ситуацию в этом регионе. Кроме того, во второй половине XVIII в. была установлена непосредственная граница между Казахстаном и Китаем.

Второй этап в истории возникновения казахской диаспоры в Китае характеризуется процессом русско-китайского территориально-государственного разграничения в Центральной Азии путем подписания ряда важных правительственных документов, таких как Пекинский договор от 2 ноября 1860г., Чугучакский Протокол 1864г., Хобдинский Протокол 1869г., Тарбагатайский Демаркационный протокол 1870г., Ливадийский договор 1879г., Петербургский договор 1881г. Вследствие подписания и ратификации вышеназванных договоров и протоколов казахские территории и население, проживающее на них, были насильственно разделены между этими государствами и без учета их желаний были распределены в подданство к ним.

Третий этап откочевки казахов в пределы Китая приходится на первую треть XX века и связан, прежде всего, с национально-освободительным восстанием 1916 года и проведением советской властью насильственной коллективизации в Казахстане. События XX в. еще более усугубили насущные проблемы казахского населения, находившегося в составе двух государств – Российской империи, а затем СССР, и Китая, – привели к многочисленным людским потерям у казахского народа, проживавшего как в Казахстане, так и в Синьцзяне. Следствием этого явилось возникновение казахской диаспоры и ее развитие в Китае, потом в странах Центральной Азии, а затем дальнейшее распространение по всему миру.

ЛИТЕРАТУРА

1. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. - Алматы: Гылым, 1997. – 264 с.
2. Гуревич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX в. М., 1983. – 216 с.
3. Сыроежкин К.Л. Казахи в КНР: очерки социально-экономического и культурного развития. Алматы. 1994. – 184 с.
4. Востров В.В., Муқанов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов. Алма-Ата. 1968. – 268 с.
5. Кычанов Б.И. Повествование об ойратском Галдане-Бошоктухане. Новосибирск, 1980. – 578 с.
6. Schartz, Henry G. The Minorities of Northern China: a survey. – Bellingham, WA, 1984. – p.198.
7. Карин Е. Динамика казахско-китайских отношений в 1755-1758гг. // Саясат. – 1999. – №3.
8. Градов Ю. Синьцзян: далекий и близкий // Азия и Африка сегодня. – 1990. - №5.
9. Lias, Godfrey. Kazak exodus. London, 1956. – 457 p.
10. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алма-Ата, 1992. – 476 с.

ӘОЖ 94 (574)

**ЖЕТІСУ ӨңІРІНДЕГІ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЕСКЕРТКІШТЕРІ**

Жуманов Р.К.

«Тарих» мамандығының 2 курс магистранты, Zhupanov-roma@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: **Сламбаев З.С.**, т.ғ.к., доцент

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Бұл мақалада Жетісу өңірінің ерте темір дәуірі ескерткіштері қарастырылады. Осы өңірдегі сақтар мен үйсіндердің қорғандары туралы зерттеулерді жазған. Алайда өңірдің ежелгі тарихы кешенді түрде әлі де толық зерттелінуі керек екендігі туралы тұжырым жасайды.

Семиречье в начале памятников железного века в этой статье будут рассмотрены. Саки и тшшу исследование усунских курганов в регионе. Тем не менее, древняя история региона должна быть полностью интегрирована. Но исследование показало, древняя история еще не полностью изучено.

The Zhetisy in the early Iron Age monuments in this article will be considered. Saks and write a research üysinderdiñ mounds in the region. However, the ancient history of the region should be fully integrated study concludes that different.

Кілт сөздер: *қорған, конус, ортакарибантти скифтері, тиграхауда сақтары, Ксеркс сарайы рельефтері, үйілген тас.*

Жетісу өңіріндегі археологиялық ескерткіштер ішінде көне қорымдардың алатын орны көп.

1969-1971 жылдары Алматы қаласынан 50 шақырым жердегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы Есік қорғандарын Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.Ақышев, мүшелері Б.Нұрмұханбетов, А.Максимовалар) зерттеген.

Археолог-тарихшы К.Ақышевтің болжамы бойынша, Есік қорғаны б.з.б. V–IV ғасырларға жатады.

Жазба дерек көздері мен археологиялық материалды талдай келе археолог К.А.Ақышев иран дерек көздерінде тиграхауда сақтарына ортакарибанти скифтері сәйкес келеді, өйткені екі атау да «шошақ бөрікті сақтар» деген мағына береді деп пайымдайды.

Сонымен қатар, Персепольдағы Ксеркс сарайы рельефтеріндегі сақтар бейнесі моңғол пішіндес және шошақ бас киім киген; ғалымның пікірінше бұлар тиграхауда сақтары. Моңғол пішіндестердің таралған орталықтарының бірі Жетісу болуы мүмкін, соған байланысты ол тиграхауда сақтары Жетісуда өмір сүрген деген пікірге келеді [1,53-56бб.].

Әлем мойындаған Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» жөніндегі археолог Кемел Ақышев зерттеу қорытындылары бұл күнде тәлкекке айнала бастады. Зерттеушілердің пікірінше үйсіндер Іле өңірі мен Ыстықкөлге орнығып, қанша болып-толғанымен Есік қорғанынан табылған ғажайып алтын киімдей зергерлік өнердің дүр жауһарын тудыра алатын жоғары мәдениетке қол жеткізе қойды ма екен? Оның үстіне үйсін күнбиі Елжаудың б.з.д. 104 жылы өлгенін де назардан тыс қалдыруға болмайтындығын жорамалдайды [2,15-16бб.].

Үрімшіде жарық көрген «Үйсін Елі» кітабы шығуына байланысты. Қазақ тарихшылары қытай деректеріне сүйеніп, Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» үйсіндер ханзадасы деген пікірге келеді. Ертедегі Қытай жазба деректерінде б.з.б. III-I ғ. Іле бойында, жалпы Жетісу өңірінде үйсіндерден басқа іргелі мемлекет болмаған. Осы маңайдағы ұлыстардың түсін түстеп, қоныстарын түгендеп шыққан ежелгі Қытай тарихшылары Есікті орталық астанасы еткен құдіретті ұлы мемлекет-Үйсіндер ұлысы мекен еткендерін жазады. Қытайдың және басқа да елдердің тарихшылары үйсіндердің қазақтың негізгі тегі екендігін растайды [3,14-16бб.].

Сонау Сақтар мен Үйсіндер дәуірінен бастау алған, бүгінде төбе-төбе болып талай ғасырлардың құпиясын бауырына басып жатқан ескі қорғандар көп. Н. Мынжанұлының жазуы бойынша үйсін обалары мен қоныстары Хыши дәлізінен (Қытайдың солтүстік батысы) бастап Жетісу аймағының Іле, Шу, Талас өзендерінің аңғарларында орналасқан [1, 84-85бб.].

Бұрынғы Нарынқол, Кеген, қазіргі Райымбек аудан жерінен тұрақты қоныс жайлары (Ақтас 1,2) табылып зерттелген. Қоныстарды К. Ақышев зерттесе, Іле бойындағы обаларды археолог А. Кушаев зерттеген. Ғалымдар археологиялық материалдарға анализ жасай келіп, Үйсіндердің Жетісу өңірілерінде б.з.д III-II ғ. өмір сүргендерін көрсетеді. Зерттеушілердің пікірінше үйсін оба үйінділері тас сақинаға ұқсас дейді.

Жетісу сақтарына қатысты Цыганка -8 қонысы да зерттеліп, ашылды. Ол Алматы қаласынан шығысқа қарай 20 шаршы шақырымдағы Панфилов кентінің оңтүстік шетінде, Цыганка өзенінің оңтүстік-шығыс жағасында орналасқан қоныс болатын. Қонысты зерттеу барысында ғалымдар тобы оның б.д.д. 775 жылдан 370 жылға дейін және б.д.д. 350-300 жылдардан 220-50 жылдарға дейін өмір сүргендігін анықтады. Біздің өңірімізде сақ-үйсін тайпаларының тағы бір ескерткіші Орман I, Орман II қоныстары болып отыр. Орман I қонысы Талғар қаласынан 5 шаршы шақырым қашықтықта Орман ауылынан шығыс бағытта 2 шаршы шақырым қашықтықта орналасса, ал Орман II қонысы бірінші қоныстан батысқа қарай 1 шақырым жерде орналасқан [4,114-115бб.].

Сақ дәуіріндегі ескерткіштерінің бірі-Боралдай қорғандары. XIX-XX ғасырда Үлкен Алматы өзендерінің бойындағы обалар туралы орыс ғалымдары Н.Н. Пантусов, В.Д. Городецкий, Б.Н. Дублицкий, А.Н. Бернштам зерттеулері жақсы жазылған. Орыс ғалымдары боралдай қорғандары туралы мағлұмат берілмеген. 1956

жылы Жетісу археология экспедициясының жетекшісі Е.И.Агеева басшылығымен «Археология Қазақстан картасы» еңбегінде Үлкен Алматы өзендерінің жағасындағы қанша обалар болғандығын көрсетеді. 2005 жылы Ә. Х.Мрғұлан атындағы институтының археология экспедиция жетекшісі З.Самашев боралдай қорғандарын зерттеу жүргізіп жатыр. Алматы қаласының солтүстік-батыс аймағында, Үлкен Алматы өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Солтүстігінде қалалық типті Боралдай ауылымен, оңтүстігінде Үлкен Алматы каналымен шектесіп жатыр. 430 га аумақты алып жатқан қорғанның аймағында ерте темір дәуірі кезеңінің 57 үлкен сақ және 200-ден астам сақ қорғандары орналасқан. Аса үлкен қорғанның биіктігі 10-14 м. дейін жетеді, ал диаметрі 80-150 м. алып жатыр. Бұл Алматы секілді ірі мегаполистің жанында бұзылмай жеткен жалғыз археологиялық ескерткіш.

Сақтардың Боралдай қорғаны - біздің заманымыз дейінгі VII-III ғасырлардан қалған ерекше тарихи ескерткіш. Боралдай жанында 57 қорған табылып отыр. Олардың ішіндегі біреуінің биіктігі 15 метр болса, аумағы 120 метрге дейін созылып жатыр. Осыған қарап, ол орталық қорған болуы керек деген болжам бар. Боралдай жанында 57 қорған табылып отыр. Олардың ішіндегі біреуінің биіктігі 15 метр болса, аумағы 120 метрге дейін созылып жатыр [5,17-29 бб.].

Сақ тайпаларының қорғандары Алакөл ауданы территориясында Лепсі ауылының батысында 1,5 км, Лепсі өзенінің сол жағалауында 200 м жерде, оңтүстігінде Белтерек тауынан 1 км жазық алаңқайда орналасқан.

2008-2009 жылдардың жазғы маусымдарында «Жер-Су» корпорацияның демеушілігімен (президенті Б.К.Оспанов) Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің археологиялық-этнологиялық орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбдеш Төлеубаев жетекшілігімен «Үйгентас» археологиялық экспедициясы Ойжайлау бөктеріндегі қорғандарға зерттеу жүргізді. Профессор Әбдеш Төлеубаев ондағы қорғандары III-IV ғасырдағы сақ мәдениетіне жатады деп жорамалдайды. «Үйгентас» археологиялық экспедициясының зерттеуіне сүйенсек, Ойжайлау қорғандары біздің заманымыз дейінгі III-IV ғасырдағы сақ мәдениетіне жатады. Бұл қорғандар көк майсалы шөп және тас үйінділерінен тұрғызылған. Қорған конус түрінде үсті дөңгелек жартылай төбе тәрізді орналасқан.

Қорған ел ішінде «үйілген тас» деп аталып, оның табиғи еместігі ертеден мәлім болған. Бертінгі уақытта қорған құрылысының тастары әртүрлі қажеттіліктерге байланысты алынған. Осындай әрекеттердің нәтижесінде тас алынған шұңқырларға желмен топырақ толып, бұталар өсіп кеткен. Мұндай шұңқырлардың жалпы саны - 15. Орта тұсындағы ірілеу шұңқырлардың үлкенінде қайың, терек өсік шыққан. Шұңқырлардың ені әр түрлі. Осы шұңқырлар қорғанның авариялық жағдайда екендігін дәлелдейді.

Жалпы қорған өзеннің малта тастары мен таудың жақпар кара тастарынан құралған. Қорған биіктігі 5 метр болып табылады. Қазу барысында тұрмыстық заттар табылды. Қорғанды тереңірек қазу барысында қабір табылды. Басы батысқа қаратып жерленген баланың сүйегі мен адам сүйектерінің шашындылары шықты. Одан ары тереңірек қазу барысында алыстан қарағанда күнге және жылқының тағасына ұқсас тас қиыршықтары шыға бастады. Күнге ұқсас дөңгеленген тастардың қасында тастардан қаланған ұзын дәліз табылды. Ол дәліз сырттан жерлеу орнына кіретін жол болғаны анықталды. Дәліз қорғанның шығыс жағына салынған. Ежелгі сақтар дәлізді күн қай жақтан шығатын жерге салынған. Бірақта қорған сол заманда тоналғаны анықталды. Сондай-ақ Үйгентас тауының қасында сақ дәуіріне жататын алып қорғандар бар. Дәу тастармен қалаған алып төбелер және қорғандарды қазуға жұмыс күші керек. Қорғандардан айна, қайрақ, сақина т.б. тұрмысты заттар

табылды. Ойжайлау көшпелілердің орталығы болған. Беймәлім беттері әлі ашылған жоқ [6, 48-50бб.].

Алматы шаһары тағы жаңа жәдігерлермен толықты. Сонау сақ заманынан ақпар беретін ұлт құндылығы «Медеу» шатқалы маңынан табылған. Әзірге зерттеушілер бір ғибадатхана мен 5 мыңға жуық жәдігерді анықтаған. Бұл туралы "Алматы" арнасы хабарлады.

Археолог ғалымдардың айтуы бойынша б.з.д. IV ғасырда салынған ғибатахананың орны. Бірнеше қосалқы бөлемелері бар тарихи орыннан қазірдің өзінде 5 мыңға жуық жәдігер табылып отыр. 200 шаршы метр жерде қару-жарак, ыдыс-аяқ пен егін және мал шаруашылығындағы пайдалаған құрал-саймандар сақталған. Бір қызығы, ғибадатхана маңайында қасапшы бөлмесі де болыпты. Оған малдың сүйектері мен қорғасын құйылған асықтар дәлел. Тіпті, мына қолөнер шеберлігі үшін пайдаланылған құралдың сабы адам сүйегінен жасалған деп жорамалдайды. Құнды дүниені алғаш тапқан археолог Руслан Шербаев, Медеу шатқалындағы жерлер, әлі де сақтар жайлы ақпаратты толықтыра түсетініне кәміл сенеді.

Археолог Руслан Шербаев пікірінше «Сақтарды көшпелі халық деп айтатын барлық жерде. Біз осы табылған заттарға қарап сақтардың көшпелі және отырықшы халықтары болғанын айта аламыз. 60 жылдан астам уақыт археолог болып жүрген ақсақал бірден, жәдігерлер сақ тайпасына тиесілі екендігін растаған. Ендігі қадам үкіметте. Өйткені, жер астынан табылып жатқан жәдігерлер әзірге ғылыми зерттеу беттерінде ғана. Осы маңға жерде егін еккен. Сондай-ақ зерттеу орнынан тастан, темірден жасалған қару-жарақтар, құйма формалардан да заттар шығып жатыр», - дейді.

Руслан Құдайбергенұлы табылған мұраны әуелі Алтын адамды тапқан тарихшы Бекен Нұрмұханбетовке көрсетуді жөн санаған. «Менің ендігі өкінішім, осындай ғажап дүние осыменен біте ме? Бұл жерді заңды түрде қорғау аумағын ашып, мемлекеттің қарауына алу керек. Мәдени мұра деп бегіленсе, ары қарай нәтиже белгілі ғой. Бұл шенеунік мырзалардың бір апталық жұмысы», - деді. «Есік» мәдени-тарихи қорық мұражайының аға ғылыми қызметкері Бекен Нұрмұханбетов.

Археологтар бұл ізденіспен шектеліп қалмайтындықтарын алға тартты. «Тіпті, Алматының төрінде сақтардың қалашығы болғандығы да дәлелденетін күн жақын», - дейді [7].

Қорыта келгенде, ескі қорымдар, құпиясын бауырына басып жатқан облыстың Кербұлақ, Райымбек, Еңбекшіқазақ, Талғар, Іле, Балқаш аудандарында көптеп кездеседі. Археолог ғалымдар осы өңірдің қорымдары сақ немесе үйсін мәдениетіне жататындығын дәлелдеп берсе тарихтың жаңа бір парағын ашатындығы анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы. Жалын, – 1994. – 400 б.
2. Дәулетхан Ә. Талас-Тараз-Чігу қалалары қытай жазба деректерінде // Қазақ тарихы. – 2006. – 15-16 бб.
3. Қойгелдиев М. Алтын киімді бекзада елі // Қазақ тарихы. – 2006. – №2. – 14-16 бб.
4. Байпаков К., Таймағамбетов Ж., Жұмағанбетов Т. Қазақстан археологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 114-115бб.
5. Самашев З., Джумабекова Г., Нурпеисова М., Чотбаев А. Древности Алматы: Курғаны Боролдая. – Алматы, 2006. – 17-29 бб.
6. Төлеубаев Ә.,Т, Байғабатова Н.Қ, Омаров Ғ., Жұматаев Р.,С, Искаков Қ.,А. Ойжайлау ерте темір дәуірі обасының зерттелуінің кейбір мәселелері // «Жансүгіров

тағылымы» атты республикалық ғылыми – практикалық конференция материалдары. – Талдықорған, – 2009. – 48-50 б.

7. Алматыдан сақ дәуіріне жататын 5 мың жәдігер табылды. [baq.kz /material/](http://baq.kz/material/).

ӘОЖ 821.512.122'01

ИЛИАС ЖАНСҮГІРОВТІҢ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ПЕРСОНАЖ ГАЛЕРЕЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУ ЖАЙЫ

Саякупова Е.

И.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мақалада Илияс Жансүгіровтің поэзиясындағы басты персонаждар галереясы сөз болады. Жас ақынның дыбыс үндестігі қаһармандардың өзара жарқын ықпалдастығы айқын көрсетілген.

В публикации отражены главные персонажные галереи поэзий И.Жансугурова. Созвучия звуков и образы героев ярко переплетены в ранних поэзиях молодого поэта.

In publications the main are reflected person gaileri poetries of I.Jansugurov consonances of sounds and characters of heroes are brightly casebound in the early poetries of young poet.

Кілт сөздер: Персонаж. Образ. Поэзия

Илияс Жансүгіровтің лирикасындағы персонаж галереясын айтқан тұста Илиястың өскен ортасы да, өмір кешкен қоғамы да оның ең алғаш қалам тартып, ақындық жолға түсуіне түрткі болған, дарынын, ішкі талант құбылыс-қасиетін ашқан, әсемдік әлеміне жетелеген –Жетісу табиғаты мен өзінің туып-өскен жерінің сұлулығынан бастау қажет. Әдетте, сұлулыққа тәнті болған адам ғана құштарланады, іңкәрлік сезімге бөленіп, толғанысқа, қиял-сезімге бой ұрады. Бұл жайтты Илияс та басынан кешірген. Бойындағы сезімтал қасиеті оның ойын сан-саққа жүгіртеді, қинайды, әбден қалжырап, бәлкім қасындағы өзін сезетіндей адам табылмағасын қолына қалам алуы да ғажап емес. Алғашқы өлеңдерінің бірінде былай деп жырлайды:

Ащы көңіл,
Тұщы өмір,
Төсек –темір, бар ма дос?
Қайғы баптап,
Ойды шақтап
Сырғанақтап жүрмін бос.
(«Шам-шырақ»)

Немесе:

«Жел жалауды желбірет!» деп, ішкі дерттті қалай шығаратын білмей дал болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Илиясқа жас, албырт кезінде табиғаттың сұлу көрінісі ерекше әсер еткен. Табиғатқа іңкәрліктен туған балғын жырлары айналадағы тылсым сәт пен жарқыл қаққан өмір көріністерінен туса, кейінірек эпикалық шығармаларға батыл ауыз салады.

«Илияс поэзиясындағы мөлдір арнаның бірі - табиғат лирикасы» - дейді, академик Р.Нұрғалиев өзінің «Арқау» атты монографиялық еңбегінде. «Туған жерін, елінің тау-тасын өзен – көлін беріле сүйген патриот ақын қоршаған ортаның ғажап

сұлулығынан өз шабытына нұр алып, сан алуан бояулары буырқанған ғажап суреттер салды. Бұлардың ішінде нақты географиялық адресі танылған («Ағынды менің Ақсуым»), табиғаттың бір суреттегі көрінісін бейнелейтін («Ақшам», «Бұлт», «Желді күн», «Жазғы таң»), құбылысты көз алдыға әкелетін («Жауында», «Жел», «Тас») сан алуан үлгілері бар. Натюрморт, этюд, эскиз сипатындағы туындылардағы ойлар, символдық бейнелер, ишарат образдар философиялық идеяларға жетелейді, көп мағыналы сарын- әуездерді тудырады» [1,514б.].

Шынында да ақынға суреткерлік, қылқалам шеберлігі секілді қасиетке ие болмай, ірі полотно жазу мүмкін емес. Ілияс өз бойындағы осы бір буырқанған қасиетті ауыздықтай ала алды ма?

-Жоқ!

Шынайы дарын тірі, көрікті табиғатты сезіне отырып оның тылсымынан шыға алмастан, оны мүмкін-қадірінше одан әрі игергісі келетіндіктен, қаламын сілтей берді.

Қазақ ортасында өлең өнері ертеден-ақ ерекше орын алды десек, табиғатты жырлау кенже қалған тақырыптардың бірі. Ілияс мұны сезінбеуі мүмкін емес. Сезінді де, осы тақырыпқа ерекше ден қойды.

Ілиястың табиғат лирикасына орай жазылған қай өлеңін алып қарасаңыз да, ондағы стил өрнегі, қаламгерлік дара тұлғасы айқындалып тұрады.

Өлеңіндегі эпикалық кеңдік, теңеу, эпитет, метафора, градация, эпифора, анафора байлығы оның поэзиясындағы негізгі белгілері десек, одан халықтық, фольклорлық леп ескендей сезіледі. Олай болуы заңды да. Халқымыздың құт - берекесі дарыған, көне заманнан даналық пен ақындық мекені болған Жетісу жерінің перзенті Ілияс бала күннен бастап өлең мен жырдың қойнауында туып, сонда өсіп-өркендеген. Нәтижесінде, нағыз халықтық пафоста, танымдық-білімдік тұрғыдан берері мол, этнографиялық ғылым саласына жақын жазылған өлеңді оқып тамашалайсыз.

Ақ үйге алты қанат келсем кіріп,
Босаға, маңдайша мен табалдырық,
Кереге алты жапсар, алпыс уық,
Шаңырақ, күлдіреуіш оған жуық.
Құр, таңғыш, басқұр, арқан, екі аяқ бау,
Төрт ірге, есік жабық, ши туырлық,
Он бес бау ішкі-сыртқы белдеу, желбау,
Тұскиіз көрпе, көпшік, шай шымылдық
Текемет, жастық, шапан, кілем, сырмақ,
Алаша, бешпет, көйлек, сәлі бөрік,
Самаурын, үстел кесе, шәйнек, шәугім,
Дөдеге, сандық, кебеже, ақ түндік...

Бұрын-соңды мұндай өлең жазылмаған. Бұл қазақ поэзиясындағы жаңа серпін, жаңа үрдіс.

Бұл-өлең үлгісін Ілияс жас шағында жазған. Қазірде ұмытыла бастаған үй жабдығын өлеңмен өріп, атауын атап, түсін түстеп беру Ілияс шығармаларын ерекше ажарландырады. Осы тұрғыда жазылған өлең үлгілері Ілияс поэзиясында кейінгі кезеңдерде берік орын алған.

«Жетісу суреттері» өлеңі Ілиястың ең айшықты шығармаларының бірі. Өз тұрғысында Мұхтар Әуезов бұл шығарманы бағалап, былай деген еді: «Мен Ілиясты бұрын білуші ем, өлеңдерін оқып жүретінмін. Бірақ оның шын мағынасында дарынды ақын екенін мойындағаным сол «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін» [2,54б.] дейді. «Жетісу суретінде» ақын 52 тіршілік иелерін атап өтеді. Өлең жолдары былай келеді:

Мінеки. Алатауға біткен торғай:
Қара, боз, суық, бұқпас, сипті, шымшық,
Шапшақай, майлық, маубасбұқа, шөже,
Тоқылдақ, сан-сапалақ атаулысы...

Ал аңдар атаулысы: сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан, қасқыр шибөрі, қарсақ, қусар, бұлғын, жанат таутеке, арқар, қарақұйрық, суыр, марал т.б. Жыртқыш құстар: тазқара, балтажұмар, құмай, жұртшы, су бүркіт, лашын, тұйған, тұнжыр, тынар, мықи, ителгі, бәрпі, қырғи, тұрымтай, бидайық, бүркіт, тығанақ тағы басқа да құстар мен қазірде ұмыт болған ағаш-шөптердің атаулары өлеңде ерекше жарасым тауып, табиғи түрде орын тепкен.

Долана, ұшқат, шетен, ырғай, арша,
Ақ сасық, қызыл қайың, барша, шынар.
Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен,

Үйенкі, сырғай, балғын, тораңғылар,
Сарыағаш, түйеқұйрық бауыр құрттар,
Қараған, бозқараған, шенгел, шілік,

Сықылды ағаштардың талайы бар...» [3,566.] - деп, Жетісудың бай, шүйгін табиғатын жырға қосады. Тегінде, «Жетісу суреттері», «Жалпы сын», «Тау суреті», «Жетісудағы су суреті», «Жетісу жәндігі», «Жер түгі» тәрізді бес бөлімнен, 333 жолдан тұратын көлемді туынды. Бұл шығарма асқан шебердің қолынан шыққан, құлпырып жайнаған, ерекше пафоспен жазылған қазақ поэзиясындағы еш қайталанбас құнды поэзиялық мұра және Ілияс Жансүгіровтің лирикасындағы персонаж галереясының бастау бұлағы іспеттес болмақ.

Қазақ әдебиетінің құнарлы саласының бірі - поэзия болса, Ілияс сол құнарлы салаға бар күш-қуатын сарқа жұмсаған алпауыт ақынның бірі.

В.Г.Белинский Пушкин мен Лермонтов поэзиясына орай: «Бүкіл әлем, гүл, бояулар, дыбыстар, бар жаратылыс, барлық өмір-поэзия дүниесі, осы құбылыстарды құпия қуат, оларға тіршілік, ойнақы өмір беретін сырлар поэзияның жаны мен тетігі. Поэзия - әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы мен сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні» [4,756.] - десе, бұл анықтама Ілиястың да поэзиясына қатысты айтылған сөз. Олай болатыны-жоғарыдағы атап өткеніміздей, Ілияс поэзиясы бастан-аяқ қазақтың халық әдебиеті мен халық тілінен нәр алып дамыған шығармашылық десек, оның тағы да бір қайнар бұлақ көзінің бірі-классикалық орыс әдебиеті. Бұл бұлақтан өз тұсында әуелі ұлы Абай сусындаса, сол Абайдың сан-салалы поэзиясынан Ілияс та үйреніп, өзіне тәлім алған.

Кейін жиырмамыншы жылдары Пушкин, Лермонтов, Крылов, Державин, Некрасов т.б. ақындардың шығармаларымен көбірек шұғылдана отырып, олардың бірқатарын қазақ тіліне аударды. Сонымен бірге, әлем әдебиеті классиктері Гюго мен Гейне, Гете, татар ақыны Ғ.Тоқайды, тәжік ақыны К.Лахутиді және басқа да дүние жүзі поэзиясының өкілдері мұраларының қыр-сырына үніліп, одан үнемі үйреніп, үлкен ізденіс жасағаны Ілияс поэзиясының диапазонын кеңейтті.

Ілияс Жансүгіров поэзия әлеміне жастай келді десек, атап өткеніміздей, балғын, талапкер шағында Абайдың поэзиясы оған ерекше әсер етті. Әйтпесе, Ілиястың жас шағындағы «Құтырған күндеріндегі» өлеңдері әр-әр жерде айтылған жерінде қалып, көп мұралары сақтаусыз шашылып қала берген. Сол өлеңдерінің алғашқыларының бірі «Балдырған» атты жинақ дәптерінде енген Абайдың әсерімен жазған өлең нұсқасы төмендегідей келеді:

«Салды бұлақ енді әнге,
Құйқылжытқан келді әнге.
Тау мен тас мұнданып,

Арғы мен салды бергі әнге.

Ағаш, тоғай қуанып,

Әкетті ертіп жерді әнге.

Жан-жануар таңырқап,

Тамсандырды елді әнге.

Токсан толғап қайырып,

Токтады барып әреңге...» [5,83б.] - деп жырлайды. Мұнда не ұйқас, не форма, не өлең өлшемдері сақталмаған. Бұл Абайға дейінгі өлеңдері. Бұдан кейін, өзі айтқандай, «... Абай артық әсер етті. Ойым ояна бастады. Қайта-қайта тоймай оқи беретін болдым. Өзімде біртүрлі сергектік, сілкініс, жүрегімде жаңалық сездім. Жазуға талабым оянды, Келсе де келмесе шұқылып, өмірді өлең қыла бастадым...» [6,54б.] - дейді.

Ақын поэзия әлеміне 18 жаста келеді. Оны дәлелдейтін мына факт. 1958 жылы Қалижан Бекқожин «Халық өмірінің өрен жыршысы» деген мақаласында: «Біздің әдебиетшілеріміз Ілиястың ақындық өнер адымы 1919-1920 жылдардан басталды деп келді. Бұл қазір теріске шықты. Алматының Пушкин атындағы көпшілік кітапханасының архив қорынан жуықта ғана табылған Ілияс Жансүгіровтің өз қолымен жазылған екі өлең дәптері ақынның өлеңді 1915-1916 жылдардан бастап жазғанын дәлелдейді».

1986-1988 жылдар арасында баспа бетін көрген «Бес томдық шығармалар жинағында» Ілияс Жансүгіровтің бұл томында ақын өлеңдерінің жазылу хронологиясына қарай жасалумен байланысты, оның «Күзгі гүлге» өлеңімен ашылып отыр. Бұған дейін Ілияс Жансүгіров творчествосы 1915-1916 жылдардан басталады делініп, келсе, ақынның Қазақ ССР Мемлекеттік архивіндегі өз қорынан табылған (№37 папка, 127-бет) осы өлеңі ол пікірді өзгертіп, оның творчествосының бұдан гөрі сәл ілгеріректен басталатынын дәлелдеп отыр». Бұл ақынның өз қолымен жазған «Балдырған» және «Қызыл жалау» атты өлең дәптері. Яғни, сол дәптерінде жоғарыдағы аталған «Күзгі гүлге» өлеңі 1912 жылы жазылған. Ал баспа бетін тұңғыш рет 1917 жылы «Сарыарқа» газетінің 15-сі мен 22 тамызы күнгі «Тілек» және «Сарыарқаға» деген атпен жарық көреді. Ілиястың бұдан кейінгі шығармалары баспасөз беттерінен жиі шығып, творчестволық өсу эволюциясы басталады. Осы кезеңдегі поэзияның денін былай деп көрсетеді: «Мен төңкерістен әрі жерде хат шығарып, қисса оқудан артық сауатым болмаған ауыл наданымын. 1917 жылдың тұрғысындағы бостандық пен көбейе бастаған газет-журналдар мені үлкен жазуға еліктірді. Еліккенен еш нәрсе шығара алмадым..1921 жылы «Жас Алаш» газетінде 22 мартта шыққан «Жас замандастарға» деген бас мақала менікі және сол нөмірде «Жалпы жасқа» деген өлеңім де басылды. Менің алғашқы баспасөзге шыққан, бірінші шыққан мақалам осы» - дейді.

Жоғарыда аталған «Сарыарқа» газетіндегі басылған жырларын атамағаны ол өлеңдеріне көңілі толмаса керек. Бұл Ілиястың әлі де болса ақындық шеберлігі толыспаған, өзіне сенімсіздеу, сыни көзқарас танытатын тұс.

Осы кезеңге орай Әбділда Тәжібаев Ілияс поэзиясы жөнінде төмендегідей тұжырым ұстанады:

«Біздің байқауымызша, мүмкін үстірт те болар, Ілияс Жансүгіров лирикалары үш басқышқа бөлінеді, әрине шартты түрде: Бірінші басқыш: Ілиястың әлі өзін таппаған, өзгелерге көбірек ұқсайтын тұсы.

Екінші басқыш - Ілиястың өзін-өзі таба бастаған, бірақ ақындық мәдениеті жетіспегендіктен өлеңдерінің әрі шұбарлаң, әрі шұбар тұсы.

Үшінші басқыш-Ілиястың жас жағынан да, өнерлілік жағынан да толыққан, өлеңінің түрі мен мазмұнын келістіре тауып, лирикалық жырларына эпикалық қуат берген тұсы» [7,162 б.], - дейді.

Ілияс әр тұста да өз творчествосына аса жауапкершілікпен қараған болса, Ө.Тәжібаевтың көрсеткенідей, алғашқы басқышта «Әлі өзін таппаған, өзгелерге ұқсайтын» кезеңді басынан өткерген. Бойындағы қасиеті - қаншама білімі биіктеп, өлең жырлары мен шығармаларын халық сүйсініп оқып, құрметтесе де өзіне көңілі толмаған. Үнемі өзіне сын көзбен қарап, туған әдебиетіне де жанашырлықпен сезімін әрдайым айқындап отырады. Енді бір 7-8 жыл өткесін өз-өзіне келген ақын сол тұстағы әдебиетте белең алған дөкір социализмнің оралымсыздықтары, кезең идеологиясын жақтаған шикі, талғамсыз шығармалар туралы ойына қаншама тұсау салса да, қажетті жерде аяусыз сын айтатын сәт те туады.

«...Бірқатар құрғақ жасасындар, рапорттар жазылады. Колхоз, совхоз, тракторды жалпылап, жасасындар, науқан жайында өлеңмен үлкен рапорттар, ұзын-ұзын поэмалар мен баталар беріліп жатты. Оны ел сүйсініп оқыған жоқ, қайта жүрегін айнытты.

Сөйтіп, біз сол екі жылда, 1930-1932 жылдың ішінде әдебиетіміздің, әсіресе өлеңдердің құнын арзандатып, сапасын төмендетіп алдық. Менің «Социалдық ауыл», Сәкеннің «Социалистан», Сәбиттің «Көмір-коммунизм», «Алатаудың алыбының» қақ жартысы, Бейімбеттің «Рапорт», Қаламқанның «Екпінді», Асқардың «Құрылыс», Мәжиттің «Құрылыс жыры», «Социализм жыры» деген жинақтары, Тайырдың «Коммунизм таңы», Ғалымның «Балға-орағы», «Доңғалағы», Исаның «Колхоз, Совхоз», Жақанның сол жылғы өлеңдері, Өтебайдың «Ақ алтын», «Қара алтындар» тағы басқалар-сапасы төмендеген шығармалардың белгілері. Бұларда адамды жырлаған мазмұн, тартыс жоқ, тек жалпылау «Көп жасасын» болды. Адамды көрмей, ауылдан қашып, тек «трактор», «аэроплан», «бесжылдық», деп жалпылап, жауыр поэманы көбейтіп алдық.

Поэзияда әлі жемісі көркем, тілі бай, мазмұны күшті үлгілі өлеңдер жоқ. Қызықты тартыс жоқ. Өлеңге жан бітіретін лирика жоқ.» [8,142б.] деп, құрдас қаламгерлердің көркемдік кемшілігін жасырмай ашық айтады да, әдебиет сыншысы есебінде қаламы уытты екенін танытады.

Көздеген мақсаты - қазақ әдебиетінің жарқын болашағы, шығармалардың көркемдік аясының кеңеюі, образдардың айқын ашылуы, реализмнің кең өріс алуы, жалпы әдебиеттің дамуын жеделдету еді.

Ілияс-өзінің әдебиет әлеміне келіп, өмірінің соңына дейін 20 жылға, творчестволық кезеңіне дейін күшін сарқа мол еңбектенген қаламгер. Ілияс-өз заманың көкейтесті кез келген әлеуметтік мәселелерге үн қосып, өз дәуірінің болмыс - бітімін жан-жақты бейнелелеп, жырлап өткен ақын. XX ғасыр басындағы қазақтың ағартушылық-демократиялық бағыттары қаламгерлердің оқу-білімге шақырған идеялық ой-толғамдарына ұқсас «Жаңылғаным», «Талғамалар», «Маңым», «Жыбырлық», «Замандасқа» атты өлеңдерінде төңкеріске дейінгі надандық пен жокшылықтан шығар бір жол - оқу-білім екеін айтып, сонымен қатар адами - моральдық мәселелерге ден қояды.

Өнерге ұмтыл, өнерді біл замандас!

Қамдан, жатпа, заманыңнан хабарлас!

Ынта салсаң, білім туын қолға алсаң,

Тендік тиер, ешкім күйе жаға алмас!-

«Жыбырлақ» өлеңінде де қазақ ішіндегі жаман әдеттен ада болуға шақырады.

Сынға салдым

Шынға салдым,

Жас талапкер өзіңе,- деп, одан арғысын әр жастың өз тандауына береді. Ортаға ұран, үміттік әуез сарындас өлеңдерінде де ел тендігі үшін жан аямай күресуге, әлеумет пен қоғам ісіне адал, белсене араласуға шақырады. Бұл тұрғыдағы

шығармаларға «Жастар ұраны» (1922), «Тілек» (1922), «Жанар тау» (1922) т.б. өлеңдері жатады.

Әйел-еркек, жалпы жас!
Көтеріл, көрін, көзінді аш!...
Топтал, тұтас, туғандас!
Жасасын еркің! Жоғалмас.
Жамырас, үлес, жалпы жас,
Қосыл, қозғал, қоғамдас!

Ақын ертеңгі болашақты бүгін ойлау қажет деген идеяны жастарға арнайды. Жарқын күнге жету үшін, өмірде өз жолынды табудың қажет десе, бірде өз жолын әлі таба алмаған, алдына мақсат қойған жеткіншектерге «Жастар», «Саналы жастарға», «Баласынан анасына хат», «Оқимын» деген өлеңдер тобын жазады.

Қазақстанда кеңес өкіметі орнаған алғашқы он шақты жылдың ішінде күннен-күнге, жылдан-жылға үздіксіз өсіп, жетіліп келген қазақ әдебиетінің сан-саласы тақырыптарының бірі төңкеріске байланысты жырлар. Ол кездегі қазақтың жазушыларының бұл тақырыпты жырламағаны жоқ. Қазақ өміріндегі барлық өзгерістердің негізі Қазан революциясы екенін сезінген жас Ілияс, нендей тақырыпты алса да, оны сол төңкеріс тұрғысынан қарастырып тұрады. Бірақ бұл тұста жас каламгерде айналадағы болып жатқан өзгерісті толық танымағандықтан, онша терең түсінігі болмауынан, сонымен бірге творчестволық тәжірибесінің аздығынан кейбір кібіртік, сенімсіз аяқ алысы да байқалады. Бұл жолда оның поэзия талаптарын толық түйсінбей, екпінді сөздерді бірінің үстіне бірін тоғытып, жарқыл мен жаңа леп тұрғызуға дыбыс екпінін ойнатуға күш салады.

Қазақстанда кеңес өкіметі орнаған алғашқы он шақты жылдың ішінде күннен-күнге, жылдан-жылға үздіксіз өсіп, жетіліп келген қазақ әдебиетінің сан-саласы тақырыптарының бірі төңкеріске байланысты жырлар. Ол кездегі қазақтың жазушыларының бұл тақырыпты жырламағаны жоқ. Қазақ өміріндегі барлық өзгерістердің негізі Қазан революциясы екенін сезінген жас Ілияс, нендей тақырыпты алса да, оны сол төңкеріс тұрғысынан қарастырып тұрады. Бірақ бұл тұста жас каламгерде айналадағы болып жатқан өзгерісті толық танымағандықтан, онша терең түсінігі болмауынан, сонымен бірге творчестволық тәжірибесінің аздығынан кейбір кібіртік, сенімсіз аяқ алысы да байқалады. Бұл жолда оның поэзия талаптарын толық түйсінбей, екпінді сөздерді бірінің үстіне бірін тоғытып, жарқыл мен жаңа леп тұрғызуға дыбыс екпінін ойнатуға күш салады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрғалиев Р. Арқау Алматы, 1991 514-б.
2. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров. Монография. А., 1965.
3. Әбдірахманова Т. Ақын арманы. А., Жазушы. 1965.
4. Әдеби мұра және оны зерттеу. - А., 1961.
5. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А., 1959.
6. Иманғазин М. Ілияс прозасындағы дәуір дидары. Т., 2000ж.
7. Иманғазин М. Ілияс Жансүгіров. Монография. А., ҚазҰУ. 2004.
8. Қожакеев Т. Көк сөңгірлер А., 1994.

ӘОК821.512

ИЛЬЯС ЖАНСҮГІРОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ОЙЛАУ ӨНЕРІ

Қасабек А.Қ., ф.ғ.д., профессор

Аликенова К.Н., ф.ғ.к., доцент

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
k-alikeno@mail.ru*

Мақалада қазақтың ойлау өнер мәселелері Ильяс Жансүгіров творчествосын саралау негізінде сипатталған.

В статье рассматриваются вопросы искусства национального мышления на основе анализа творчества Ильясa Жансугурова.

The article examines the art of national thinking on the basis of the analysis of creativity Ilyas Zhansugurov.

Кілт сөздер: ойшыл, ойлау өнері, даналық, ұлттық руханият, елдік сана.

Ақиық ақын, жаңашыл ойшыл және көрнекті жазушы Ильяс Жансүгіров артында айтулы рухани мұра қалдырды. Осы ауқымды шығармашылықтың негізгі өзегі - қазақ елі туралы, оның болмысы мен келешегі, рухты қозғайтын терең ойлар мен пайымдар, өршіл идеялар мен асқақтаған арман, оған жетелейтін бағыттар мен бағдарламалар. Бұлардың бәрі мәңгілік елге бастайтын арналар деп білгеніміз дұрыс.

Қазіргі кезде бұрынғы ұлт мәселесі елдік санаға ұласты. Соның нәтижесінде ұлттық анықтамалар елдік мәнге, елдік мән елдік санаға айналуда. Осы үрдістің негізінде қазақтың ойлау өнері, ұлт менталитетінің өзегі және ел рухын асқақтататын биіктік жатыр.

Қазақтың әлеуметтік дамуының ерекшеліктері, тарихи өзгешеліктеріне қарамастан ұлт ойының әр кезеңдегі сатысында, өзінше дамыған даналық оралымдар, ішкі байланыста болып, олар бірін –бірі толықтырып және алмастырып отырды. Жалпы ұлттық мәдениетіміздің негізгі өзегі болып күш көрсетпеу идеясы қалыптасқан. Біздің ұлттық болмысымыздың, даналық ойлау жүйеміздің ерекшелігі де, құндылығы да осында болса керек.

Кез-келген адам жақсы дайындықтың арқасында ойлау өнеріне ие болады. Оған қарамастан ой өнерін оқуға болады және оқу керек, бірақ тек оқудың көмегімен ойшыл бола алмайсың.

Ата-бабаларымыздың қалдырған өсиеттері осындай кезде еске түсе береді. Алдар би айтқан деген жәдігер қалған екен: "Қарадан хан болдық, айырдан нар болдық, жоқтан бар болдық, көнеден дәурен озды, көнеден қамқа тозды». Оған Сырым шешеннің жауабы дайын болыпты: "Қарадан хан болсам, халқым қалаған шығар, айырдан нар болсам, атам жараған шығар, көнеден дәурен озса, жасы жеткен болар, көнеден қамқа тозса, дәурені өткені болар".

Негізінде ақиқаттың әсері әділдікте болуы тиіс те, әділдіктің өтімділігі оның шындығында болуы керек. Өйткені аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды деген халық мақалы осыны меңзейді. Ақтанберді жырау осы пікірді мығымдай түссе керек: "білімді туған жақсылар, азда болса көппен тең".

Осындай ойлар ғылыми ізденістерде көп көмегін тигізеді. Жалпы психология ғылымын оқып, оның әдістері мен тұжырымдарын игеру адам қызметінің қырлы салаларын зерттеуде методологиялық рөлін атқарады. Осы ойлар, әсіресе, ақылды қалыптастырудағы адам қызметінің негіздемелері деген идеясы әлеуметтік қызмет пен әлеуметтік таным теориясы зерттеуге жан-жақты көмегін тигізеді. Қоғам құрылымының мәнін ашуға қабілетті, оның пайда болуы мен заңдылықтарынсыз,

қоғамды бүтіндей әлеуметтік таным теориясыз құру мүмкін емес. Бұл даналық білімнің өзін байытады, жаңашыл мүмкіндіктерін нақтылайды.

Еуропалық ақыл-ой өзі түсінбеген құбылысты артта қалған өркениетке жатқызады. Оның қолдан жасаған категориялар қатынасы көшпелі әлемін түсіндіре алмайды да, түркі мәдениетін алқашқы қоғамдық құрылыстың жүйесіне зорлап тықпалайды. Өйткені еуропалық рационализм көшпелілік ғарыш кеңістігінде салақтап бос қалады. Көшпелілік ғарыш кеңістігі ат шаптырым кең, еуропалық пайым көш шеңберін толғамымен толтыра алмай қиналады, мұндай деңгейде байытылған басқа категория қажет.

Қазақ тілі – ойлау жүйесіне сәйкес, кең, эпикалық тыныстағы тіл. Тұрақты сөз тіркестері көп, бәрі көшпелі тұрмыстық тірліктен алынған. Ұзындықтың өлшемі – құрық бойы, қозы көш жер, ат шаптырым немесе уақыттың өлшемі – сүт пісірім, екі сауынның арасы, үш күндік қашықтық. Кеңістікті өлшеуге уақыттық ұзындықты анықтайтын тұрақты сөз тіркестері қатысады. Керісінше, Уақыт – кеңістік арқылы. Сондықтан шағын, қысқа, кеңселік орыс тілі қазақшаға аударылғанда, ұзын болып шыға келеді. Космостық ойлау мен эпикалық тіл тығыз байланыста, бұл қазақ тілінің ерекшелігі. Қазақ тілі қалыптасқан орыс жарнамалық тілінен мүлдем бөлек, содан шығар, мағынаны аудару керек.

Қазақ тілінің жұрнақтық мүмкіншілігі ғажап, тіпті орыс етістігінің өзін қазақыландырып жіберуге болады. «Электризовать» және «электризация» - электризациялау, ағылшынша «Electrify» (илектрифай) және «Electrization» (илектризейшэн), қазақ түрінде – илектрифайлау және илектризейшэн ету немесе қылу, жай етістік те жасауға еркіндік бар.

Ойлау жүйесі - әлемдік көлем, тіл – эпика, соған барабар, мінезі – ашық, көпшіл, пейілі кең қазақ әрбіреуімізге белгілі, қонақжай.

Ойлау, сөйлеу, мінез – даланың өзі секілді» [1, 102-107бб.].

Біздің ойымызша, бұл эсседе қысқа айтылған ойлар, кейбір көлемді монографияларға тұрады.

Әрине орыстандыру мен батыстандырудың ауыр сынағынан өтіп жатқан, қазақ мәдениетінде әлі шешілмеген мәселелерде жеткілікті. Мысалы, шалғайда жатқан қазақ ауылдарын баспа сөзбен қамтамасыз ету мәселесін алайық.

Мемлекеттік және тәуелсіз баспасөздің әрқайсының өз қиындықтары бар. Мемлекеттік баспасөз, бір есептен, бюджетке, баспахана мен байланыс торабына және бас редактордың тұлғалық деңгейіне тәуелді болса, тәуелсіз баспасөз өз құрылтайшысына, анығырақ айтқанда, өз қожайынына және, қанша күлкілі болса да айтуға тура келеді, өз тәуелсіздігіне тәуелді. Себебі тәуелсіз басылымдар ауылдың мұң-мұқтажын онша жоқтамайды. Ал нарықтық қатынастар орныға бастаған қазіргі жағдайда ауылдың мүддесін қорғайтын, басқаша айтқанда, қазақ басылымдарының тиражы тым азайған және мұның объективті себептері бүкіл жұртшылыққа жақсы мәлім. Мемлекеттік тұрғыдан қарастырғанда үлкен алаң тудыратын мәселе – республиканың шалғай аудан-ауылдарында тұратын азаматтардың рухани-ақпараттық кеңістіктен тыс қалуы.

Батыстандыру үрдісіндегі қазіргі қазақ мәдениетінің күрделі мәселелерді шешуге қабілетті бола алуы – ұлт тағдырымен байланысты. Осы жөнінде Ә.Нысанбаев былай пайымдайды:

«Бірақ 100 пайыз абсолюттік тәуелсіздік болмайды. Ол біз ғана емес, барлық мемлекеттер үшін қалыпты жағдай.

Енді мәдени жағына келейік, ең қауіптісі мәдени жағы. Қазақ несімен қазақ? Өзіндік әдет-ғұрпымен, салт-дәстүр, мәдениетімен қазақ. Батыс мәдениетімен салыстыра келгенде мәдениетіміз игерілмей жатыр. Сондықтан жастар ұлттық әуеннен гөрі батыс әуенін тындауға құштар.

Қазақ мәдениетінің сақталуы үшін біз, біріншіден, Қазақстан Республикасындағы мәдениетті жандандыру мен дамытудың тұжырымдамасын жасауымыз керек. Оны мәдениет туралы заңның баптарына енгізуіміз қажет. Сонда ғана мәдениетімізді сақтап, оны бұзатын жайларға тосқауыл қоямыз. Тосқауылды қалай қоясыз, заңмен қоясыз, оны жапондардан үйреніңіз» [2, 84б.].

Қауымдық сана қоршаған ортаның ерекшеліктеріне, қауымдық болмыстың тіршілік–тынысына байланысты дамып отырды. Табиғатты игеру барысында адамдардың практикалық іс-әрекеттерін бейнелейтін алуан түрлі әдет-ғұрыптарды, әпсаналары, қарапайым түсініктері пайда бола бастады. Олардың бәрі қауымдық өмірдің күнделікті тәжірибесін жинақтаудың, танымның, көбінесе, сезімдік сатысына тән нәтижелерін қорытудың негізінде дүниеге келді. Қауымдық болмыстың бейнесі - қауымдық сананың негізгі өзекті мазмұнын кұрайтын жеке адамдардың, яғни қауым мүшелерінің мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал жасайтын, олардың нақтылы іс- әрекеті үшін жетекшілік, реттеушілік рөл атқаратын әпсаналық ой кешу үрдістерінің жиынтығы, танымдық тәжірибесі мол, көргені мен көңіліне түйгені көп ру ақсақалдарының құзырында болды.

Осы рулық – тайпалық қауымдастыққа тән ұжымдық сипаттағы ой кешудің әпсаналақ үрдістері, жеке адамдардың санасы мен мінез-құлқының, іс-әрекет күдіретіне табынатын қасиет сайын даланың төл перзенттері- қазақтарға тән және олардың тарихында әр түрлі орынға ие еді. Мәселен, қазақ ақын-жыраулары халық өмірінің алма-ғайып-аласапыран, тарихта қалу – қалмауы екіталай кезеңінде тұрмыс кешіп, өз толғауларында сол тарихи кезеңдегі көкейтесті, күрделі де қиын мәселелерге жауап іздеп, соның бірден- бір жоқшысы бола білді.

Ұлттық руханиятты объективтік жағдай қалыптастырды. Оны қазақтың көшпенді өмір тұрмысынан, көшпенді мал өсірушілердің өндіріс тәсілінен, тұрмыстық болмысынан анық көруге болады. Халықтың ділі-әдет-ғұрып, діни сенімдер, ырымдар мен пайымдар, жыл айыру мен мал бағудан туындайтын астрологиялық көзқарастар, мал анатомиясының ерекшеліктерінің білгірлігі, сәндік ою-орнек өнеріндегі көшпенді тұрмыс бейнелері және күрделі рухани болмыс құрылымындағы осы көріністерді бейнелейді.

Оның материалдық негіздерінің дамуы рухани ерекшеліктерге де біршама әсер етеді. Адамдардың нақты қоғамдық қатынастарда қалыптасатын ойлау жүйесі, өмір салтының санасында берік орын алған ақпараттың өрістері ұлттық руханияттың қалыптасуына, дамуына және өзгеруіне зор ықпал етеді. Мұны, жоғарыда атап өткендей, қазақ халқының ата - тегінен бергі замандағы тарихынан айқын көруге болады.

Қазіргі кезде ғасырлар бойына қалыптасқан әдет- ғұрып, дәстүр, дүниетанымдық көзқарас күйзеліске ұшырап, олардың орнына қоғамда қалыптасып жатқан жаңа жағдайларды түсіндіретін тың көзқарас кең өріс ала бастады. Соның бастысы ретінде ұлттық руханиятқа қажетті болып отырған текті адам идеясы, оның табиғатын және мазмұнын ашып көрсету болып табылады. Ұлы Қытай ойшылы Конфуций «текті адам» тек ғана этникалық ұғым емес, ол саяси – мәдени ұғым деп кезінде жазған еді. Ол халықты басқарады, ал басқарудың негізгі қайнар көзі – басшының өз басының әдептілік қасиеттерін өзінен төмен тұрғандарға мысал ретінде көрсету. Конфуцийдің осы идеясы қазіргі біздің халық үшін өте қажет [3].

Тектілік негерлікке, мұрагершілдікке итермелейді. Ата-бабаның жасап кеткен рухани мұрасына ие болу, өзінді осы ұшан теңіз байлықтың иесімін деп сезіну, оны келешек ұрпаққа шашыратпай жеткізу бүгінгі ұрпақтан естілікті, парасаттылық пен даналықты талап етеді. Тек мәдениет иелері, яғни жергілікті адамдар ғана нағыз төлтума және жергілікті мәдени феномендерді толық түсіне

алады, ал сырттан келгендерге бұл түсінік шектелген түрде ғана қол жетімді болып есептеледі.

Қазақ мемлекеттігінің даму тарихында әр қилы кезеңдерді өте отырып, түбінде құқықтың, азаматтық қоғамның қалыптасуына қол жететіні кәміл. Текті адамды, жеке тұлғаны өз құқығын білмейтін, құқық заңдылықтарын түсінбейтін әлеуметтік жағдайларды қалыптастыру мүмкін емес. Оған біздің кешегі өткен тарихымыз куә. Ал қоғамның нарықтық экономикаға көшуі жалқаулықты, жайбарақаттықты, енжарлықты, боссөздікті көтермейді, керісінше әр адамның іскерлік, әрекеттілігі, тапқырлығы, ізденімпаздығы, білімі мен ойлау өрісінің биіктігі қажет.

Ұлттық идея төңірегіндегі арнаулы әдебиеттер мен қоғамдық пікірде жинақталған ойлар бүгінгі күні одан әрі философиялық тұрғыда, ғылыми тұрғыда жіктеуді, жүйелеуді қажет етеді.

Елдік сана ұғымы ең әуелі халық даналығында, өлең-жырларында, мақал-мәтелдерінде кең көрініс тапқан. Олар – біздің халыққа ғана тән басқалардың көне мұраларымен салыстыруға келмейтін бірегей құбылыс. Мәселен, «Менде болмаса да, елде болсын», «Елде болса емерсін» деген накылдарды өзге халықтардың тіліне толыққанды мағынасында аудару мүмкін емес. Қызыл тілдің хас шебері осы сөздерді еуропалықтардың тіліне дер мағынасында аударған күннің өзінде де, оны естіген еуропалық адам осы қағидалардың біз үшін ғасырлар бойы жалпыхалықтық кредо болып келгеніне әсте илана қоймас. Себебі бүгінгі «дамыған елдер», «мәдениет пен өркениеттің көшбасшысы» санатындағы Еуропа протестанттық-индивидуалистік дәстүрлер аясында қалыптасып, өзімшіл эгоизмді, тоқтаусыз нәпсіқұмарлықты дамудың негізі деп ұстанған.

Әрбір ұлттың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілі бар. Ұлттық ойлау жүйесіне Батыс және Шығыс мәдениеттерінің де әсері мол болғаны белгілі. Адамзат тәжірибесі көрсетіп отырғандай, батыстық ойлау үлгісі, негізінен, рационализмге, жоғары мәдениетті логикаға негізделген.

Адам болмысы оның сыртқы дүниені өзгертудегі белсенділігі арқылы анықталған. Батыстық ойлау мәдениетінің құндылығы оның нақты өмірді өзгетуімен айқындалады. Оған динамизм тән. Ал шығыстық ойлауға келер болсақ, оған сырттай бақылау, табиғат алдында бас ию, өзінің «менін» табиғатқа бағындыру, табиғатпен үндесі, өзінің ішкі дүниесіне үңілу арқылы болмыстың мәнін түсіну жатады. Бұл екі деңгей қазіргі қазақ қоғамында, менталитетінде өзінің жарасымын тапқан. Ғылым мен ақпараттық технология қазақ болмысына тереңдеп енген сайын батыстық ойлау үлгісінің ұлт менталитетінде басыңқы жағдайға ие болуы байқалады.

Десек те, қазақтың дәстүрлі менталитетіндегі тұтастыққа негізделген далалық ойлау қанша жерден жойылды десе де, ол өзінің генетикалық мүмкіндігін күні бүгінге дейін сақтап келеді [4].

Қандай да бір ұлт мәдениетінің түп-тамыры тіл екенін ескерсек осы мәселе кезек күттірмес өзектілігімен айқындалады. Ұлттық тіл неғұрлым бай болса, дүниені бейнелеу соғұрлым нәрлі, әсерлі болып келеді. Қазақ астарлап сөйлегенді, айтар ойын алыстан орағытқанды, тұспалдан, жұмбақтап сөйлегенді қалаған. Сөйлеуді ыммен бастап, терең оймен аяқтаған.

Қалай дегенмен де халықтың ішкі өмірі әрқашан өнер өнерінен, ішкі ой елегінен өтіп тұруға тиісті құбылыс екені даусыз. Ұлтымыздың соңғы сипаты, әлеуметтік жаңа келбеті, оның болашағы қазірдің өзінде қылаң берген сан құбылыстар мұның бәрі ой теңізіне жетелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.М.Сатершинов. Қазақстан мәдениетінің теориясы мен тарихының кейбір мәселелері. – Алматы: Сорос қоры, 2001. – 160 б.
2. Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 344 б.
3. Қасабек А. Ұлттық руханияттың құндылық болмысы // Қазақтану өрісі – Алматы: Қазақ университеті, 2005-120б.
4. К.Н.Әлікенова. Мәдениет философиясындағы дәстүршілдік. – Талдықорған. 2008.- 100 б.

УДК 94.100

МҰСТАФА КЕМАЛ АТАТҮРІК - КЕМЕҢГЕР, МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Қаратаева Д.Ғ., Абдилданова А.К.

Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушылары
І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы, dkarataeva@bk.ru,
ak.abdildanova@gmail.com

Мақалада түрік халқының ұлы реформаторы Ататүріктің өмірі мен көрнекті тұлға ретінде қалыптасу жолы қарастырылған. Сондай-ақ Ататүрік тарихи қызметі баяндалған.

В статье рассматривается жизнь и этапы становления личности великого реформатора турецкого народа Ататюрка. Также показана историческая деятельность Ататюрка.

Historical activity of Atatürk and a Lider of Nation is revealed in the article. The comparative analyses and his role in development of society are given in the article.

Тірек сөздер: түрік, қоғам, тұлға, реформа, мемлекет, республика

Бірінші дүниежүзілік соғыста Түркияның жерін ағылшын, Француз, Италия және Гректер жаулап алды. Мұстафа Кемал Ататүрік – Осман империясының құлағанын, оған жасалған қастандықтарды өз көзімен көрді. Өмірінің 12-13 жылын үздіксіз майдан даласында жауған оқтың астында өткізген батыр.

Бір шетінен Кавказдан орыстар мен армияндар басып кірді. Биліктегілер жаулаушы күштерге бағынып, аяғында Мұстафа Кемалдың өзін халық жауы етіп шығарған. Тіпті, оны ату жазасына да бұйырған. Сондай жағдайда ешбір қолдаушысы да қаржылай мүмкіндігі де жоқ ол халыққа ғана сеніп, жоғары лауазымы мен әскери қызметін тастап, Отанын қорғау, елін азат ету жолында жанын шүберекке түйіп, ұлт-азаттық күресті бастады. Ол кезде Мұстафаға қаншама қастандықтар мен қиянаттар жасалды. Соның барлығынан аман-есен өтіп, Анкараға келіп, мемлекеттің негізін қалап, жауларды Түркияның жерінен тазартты. Әскери адам болса да, жаңа мемлекетті заманауи, зайырлы, өркениетті, ұлттық мемлекет ретінде қалады. Ататүріктің идеялары осы күннің өзінде әлі күшін жоймай келеді. Әуел баста мемлекеттің негізін дұрыс қалағандықтан болар, жасаған реформалары мен еңбектері бүгінде Түркияны әлемде экономикасы дамыған, мәдениеті жоғары, мұсылман ел деңгейіне жеткізді.

Оның айналасында тілшілер, фольклортанушылар, тарихшылар көп болған. Түртіп, жазып қойған кітаптарының өзі 4 мыңнан асқан. Ататүрік бұрынғы Осман

империясының кезіндегі білім, экономика, хұқық т.б барлық жүйені ауыстырды. Бұрынғыдан ешнәрсе қалмады десек те болады.

Тарих - ол болып өткен, жасалып қойған оқиғалар мен фактілердің жиынтығы. Тарих сан қилы парақтардан құралады. Оның жарқын әрі қаралы, қуанышты немесе қасіретті парақтары бірін-бірі алмастырып жатады. Ал оның әрбір парағы әр халықтың баға жетпес құндылығы болып табылады. Тарихты қарапайым жасаушы немесе сырттан бақылаушы деген болмайды, тарихты жасауға қоғамның әрбір мүшесі өзінің сан алуан қызметі арқылы қатысады.

Мыңдаған жылдар бойы жер бетінде осы тарихты жасауға ат салысқан көптеген қайраткер тұлғалардың бірі адамзат тарихына өзіндік үлес қосып жатса, бірі жаңа өзгерістер енгізіп, тарихтың жаңа бетін ашуға мүмкіндік туғызса, енді бірі тарих сахнасында өзінің жағымсыз іс әрекеттерімен тарих бетінде ұмтылмай қалып отырған.

Осы бір тарих беттерін ақтарып отырып, көптеген танымал тарихи тұлғаларға кезігіп, олардың өмірі мен қызметіне қарап таң қалуға болады [1; 3-б.] .

Осы көшбасшылардың ішінде дүние жүзі тарихында ерекше орны бар, өзін әлемге ұлы тұлға деп танытқан, шығыстың кемалы, түркі халықтарының аса құрметті перзенті, соның ішінде түрік халқы, Түркия Республикасының тұңғыш Президенті – Мұстафа Кемал Ататүрік. Бұл тұлғаның өмірі мен қызметін қарап отырып таң қаласың және қызығасың, оның халқы үшін істеген әрекеттерінен алатын тәрбиелік тәлім, үйренетін нәрселер өте көп.

Мұстафа Кемал Ататүрік туралы Түркияда да, шет елдерде де көп жазылған. Отанында оның есімі бүгінгі күнге дейін үлкен құрметке ие. Түркияда ғылыми зерттеулерді былай қойғанда, Ататүрік туралы жазылған естеліктердің, оған арналған өлең-жырлар мен дастандардың өзі том-том. Ол жайында көркем шығармалар, фильмдер, спектакльдер, музыкалық туындылар да жетерлік.

1990 жылдардың басынан бері Ататүрік жайлы ғылыми еңбектер мен мақалалар Қазақстанда да жарық көре бастады. Соның ішінде 1998 жылы Түркия Республикасының 75 жылдығына байланысты Срайыл Смайылдың «Ататүрік» атты кітабы жарық көрді. Бұдан ертеректе Мұстафа Кемалдың замандасы, қазақ баласы, Алаш қайраткері – Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналында жарияланған «Ататүріктің реформалары», «Ататүрік қазасы» сияқты Мұстафа Кемалға байланысты мақалаларын жариялап отырған. Сондай-ақ, қазіргі кезде Сейдахмет Құттық адамның «Служение нации» кітабында, Фадли Әлидің зерттеулерінде, Жансейіт Түймебаевтың «Ататүрік-түркі әлемінің ұлы перзенті», Мұртаза Бұлұтайдың «Жас ұрпаққа үлгі етерлік бір тұлға болса, ол – Ататүрік», Сауытбек Абдырахмановтың «Ататүрік» атты мақалаларынан Ататүрік өмірі мен қызметіне қатысты мағұлмат ала аламыз.

«Мен үшін ең ұлы қорғаныс ұясы, ең ұлы көмек көзі – ұлтымның кеудесі. Сондықтан да мен ұлтымның кеудесін ешкімге бастырмақ үшін барымды саламын!»,- деген ұстаныммен өмірінің соңына дейін өмір сүрген Мұстафа Кемал 1881 жылы 12 наурызда Осман империясына қарасты Грекияның Селаник қаласында дүниеге келді. Оның әкесі Әли Рыза бей ағаш материалдарынан сатуға көшкен бұрынғы орта деңгейлі кеден шенеунігі, анасы Зүбәйда ханым шаруа әйелі еді. Мақбүпә есімді қарындасы болған. Әкесі ерте қайтыс болып, анасының қолында өседі, анасы ұлының қаһармандыққа толы күрескерлік өмірінің куәсі болды. Орта әскери білімді Салоникте және Монастирде (Биола) әскери училищеде алған. 1905 жылы Ыстамбұлдағы Бас Штаб Академиясын бітіріп, жоғары әскери білім алып шыққан. Оқу жылдарында Мұстафа өзін қабілетті студент ретінде танытады. Жас бозбала білімге деген құштарлығымен француз тілінің мұғалімі Накиюддин бек Юджектің де көзіне түседі. Ұстаз бен шәкірт Ұлы француз революциясы мен Наполеон Бонапарт

туралы, демократия мен тәуелсіздік жайлы ашық әңгіме құратын. Осы мұғалімнің әсерімен Кемал Вольтер, Руссо, Гоббс секілді көптеген ойшылдар мен философтардың еңбектерімен танысады. Осы кезден бастап ол бонапартизм рухымен «ауырады». Болашақта Ататүрікте Наполеон сияқты мемлекет тізгінін қолына алады, сол кезде оны Наполеонға ұқсататындар көп болады, ол сонда: «Наполеон кім? Тәж бен серуен соңында жүрген бір адам. Мен ондайлардан емеспін. Наполеон он түрлі ұлттардан көптеген адамдарды сонынан ертіп, серуенге шықты. Сондықтан мақсатына жете алмай орта жолда қалды. Мен бауырларыммен Отанымды азат етуге күш жұмсап келемін және мақсатыма жетемін» - деп жауап беріп өзін Наполеонға ұқсатуына қарсы болады [2; 29-б.].

Наполеон өз заманының керемет қолбасшысы болды, Ататүрікте солай. Алайда, ол одан асып түсті. Себебі, Наполеон соңында жеткенінің бәрінен айырылады. Францияның жағдайы нашарлайды. Ал Ататүрік жеңіске жетеді, мемлекет құрады. Наполеонның «Құдай мені алдыма мақсат қойып жіберген. Сол мақсатқа жетпегенше мені еш оқ алмайды» деген сөзі болса, Ататүріктің «Түрік деген- ең керемет халық. Түрік деген- мен» деген сөзі бар [3; 17-б.]. Жас бозбала шағында Ататүрік Наполеонға ұқсауға тырысқан да болар, кейін оны басқалар мемлекет, түрік халқы үшін атқарған қызметінен оның Наполеонға ұқсас қасиеттерін тауып, ұқсатқан да шығар, бірақ Ататүріктің өзі салған сара жолы, өзінің ешкім қол жеткізе алмаған өз биігі болды. Бұған ешкім таласа алмайды және онымен ешкім теңесе алмайды. Училищеде оқып жүргенінде, оның есіміне Кемал («кемел»- бұл түріктің де, қазақтың да «кемел, білімі толық, терең, жетік» деген мағынаны беретін сөзі) деген атау сөз сол кезде қосылған.

Оқу кезінде Мұстафа және оның достары революциялық идеяларды ұстанатын «Ватан» («Отан») қоғамының негізін қалайды. Бірақ ұйым мүшелері ойының ортақ болмау салдарынан ол бұл жерден кетіп, жасырын түрде жас түріктердің «Бірлік және прогресс» партиясының құрамына кіреді. 1905 жылдың 5 қаңтарында (академияны бітірген, бірақ капитан шенін алмай тұрған кезі) оның бар мақсатын біліп қойған сұлтанның құпия қызметі Мұстафаны абақтыға жаптырады. Арада бірнеше ай өткенде академиядағы ұстаздары одан талантты офицер шығатынын айтып шығарып алады. Бірақ осы оқиғадан кейін ол Осман империясының дамыған еуропалық бөлігінде емес, артта қалған Дамаск қаласына жұмысқа жіберіледі.

Осылайша, Мұстафаның әскери карьерасы басталады. М.Кемал әскери адамның билік мансабына тез-ақ жеткен. Бұдан арғы Мұстафаның әскери жолы ғасырлар бойы алып империя болған Осман империясының ыдырау кезеңіне тұспа-тұс келді.

XI ғасырда көшпенді түркі халқының жер аумағы шығыста - Ұлы Қытай қорғанынан бастау алып, батыста - Дунай өзені, оңтүстікте- Жерорта теңізіне дейін созылатын аса зор жер көлемін алып жатқан. Негізінен қыпшақтар қоныстанған Ертістен Дунайға дейінгі, Қырымнан Ұлы Бұлғарға дейінгі аумақ Дешті - Қыпшақ деп аталды. Оғыздың Селжүк көсемі қалаған келесі патшалыққа Иран, Ирак, Кіші Азия, Оңтүстік Кавказ түгел енетін. Осылайша Орталық Азияны қыпшақтар мен оғыздар бөліп алған. Бұл алып аумақты ұлы түрік көсемдері найзаның ұшы, қылыштың жүзімен бағындырған. Міне, сол замандардан бізге «арабтар – пайғамбарлар елі, парсылар - ақындар, түріктер - көсемдер елі» деген мақал - мәтел жеткен.

XII ғасырда бұл алып кеңістікті әскерінің төрттен үші түріктерден құралған Шыңғыс хан әскері жаулап алды. Бірақ бұл моңғол билігін ғана мойындайтын жаңа түріктер еді. Әуелде түріктердің алғашқы толқыны тайталасқа түсті. Ескілер жеңіліске ұшырады, дегенмен көп ұзамай ескілер де, жаңалар да өздерінің қандас

бауырлар екенін түсініп, одақ құрды, бірлесті. Осының нәтижесінде екі түрік империясы пайда болды. Жошы ұлысына қарасты ел «Алтын Орда» аталды. Ал Осман империясы Шыңғыс ханның кенже ұлы Төлейдің ұлы Хулагудың қоластына қарады.

Алайда 1370 жылы Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ұлысына қарасты патшалықтан Әмір Темір империясы пайда болды. Оған Орталық Азия тарлық еткен соң, 1395 жылы солтүстіктегі Алтын Орданың ханы Тоқтамысты тас- талқан етті. Содан кейін оңтүстіктегі түрік сұлтаны Найзағай Баязиттің әскерін қирата жеңіп, оны 1402 жылы қолға түсірді. Егер түріктің осы екі патшалығы өзара қырқысқа түспей, бірігіп Еуропаға қол бастағанда, олар бүкіл дүниені түгел бағындыратын еді. Сондықтан Ақсақ темір «Еуропаның құтқарушысы» демеске амалыңыз жоқ.

1405 жылы ақпанда Әмір Темір қайтыс болған соң оның құрған алып империясы да көп ұзамай құрдымға кетті. Ал Осман империясы орнынан қайта тұрды. 1453 жылы 21 жасар түрік сұлтаны Мехмед II Константинопольді жаулап алады да, әлемнің ең ұлы империяларының бірі Византия өмір сүруін біржола тоқтатты. Осыдан кейін Мехмед II «Фатих» («Жаулап алушы») атағын алып, Константинопольді Ыстамбұл («енді бұл біздің астанамыз») деп атады. ХҮІІ ғасырдың басында Осман патшалығы Таяу Шығыс, Солтүстік Африка, Еуропаның Оңтүстігі мен Шығысы, Жерорта теңізінің шығысын түгел қамтыған алып аумаққа билік құрды. Қара теңіз бен Азов теңізі патшалықтың ішкі теңіздері еді. Осман сұлтандары мұсылман әлемінің дін басшысы- «Халиф» мәртебесіне ие болды. Әйтсе де ХҮІІ ғасырдың аяғында ішкі тоқырау мен еуропалық державалардың сыртқы қысымдарының салдарынан алып империя ыдырай бастады. ХҮІІІ ғасырда оңтүстіктен Ресей патшалығы күшейіп, Осман империясына қысымшылық көрсете бастайды. ХІХ ғасырдың аяғында ол Еуропаның аграрлық- шикізат өндіретін бөлшегіне айналып, бірте- бірте ел экономикасы құлдырауға түсті. Барлық ыдырауға ұшыраған империялар сияқты мұнда да сатқындық пен жемқорлық кең қанат жайды.

Мұстафаның Сириядағы әскери өмірі дәл осы патшалықтың ыдырау үдерісінің шыңына жеткен кезеңімен қатар келді. Оның саяси көзқарасының қалыптасуына басшылардың жағымпаздық және жемқорлық әрекеттері түрткі болды. Бір кезде мақтанш тұтқан империяның талан- таражға түсе бастағанын көріп, Мұстафаның жаны күйді.

1907 жылы Сириядан кетіп, өзінің туған жері Селаниктегі 3- армия корпусының штаб бастығы қызметіне тағайындалған соң, 1908 жылы Әнуар- паша мен Мұстафа Кемалдың жетекшілігімен жас түріктер ұйымдастырған төңкеріс басталады. Төңкерісшілер ІІ Абдул-Хамит сұлтанның саяси режимі мен елдегі ол қалыптастырған конституциялық монархияны құлатты.

1912 жылдың 9 қазанында Түркияға қарсы Болгария, Сербия, Грекия және Черногория Бірінші балқан соғысын бастайды. Бұл бірінші Балқан соғысында Түркия жеңіліске ұшырап, Ыстамбұл мен Шығыс Фракияның шағын бөлшегінен басқа еуропалық жерлерінің бәрінен айырылады. 1913 жылдың 29 маусымында Екінші Балқан соғысы бастау алды. Осы соғысқа қатысқан Мұстафа Кемал Диметоклия менің Эдирненін Түркияға қайтарылуына үлкен еңбек етті. Болгарияны жеңген соң, Мұстафа подполковник шенін алып, сол елге әскери атташе қызметіне тағайындалды. Қарамағындағы дайындықсыз, білімсіз, қару-жарағы нашар әскерді басқарғанына қарамастан, бұл соғыстарда Мұстафа Кемал аса дарынды қолбасшысы екенін көрсетті.

1914 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыс басталды. Оның бір жағында Франция, Ұлыбритания және Ресей тұрса, екінші жағында Германия, Австро – Венгрия және Осман патшалығы тұрды. Мұстафа бұл таңдаулы қателік деп есептеді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс бұрқ ете қалған кезде Мұстафа Кемал өзі шайқасқан майдандардың бірінде де сеніп тапсырылған іскерлерге шебер басшылық ете білді. 1915 жылдың сәуірінде Ол Галлиполи түбегінде британ қолын жарты айдан астам уақыт бойы ұстап тұрды, сол шайқастан кейін «Істамбұлдың құтқарушысы» деген атқа ие болды. Бұл түрік әскерінің бірінші дүниежүзілік соғыстағы сирек жеңісінің біреуі еді. Бұл соғыстан кейін Мұстафа Кемал дивизия генералы шенін, «Паша» құрметті атағын алады.

Осман армиясының Антанта Әскерлерін шайқаста жеңген жалғыз генералы Мұстафа Кемал десе де болады. 1916 жылы ол басқарған әскери бөліктер орыс әскерлерінің Эрзурум түбіндегі шабуылын тойтарған, Сакарья өзені бойындағы жеңістен (1921 жылдың 23 тамызы мен 13 қыркүйегінің арасы) кейін Мұстафа Кемал ұлттық батырға айналды. Ұлы Ұлттық жиналыс оған маршал атағына қоса құрметті «Ғази» (Жеңімпаз) лауазымын берді. Мұстафа Кемал Ататүрік тарапынан құрылған ұлттық қорғану ұйымы түрік халқының ұлт- азаттық күресі тарихында жаңа бір ерлік дәуірін бастады. Алайда ұлтты құтқару күресі сыртқы жауды жеңіп, туған жерін азат етумен ғана шектелмейді. Ұлтты көтеру көбіне- көп ішкі реформаларға байланысты болатын да, реформаның қарқыны ұлттың бойындағы дерт- дербездің қандайлығына тәуелді еді. Мемлекетті қасіретке душар еткен дерт- дербезден құтқаруға бекем бел байлаған адам кез келген кедергіні жеңіп, алға қойған мақсатқа қарай батыл қадамдар жасауға тиіс. Ұлт күшін азаттық пен тәуелсіздіктен артық тағы қандай қасиетті нәрсе болмақ? [4; 208-б.].

1922 жылы түрік әскерлері барлық майданда шабуылға шықты. Басқыншылар туған жерден қуылды. Бейбіт бітім шарты жасалды.

1923 жылдың 24 маусымында Лозанн бейбіт келісімшартына қол қойылады. Бұл шарт Түркияның масқара капитуляция режимі мен халықаралық қаржылық бақылауға түсу кіріптарлығын жойды. Түркия жаңа шекарасын белгіледі. Оған шығыс Фракия, Измир және Севар келісімшарты бойынша бөлініп кеткен басқа да аумақтар қосылды. Осылайша, Түркия тәуелсіз державаға айналды. 1923 жылдың 29 қазанында Ұлы Ұлттық жиналыс Түркия Республикасын жариялады. Оның тұңғыш президенті болып Кемал- паша сайланды. Ұлттық жиналыс Мұстафа Кемал- пашаға «Ататүрік» (түріктердің атасы) деген ататек берді. Елдің жаңа астанасы - Анкара болып жарияланды.

Түрік ұлтын, жаңа түрік мемлекетін заманауи өркениет деңгейіне жеткізу жолында Ататүрік жүзеге асырған реформалардың негізі принциптердің жиынтығы «ататүрікшілдік», «кемализм» деп аталады. Бұл- жалаң теория емес, Ататүрік құрған Түркия республикасы мемлекетінің практикалық тұғырдағы тұғырнамасы, идеологиялық арқауы, мыналар:

1. республикашылдық (мемлекеттің және ұлттың тұрақты түрде республикалық құрылым жолымен басқарылуы);
2. халықшылдық (мемлекеттің халық үшін қызмет етуі және оның халық тарапынан басқарылып отыруы);
3. ұлтжандылық (ұлтжандылық, түрік ұлтының мүдделері мен мерейінің басты мақсаты болып табылады);
4. мемлекетшілдік (барлық саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени шаралар Түркия мемлекетінің мәңгі өмір сүруін және нығаюын қамтамасыз етуі керек);
5. лаицизм (діни емес, зайырлы мемлекет жүйесі);
6. революцияшылдық (тоқырауға жол бермеу, үнемі даму, жанару үстінде болу, әлемдік өркениеттен артта қалмау).

1923- 1937 ж.ж. Кемализмнің негізгі 4 принципі: этатизм, лаицизм (зайырлық), республикашылдық және халықшылдықтың жүзеге аса бастаған кезеңі болды [5; 74-б.].

Бұл принциптер 1937 жылы ресми түрде Түркия Республикасының Конституциясына енгізілді. 1960, 1986 жылғы конституцияларға енгізілген өзгерістер де бұл принциптерге нұқсан келтірген жоқ.

Осы принциптердің негізінде Түркияда Ататүріктің басшылығымен мынандай реформалар жүзеге асырылды:

- саясат саласында – сұлтандық жойылып, Түркия республика болып жарияланды. Түркияның жаңа парламенті – Ұлы Ұлттық Мәжілісі ұйымдастырылды, халифат таратылды, жаңа конституция қабылданды;

- құқық саласында – шариғат соттары таратылды, азаматтық кодекс және жаза туралы заңдар қабылданды, әйелдермен еркектерге тең құқықтар берілді, көп әйел алуға тыйым салынды;

- әліпбиі қабылданды, жаңа университеттер ашылды, білім берудің тұтас жүйесі қалыптастырылды;

- лаицизмге бағыт алу жолында – дін мемлекеттен ажыратылды, дәруіштердің ғибадатханалары таратылды. Әрине, дінге тыйым салынған жоқ;

- батысшылдық бағытында – сағат мерзімі мен күнтізбе өзгертілді. (1926 жылдан бастап Түркияда еуропалық жыл санау жүйесі жүргізіліп келеді), ұзындық пен салмақ өлшемдері жаңартылды, фес орнына шляпа кию, басқа да еуропалық киім үлгілері енгізілді, фамилиялар (ататектер) туралы заң қабылданды және тағы басқалар;

- тарих ғылымы саласында- түрік тарихын шынайы тұрғыда жазу ісі қолға алынды, бұл үшін Ататүріктің өзі «Түрік тарихының басты бағыттары» атты бағдарламалық мәні бар арнайы еңбек жазды. Осы саладағы жаңа тұрпатты, жаңа идеологиялық бағыттағы ғылыми- зерттеу жұмыстарын үйлестіріп отыратын «Түрік тарих қоғамы» құрылды (1931 жылы) және ол күні бүгінге дейін жемісті түрде жұмыс жүргізіп келеді;

- тіл білімі саласында - түрік тілін араб - парсы элементтерінен мейлінше тазартып, бүкіл халық еркін түсінетін және қолданатын деңгейге көтеру басты мақсат етілді. Ататүріктің басшылығымен және тікелей араласауымен ұйымдастырылған «Түрік тіл қоғамы» (1932 жыл) өзінің тарихында бұл бағытта орасан көп жұмыс атқарды. Араб жазуының орнына латын жазуы енгізілді (1928жыл);

- экономикада – басқа елдердің капиталына арқа сүйеіп, Осман империясы сияқты сол елдерге тәуелді, кіріптар болып қалмас үшін ұлттық капиталды ұлғайтуға, ұлттық экономиканы күшейтуге ден қойылды, «экономикалық тәуелсіздік- дербестіктің басты шарты» деп танылды;

- сыртқы саясатта- түрік ұлты мен Түркия Республикасы мемлекетінің әлем шеңберінде құрметтелуі мақсатында шет елдермен әрі ұлттық, әрі адамгершілік негіздегі бейбіт қарым- қатынастар жасау көзделінетін болды [6; 4-б.].

Бұл ұлы адамның дарыны мен қабілеті соғыс майданындағы шайқастарда көбірек көрінді ме, жоқ әлде аяқасты болған Түркияның осы заманның жас та, салауатты ұлттық мемлекеттер қатарына қосқан реформалары көбірек көрінді ме? Ол жағын дәл басып айту қиын. Ататүрік басшылық еткен соңғы 10 жылдық реформа барысында Түркияда қол жеткен оң өзгерістерді, бәлкім, дүние жүзінде ешбір ел бастан кешірмеген шығар. Бұл реформалар елдің сыртын ғана емес, ең бастысы ішін, түрік халқының таным – түсінігін, ойлау жүйесін өзгертті .

Мұстафа Кемал құрған мемлекет жаңа түрік азаматтарын қалыптастырды. «Түрік азаматы кім?» - деген сұраққа Анкара университетінің студенттері былай жауап берген: «Түрік азаматы дегеніміз - Швейцарияның азаматтық құқықтары бойынша үйленетін, Италияның қылмыстық кодексі бойынша айыпқа тартылатын, Германияның процессуалдық кодексі бойынша соттасатын адам. Бұл адамды

Францияның әкімшілік құқықтары негізінде басқарып, өлгенде ислам қағидалары бойынша жерлейді» деп жауап берген [1; 5-б.] .

Ататүріктің жеке өмірі басқа мемлекет басшыларыныкінен өзгешелеу болды. Ол отбасылық өмірде бақытты бола алмады. Біріншіден, 42 жасқа келгенде, кеш үйленді. Оның әйелі Латифе Ушаклыгил хатшы болып қызмет ететін. Олардың некелік қатынасы екі жарым жыл өткен соң кенеттен бұзылды. Мұстафа Кемалдың балалары болмады. Алайда, оның балалар үйінен асырап алып, бауырға басқан сегіз баласы – жеті қызы мен бір ұлы болды. Қыздарының бірі Сабиха Гекчен түріктің тұңғыш ұшқыш әйелі болды.

1936 жылдың ортасында Ататүріктің денсаулығы сыр берді. Оның орасан зор еңбекке қабілеттілігі күннен- күнге төмендей берді, есте сақтау қабілеті нашарлады. 1938 жылдың наурыз аяғында дәрігерлер оған «бауыр циррозы» деген диагноз қойды. Бұл көп ұзамай «дүниеден өтесін» деген сөз еді. 1938 жылы 10 қарашада таңғы 9:05- те түріктердің атасы Мұстафа Кемал өзінің Долмабахче сарайында көз жұмды.

Осы жылы «Яш Түркістан» журналында Мұстафа Шокай түрік бауырларының қайғысына ортақтаса отырып, былай деп жазды: «Түрік нәсілінің тарихында ең басты орындардың бірін иеленетін, ең басты орындардың бірін иеленетін, ең ұлы тұлғалардың бірі Мұстафа Кемал Ататүрік сынды көсем-қолбасшының, ұлы реформатор және мемлекет қайраткерінің 57 жасында дүниеден өтуі қандай ауыр десеңші!»

1938 жылғы 26 желтоқсанда Түркияның Ұлы Ұлттық жиналысы Ататүрікке қайтыс болғаннан кейін «мемлекеттің Мәңгілік басшысы» атағын берді.

Ататүрік өз халқын шексіз сүйетін еді. Өз халқын сүю деген сөз оның бойындағы кемшіліктерін, жаман, жат қылықтарын да сүю дегендікті білдірмейді. Ататүрік Түркия тарихының бағытын өзгертті. Оның реформалары Түркия тарихының жаңа бетбұрысына қызмет етіп, оның табыстан табысқа жете беруіне кепілдік беретіні шүбәсіз.

Ататүрік реформасының нағыз бағасын тарих өзі беріп келеді. Бұл күнде Түркияда болып жатқан онды өзгерістерге қарап бұл елдің болашағына енді ешқандай күдік- күмән жоқ екенін сеніммен айтуға болады. [4; 209-б.]

Мұстафа Кемал өзі басшылыққа келген кезінде паранжаға қарсы болды. «Әйелдердің бетін жауып ұстау әдеті біздің ұлтымызды күлкіге ұшыратады» деп санады ол. Сөйтіп, паранжа жамылуға тыйым салынады. Ататүрік- Аллаға сеніп, намаз оқыды, алайда фанатизмге қарсы болған.

Кемалшылардың Осман дәуірінен қол үзуінің алғашқы қадамдардың бірі ел астанасын Анкараға ауыстыру болатын. Алайда, Анкара ол кезде халқының саны 30 мыңнан да кем, шеткері жатқан шағын қалашық еді. Сол кездері бұл қаланың астана болатынына көбі күмәнмен қарады, Лондонның «Таймс» газеті келемеждеп көптеген мақала жазған болатын, алайда астана мәртебесі бәрін де өзгертті. Анкара қаласы Мұстафа күткендей шаһарға айнала астады, қазіргі күні әлемдегі әсем қалалардың бірі.

Мұстафа Кемал Ататүрік – бодан ұлттардың үмітін оятқан, қирандыдан шыққан елдің еңсесін тіктеудің бағдарын жасаған аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері. Ол ұлттың Азат етушісі, Құтқарушысы, Жауынгері, мемлекеттің Ұйыстырушысы, Дана әміршісі, нұрлы болашақ жолындағы Күрескер, түріктердің Атасы болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сауытбек Абдырахманов. Ататүрік // Егемен Қазақстан. – 2006. – №17. – 5 б.
2. Әбдіуақап Қара. Ататүрік Ақсақ Темірді ерекше мақтан тұтқан // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. – 2012. – №3. – 38 б.

3. Сейдахмет Құттықадам. Ататүрік Наполеонға ұқсауға тырысқан // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. – 2012. – №3. – 17 б.
4. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. 2 т. – Алматы: «Қайнар». – 1999. – 517 б.
5. М. Шахнилер. Кемализм: зарождение, влияние, актуальность. – М., – 1998. – 83 с.
6. Фадли Әли. Ататүрік // Жас Алаш. – 2008. – №14. – 5 б.

ӘОЖ 902/904

КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫНДАҒЫ БЕСШАТЫР ҚОРҒАНДАРЫ (ПАТШАЛАР ОБАСЫ)

Рахимбеков Б.Д., магистрант

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
bahyt-rahimbekov@mail.ru*

Бұл мақалада Жетісу жеріндегі сақ тайпаларының әлеуметтік, тұрмыстық және саяси құрылымы қарастырылады. Ерте замандағы тарихи оқиғаларды талдау негізінде сақ тайпаларының әлемдік тарихтағы ролі, шекаралас тайпалармен саяси және әлеуметтік-экономикалық қатынастары айқындалады.

В данной статье рассматриваются социальный быт и политический строй сакских племен, населявших территорию Жетысу. В результате анализа исторических событий тех времен выявлено, что сакские племена выполняли особую роль в мировой истории, рассмотрены политические и социально-экономические отношения с приграничными племенами.

This article discusses the social life and political system of Saka tribes that inhabited the Zhetysu area. An analysis of the historical events of the time revealed that the Saka tribes performed a special role in the history of the world, considered the political and socio-economic relations with neighboring tribes.

Кілт сөздер: Бесшатыр, сактар, археология, К.А.Ақышев, Орта Азия, Жетісу, қорым, архитектура.

Жетісу жерінде ежелгі сақ тайпалары өз патшалары қайтыс болғанда, бүкіл халық болып, оған үлкен тастармен үйіп қорған жасаған. Сақ тайпаларын бастаған патшаларын көп жерлеген жері Жетісу өңіріндегі Бесшатыр қорымы болып табылады. Сол заманда қорғандардың көбісі тоналған. Археология ғылымда Бесшатыр қорымын патшалар қорғандары деп есептейді. Қазақтың археологы К.Ақышев жетекшілігімен Бесшатырды зерттеу арқылы бұрынғы ата-бабаларының мәдениетті іс қалғандығы әлемге жаңалық болды. Бесшатыр кешенін тұрғызған біздің ежелгі замандағы бабаларымыз –сактардың асқан еңбекқорлығын атап айтпаса болмайды.

50-жылдардың аяғы К.А.Ақышев өмірбаянында атакты Бесшатыр обасын қазумен байланысты болды. 1954, 1957-1961 ж.ж Іле өзені бойында зерттеген сактардың Бесшатыр, Қызылауыз, Жуантөбе, Қадырбай, Қарашоқы, Алтынемел ескерткіштерінің материалы негізінде «Древняя культура саков и усуней долины реки Или» атты монографиясының кіріспесінде сактардың шығу тегі туралы шетел және сол кездегі кеңес археолог ғалымдарының пікірлеріне жан жақты талдау жасаған. Ғалымның мұндай ерен еңбегін қола дәуірінен кейінгі сактар туралы бүкіл дүниежүзілік ғалымдардың еңбектеріне жасаған библиографиялық саяхаты болды. Алынған материалды жан-жақты сараптау негізінде К.А.Ақышев 1963 жылдың

өзінде-ақ сақтардың таза көшпенді болмағаны, өздерінің үнемі қыстаулары мен жылы жайлары болғаны туралы айтуына негіз болады.

Сақ кезеңінде Жетісуда жайылымдық көшпелі жүйе орнаған. Осы монографияда археологиялық деректер негізінде К.А.Ақышев сақтардың Орталық Қазақстанның андронов тайпаларынан шыққанын айтады және Қазақстандағы қола жебелер ұштарының классификациясы мен хронологиясы келтіреді. Осылайша ғалымның ғылыми ізденісінің тағы бір бағыты – сақ өнерінің шығу тегі проблемасы пайда болды.

К.Ақышев сақтар мәдениетін талдауда Алдыңғы Азиялық, Үнді Ирандық мәдениет болмысына жүгіну, солармен салыстыра отырып сөйлету бағыты басым болатын және ежелгі дүниеде Жетісуда металлургия мен қола еріту өндірісін жүргізу болғанын айтады. Қазақстанның оңтүстік аймағында ғана (әсіресе Жетісуда) осыншама қорғандардың шоғырлануы К.А.Ақышевтың жазуынша: «Орталық Азия үшін феноменді көрініс туралы» болып саналады. Бүкіл Еуразия кеңістігінде элиталық қорғандардың мұндай шоғырлануының өзге көріністері жоқ. Мұның өзі ерте мемлекеттік құрылымдар қалыптасу кезеңінде Жетісудың тарихи-мәдени ерекшелігі, Жетісу халқының сақ дәуіріндегі жоғары әлеуметтік экономикалық деңгейін көрсетеді [1, 312б.].

Археолог К.Ақышев айтуынша батыс тарихшылары мен социологтарының ғылыми еңбектерінде Орта Азия мен Қазақстанда өмір сүрген көшпелілер туралы ғылымға жат пайымдаулар кездеседі. Олардың пікірінше көшпелілер мәдени құндылықтарды жасаушы емес, тек құртушы варварлар деп қарастырылған. Буржуазиялық шығыстану ғалымдары дүние жүзін нәсілдік топтарға бөліп, ең төменгі сатыға моңғол нәсілін қойды. Сондай-ақ тарихы жоқ, мәдениеті төмен елдердің жазу тарихын немесе олардың болғанын зерттеуге талпыныс білдірмеді. Қазір Қазақ даласынан археология арқылы неше түрлі заттар табыла бастады. Археология қазба жұмыс арқылы ерте заманда сақтарда мемлекет болғандығы дәлелденді. Жетісуда сақтардың мемлекет болғандығы Бесшатыр қорғанның қазу барысында дәлелденді.

Бесшатыр қорымның біздің заманымыздан бұрынғы VI-V ғасырларда салынғанын көрсетеді. Іле өзеннің оң жағалауындағы Желшағыр тауларының етегіндегі, Шылбыр шатқалына кірер тұстағы Бесшатыр қорымы археологтар тарапынан тыңғылықты зерттелген. Қорым солтүстіктен оңтүстікке екі километрге, шығыстан батысқа бір километрге созылып жатыр және ол отыз бір обадан тұрады, олардың жиырма бірі тас, қалғандары қиыршық тас пен топырақ үйіндісінен тұрғызылған. Қорымдағы жүйесіз орналасқан, бірақ оңтүстік және солтүстік топтарға бөлінеді. «Үлкен» деп аталған ең ірі оба қорымның солтүстік-шығысында орналасқан. Оның диаметрі 104 метр, орташа биіктігі 17 метрге жетеді. Үйінді жамылғысы диаметрі отыз екі метр қиық конус түріндегі үсті жайпақ төбе.

Обаның тас жамылғысы табан бөлігінде бірнеше тығыз қатардан тұрады да, орасан зор үйіндіден тұратын шығыңқы ірге (цоколь) секілді болып көрінеді. Үйіндінің солтүстік және оңтүстік жағынан төбеден төменге түскен орлар байқалады. Үйіндіні айналдыра белдеулік жал соғылған.

Үйіндімен қатар тас бағандардан (менгирлерден) және үлкен қойтастардан тұратын «қоршаулар» деп аталатын дөңгелек құрылыстар орналасқан. Мұндай қоршаулар саны 94 және жоспары бойынша олар оба манындағы бұранда сымды еске түсіреді. Қоршаулардың ғұрыптық мәні болғандығы анықталған, сірә олар отқа табынушылықпен байланысты болса керек.

Басқаларынан солтүстікке қарай орналасқан диаметрі 52 м, биіктігі 7 м-ден астам. Бірінші Бесшатыр обасы толыққанды түрде зерттелген.«Үлкен» оба секілді оның да үсті жайпақ. Үйінді үш қабаттан тұрады. Жоғарғы қабаты үстінің

қалыңдығы 1 м, табанының қалыңдығы 3 м-ге дейін тас жамылғысынан тұрады. Екінші қабат өте қалың, топырақ пен қиыршық тастан тұратын оның қалыңдығы 3,5 м-ден 13 м-ге дейін жетеді. Үшінші әрі төменгі қабаттың қалыңдығы 1,5 м-ден 12 м-ге дейін болатын ірі тастардан тұрады. Бұл қабат астында өңделген бүтін Тянь-Шань шыршаларынан тұрғызылған үлкен ағаш құрылыс орналасқан.

Осы құрылыс жер бетіне соғылған «патша» қабірі болды. Сағана дәлізден (дромостан), кіре ауыз құрылысынан және жерлеу бөлмесінен тұрады. Дәліз ұзын биік және төбесі жабылған, ол жерлеу бөлмесінің шығыс қабырғасына тақай орналасқан. Дәліз көлденеуінен тұрғызылған кеспелтек ағаш арқылы екіге бөлінген.

Жерлеу бөлмесі бұрыштары әлемнің төрт тарапына бағытталған биіктігі 4 м бұрыс шаршы түрінде, ол Тянь-Шань шыршасының 16 қатар бөренелерінен қойылған. Олар 7-8 бөренелік қатардан тұрады. Қабырғасын сыртқы және ішкі жағынан бір шеті жерге тігінен көмілген 16 тіреуіштерге бекітілген. Барлық бөренелер жақсылап өңделген, бұтақтары шабылып, қабығы аршылған. Бөлме қабырғасына пайдаланған бөренелер мұқият сүргіленген және бір-бірімен тақап киюластырылған.

Олардың кейбір бөліктерінде қашау мен пышақтың іздері сақталған. Бөренелерді тасымалдауға бір шеті мен ортасына арқан байлау үшін тесіктер ойылған. Қамыстан жасалған жалпақ төсеніш жіппен буылған.

Жерлеу ғұрпынан кейін бөлмеге апаратын есікке ірі тастар қаланып, дәліз бөлігі қиыршық тас араластырған кесек тастармен төбесіне дейін бекітіліп тасталған болуы ықтимал. Осыдан кейін ғана жерлеу құрылысының үстіне тас пен қиыршақ тас аралас зор үйінді үйілген.

Үлкен обалар тобының ең оңтүстігіндегі Алтыншы обадағы құрылыс та осындай. Оның үйіндісі таспен жабылған. Обаның диаметрі – 52 м, биіктігі – 8 м. Үйіндінің астында, ертегі жер беті деңгейімен шамамен 2 м тереңдікте жерасты жолдарының жүйесі болған.

Олар жерден қазылған және орталық бағыттағы есік пен бүйірдегі тарамдардан тұрады, негізгі жолдан түрлі бағыттарға бүйірге қарай жеті тармақ кетеді, олардың батыс жақтағы екеуі жарым-жартылай топырақпен, ал солтүстік-шығыс жақтағы біреуі ірі тастармен толтырылған. Жолдардың күмбезі жарты шеңбер тәрізді, жерасты жолдарының биіктігі 1,1 метрден 1,68 метрге дейін, ені 75-80 см. Қабырғалардың көптеген жерлерінде кішкене ойықтар жасалған, олардың айналасындағы ысідері оларда жер астында жұмыс істеген жер қазушыларға жарық беретін май шырағандар тұрғанын дәлелдейді, бүйірдегі тарамдардан жануарлардың сүйектері-құрбандық шалудың қалдығы табылды. Бүйірдегі тармақтарымен қоса алғанда негізгі жолдың жалпы ұзындығы-55 м. 14 - обаны қазған кезде жерлеу құрылымының жаңа үлгісі ашылды.

Обаның жерлеу құрылысының негізі – ұсақ қиыршық тастар араластырып топырақпен тұрғызылған қабырғалар. Қабырғалар бөренелермен үш қатар етіп жабылған, бөренелердің төменгі екі қатары Тянь-Шань шыршасынан, ал жоғарғы қатары жиде бөренелер. Бөренемен жабылған төбесінде тас пен бұтадан және сексеуілдің шырпысынан он алты қатар етіп күмбез тәрізді жаппа жасалған.

Мазардың негізі төртбұрышты, ал төбесі дөңгелек күмбез сияқты болған. Қабірдің шығыс жағында есігі болып, есіктің екі жағында жерге тігінен көмілген қос-қостан екі бағана тұрған. Қос бағаналар бір-бірімен қазықтармен бекітілген, мейлінше берік болу үшін бөренелер шиден өрілген жуан арқандармен баайланып тасталған. Кіре ауыздың төбесін бөренелердің үстінен ши арқандармен буылған екі қабат төсенішпен жапқан. Қабірдің лақытына кіре жердің жанына жуан бөрененің кесіндісі қойылған. Лақыттың еденінде адамның шашыраған сүйектері жатыр.

Бесшатырдың хронологиясы кіші обалардың бірінен табылған заттар бойынша айқындалады. Оның үйіндісі астындағы ұзын жағы батыстан шығысқа қаратылған үлкен қабір шұңқырында (3,50 де 2 м) жерленген екі адамның қаңқалары жатты. Сүйектер бірінің жанында бірі шалқасынан созылып, бастары батысқа қаратып қойылған. Жерленгендердің әрқайсысының жанына оң жағынан қысқа семсер-акинактар қойылған, ал сол жағында қола ұшты жебелер салынған қорамсақтардың қалдықтары жатыр (қорамсақтардың барлығы 20 қысқа сапты және ұғылы жебе ұштарының он екі түрі бар). Қанжарлардың сабы көбелек тәрізді, ұшы бүлінген. Солтүстік жақтағы сүйектің сол жағында темір умбон жатыр, тағы бір жатқан нәрсе, сірә, кішкене ағаш қалқанның қалдығы болуы мүмкін, бел тұсында темір тоға жатты. Сүйектердің арасынан төрт ақық моншақ және біріне-бірі дәнекерленіп жапсырылған іші қуыс алтын түйіршектерден жасалған екі моншақ табылды [2, 5-6 бб.].

Бесшатыр обаларынан қанжарлар, жебе ұштары, материалдық мәдениеттің көптеген көптеген археологиялық заттар табылды. Қоршаулар жанынан саз балшықтан жасалған ыдыстардың ұсақ сынықтары табылды; қыш қазандардың тұтқалары кездеседі. Жер бетіне жақын тұстардан қазылған қоршаулардың көпшілігінен ошақтардың орны, екі жерден кальцийленген сүйек, қыш ыдыстардың сынықтары мен моншақтар шықты. Бұл шарбақтардың діни рәсімдік мәні болғандығы және олардың құрбандық шалу ғұрыптарымен байланысы айқын аңғарылады. Бесшатыр жерлеу орны өз уақытында ағаштан құрастырылған өте күрделі құрылыс болған. Ол бірнеше бөліктен; құдықтан, кіре беріс пен лакатқа (мәйіт қойылатын орын) арналған бөлмеден тұрады.

Барлық бөренелер жақсы өңделген бұтақтары мұқият кесіліп, қабығы аршылған. Бөлме қабырғаларын құрастырған бөренелер теп-тегіс етіп жонылып, бір-бірімен саңылаусыз қиюластырылған; бүкіл құрылыс мықты болуы үшін бөренелердің түпкі басы екі жаққа кезектестіріліп, қарама-қарсы ауыстырылып салынған. Бұрыштағы бөренелер сәл-пәл ғана жанастырылып, бір-біріне бекітілмеген. Бөренелерде қашау мен пышақтың ізі жақсы сақталған, олардың екі басында және орта тұсында ойықтар бар. Жерлеу бөлмесінің тегістелген бөренелерден құрастырылған жазық төбесі жоғарғы жағынан шимен буылған бір қабат қамыс сабақтарымен жабылған.

Жерлеу рәсімі аяқталған соң мәйіт қойылған бөлменің кіре берісіне үлкен тақта тастар қойылып, құдықтың жоғарғы жиегіне дейін жаңқа арластырылған тастармен толтырылуы ықтимал. Осыдан соң ғана бейіт үстіне тас, кесек және топырақ үйіліп, оба жасалған.

Бесшатырдың тарихи жасы кіші обалардан табылған заттар бойынша бағытталған. Ұзын білікпен шығыстан батысқа қарай белгіленген үлкен қабір лақатынан екі мәйіттің қаңқалары табылды. Марқұмдардың бастары батыс жаққа қаратылып, қаңқалары ұзынынан, бір-бірінің жанында шалқасынан жатыр. Жерленгендердің екеуінің де оң жағынан шолақ қанжарлар, ал сол жағынан қоламен ұшталған жебелері бар қорамсақ қалдықтары табылды. Қорамсақтардан он екі түрлі 50 жебенің ұшы шықты. Қанжардың көбелек тәріздес үзбесі бар, сабы шіріген. Сондай-ақ қалқан, темір тоға, сердоликтен жасалған төрт түйеуіш және іші қуыс етіп құйылған алтын дәндерден құрастырылған екі түйеуіш қалдықтары жиналып алынды.

Оның манындағы қоршау тізбектеріне 3 шақырым жердегі карьерден дайындалып әкелген мыңға жуық қалақтас жұмсалған. Осындай ірі обалардың ішіндегі тайпа көсемдері мен қолбасшылар қабірінің қабырғаларын тұрғызуға жұмсалған Тянь-Шань шыршасының бөренелері бар. Олар қорымнан 200-250 шақырым қшықтықтағы Алатау бөктерінде дайындалып, өзен арқылы аққан салмен

жеткізілген. Ал кешеннен табылған археологиялық құндылықтаға келсек, олардың ішінен қоршау қалактастарындағы қазақтың «көз» таңбасына ұқсас көне тайпа адамдарына тән күн рәмізін, қабірлердегі көбелек тәрізді бейнесі бар қысқа семсерді (акинакты), іші қуыс алтын түйіршіктерді қосақтап дәнекерленген моншақтарды айтуға болады .

Қорымның төңірегіндегі бұл құрылыстардың орналасуы, олардың сыртқы түрі, құрылымдары мен көлемінің бірдейлігі оларды Бесшатыр қабірлерімен бір мезгілде салынған және олармен байланысты деп санауға негіз береді. Менгирлерден қорымдар төңірегіне қарай ашық салынған қоршаулар-Бесшатыр обаларына байланыссыз, қайта негізгі объектіні толтыратын сияқты. Бесшатыр кешені Іле өзенінің аңғарында мекендеген Жетісу сақтарының киелі орны болса керек. [3,107-109 бб.].

Орасан зор Бесшатыр патшалық обалары орналасқан жерге сақтар ғасырлар бойы келіп табынып, сансыз көп құрбандықтар әкелген, ас беріп, бата қылған, әр түрлі діни жоралғылар жасаған. Мұндай діни салтанаттар мен жоралғылар өткізілген орындарға менгирлер мен қойтастардан үлкен қоршаулар тұрғызылған. Бесшатыр қорымының барлық обаларына – үлкендері мен орташаларына да, кішілеріне де біркелкілік тән, олар тастар мен ірі қиыршық тастардан үйілген, төбесі жалпақ (трапеция тәрізді), етегіне тас тығыз қиюластырып қаланған болып келеді. Үлкен обалар құрылымының ерекшелігі - үйінділер етегіндегі ордың терең болуы, обалардың астына кіретін жер осы орлардан басталған. Тегінде, жерлеу және обаны тұрғызу жоралғылары жасалғаннан кейін жер асына кіретін есік бата қылу, құлшылық ету және құрбан шалу үшін белгілі бір уақытқа ашық қалдырылып, сонан соң обаның кірер ауыз үстіндегі топырағының бір бөлігі құлап басып қалған болса керек.

Сәулет өнерінің ескерткіші ретінде Бесшатырдың әрбір үлкен обасы құрылыстың екі түрінен: сыртқы және ішкі түрлерінен тұрады. Сыртқы құрылыстығыз қаланған тастардан, тас дуалдардан және үйінділер төңірегіндегі менгирлер мен қойтастар тізбегінен тұратын үйдің үстінгі қабатында орнатылған сияқты жалпақ төбелі үшкіл үйінді.

Үйінді архитектурасында жер астына түсетін ор және ішкі құрылыстары-ағаш қабір мен қуыстар маңызды ескерткіштер болып табылады. Мұның бәрі сақ тайпаларында Бесшатырдағы ғұрыптық құрылыстар салынғанға дейін-ақ архитектуралық құрылыс тәсілдері мен түрлері: төрт бұрышты және дөңгелек етіп жоспарлау, тас қалау әдісі, ағаш өңдеу дағдылары мен ағаштан құрылыс салу, құрылыс кезінде ағашты, қамысты, тасты шеберлікпен ұштастыра пайдалана білудің ертеде-ақ орныққанын дәлелдейді. Сәрі мұндай құрылыс тәжірибесі ғұрыптық ескерткіштерді салу нәтижесінде ғана емес, сонымен қатар тұрғын үйлер мен қора-қопсылар салу кезінде де жинақталған болса керек. Бесшатырдың ғұрыптық құрылыстары тайпаларының көсемдерін мәңгі есте қалдыруға тырысқанын көрсетеді. Құрылыс салғанда оларды бүлінбейтіндей (тонамай) ету ғана емес, сонымен бірге «мәңгі» тұратындай етіп салу мақсаты да көзделді. Сақтардың түсінігі бойынша, ескерткіш өзінің көлемі жағынан көсемнің құдіреті мен байлығы сай келіп, келер ұрпақтың бойына құрмет және қорқыныш сезімін ұялатуға тиіс болды.

Бесшатыр обалары өздерінің көрнектілігімен зор әсер қалдырады. Үлкен обаны тұрғызу үшін ғана елу мың текше метрден астам топырақ, тас қиыршық тас пайдаланылған, ал оның үстіне қорымнан 3 шақырым жердек орналасқан ең жақын таулардан мыңға жуық тақта тастар мен қойтастар тасып әкелген. Үйінділердің көлемі жағынан қорым обалары үлкен, орташа және кіші болып бөлінеді, үйінділердің осы үш тобына қабір құрылыстарының әр алуан түрі: үлкендері мен орташаларына – бөренелерден тұрғызылған қабір, киіз үй тәрізді бейіт, ал барлық

кіші обаларға жерден қазылған шұңқыр (кейде оған салынған тас жәшік) сәйкес келеді. Кіші обадағы киіз үй тәрізді шатырлы бейітке ешқайсысы ұқсамайды. Өзірше ол скиф-сармат мәдениетінің обаларынан табылған осы түрдегі бірден-бір құрылыс.

Бесшатыр құрылыстарын салуға қажетті бөренелер оба орналасқан орнынан шамамен 200-250 шақырым болатын Іле өзенінің арғы бетінен, Іле Алатауының сілемдерінен дайындалған. Сол жерде, ағаш кесілген, бұтақтары мен бұдырларынан тазартылып, жасалған кертпелер арқылы оларды өзенге сүйретіп апарып, салмен құрылыс салынатын жерге жеткізілген. Бұл орайда қыл арқандар мен ши талшықтарынан есілген арқандар пайдаланылған. Ағаш кесу бөренелерді қысқарту және басқа да ауыр жұмыстар жүзі тез мұқалатын ауыр қола балталармен орындалған. Бөренелерді өңдеу сан алуан шоттар, қашаулар, үскілер, шапашоттармен жүргізілген болса керек.

Бесшатыр обаларын қазғандағы материалдар Жетісудың сақ тайпаларының мәдениеті туралы түсінікті байыта түседі. Олар көпжылдық тәжірибенің, жоғарыда атап өтілгендей, жерлеу қабірлерін салу кезінде ғана емес, сонымен қатар тұрғын үйлер салу кезінде де жинақталғанын дәлелдейді. Бұдан Жетісу сақтары «таза» көшпелі болған жоқ, олар жылдың жылы маусымдарында ғана көшіп, суық түсісімен қыстайтын жерлеріне барған да, қысқы тұрғын үйлерінде қыстаған деген қорытынды шығады. Тұрғын үй салғанда олар ағаш, тас, қамыс, бұта сияқты жергілікті материалды пайдаланған [5].

«Қазір кезде «Бесшатыр» сақ қорғандарының жағдайы қандай болып жатыр?» - 2009 жылы Алматы қаласында БАҚ өкілдерімен бас қосқан «Табиғат» экологиялық одағының төрағасы Мэлс Елеусізов дүйім жұртшылыққа осындай үндеу тастады. Соңғы уақытта Мэлс Қамзаұлын қазақ халқы тарихының ажырағысыз бір бұтағы болып табылатын «Бесшатыр» сақтар қорғанының бүгінгі жайы алаңдатып жүр

«Ең өкініштісі, сақтар патшалығының үрім-бұтағы жерленген осынау баға жетпес тарихи қорғанның үшеуі кешегі Кеңестік кезеңде бульдозермен бұзылып, жермен-жексен болды. Біздің мақсатымыз – Бесшатыр қорғаны кешенін қазқалпында сақтап қалу, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Осы мақсатта былтырдан бастап, осы қорғанды қамқорлыққа алып, қираған қорғандарды қалпына келтірудеміз» [4, 26.].

Сөйтіп 2008 жылы 150 шақты жасөспірімді ұйымдастырып аталмыш қорған аймағында тазалық, қалпына келтіру шараларын жүзеге асырылды. Алдағы уақытта бастап арнайы топ тағы да Бесшатыр қорғанына аттанбақ. Бұйыртса, бұл жолы игілікті іске 300-дей жасөспірімді тартпақпыз. Негізінен бұл жерге Алматы қалалық және Алматы облыстық ПД жасөспірімдер ісі жөніндегі бөлімдерімен бірлесе отырып, тәрбиеге көнбейтін қиын балаларды апарған болатын.

Себебі мұнда жасөспірімдердің дала қосында өмір сүріп, табиғаттың дүлей күшімен бетпе-бет келуі де мүмкін. Демек, мұндағы ауа райының қолайсыздығына кез келген жасөспірім шыдамайды. Сондықтан да Бесшатыр қорғанында жұмыс жасауға бел байлаған жастардың әр тобы 10 күн сайын кезек-кезек ауысып отырады. Оның үстіне, қайсыбір жасөспірімдер «біз де барамыз» деп ниет білдіріп жатса, оларды қатарымызға алуға дайынбыз», - деп «Табиғат» экоодағының төрағасы Мэлс Елеусізов ойын ортаға салды.

Бесшатыр қорғаны Томирис ханымның басқару кезеңінде сақтардың мемлекеттік саяси орталығы болған. Ә.Х.Марғұлан, К.А.Ақышев, М.Қ.Қадырбаев т.б пікірінше Бесшатыр, Есік, Берел, Мұртты обалар т.б көлемді ескерткіштерді тұрғызу қазіргі қазақ халқының ас беру дәстүрі тәрізді аса үлкен қоғамдық-саяси мәні бар үлкен жиынсыз тұрғызылуы мүмкін емес. К.А.Ақышев есебі бойынша бір ғана үлкен Бесшатыр қорғанын салу үшін 65000 мыңға жуық адам күші жұмсалған.

Б. з. б. I мыңжылдықта Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан — болжамдардың бірі бойынша тиграхауда-сақтарға баланатын сақ тайпаларының үлкен тобы қоныстанған Орта Азия мен Қазақстанның этномәдени сақ қауымының өзіндік жарқын мәдениетінің ірі ошағы саналды. Сақ өркениеті — Орталық және Алдыңғы Азияның мәдениеті мен өнері жетістіктерінің бірегей синтезі. Оба қорымдары мен петроглифтер топографиясы және олардың көп болуы ерте кезде Қазақстан аумағының оңтүстік-шығысы мен оңтүстігінің толық игерілгенін көрсетеді. Қазіргі таңда ескерткіштерді аялап ұстау бүгінгі біздің басты міндетіміз. Тәрбиенің көбі отбасынан басталады. Сондықтан ата-бабалардың басына іштей рухани тазаланып, жүрекке үлкен мақтаныш ұялатып, зор жауапкершілікпен барсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. — Алматы, 1963. — 328 с.
2. Көркемсуретті Қазақстан тарихы. — Алматы, 2006. — 312 б.
3. Молдахметұлы Ж. Бесшатырды сақтап қалу қажет // Айқын (республикалық қоғамдық-саяси газеті). — 2009. — № 581. - 5-6 бб.
4. Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. — Алматы: Атамұра, 2010. - 544 бб.
5. Қажет А. Ескерткіштер ескерусіз қалмасын // Жетісу (Алматы облысының қоғамдық-саяси газеті). — 2011.— № 1174. - 2 б.
6. Сақ мәдениеті // kk.wikipedia.org/wiki

ӘОК 94 (574)

КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮРГІЗГЕН «ЖЕРГІЛІКТЕНДІРУ» САЯСИ РЕФОРМАСЫНА НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВТЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ықыласбаев Д.Ә., «Тарих» мамандығының 2 курс магистранты

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Бұл мақала Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуымен қазақ даласында жүргізілген саяси өзгерістердің бірі «жергіліктендіру» немесе «коренизация» реформасына, басқару аппаратына тұрғылықты халықтың өкілдерін қызметке ала отырып, жергілікті халықты билікке тартумен қатар, қазақтарды Кеңес үкіметі тарапынан жүргізіп отырған қоғамдық-саяси өзгерістерден тыс қалдырмай саяси науқандарға кіріктіруді көздейтін саясаттың шын мәнісіндегі табиғатын ашып көрсету, мұндай бұрмалаушылыққа қазақ қоғам қайраткерлерінің қарсылығын ашып көрсетуге арналған.

Данная статья посвящена реформе «коренизация», как одной из политических изменений, проведенных на казахской земле с образованием Казахской Автономной Советской Социалистической Республики, раскрытию и разоблачению истинной природы политики, подразумевавшей внедрение коренного населения в управленческий аппарат и органы власти, вовлечение в политические кампании и социально-политические процессы, проводимые Советской властью, и сопротивлению казахских общественных деятелей такого рода искажению.

This article is dedicated the reform of "indigenization", as one of the political changes carried out on the Kazakh land to form the Kazakh Autonomous Soviet Socialist

Republic, disclosure and expose the true nature of policy implies the introduction of indigenous upravenous apparatus and authorities, involvement in political campaigns and social -policy processes carried out by the Soviet government, and the resistance of the Kazakh public figures this kind of distortion.

Кілт сөздер: жергіліктендіру, ұлттық межелеу, тап шиеленісі, ауылды кеңестендіру, ұжымдастыру, антибольшевиктік күштер.

Кеңестік өкімет билігі Қазақ даласында азамат соғысының басында орнай бастағанымен саяси тартыстардың ушығып кетуімен бұл процесс біраз уақыттарға созылып кетті. Азамат соғыс жылдары «қызылдар» деп аталған Ресей социал-демократиялық жұмысшылар партиясының сол қанаты большевиктердің жеңісімен аяқталуы буржуазияшыл деп танылған ұлттық үкіметтердің таратылып, Кеңес үкіметінің орнауымен біткен еді. Бұрынғы Ресей империясына кірген барлық жерлерде (Польша, Финляндия және Балтық теңізінің жағалауын айтпағанда) өз билігін орнатқан большевиктер өздерінің билігінің тұрақтандыру үшін, өңірлердегі жергілікті халықтың хал-жағдайына аса назар аударуға мәжбүр болды. Жергілікті, әсіресе, шығыс халықтарын өз жағына тарту үшін Кеңес үкіметі автономиялық бірлестіктерге бірігіп өздері жариялаған «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясы», «Ресей және Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына», «Еңбекші және қаналушы халықтар құқықтарының Декларациясы» атты құжаттары арқылы кепілдік бергендей болды. Жаңадан құрылған Кеңес мемлекетінің бір бөлшегі болып кіріктірілген қазақ даласында өзге өңірлердегі сияқты кеңес үкіметінің эксперименталды саясаты жүзеге асырыла бастаған болатын. Қазақстанда антибольшевиктік күштердің талқандалуымен Кеңестік негіздегі Автономиялық мәртебесі бар бірлестіктің құрылуына дайындық басталып, Қазақ Автономиялық Кеңестік Автономиялық Социалистік Республикасы құрылды. Азамат соғыс жылдарында кеңестік органдарды құруға ат салысқан жергілікті ұлт өкілдерін өз жағына тартып, қазақ өлкесіне басқаруда ұстауға тырысты. Осылайша кеңес өкіметінің орнауына ат салысқан Ә.Жангелдин, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, Ж.Мыңбаев, С.Мендешевтер сынды азаматтардың қызметтік көтерілістері басталды.

Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуымен қазақ даласында жүргізілген «жер-су реформасы», «ұлттық межелеу», «жергіліктендіру», «өңірді индустриаландыру», «тап шиеленісі», «ауылды кеңестендіру», «ұжымдастыру» деп аталған саяси өзгерістерді кеңес билігі өз жағына тартқан қазақ азаматтары арқылы жүзеге асыруға тырысты. Қазақстанда «жергіліктендіру» саясатын Ж.Мыңбаев пен Н.Нұрмақов жүргізді. «Жергіліктендіру» немесе «коренизация» саясаты 1925 жылы Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Кеңестерінің Орталық Атқару Комитетінің басшылығына Ж.Мыңбаев пен Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасының басшылығына Н.Нұрмақовтың сайлануымен басталды. «Жергіліктендіру» дегеніміз Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы аумағындағы барлық басқару аппаратына тұрғылықты халықтың өкілдерін қызметке ала отырып, жергілікті халықты билікке тартумен қатар жергілікті халықты, яғни қазақтарды Кеңес үкіметі тарапынан жүргізіп отырған саяси өзгерістерден тыс қалдырмай саяси науқандарға кіріктіре отырып идеологиялық күрес алаңына ендіру еді. Бұл саясат негізінен алғанда кеңестік билікті жергілікті халыққа жақындастыру үшін жоспарланды. Жергіліктендіру саясатын қолдаған қазақ азаматтары С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, Н.Нұрмақов жоғарғы жақтың қысымына қарамастан өздері ұстанған ұлттық принциптер негізінде реформаны барынша аяқтау тырысты.

«Жергіліктендіру» саясатында ұлттық кадрдың қызметтік өсуіне мән берген Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің басшысы Ж.Мыңбаев 1926 жылы қараша айында «Мен сіздерден ашық сұраймын әлдебір губернияда басшылық, ..айталық, Ивановты ұсынғанда неге онымен бірге, айталық Майлыбаевты жоғарылатпаймыз?» – деп мәселені күн тәртібіне қоя білді [1,416].

Біз бұл жерден әсірешілдікке салынып, түймедейді түйедей етіп маман-кадр жетіспеушілікті Қазақстан партия басшылары өз ұлтынан шыққандарды көтермелеу шешпекке қамданды деп теріс ой түймегендігіміз дұрыс. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы үкімет құрамында отырған қазақ коммунистері қазақ өлкесінде бұрынырақта (яғни патша өкіметі заманында) орныққан отарлаушы халықтан шыққан азаматтардың мансабын бірінші ретте көтермелеп, отарланушы халықтан (яғни қазақтардан) шыққан азаматтарды көтермелеуді соңғы мезетте қарастыру стереотипін жоюға тырысқандығын байқағанымыз жөн. Мұндай ұлтжандылық Қазақстандағы партия басшылығына ұнай қоймай антипартиялық ауытқушылыққа ұшырап, «мыңбаевщина» атты жік тудырды делініп, Ж.Мыңбаев қызметтен алынды. Алайда Ж.Мыңбаев қолға алған «жергіліктендіру» саясатын Н.Нұрмақов басқарған Қазақстан үкіметі ары қарай жалғастыра берді. «Жергіліктендіру» саясатын Н.Нұрмақовтың біраз сынға төтеп бере отырып біршама жетістіктерге жеткізді. Нығмет Нұрмақовтың мұндай жетістікке жетуіне оның аталмыш реформаға ұқсас реформаны бұдан бұрын да іске асырғандығында болды. 1923 жылы Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Юстиция халық комиссары қызметін атқарып жүргенде қазақ тілін іс жүргізуде енгізу шарасында сәтті орындап шыққан тәжірибесі баршылық еді. Нұрмақов басшылығымен сот-тергеу органдарында қазақ тілінде іс жүргізу қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылды. Әділет комиссариатының қазақ тіліне көшуді бірінші болып бастады [2, бб.].

Жергілікті жерді мекендейтін тұрғылықты халықтың жазба тілінің кеңселік қызмет көрсетуде сәтті енгізілуінің өзін жергіліктендіру (яғни қазақыландыру) деп қабылдаған жөн. Н.Нұрмақовтың тұжырымдауынша жергілікті басқару аппаратында міндетті түрде төл халықтың мұң-мақсатын білетін адамдар жұмыс істеуі тиіс, «мейлің ол 10 жыл осы жерде қызмет еткен болса да кез келгені өз қазағымыз мүддемізді сезіне алады» деген әлеуметтік әділеттілікті, теңдікті мақсат тұтқаны болады [3].

Сол уақыттың өзінде Қазақстан партия басшысы қызметін атқарған Мәскеу тарапынан жіберілген Ф.И.Голощекин «жергіліктендіру» реформасын «Жергіліктендіру – бұл қазақ халқын кеңестендіру, аппаратты халыққа жақындату, қазақтарды еуропалықтарға жаулық қатынасы мен сенімсіздігін жою бюрократизммен күрес, жоғарлатуды жүзеге асыру, кеңестік аппаратты жақсарту» деп түсіндірді [4,165б.]. «Жергіліктендіру» саясатын ұлттық мазмұнынан мүлде айырып, басқа арнаға бұрып жіберді. Қазақ ұлтының өзін-өзі айқындауындағы шешуші мәселені Оны жүзеге асыру жолын «кеңестендіру аумағындағы ерекше орынды жергіліктендіру мәселесі алады. Ауылды кеңестендіру, тек қана ауыл (қазақ) тілінде және бұл салада жетістіктерге жеткен ауылдан шыққан адамдар арқылы сәтті жүргізіле алады» - деп қазақ халқын төменшіктетіп, қазақ тілінің қолдану аясын тек ауыл шеңберінен асыртпай қазақ баласының жетер жерін қалаға барғысыздай меңзеген еді.

Голощекин «Жергіліктендіру» саяси реформасын тым тар мағынада тұрғылықты халықты кеңестік билік аппаратына жақындату, қазақ даласын мекендеп отырған еуропалық нәсілді халықтардан «бөтен» қалпақ айдарын алып тастау мен оларды жерсіндіру, қазақ ауылының саяси-экономикалық деңгейін

ауылдан шыққан, жоғарыдан түскен нұсқауларды орындауға кедергі келтірмейтін «орташа» сауаттылар арқылы жүзеге асыруды меңзеген болатын. Қазақ халқынан шыққан сол кездегі қоғам қайраткерлері жүргізіліп отырған саяси науқанның туған халқының жағдайын жақсартуға барынша қолдана білді. «Жергіліктендіру» реформасын ағарту мен кеңсе қызметінде қолдануға тырысқан Нұрмақов үкіметінің мүшесі Халық ағару комиссары С.Сәдуақасовтың өзіне тағылған «..маман кадрлардың жетімсіздігін есепке алмастан тез арада «партия аппараты мен кеңес аппаратын халықтың ұлттық құрамының пропорциясына байланысты» қазақтандыруды талап етті» делінген голошекиндік жалаға партиялық отырыста нақты жауап берсе, С.Сәдуақасов жергіліктендіруде процент қуып жүр дегендерге «Қазақстанда қайсыбір уездердің тұрғындары 90-і қазақтар, ал мекемелердегі қызметкерлердің басым көпшілігі басқа ұлттардан. Қазақтармен мекеме орыс тілінде сөйлесіп отыр. Міне, осындай жағдайларды мысал етіп алып қазақтандыру ісінің қаншалықты баяу іске асып отырғандығын айтсақ, сені процентті қуасың деп айыптайды. Проценттер мәселенің түйіні емес, бірақ оларды да ұмытпауға болмайды. Тұрғындарының 90-і қазақтардан тұратын уездердегі мекемелердің орыс тілінде қызмет етуі қандай принциптерге сай келер екен?» - деп сұраққа сұрақпен жауап берген еді [5, 68-69бб].

Сол кезеңдегі Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақовтың 1927 жылы 29 наурызда Қазақстан үкіметінің есебі бойынша жасаған баяндамасында «жергіліктендіру» мәселесіне тоқталып, былай деген еді. «...по вопросу о советском строительстве в ауле надо будет сказать о коренизации. Коренизация госаппарата – это очень серьезный вопрос, на который следует обратить внимание, без разрешения которого нам не совсем удастся советизация аула. Наш аппарат не исключая иногда и низовой коренной массы населения – казахов т.к. пишет и говорит на русском языке, непонятном для казахской массы. В нашем аппарате еще много старых чиновников, которые не отвыкли от них и недостаточно уяснили себе значение коренизации. Проведение коренизации, приспособление аппарата к у условиям казахской массы идет у нас не темпом, который можно было бы желать. В отношении привлечения в советские органы казахских работников у нас дело в отношении верхушки – губернских работников, краевых, различных комиссаров и даже уездных работников – обстоит вполне благополучно. В этом отношении достижения большие. Но, товарищи, кто сносятся с массами, кто проводит наши мероприятия среди масс, проводит ли их низовой аппарат, а он к этому не приспособлен. Сидящие в краевых, губернских и уездных учреждениях казработники совершенно бессильны что-нибудь в этом отношении сделать. Поэтому мы ставим перед собой задачу – добиться в ближайшее время решительными мерами коренизации аппарата, т.е. приспособления нашего государственного аппарата снизу доверху для обслуживания коренного казахской массы. Мы хотим и сделаем, чтобы аппарат сносился с аулом и велсоветами на казахском языке и затем, конечно это трудная задача, но надо заполнить медицинские и ветеринарные пункты аула работниками из казахов. Несмотря на все трудности, мы должны это сделать, и добьемся этого. Это не значит, что весь аппарат должен исключительно приспособиться к условиям казахского населения. Ни в коем случае, нет, мы должны русское население обслуживать на его родном языке, таранчинское на его родном языке, узбекское на узбекском языке и т.п. Если в отношении русского населения обслуживания его нашим аппаратом дело благополучно, с казахским населением обстоит хуже, и поэтому мы говорим о приспособлении нашего аппарата к обслуживанию им нужд казахского населения» [6,74-75бб.].

Осылайша, Нығмет Нұрмақов Қазақстан үкіметінің мүшелеріне «жергіліктендіру» саясатын жүргізуде «жаппай қазақтандырып, өзге ұлтардың құқықтық мәртебесін ескермей жүргізіп жатыр» деп қате тон пішушілерге жауап бергендей болды. Алайда кеңес өкіметі тарапынан жүргізілген реформалар сияқты «жергіліктендіру» реформасы да саяси бұрмалауларға тап болып, өз мақсатына толық жетпей түрлі кедергілер арқылы қағазбастылықпен жалған өлшем жасау арқылы жалаң ұрандармен жүргізілді. Дегенімен «Жергіліктендіру» реформасы кеңестіктік жоғарғы аппаратқа ие болған шовинистік топтардың қазақ зиялы қауымымен қазақ халқының арасына жік тудыруға бағытталған әрекеттері өз нәтижесін бермеді. Қазақ зиялы қауымы өзіне міндет ретінде жүктелген тарихи миссияны өзінің туған халқының пайдасына сай жүзеге асыруға тырысты. Осындай қиындықтан шығу жолын аталмыш саяси реформаны жүзеге асырудың басы-қасында жүрген сол уақыттағы Қазақстан үкімет басшысы қызметін атқарған Нығмет Нұрмақовтың айтарлықтай үлесі болды. Нығмет Нұрмақов «Жергіліктендіру» саясатын жүргізу барысында, саяси науқанды жүргізушілерді Орталық билік тарапынан тағылған «ұлтшылдық», «ауытқушылдық» айыбынан барынша арашалап қалуға тырысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж.Сүлеймен, Ф.Рысқалиева. «Коренизация королі немесе Жалау Мыңбаевтың қарсылығы» //Ақиқат, 2000ж., №2.
2. Р.Қаппасова, С.Қасымова. «Н.Нұрмақов – Юстиция Халық Комиссары және республика прокуроры //Орталық Қазақстан, 2005-5 сәуір.
3. Н.К.Салықұлы. Қазақстандағы кеңестік саясаттың зардаптары. – ҚазҰПУ. Республикалық ғылыми-практикалық конференция. 01.06.2014.
4. Т.Т.Тленова. Қазақстанда кеңес өкіметінің бастапқы жылдарында жүргізілген жергіліктендіру саясаты тулары // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, №2(33), 2004ж.
5. М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков. Тарих тағылымы не дейді. – Алматы, Ана тілі, 1993ж.
6. Н.Нұрмақов. Шығармалар жинағы. – Алматы, Алаш, 2005ж.

ӘОК 94 (574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙЛАРДЫҢ МҮЛКІН ТӘРКІЛЕУ НАУҚАНЫ ЖӘНЕ Н. НҰРМАҚОВ

Ықыласбаев Д.Ә., «Тарих» мамандығының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Берлібаев Б.Т.**, т.ғ.д, профессор.

I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Аталған мақалада ХХ ғасырдың бас кезінде Қазақ даласында жүргізілген, қазақ халқының өміріндегі қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге, ашаршылық қасіретіне әкеліп соқтырған жаттай ұжымдастыру, отырықшыландыру және байларды кәмпескелеу науқаны, оған деген жергілікті ұлттың зиялы қауымы арасындағы қарсылықтар, соның ішінде күн тәртібіне қойылған халықтың ауқатты бөлігін мал-мүлкінен айыру мәселесіне сол кездегі ХКК-нің төрағасы Н.Нұрмақовтың көзқарасы, оның науқанға қатысушы асыра сілтеушілермен күресі туралы баяндалады.

В данной статье рассматриваются вопросы всеобщей коллективизации, раскулачивания и конфискации баев в казахской степи, приведшие к общественно-экономическим, социальным изменениям в жизни казахского народа и к большой трагедии – голоду, противостояния интеллигенции коренного населения, в том числе председателя НК Н.Нурмакова в вопросе взимания имущества и скота у состоятельной части населения.

This article discusses the problem of general collectivization, dispossession and confiscation of baes in the Kazakh steppe, which led to the socio-economic, social changes in the life of the Kazakh people and to the great tragedy - hunger, opposition intellectuals of indigenous people, including the chairman of the Council of People's Commissars N.Nurmakov in question of levying of property and cattle from the wealthy part of the population.

Кілт сөздер: большевиктік билік бақылауы, экспроприация идеясы, ауылды орташаландыру, өлкелік комитет.

1918-1920 жылдары бұрынғы Ресей Империясының аумағында орын алған азамат соғысының «қызылдар» аталған Ресейлік Социалистік жұмысшы партиясының сол қанаты большевиктердің жеңісімен аяқталуы бүкіл елде түбірлі социалистік өзгерістерістердің жүзеге асыруын бастап берді. Бұл үрдістен большевиктік билік бақылауы орнаған қазақ жері қалыс қала алмады. Таптық күресті жеделдетіп жүргізу үшін большевиктік партия (яғни, үкімет) қазақ жерінде ауқатты халық тобын мүлкінен айыру мәселесін біртіндеп күн тәртібіне қоя бастады. Бастапқыда бұл мәселе күн тәртібіне еміс-еміс жиі қойылып тұрғанымен, жергілікті ұлттың зиялы қауымы арасында ашық қарсылықтарға тап болды. 1923 жылы III Өлкелік партия конференциясында байлар мәселелері көтерілгенде С.Сәдуақасұлының пікірі өзгеше болған. Онда ол: «Қазіргі кезде ел сілкіністерге емес, бейбіт еңбекке мұқтаж. Енді жаңа экспроприация идеясы-билікке қарсы көтеріліс немесе оған жақын нәрсе. Патша үкіметі тұсында мұндай дүрдігіс туғызу қызық болғанымен, қазіргі жағдайда бізге қазақ даласында ондай жасанды ушықтырулар туғызудың қызығы шамалы» деп көрсетсе, ал С.Қожанов болса, «ауылда орта ғасыр қалдықтары, феодалдық-патриархалдық ықпал әлі де күшті, текті феодалдар саны жағынан байлардан аз және оларды тікелей байлармен шатастыруға болмайды» деп, ұлттық ерекшеліктерге назар аудару керектігін айтты. Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметін атқарған Ж.Мыңбаев: «Біз қырғыз елі алдында, тарих алдында әшкере болғымыз келмейді. «Біздің мақсатымыз – түрлі декреттер мен нұсқауларға қол қоюшылар ғана емес, іс бітіріп, болашақ ұрпақ «иә, олар шынымен де тырысып еді-ау» дейтіндей дәрежеге жету» деген еді [1,49б.].

1926 жылы қараша айында өткен өлкелік партия комитетінің пленумында: «Ауылда Советтерді құру» деген тақырыпта баяндама жасаған ХКК-нің төрағасы Н.Нұрмақов былай деп көрсетті: «Қазақ кедейінің жағдайы өте нашар, оның байға барып жалданудан басқа шарасы жоқ. Біз – совет мемлекеті бүгінге дейін кедейдің материалдық жағдайын өзгертетін, сол арқылы ауылдағы байлардың ықпалынан құтылуға көмектесе аларлық шараларды іске асыра алмай отырмыз. Ауылдағы бай кедейдің бұл жағдайын өзінің таптық мүддесіне тамаша пайдаланып, оны аяусыз қанай түсуде... Біреулер ойлайды: ауылда түзілген бұл тығырықтан шығатын жол жоқ, егер болса ол біреу-ақ, яғни қазақ кедейін экономикалық тәуелділіктен құтқару үшін бай шаруашылығын экспроприациялау керек. Менің пікірімше, Қазақстандағы Совет билігінің 9 жылдық өмірінен кейін, қолымызда пролетарлық мемлекеттің барлық билігін ұстай отырып, біздің ауылдағы байға партия Қазан революциясынан

кейінгі алғашқы күндері қолданған әдістерден басқа да әдістермен ықпал ете аларлық күшіміз бар... Өлкелік комитеттің II пленумы байға салық саясаты арқылы ықпал етуді ұсынды. Биылғы жылы біз бұл әдісті қолданып байқамақпыз. Менің пікірімше, біз алда да байларға салық салу жүйесін күшейту, оның есесіне кедейлерді мүмкіндігінде одан босату, орташалардың төлейтін үлесін жеңілдете түсу бағытын ұстануға міндеттіміз. Бұдан басқа, жергілікті бюджеттерде қазақ кедейлеріне көмек беретін мәдени-шаруашылық қорларын ұйымдастыру үшін ірі бай шаруашылықтарына ерекше салық салу көзделініп отыр... Салық саясаты арқылы ықпал етуден басқа да біздің мүмкіншіліктеріміз жеткілікті. Ауыл шаруашылық кредитін алыңыз, кооперацияны алыңыз. Ауыл шаруашылық кредитін дұрыс пайдалана отырып, біз кедей шаруашылығын тезірек көтеруге жағдай жасай аламыз деп ойлаймын» [2,59-60бб.] дей отырып, ұсынылып отырылған ірі байлар мүлкін тәркілеу шарасына теориялық жауап берген еді. Бірақ 1927 жылдың қарашасында Қазақстан IV партия конференциясы байларды ауыздықтау идеясына қайта оралды, «олардан мал мен құрал-жабдықтың бір бөлегін тартып алуды мүмкін»деп есептеді, жергілікті партиялық «теорияшылардың» пікірінше, бұл – «ауылды орташаландыруға және оның өндіргіш күштерін дамытуға апарып жеткізуге, сөйтіп пролетариаттың ауыл еңбекшілерімен одақ құруы линиясын бұрынғыдан беттер бекітуге тиіс» болып құрылды.

1927 жылдың желтоқсанында Республика өкіметінің жоғарғы буындарында ірі-ірі байлар шаруашылығын тәркіге салу жөніндегі заң жобасын әзірлеу үшін комиссия құрылды.

1928 жылдың наурызында Қазақстан өлкелік Комитетінің Бюросы заң жобасын бірнеше рет қарап, нақтылай түсті және онымен БК(б)П ОК мен Бүкіл Одақтық Атқару Комитеті таныстырды. Сол жылғы тамызда Өлкелік Комитет науқанға тікелей басшылық ететін комиссияны құрды. Комиссияның төрағасы болып Е.Ерназаров тағайындалды,оның құрамына О.Исаев, Н.Нұрмақов, Ғ.Токжанов, О.Жандосов т.б кірді. Бұл науқанның бағыт-бағдарын айқындап,ұйытқысы болып отырған БК(б)П ОК мен Өлкелік Комитет болғанымен, қаулы-қарарларды қабылдап, оларға қойып, іске асыру Е.Ерназаров, Н.Нұрмақов, О.Исаев сияқты жергілікті үкімет басшыларына жүктелуінің астарында үлкен саяси мән жатты. Бұлар адам тағдырына, тұтас бір ұлт тағдырына байланысты қаулы-қарарлар болғандықтан, ерте ме, кеш пе бұл қылмыстардың бет-пердесінің ашылары сөзсіз еді. Ұрпақ алдында жауап беру қаулыларды қабылдап, оны жүзеге асыруда белсенділік танытқандарға түсетіндігін «болжай білген» Голощекин өз қылмысы – қызыл қырғынды өзгенің қолымен жасай білді. Мұндай жымьсықы, сұрқия саясаттың мәнін Голощекиннің аймақтық комитеттерге жіберген бұйрық-жеделхатынан көруге болады. «БК(б)П аймақтық комитеттеріне Өлкелік комитет директивасы бойынша ұйымдастырылатын қарулы отряд ОСОВИАХИМ-нің аймақтық кеңестері жанынан және тек қазақ коммунистерінен құрылсын. Олар әскери үйірмелердің жалпы жүйесінен іріктелсін. Отрядтың негізгі мақсаты түсіндірілмей, құпия сақталып, сабақ құдды бір коммунарларды жаттықтыру тәрізді жүргізілсін. Жаттықтыру сабақтарын еуропалық командирлердің өткізе берулеріне болады. Алайда, отрядтарды байлар қарсылығын жаншып,таптауға аттандырғанда, оны міндетті түрде қазақ командирлері бастап баруына жағдай тудыруымыз керек». Осылайша, Голощекин қазақ дәстүрлі қоғамында ушығып келе жатқан халық наразылығын қазақ коммунистері қолымен басуды жоспарлады [3,18-19бб.].

1928 ж. 27 тамызында Орталық Атқару Комитеті мен Республика Халық Комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде тәркілеу жөніндегі Заң жобасы қабылданып, жарлық қаулы түріндегі құжатқа айналды. Республика округтерінде тәркілеуді

өткізу жөніндегі өкілдер тағайындалды. Ауыл-ауылға тікелей мыңнан аса өкіл жіберілді, демеу комиссияларында 4700 адам жұмыс істеді. Қаулыға сәйкес Республика бойынша көшпелі аудандарда 400-ден аса малы бар (ірі қараға шаққанда) 700 шаруашылықты, жартылай көшпелі аудандарда – 300 және отырықшы аудандарда 150 шаруашылықты тәркіге салу белгіленді. Науқанда 1928 жылдың 1 қарашасында аяқтау жоспарланады (кейінірек оны 10 күнге ұзартты) [4,320-32166.].

1928 жылдың 24-қаңтарында Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесі жасырын кеңес өткізіп, Қазақстанның өз ішінде байларды жер аударудың тәртібін бекітті. Онда Ақтөбе округінен – Семей, Орал округінен – Қызылорда және Ақмола, Сырдария округінен – Орал және Павлодар, Ақмола округінен – Семей және Сырдария, Павлодар округінен – Ақтөбе, Қостанай округінен – Павлодар және Қарқаралы, Алматыдан – Ақмола және Қарқаралы, Қарқаралы округінен - Ақтөбе, Гурьев округінен – Қызылорда, Қарақалпақ Автономиялық облысынан – Ақтөбе округіне жер аудару тұжырымдалды [5,386.].

«Бай шаруашылықтарын кәмпескелеу туралы» 1928 жылғы 27 тамызында жарық көрген қаулының, сондай-ақ арада үш күннен кейін жарық көрген осы қазақ байларын жер аударатын аудандарды белгілеген қаулылардың астында сол жылдардағы Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы халық комиссариатының төрағасы болған Нығмет Нұрмақовтың кәмпескені күштеу және асыра сілтеу әдістерімен жүргізуге шын мәнінде қарсы болғанын біз архив құжаттарынан білеміз дейді тарих ғылымының докторы Т.Омарбеков [6,276.].

Қазақстанның әр аймағындағы табиғи шаруашылық жағдайды ескере отырып, 1928 жылы 30 тамызда Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесі Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандары туралы қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу нормасы бекітілді. Көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400 бас, жартылай көшпелі аудандарда 300 бас, отырықшы аудандарда 150 бас малы бар байлар конфискациялауға ілінді. Отырықшы аудандарда округтік комиссия өз шешімімен белгіленген норманы 100 бас малға дейін төмендетуге құқылы болды. Сонымен қатар: «Кеңес жұмысына қарсылығын қоймай келген бұрынғы ақ сүйек, сұлтан, хан тұқымдары, болыстықты өмірі қолынан шығармай, патшадан айрықша шен алып келген ескі болыстар осы қаулының 1-бабына тура келмесе де, малы кәмпескеленіп, өзі бұрынғы қонысынан қуылады» деген ерекше нұсқау берілді [7,606.]. Бұл шараны жоғарыдан түскен нұсқау болғандықтан Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің амалсыздан орындауына тура келді. Қазақстанда аса ірі делінген ауқатты топтардың мал-мүлкін тәркілеу науқаны басталған шақта науқанның есебінен өзін көрсетіп қалумен қатар материалдық игіліктерге ие болуға тырысқан шолақ белсенділердің келеңсіз әрекеттерінің қылан беріп қалуын сол кездегі Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған Нығмет Нұрмақов барынша тоқтатуға тырысты. 1928 жылы Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақовтың: «Өлкелік комиссияның нұсқауларына қарамастан бірнеше қожалықтарды бір қожалыққа біріктіріп, декретте көрсетілген мал санын қамтамасыз етуді көздеуде. Осындай көзқарастардың арқасында бір жанұясына алпыс, қырық бес адам біріктірілген жайлар кездесуде. Мұның өзі өмірде мүлде кездеспейтін нәрсе..», «Кейбір округтерде көйлек-көншектерді, үйде тұтынылатын заттарды, іш киімдерді кәмпескелеу туралы мәліметтер бар. Мұндай жайттарға жол берілмеуді, нұсқауды қатал басшылыққа алуды ұсынамыз», «...Кәмпескеленген ірі байлар тізімі 1928 жылғы қаңтардағы мал басы бойынша жасалсын; 2. Жер аудару тек қана халком кеңесінің қаулысымен

жүзеге асырылады. Әлеуметтік-қауіпті элементтер туралы шешім халком Кеңесіне бекітуге берілуі тиіс; 3. Ірі байлар тізіміне басқаларды қате кіргізуді болдырмаңдар!» деген жеделхат негізінде барлық округтік атқару комитеттеріне жіберілген нұсқаулары біраз шындықтың бетін ашары анық [8,48-49бб.].

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков айтулы кезеңді зерттей отырып, Нығмет Нұрмақов аталмыш науқанның басы-қасында болғанын және оның Голощекиннің ұлы державалық шовинистік топтармен, екінші жағынан науқанға қатысушы шолақ белсенділердің жүгенсіз әрекеттерін тиюге аянбай күрес жүргізгенін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сүлеймен Ж., Рысқалиева Ф. Коренизация королі немесе Жалау Мыңбаевтың қарсылығы // Ақиқат, №2, 2000ж.
2. Қойгелдиев М., Т.Омарбеков. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы, Ана тілі, 1993ж.
3. Махат Д.А. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде оңшылдыққа және ұлтшылдыққа айыптау: тарихы және салдарлары /1925-1933ж.ж/. – Автореферат. – Астана, 2000 ж.
4. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерктер). – Алматы, Дәуір, 2006 ж.
5. Ижанов З. Тәркілеу тартқызған қасірет//Ақиқат.1995ж.№6
6. Омарбеков Т. Голощекиннің төңірегі: ол туралы не білеміз? //Ақиқат, №9, 1995ж
7. Құрманбеков Б. Ақтөбе округіндегі ірі байларды тәркілеу // Қазақ тарихы, №5-6, 2008ж.
8. Омарбеков Т., Жұмабекова Ж. Қасірет хаттары // Ақиқат, №5 мамыр

ӘОК 372.893

ТІЛ ЖІНЕ ДІН ТУРАЛЫ ЗАҢДАР ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ – МӘДЕНИ ӨМІРІ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ

Хуанган О., «Тарих» мамандығының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Толамисов А. Ғ.,** т.ғ.к. аға оқытушы

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Onerbek_86@mail.ru

Деректанулық тұрғыда жазылған бұл мақалада Қазақстан Республикасының тіл және дін туралы заңдар халқымыздың рухани – мәдени өмірі тарихының дерек көзі ретінде қарастырылған. Сонымен қатар Қазақстанның ең жаңа тарихының негізгі мәліметтер беретін деректері ретінде заң актілерінде болашақта қолдануға болатынын тағы бір дәлелдеп отыр.

Данная статья написана в источниковедческом направлении и рассматривает законодательных актов об языке и религии РК как исторически источники Истории Казахстана. А также еще раз доказывает, что в будущем законодательные акты могут применяться в историографии о нынешней жизни.

This article it is written in sources direction and examines some legislative acts of Republic of Kazakhstan as historically sources of History of Kazakhstan. And also specifies that in future legislative acts can lives will be used in historiography at present.

Кілт сөздер: БСҰ – Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына, ҚР – Қазақстан Республикасы, КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, Қазақ КСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы

Тәуелсіз ҚР жаңа замандағы жаңа тарихының деректерін толықтыруды бүгінгі күнгі тарихшы мамандар үшін қоғамдық қатынастарды реттеу үшін шығып жатқан көптеген заң актілерінің мазмұнымен-ақ танысу арқылы меңгеруге болады. Қазіргі таңда дүниежүзілік тарихта орын алып жатқан саяси, әлеуметтік, рухани-мәдени және ең бастысы экономикалық уақиғалардың негізінде діни факторлардың бар екенін айту жаңсақтық болмас. Әсіресе, дін осы салаларға бағыт-бағдар беретін күштің бірі, тіпті ең бастысы. Қоғам құрылымының негізінде діннің алатын орны ерекше. Қоғамдық қатынастарды басқа қатынастармен ажырататын ең негізгі қасиеттің бірі осы діннің өзі болып табылады. Тарих ғылымынан бөлек заманауи әлеуметтану ғылымдарынан социология, психология, антропология, мәдениеттану, философия, филология, саясаттану, өнертану және ең үлкені дінтану салалары дінді зерттеумен шұғылданады. Бұлар дінге әлеуметтік феномен, қоғамдық уақиға және қоғамға пішін беретін күдірет ретінде қарайды. Халық арасында кең таралған хұрафи сенімдер мен ырым-секемдердің өзі қаншалықты әсерлі екені баршаға белгілі. Ал бәрімізге тарихтан белгілі ХХ ғасыр, 70 жылдай КСРО тұсында біздің қоғам дінсіз заманды басынан өткізді емес па?! Діннің қоғамдық тарихи сананы қалыптастырушы басты күш екеніне дау жоқ. Әсіресе, бүгінгі өтпелі кезеңде азаматтардың өзін-өзі танып-білуі, ортақ ұлттық мұраны қалыптастыруы және ХХІ-ғасырдағы халқымыздың өсіп-өркендеуінің басты құралы діни рухани құндылықтар болуы керек.

Ал осыдан келіп шығатын тарихи деректерде рухани-мәдени қатынастардың ғасырлар бойы етене араласуы нәтижесінде қалыптасатын нәрсе. Сондықтан, заман өзгеріп рухани-мәдени құндылықтардың кейбір тұстары өзгеріске ұшырағанымен, қоғам өзінің мәдениеті мен оның өзегін сақтап қалуға тырысады.

Ал жалпы тарихтан белгілі ислам діні көшпелі һәм руларға бөлінген араб қоғамында пайда болған әлемдегі ең жас ұлы діндердің бірі. Дегенмен, ислам діні негізінен отырықшылықты, қалалық мәдениетті уағыздайды. Қазақ халқының тарихына қарайтын болсақ, ірілі-ұсақты рулар мен тайпалардың басын қосқан күш осы ислам діні болған. Ислам қауымдастығына қосылмаған түркі тайпалары болса мүлдем басқа рухани-мәдениет тобына қосылып, мүлдем басқа қоғамдарға айналған. Бұған мысал ретінде бұлғарларды, мажарларды, чуваштарды, сібір халықтарын т.т. айтуға болады. [1]

Демек, әр халықтың рухани-мәдени ортасын анықтайтын басты фактор – дін. Адамзат тарихында дінсіз рухани-мәдениет болмаған. Алғашқы қоғамдық құрылымнан бері қарайғы уақытта пайда болған мәдениеттердің барлығы да діни сенім негізінде қалыптасқан. Ал, сенім жүйесі ең жоғары деңгейдегі имани, құндылық негіздерді қамтитын ислам діні осы дінге қосылған халықтардың мәдениетіне орасан зор ықпал жасаған, түбегейлі өзіндік қалыпқа салған жүйе болып табылады. Дін адамдардың іс-әрекеттеріне бірінші дәрежеде ықпал жасайтын күдірет. Ислам діні мәдениеттің негізгі салаларымен шұғылданады да егжей-тегжейде адамға таңдау еркі береді. Мәселен, исламият адамдардың киінуі мәселесінде негізгі қағидаларды белгілейді, бірақ дәл қандай киім үлгісін киюге араласпайды. Ислам діні адамдардың халал тағамдарды жеуін сұрайды, бірақ тамақты дайындау және қабылдау салтына араласпайды. Мәселен, Қытайдағы мұсылмандар ағаш таяқшамен, Еуропадағы мұсылмандар қасықпен, араб елдеріндегі мұсылмандар қолымен тамақ іше алады. Негізгі мәселе, халал, яғни рұқсат етілген таза тағамдарды жеу.

Рухани-мәдениеттің негізгі тарихи факторлары мыналар:

1. Дін: Әр ұлттың өзіне тән иман және сенім жүйесі.
2. Тіл: Әр ұлттың өзіне тән сөйлеу және түсінісу құралы.
3. Өнер: Әр ұлттың өзіне тән сән, зауық және сезімдердің бейнеленуі және жасалуы.

4. Тарих: Әр ұлттың өзіне тән өмір сүру салтының, мәдени байлығының замана ағымындағы көрінісі, іс-әрекеттердің даму барысы.

5. Әдет-ғұрыптар: Құқықтық-қалыптық құжат еместігіне қарамастан, қоғам тарапынан есепке алынатын, іске асырылатын салт-дәстүрлер.

Бүгінгі дінтану, тарих, мәдениеттану, антропология және социология саласының теоретиктері дінді мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөлігі деп санайды (мысалға Э.Б. Тайлор, Лесли Уайт, Радклифф Броун, Рут Бенедикт, Франц Боаз, Бронислав Малиновский, Уиллиам Хавиланд қатарлы ғалымдардың еңбектерін айтуға болады – М.Б.). Дін әлеуметтік құбылыс һәм қоғамды қалыптастыратын ұйытқы ретінде адамзат өмірінде аса маңызды рөл атқарады [2].

Сонымен қатар, қазақ халқының рухани-мәдениетінің жоғарыда көрсетілген тармақтарының барлығында да дінінің мызғымас әсерін, үлесін ешкім жоққа шығара алмайды. Ал, енді халқымыздың қазіргі таңдағы яғни тәуелсіздік жылдарындағы рухани-мәдениеті қандай жағдайда дамуда? ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамындағы «жаһандану» заманының құндылығын діннің қай жерінен табуда? Тарихи ұлы дініміз ислам дініне қарсы айтылған сөздерді қасақана айтылған демесек те, сәтсіз һәм орынсыз айтылған деуге толық хақымыз бар.

Сонымен қатар халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық рухани-мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды, болуы мүмкін емес. Қазақ тілінің тағдыры үшін күрес соңғы жүз жылда бірде-бір толас тапқан жоқ. Ұлы Абайдың заманын айтпағанда, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар бастаған алып топ тіл мәселесіне ерекше мән беріп, оның шексіз байлығын, суреткерлік шеберлігін, бейнелігі мен саздылығын көркемдік сапаға жеткізді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді білу – мемлекеттік қызметкерлердің ең басты біліктілік талабына айнала бастады. Қазір мұндай талап қойылатын лауазымдар саны күн өткен сайын артып келеді.

Біз өзі намысшыл халықпыз. Біреу итің жаман десе де намыстанып қаламыз. Тіл білетін қазақ – намысшыл. Тіл білмейтін қазақ одан да намысшыл. Оларды тіл білмедің деп шетке итермеу керек. Қайта бауырға тарту керек. Бізге көп тіл білгеннің артықтығы жоқ. Күні ертең БСҰ-ға кіргелі отырмыз. Осы ретте бізге қазақ, орыс, ағылшын, тіпті қытай тілін де мықтап меңгеріп алу керек. Әлемдік бәсекеге түскелі жатырмыз. Домбыраны шерткендей, біздің мықты мамандарымызды да мемлекет ісіне шертіп-шертіп таңдап аларда олардың бірнеше тілдіеркін меңгергеніне артықшылық беріліп тұрылуы тиіс. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет болғандықтан тіл мәселесі аса күрделі мәселе болып отыр. [3]

Ал тілдің өзі - тарих тереңіне бойлатып, өнер мен мәдениеттің кәусар бұлағына сусындататын рухани-мәдени әлеміміздің сарқылмас қазынасы. Олай болса, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қолданылу аясын кеңейте түсу қажеттігі - заңды құбылыс.

«Тіл туралы» Заңның 4-бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті, өкілді және атқарушы органдар:

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;

2. Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;

3. Қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті [4].

Яғни бүгінгі таңда біз өз тілімізді аяласақ, қастерлеп тек қазақ тілінде ғана сөйлесек қазақ тілінің қолданысы өздігінен-ақ дамиды. Жоғарғы билік тарапынан заң жүзінде бекітілудің өзі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қазақ қоғамында қазақ тілінің мәселесі жан ашырлық жағдайда болғандың көрсететіне көзіміз жетеді. Тарихи деректану саласы бойынша жаңа замандағы Қазақ елінің ең жаңа тарихының объективті деректерін жинақтаумен жүйелеуде заң актілерінің де маңызды орын алатынының осындай мәселерден жинақтасақ-та болады. Қорыта айтсам «заң да қоғамына қарай жасалады» деген қағидаға қарай біздің қоғамда тіліміздің шұбырлығындай ала-құла рухани-мәдениеттілікке ұшырауда. Осыдан тура 17 жыл бұрын – 1989 жылы қыркүйектің 22 күні Қазақстанда «Тілдер туралы» заң қабылданған болатын. Ол Заңда сол кездегі Қазақ КСР-нің мемлекеттік тілі қазақ тілі болып бекітілді. Осы күн тіл мерекесі ретінде аталып келген еді. Одан кейін 1998 жылғы 20 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы кәсіби және өзге мерекелер туралы» Президенттің №3827 Жарлығымен қыркүйек айының үшінші жексенбісі «Қазақстан халқы тілдері күні» деп жарияланған. Биыл бұл күн 15 қыркүйекке сәйкес келді. «Неге қазақ тілінің мерекесі емес, неге тілдер мерекесі?» дегенге келсек, біз бұл мәселеге кеңірек қарағанымыз жөн деп ойлаймыз. Әрине, қазақ тілі еліміздің мемлекеттік тілі, мәртебелі тіл. Оның мәртебесін мойындау, құрметтеу барша қазақстандықтарға ортақ міндет. Елдің мемлекеттік тіліне, осы жерді тарихи отаны ретінде ғасырлар бойы мекендеп келе жатқан жергілікті халықтың ана тілі – қазақ тіліне мемлекеттік дәрежеде мән берілгені дұрыс. Солай болуы да керек. Алайда біздің елімізде өзге этнос өкілдері де тұрады. Олар да біздің елдің тең құқықты азаматтары. Олардың да ұлттық мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауына, ана тілдерін үйренуге, сөйлеуге құқықтары бар. Біз – Ата заңымыз бойынша өзімізді зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде жариялаған жұртпыз. Ендеше, соған сәйкес ізгілікті көздейтін, өркениетті ел ретінде тілдік қатынастар мен елдегі мәдени қатынастарды да құқықтық жолмен шешуге, реттеуге тиіспіз. Мемлекеттің тіл саясаты сауатты жүргізіліп, алдымен, ұлты қазақ азаматтар отбасынан, балабақшадан бастап ана тілін біліп, шынайы құрметтеудің үлгісін көрсетсе, қазақ тілі өзге жұрттардың тілдері мен мәдениетіне көлеңкесін түсірмей-ақ мәуелі бәйтеректей өркен жайып, мәртебесіне сай қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылатын болады деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М. Бұлұтай «Дін және мәдениет» Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет. 04.03.2015ж
2. Бұлда сонда,.
3. www.el.kz 11.08.2014ж
4. ҚР «Тіл туралы заңы» Алматы, 1997 жылғы шілденің 11-і, 4-бап

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

УДК 349.6

ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОБЯЗАТЕЛЬНОГО ЭКОЛОГИЧЕСКОГО СТРАХОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Нұртелеу Алмас Еркінұлы

*магистрант 1 курса юридического факультета ЖГУ им. И. Жансугурова,
г. Талдықорган, Казахстан, e-mail: almasy@bk.ru*

Бұл статъяда Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандырудың құқықтық мәселелері қарастырылған. Онда Экологиялық кодекске және «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» заңының экологиялық сақтандыру нормаларына өзгертулер енгізу арқылы жаңа «Экологиялық сақтандыру» туралы заңын қабылдап, оған түсінігін, түрлерін, мақсаты мен міндеттерін анықтап, міндетті сақтандыруға сарапшыны тарту тәртібін бекіту ұсынылған.

В данной статье рассматриваются правовые проблемы обязательного экологического страхования в Республике Казахстан. Предложено внести изменения путем систематизации норм об экологическом страховании в Экологическом кодексе Республики Казахстан и Закона РК "Об обязательном экологическом страховании", создав единый Закон РК "Об экологическом страховании" определить понятие, цель, виды, правила привлечения эксперта по экологическому страхованию.

This article discusses the legal problems of compulsory environmental insurance in the Republic of Kazakhstan. Proposed to amend the rules by arranging environmental insurance in the Environmental Code of the Republic of Kazakhstan and the Law "On Compulsory Environmental Insurance", creating a single Law "On environmental insurance" to define the concept, purpose, types, rules of attraction expert on environmental insurance.

Ключевые слова: *правовое регулирование, экологическое страхования, обязательное экологическое страхование*

Природные катаклизмы или техногенные катастрофы, связанные со значительными материальными потерями, в первом приближении воспринимаются как случайные события, однако их периодический характер доказывает, что они носят объективный и закономерный характер, связанный с несовершенством экономических отношений либо проблемами техногенного или антропогенного характера. Одним из реальных способов восполнения и минимизации причиненных убытков является страхование.

Страхуются экологические риски, которые могут возникнуть в результате:

1) экологической аварии, пожара, взрыва, наводнения, землетрясения, обвалов и т. п.;

2) деятельности предприятий, которые являются источниками повышенной опасности [1, 981].

Страхование многогранно: оно охватывает различные категории страхователей и объектов страхования, отличается по условиям страхования и объему страховой ответственности, может проводиться в силу закона или на добровольных началах. Чтобы правильно ориентироваться в разнообразии страховых отношений, привести их к единой взаимосвязанной системе необходима классификация страхования.

Система классификации представляет собой систему деления звеньев. В классификации по объектам страхования за высшее звено принята отрасль, среднее – подотрасль, низшее – вид страхования. Место экологического страхования в этой системе классификации определяется как специальный вид страхования, таким образом, занимает низшее звено [2, 57].

Для правильного определения перечня рисков, дифференциации страховых ставок, с помощью которых можно определить возможную величину ущерба, для обоснованности страховых ставок необходимо провести классификацию видов экологического страхования.

Экологическое страхование можно классифицировать по различным критериям. Так, в зависимости от объекта страхования можно выделить:

- а) ядерное страхование;
- б) страхование гражданской ответственности организаций, эксплуатирующих опасные производственные объекты;
- г) гидротехнические сооружения, противопожарное и иные виды страхования [3, 55-57].

Для рассмотрения механизма правового регулирования экологического страхования, наиболее целесообразно производить классификацию по форме осуществления рассматриваемого вида правоотношений. В соответствии с положениями статьи 805 ГК РК страхование осуществляется в следующих формах: добровольное и обязательное экологическое страхование предприятий, учреждений, организаций [4].

Также классификацию видов экологического страхования можно проводить по объектам страхования и по объему страховой ответственности (по роду опасности). Первая классификация является всеобщей, вторая - частной, охватывающей имущественное страхование.

Все звенья классификации, как уже отмечалось выше, охватывают формы проведения страхования обязательное и добровольное экологическое страхование [5, 14].

Форма страхования - это порядок организации страхования на основах добровольности или обязательности. Обязательную форму страхования отличают следующие принципы:

- 1) обязательное страхование устанавливается законом, согласно которому страховщик обязан застраховать соответствующие объекты, а страхователи - вносить причитающиеся страховые платежи. Предусматриваются перечень подлежащих обязательному страхованию объектов; объем страховой ответственности; уровень или нормы страхового обеспечения; порядок установления тарифных ставок или средние размеры этих ставок с предоставлением права их дифференциации на местах; периодичность внесения страховых платежей; основные права и обязанности страховщика и страхователя;
- 2) сплошной охват обязательным страхованием указанных в законе объектов;
- 3) автоматичность распространения обязательного страхования на объекты указанные в законе;
- 4) действие обязательного страхования независимо от внесения страховых платежей. В случаях, когда страхователь не уплатил причитающиеся страховые взносы, они уплачиваются в судебном порядке;
- 5) бессрочность обязательного страхования;
- 6) нормирование страхового обеспечения по обязательному страхованию;

Существенное значение для становления экологического страхования в Республике Казахстан имеет принятый в 2005 году Закон «Об обязательном экологическом страховании». Он определяет правовые, экономические и

организационные основы обязательного страхования гражданско-правовой ответственности физических и юридических лиц за причинение вреда окружающей среде, а также третьим лицам. Закон направлен на обеспечение гарантий по восстановлению окружающей среды до состояния, предшествовавшего страховому случаю [6].

В Законе определены экономические параметры обязательного экологического страхования, минимальные размеры страховых сумм и максимальные страховые премии. Параметры установлены исходя из международного опыта, положенного в основу модельного закона «Об экологическом страховании», разработанного с участием депутатов нашего Парламента и принятого на 15-ом пленарном заседании Межпарламентской Ассамблеи государств-участников СНГ в 2000 году. Положительным является то, что в законе определено обязательность экологического страхования всех юридических и физических лиц, занимающихся опасными видами хозяйственной деятельности на территории Казахстана, независимо от их организационно-правовой формы и формы собственности.

Обязательное экологическое страхование — «это страхование гражданско-правовой ответственности юридических лиц и индивидуальных предпринимателей, чья деятельность является источником повышенной опасности для природных объектов, за причинение вреда гражданам и юридическим лицам в результате негативного воздействия на окружающую среду последствий аварий и техногенных катастроф на подконтрольных им объектах, а также в результате воздействия загрязненных природных объектов на население и территории [7, 11].

В последнее время обязательное экологическое страхование осуществляется, в основном, по направлению страхования ответственности за причинение вреда путем включения экологических рисков в перечень рисков, подлежащих обязательному страхованию определенными категориями предприятий источников повышенной опасности. Под экологическими рисками понимают: риск техногенных аварий, например разрушение гидротехнического сооружения; риски природного характера, включая опасные геологические явления (землетрясения); риски, связанные с изменением качественного состояния земли, недр и иных природных ресурсов.

Закон Республики Казахстан «Об обязательном экологическом страховании» в силу узкого объекта правового регулирования содержит понятие обязательного экологического страхования [6].

Обязательное экологическое страхование, осуществляемое на данный момент в Республике Казахстан, имеет комплексный характер, так как вместе с риском причинения вреда окружающей среде, страхуются риски причинения вреда имуществу, жизни и здоровью третьих лиц.

Физические и (или) юридические лица, осуществляющие экологически опасные виды хозяйственной и иной деятельности, не вправе осуществлять свою деятельность без заключения договора обязательного экологического страхования. При наличии более одного владельца объекта, осуществляющего экологически опасный вид хозяйственной и иной деятельности, договор обязательного экологического страхования заключается любым из них с обязательным указанием в страховом полисе всех владельцев объекта в качестве застрахованных. Договором обязательного экологического страхования предусматривается осуществление страховой выплаты по обязательствам, возникшим вследствие причинения вреда жизни, здоровью, имуществу третьих лиц и (или) окружающей среде при осуществлении страхователем экологически опасных видов хозяйственной и иной

деятельности, за исключением возмещения морального вреда, упущенной выгоды и уплаты неустойки. Договор обязательного экологического страхования должен быть заключен только со страховщиком, имеющим лицензию на право осуществления деятельности по данному виду обязательного страхования. Страхователь свободен в выборе страховщика. Страховщик не вправе отказать страхователю в заключении договора обязательного экологического страхования. Договор обязательного экологического страхования заключается в письменной форме путем выдачи страховщиком страхователю страхового полиса. Основанием для его заключения является заявление страхователя. Если лицо, на которое возложена обязанность страхования, не осуществило его или заключило договор обязательного экологического страхования на условиях, ухудшающих положение застрахованного по сравнению с предусмотренным Законом, это лицо при наступлении страхового случая несет ответственность перед застрахованным на тех же условиях, на каких должна была быть осуществлена страховая выплата при надлежащем страховании.

Согласно статье 2 Закона РК «Об обязательном экологическом страховании», обязательным является страхование, осуществляемое в силу закона. Условия и порядок проведения обязательного страхования определяются соответствующими законами Республики Казахстан [6].

Обязательное экологическое страхование в настоящее время проводится путем включения экологических рисков в перечень страховых рисков, подлежащих обязательному страхованию определенными категориями предприятий - источников повышенной экологической опасности.

Экологические риски, в части рисков загрязнения и причинения вреда окружающей природной среде, страхуются в рамках: обязательного страхования ответственности предприятий, эксплуатирующих опасные производственные объекты; обязательного страхования гражданской ответственности эксплуатирующих организаций и собственников гидротехнических сооружений; страхования ответственности по возмещению ущерба в случае космической деятельности.

Обязательное страхование ответственности предприятий - источников повышенной экологической опасности, чья деятельность связана с повышенной опасностью для окружающих из-за использования транспортных средств, механизмов, электроэнергии высокого напряжения, взрывчатых веществ, сильнодействующих ядов и т.п., заключается в том, что они всегда несут ответственность за причинение вреда таким источником.

Страховая компания, имеющая право на проведение страхования гражданской ответственности предприятий - источников повышенной экологической опасности, осуществляя данный вид страхования, защищает «имущественные интересы предприятий на случай причинения вреда жизни, здоровью или имуществу других лиц и окружающей природной среде в результате аварии на производственном объекте».

Обязательное экологическое страхование осуществляется в силу закона, который устанавливает обязанность указанных в нем лиц страховать: жизнь, здоровье или имущество определенных в законе лиц; риск своей гражданской ответственности, которая может наступить вследствие причинения вреда жизни, здоровью или имуществу других лиц. Страхователь при обязательном экологическом страховании не имеет возможности изменить условия страхования, и обязан принять их безоговорочно.

Однако такое условие не следует считать нарушением прав и свобод граждан, самостоятельности предприятий. Обязательное экологическое страхование

необходимо, потому что оно отражает общественные потребности в сохранении окружающей природной среды [8, 31].

В обязательном страховании есть, кроме очевидного плюса (обязательности в заключение договора), еще один - экономический. Дело в том, что практика показывает: при обязательном страховании число страхователей, несомненно, выше, чем в случае, если бы данный вид являлся добровольным. В связи с этим тарифы на заключения договора тоже минимальны, ведь, говоря об экономике в целом, мы знаем, чем выше оборот денежных средств, тем ниже может быть установлена стоимость товара или услуги, что в условиях конкуренции становится определяющим.

Страхователем в контексте рассматриваемого правоотношения является организация, эксплуатирующая опасный производственный объект, то есть юридическое лицо.

Экологические споры в казахстанской практике возникают довольно часто, и их количество неуклонно растет. Наибольшее число споров возникает по искам территориальных департаментов экологии или природоохранных прокуроров о возмещении вреда окружающей среде, причиненного ее аварийным или сверхнормативным загрязнением. Встречаются также споры, связанные с отсутствием у компаний заключений государственной экологической экспертизы, разрешений на сжигание газа на факелах, самовольным использованием водных ресурсов, споры о праве собственности на отходы и другие [9, 34].

Например, согласно Экологическому кодексу РК, вред от загрязнения окружающей среды определяется по прямому либо по косвенному методу. Прямой метод – определение ущерба по стоимости восстановительных мероприятий – должен применяться в приоритетном порядке. Это позволяет добиться от компаний немедленного принятия мер по устранению последствий загрязнения. Косвенный метод – исчисление ущерба по специальным формулам – применяется в тех случаях, когда проведение восстановительных мероприятий невозможно (например, при загрязнении атмосферы). Например, к одной компании был предъявлен иск о возмещении ущерба окружающей среде, вызванного размещением отходов без экологического разрешения. Сумма ущерба была исчислена по косвенному методу. Инспектор обосновал применение косвенного метода следующим образом: компания в соответствии с Налоговым кодексом РК оплатила в бюджет платежи за размещение этих отходов в 10-кратном размере, следовательно, она сама признала оценку ущерба по косвенному методу [10, 16].

Мы считаем такой подход совершенно незаконным и необоснованным: компания произвела расчет платы за эмиссии – обязательного страхования в бюджет, а не ущерба; это расчет был выполнен в рамках налоговых отношений, в соответствии с требованиями налогового законодательства. В отличие от платы за эмиссии, размер ущерба окружающей среде определяется в рамках гражданского правоотношения, возникающего из причинения вреда, в соответствии с нормами экологического и гражданского законодательства. Поэтому исчисление компанией платы за эмиссии никаких юридических последствий для определения ущерба от загрязнения окружающей среды не влечет.

Приведем еще один пример. Многие производственные объекты суды признают источниками повышенной опасности. Согласно гражданскому и экологическому законодательству РК, вред, причиненный источником повышенной опасности, возмещается его владельцем независимо от вины последнего. Владелец источника повышенной опасности освобождается от возмещения вреда, если докажет, что вред возник вследствие непреодолимой силы или умысла потерпевшего. На практике была ситуация, в которой прокурор утверждал, что

деградация (т.е. истощение) природных ресурсов вызвана деятельностью конкретной компании. При этом он заявил, что объекты компании являются источником повышенной опасности, поэтому доказывать, что вред причинен именно ее объектами, он не обязан. Полагаем, это этот подход также не имеет под собой оснований: истец освобождается от доказывания вины владельца источника повышенной опасности, но никак не причинной связи между действием источника и возникновением вреда. Иными словами, прежде, чем предъявлять к компании какие-либо требования как к владельцу источника повышенной опасности, причинившего вред, необходимо доказать, был ли вред действительно причинен именно данным объектом, принадлежащим конкретной компании.

Рассматривая совокупность проблем, следует сделать вывод о том, что самой главной проблемой государственно-правового характера является несовершенство нормативной базы. Это выражается как в отсутствии определенных нормативных актов, необходимых для реализации механизма экологического страхования, так и в несовершенстве действующих норм права. Имеющийся Закон «Об обязательном экологическом страховании» решает лишь вопросы обязательной формы его осуществления. При этом в нем отсутствуют правовые основы добровольного экологического страхования.

Предложено внести изменения путем систематизации норм об экологическом страховании в Экологическом кодексе Республики Казахстан и Закона РК "Об обязательном экологическом страховании", создав единый Закон РК "Об экологическом страховании" определить понятие, цель, виды, правила привлечения эксперта по экологическому страхованию. Принятие единого Закона РК "Об экологическом страховании" дало бы возможность регулировать все отношения, возникающие в области экологического страхования, кроме того, будет исключена возможность существующих разрозненно норм об экологическом страховании противоречить друг другу, а также дублирование одних и тех же норм.

ЛИТЕРАТУРА

1. Sherimova N.Sh. [Actual Problems of Ecological Insurance in the Subsurface Use Sphere](http://www.sciencedirect.com). Procedia - Social and Behavioral Sciences, Volume 143, 14 August 2014, Pages 981-984 <http://www.sciencedirect.com>
2. Гурьянова Т.О. Экологическое страхование как фактор устойчивого развития экономики региона: Дис. канд. юрид. наук: 12.00.03. - Ростов н/Д, 2010. - С. 36.
3. Тлебаева Г.М. Проблемные аспекты правового регулирования экологического страхования в Республике Казахстан // Экономика и право Казахстана. – 2008. - № 1. С.55-57.
4. Республика Казахстан. Гражданский кодекс (Особенная часть) от 1 июля 1999 г. № 409-І (с изменениями и дополнениями по состоянию на 20 декабря 2004 г.) // Сборник нормативно-правовых актов. - Алматы: Юрист, 2015. - с. 300.
5. Экология. Юридический энциклопедический словарь / Под ред. проф. С.А. Боголюбова. - М.: Изд-во НОРМА, 2009. - С. 441.
6. Республика Казахстан. Закон. Об обязательном экологическом страховании // Казахстанская правда. - 2005. - 13 декабря.
7. Бажайкин А.Л. Экологическое страхование: Теория, практика правового регулирования: Автореф. дис. ... д. ю. н. - М., 2008. - С. 128.
8. Олейник К.А. Экологическая оценка в деятельности страховых компаний // Страховое дело. - 2011. - №8. - С. 31-35.
9. Фурсов В.И. Экологические проблемы окружающей среды. - Алматы: Ана ТШІ, 2012. - С. 56.

10. Абдраимов Б., Жарылкасын Е. Возмещение экологического вреда по законодательству Республики Казахстан. - Алматы: Юрист, 2007. - С. 80.

ӘОК 343.2/7

ҚР-НЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ШАРАЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекежанов Д.Н., магистр

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
bek_dauren@mail.ru*

Қазақстан Республикасында ең көп кездесетін қылмыстар қатарына «Меншікке қарсы қылмыстар» жатады. Оның ішіндегі ең қауіптілерінің бірі «тонау, қарақшылық, ұрлық» қылмысы болып табылады. Өйткені «тонау, қарақшылық, ұрлық» қылмысы өзінің жасалу әдісімен, яғни ашық түрде жасалатындығымен ерекшеленеді.

«Тонау қарақшылық, ұрлық» қылмысын ғылыми мақала ретінде зерттеу барысында оның қылмыстық құрамын, саралану ерекшеліктерін, басқа меншікке қарсы қылмыстардан өзгешеліктерін, субъектісінің ерекшеліктерін толық түрде қарастырдым.

В Республике Казахстан часто встречающимися преступлениями являются «Преступления против собственности». Среди них одним из общественно-опасных является «грабеж, кража, разбой». Потому что, «грабеж, кража, разбой» совершается открытым путем, особенность ее заключается в методе совершения.

Рассматривая как отдельную тему научной статьи, исследуя преступление как «грабеж, кража, разбой», я рассматривал состав, особенности квалификации, отличие от других преступлений собственности, особенности субъекта грабежа.

In the Republic of Kazakhstan frequent crimes are " crimes against property ". Among them, one of the socially dangerous is "robbery, theft, robbery." Because, "robbery, theft, robbery" committed by the open, a feature of it is the method of execution.

Considering as a separate topic of scientific articles investigating the crime as "robbery, theft, robbery," I considered the composition, especially qualifications, difference between the other property crimes, especially the subject of a robbery.

Кілт сөздер: *тонау, қарақшылық, ұрлық, меншік, қылмыс, заң, құқықтық саясат.*

Бүгінгі күні қоғамда болып жатқан өзгерістер, әртүрлі меншік нысандарының пайда болуы қылмыстық заңның да өзгеруіне ықпал етеді. 1997 жылғы Қылмыстық кодекс қазіргі қоғамға қажет, бұрын бізге таныс емес жаңа қылмыс құрамдарын ұсынады. Бірақ заңның жаңалығы оның толық жетілгендігін білдірмейді. Кейбір авторлар пікірінше қылмыстық заң күшіне енген соң көптеген қоғамдық қажеттіліктерге жауап бере алмады. Қылмыстық-құқықтық новеллаларды жасау және өзгерту негізінде олардың мазмұнын анықтайтын теориялық қылмыстық-құқықтық концепциялар жатыр. Сондықтан зерттеушілер зерттеу деңгейі толық емес делінген құқықтық идеяларға көңіл бөледі.

Қазіргі уақытта криминогендік жағдайдың шиеленісу факторы болып экономиканың тұрақсыздығы, өндіріс пен тұтынушылық нарық мүмкіндігінің қысқаруы, ақшаның құнсыздануы, бағаның үнемі өсуі, көптеген азаматтардың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкеп соқты. Бұл жағдайдан Қазақстан да тыс қалмады. Қазақстанда қылмыстылық деңгейі 90 жылдардың соңында жедел өсіп, жоғары

күйінде қала берді, соңғы жылдардағы криминалдық өзгеріс, қылмыстылықтың санының ғана өсуі емес, сонымен бірге қылмыстылықтың сапасының өзгеруі болады.

Мемлекеттің қылмыстылыққа бақылау жасап, оның алдын алуға қабілетсіздігі – қоғамның саяси, заңдық, әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздығы екені белгілі. Осындай жағдайға байланысты криминологиялық және қылмыстық құқықтың зерттеу шегіне кіретін ұрлықпен күрес жүргізу мәселесі ерекше маңызға ие болды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет болып жарияланғанына жиырма екі жылдан асты. Жиырма үш жылдардың ішінде еліміз әлем сахынасы төрінде беделді орынға ие болып, көптеген жетістіктерге қол жеткізгені белгілі. Қазіргі жағдайда сот-құқықтық реформасын іске асыруда құқықтық мемлекеттің негізгі қағидасын жүзеге асыруды қамтамасыз ету саласында қылмысты ашу мен тергеу процестерін жетілдіру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр.

Меншікті реттеу Қазақстан Республикасының Конституциясынан бастау алып, еліміздің азаматтық кодексімен, мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру, тағы басқа заңдармен, нормативтік құқықтық актілермен жалғасын тапқан. Өкінішке орай, меншікті реттейтін заңдардың арасында өзара қайшылықтары, шешімін таппаған қиындықтары да бар. Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабында “Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Конституцияның 26 бабында көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншікте ұстай алады делінген [1].

Біздің елімізде адам бостандығы мен жеке басына қол сұғылмаушылық құқығына қол сұғуға жауаптылықты белгілейтін қылмыстық заңнама елдегі жүргізіліп отырған қылмыстылыққа қарсы саясатқа сәйкес дамытылып, жетілдіріп отырылуға тиіс. Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты концепциясында көрсетіліп кеткендей қылмыстық заңнамада бастама заңмен қорғалатын ең қымбат әлеуметтік құндылық болып табылатын адам құқықтары мен бостандықтарын алынуы керек [2].

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты жолдауының жетінші бағытында Мемлекеттік институттар жұмысын жетілдіру. Өлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет. Мемлекеттің үкіметтік емес сектормен және бизнеспен өзара іс-қимылының жаңартылған тәсілдері керек.

Заң алдындағы теңдік құқық тәртібінің шынайы негізі болуға тиіс. Сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуге тиіс [3].

Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 6 тарауында меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар бөлімінде 188-бабы ұрлық, 191-бабы тонау, 192 – бабы қарақшылық қылмыстарын сараланушы белгілерінің екі тобын көрсеткен: адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе бірнеше рет немесе тұрғын, қызметтік не өндірістік үй жайға, қоймаға заңсыз кірумен жасалынған ұрлық; ұйымдасқан топ немесе талан-тараж не қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан көп рет сотталған адам жасаған ұрлық [4].

Сонымен қатар, қарақшылық аса қауіпті рецидивіспен жасалған және қайталап жасалынған қарақшылық, мүлікті ірі мөлшерде ұрлау жатады. Қарақшылық пен ұрлықтың Объектісіне қатысты ұқсастығы екеуінде де біреудің мүлкіне қатысты іс-әрекет болып келеді. Ал айырмашылығына келетін болсақ біріншіден ұрлықта жасырын түрде, ал тонау ашық түрде жасалады. Екінші айырмашылығы ол объектісінде, яғни ұрлықта ол көлік, коммерциялық не коммерциялық емес ұйымдардың меншігі т.б. кез-келген меншік бола алады. Объективтік жағына келетін болсақ екі қылмыс та іс-әрекет пен жасалады. Субъективтік жағы ол екі іс-әрекетте де тікелей-қасақаналықпен жасалады. Қылмыс пайдакүнемдік ниет және сондай мақсатпен жүзеге асырылады. Ұрлық пен тонаудың субъектісі болып 14-ке толған есі дұрыс кез-келген адамдар танылады. Тонау ұрлықтан қарағанда ауыр қылмыс болып келеді. Үйткені тонуда денсаулығына зиян келтіремін деп қорқытып жасайды [5, 154б.].

А.И.Гуров жазғандай: “Ерте заманнан бастап Орта Азия халықтарында, сол сияқты басқа да халықтарда жылқы ұрлау кең тараған еді. Жылқы ұрлаушыларды “отырғыштылар” (скамеечники) деп атаған. Бұлар ұрылардың ішіндегі ең мықтылары болды, әрі олардың ғасырларға созылған қылмыстық дәстүрлері, әдейі өздеріне ғана белгілі жаргондары, губерния аралық қылмыстық байланыстары, ұрланған малды жасыруға қалыптасқан айла-тәсілдері болған. Тәжірибелі жылқы ұрлаушылар “кәсіби” шеберліктерін мұра қылып қалдырып отырған. Жылқы ұрлау ұйымдасқан қылмыстың түрі болған және арнаулы кәсіби қарақшы топтардан тұрған. Кейде мұндай топтар бірнеше жүздеген адамды қамтыған, сондықтан, бұл қылмысты ұйымдасқан қылмыс санатына жатқызуға болады” [6,72б.].

Шабуыл жасап тонаудың алдында қылмыскерлер өзінің залал келтіретін адамын белгілеп алады, яғни оның жұмыстық мәртебесін, күнделікті істейтін ісін, осыған қарап, оның материалдық жағдайын анықтайды. Әдетте шабуыл жасап тонау мен тонаудың жәбірленушілері қылмыскерге, өздерінің жас немесе басқа факторға сәйкес ешқандай қарсы әрекет жасай алмайтын адамдар болады. Көбінесе шабуыл жасап тонау мен тонауға алкогольдік ішімдіктер ішетін, сондай-ақ жеңіл жүрісті әйелдерге қызуғышылығы бар адамдар ұшырайды деп тұжырымдайды. [7,56б.].

Н.М. Коржанскийдің пікірі бойынша ұрлық өзінің объективтік белгісіне орай мүлікті меншік иесінің иелігіне немесе қорғауға берілген тұлғаның қол астынан құқыққа қайшы күш қолданусыз жасырын алуда көрініс табады. Ұрлық ұрының меншік иесінің билігіндегі бөтен мүлікті алуда белгілі тәсілімен әрекетпен ғана жүзеге асырылады, ұрлық әрекетсіздікпен жасалмайды. Осыған орай ұрлықтың объективтік жағын әрекет, зардап және әрекет пен зардаптын арасындағы тікелей себепті байланыс деп көрсетуге болады [8,211б.].

Мемлекетіміздің нарықтық экономикаға өтуіне байланысты тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық өмірінде өзгерістер болды. Бұл өзгерістер қылмыстардың өсуіне себеп болып отыр. Қазіргі кезде ұрлық, қарақшылық, адам өлтіру қылмыстары кеңінен құлаш жайып отыр. Аталған қылмыстарды ашуды оқиға болған жердің тергеу әрекеті ретінде маңызы өте зор. Қылмыстық заңның осы нормасының өзі адамды қылмыстық жауапқа тарту үшін және осы қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп табу үшін оның жасаған іс әретінде белгілі бір қылмыс құрамының белгілері болуы керек екендігін және қылмыстық заңда көрсетілген қылмыс құрамының барлық белгілері бар іс әрекетті істеу қылмыстық жауаптылықтың бірден бір негізі болып табылатынын айқындайды.

Сондықтан да, Қазақстан Республикасы қылмыстық заңдарының ең басты міндеттері адам, адамның өмірі, олардың құқықтары мен бостандықтары, жеке меншік мүліктері, қоғамның, мемлекеттің мүдделерін қорғау болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995жылы 30 тамыз Алматы: Юрист 2015-61 б
2. Қазақстан Республикасы Президенті. Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы: Жарлық, 2002 жыл, 20 қыркүйек, №949// Егемен Қазақстан. – 2012. – 25 қыркүйек.
3. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты жолдауы Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: «ЮРИСТ». 2015.- 204б.
5. А.Н. Ағыбаев Қылмыстық құқық: Оқулық. Толықтырылған, екінші басылымы. – А.: «Жеті жарғы». 1999. - 320 б.
6. Гуров А.И. Профессиональная преступность: прошлое и современность М., 1990. -241 с.
7. С.Рахметов, А.Н.Ағыбаев, С.Умбеталиев Қылмыс құрамының ерекшеліктері бойынша саралау : Практикалық оқу құралы. - Алматы: «Дәнекер», 2009. - 320 б.
8. Коржанский Н.М. Объект и предмет уголовно-правовой охраны. -Москва, 2001. - 401 с.

ОӘД 342.7

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТІРЕГІ - АТА ЗАҢ!

Байжуманова Айгерим Мажибековна, аға оқытушы, магистр

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Nurai310707@mail.ru*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылданған кезден бастап, қазіргі кезге дейінгі Конституцияның қоғамдағы рөлі мен маңызын, өзгерту мен толықтырулар енгізу тәртібі мен құқықтық негіздерін, тәуелсіз Қазақстанның тарихи дамуы мен кезеңдерін бекітіп, сондай-ақ Негізгі заңның дұрыс жұмыс істеуіне бйланысты азаматтық қоғамның және республика қызметінің негізгі бағыттары мен қағидаларының қызметтері қарастырылған.

В данной статье раскрываются основные и правовые направления Конституции Республики Казахстан как основного закона государства, его роль, сущность и порядок внесения изменений и дополнений в Конституцию, а также принципы деятельности государства, которые указаны в Конституции.

This article covers basic and legal areas of the Constitution of the Republic of Kazakhstan as the Basic Law of the State, its role, the essence and the procedure for introducing amendments and additions to the Constitution, as well as the principles of the activity of the State, which are specified in the Constitution.

Кілт сөздер: Конституция, қоғам, мемлекет, мемлекеттік құрылыс, конституциялық принцип, республика, референдум, демократия.

«Көндіре алатын күші
болмаса заң заң болудан қалады».
Дж.Гарфиллд

Осыдан жиырма жыл бұрын бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата заң Қазақстан азаматтарының күнделікті өміріне қажетті сұрақтардан бастап, стратегиялық маңызы бар мәселелерді шешуге негізделген құжат. Оның басты көздейтін нысаны – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Конституция осы жылдар ішінде жас мемлекеттің, билік пен басқару жүйесін жан-жақты нығайтып қана қоймай, ел экономикасын түбегейлі реформалауға, сыртқы және ішкі саясаттың оң нәтижелі жүзеге асуына ықпал жасады. Қоғамда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын орнатты. Бір сөзбен айтқанда, Ата заң – қоғам дамуының түпқазығына айналды. Біздің заң әлемдегі ең жас Конституция. Қазір толысу мен толығу сәтінде. Кейде, оған өзгерістер енгізуге ұсыныс болады. Алайда, Конституцияны өзгерте беру қоғам үшін, әр азамат үшін тиімсіз. Даму мен өркениеттің жолына түскен еліміздің қазіргі Ата заңы қазақстандық азаматтардың құқығын қорғауда көпке дейін қызмет жасары сөзсіз. Кез келген өркениетті мемлекеттің өз конституциясы болады. Елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығы көп жағдайда сол Конституцияның, яғни Негізгі заңның дұрыс жұмыс істеуіне байланысты болмақ. Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданды. Иә, Қазақстан халқы осыдан жиырма жыл бұрын жаңа Конституцияның қабылдануына дауыс беріп, өзінің тарихи таңдауын жасаған еді. Негізгі заң тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық және мемлекеттік құрылысының іргелі қағидаттарын бекітіп, демократиялық институттардың дамуына мықты қуат берді. Қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм және мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу республика қызметінің түбегейлі принциптері болып бекітілді. Мемлекетіміздің Конституциясы — бұл біздің бірлігіміздің, татулығымыздың кепілдігі, биліктің барлық буынының жолға қойылған, тиімді жұмысы, еңбек ету, лайықты өмір сүру және жан-жақты үйлесімді даму үшін адамның құқықтары мен бостандықтарын бекіту, ұлтаралық келісім мен елдің гүлденуі болып табылады. Конституция Қазақстан азаматының өмір сүруге, сөз еркіндігіне, шығармашылық еркіндігіне сонымен қатар дін ұстанымы еркіндігіне, еңбекке, демалысқа, денсаулық қорғауына, ақысыз орта білім алуына және жеке адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмау құқығына кепіл болады [1]. Әрбір қазақстандық азамат біздің Конституциямызда жария етілген демократиялы құндылықтардың сақталуына жауапты. Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкілазаматтық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің қамтылғанын айғақтайды. Біз ұлан-ғайыр байтақ даланы ақ білектің күшімен қорғап қалған батыр бабаларымыздың асқақ аманатына адал болуымыз керек. Олар елі азат, жері тұтас қуатты мемлекет құруды, Жерұйықта ғұмыр кешуді аңсады. Осы арманды ақиқатқа айналдыру бақыты біздің ұрпаққа бұйырды. Елімізді қарқынды дамытып, әлемнің маңдай алды мемлекеттерінің қатарына қосу — біздің қастерлі де қасиетті борышымыз. Конституция күніне орай еліміздің барлық қалалары мен елді мекендеріндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар секілді, Сәтбаев қалалық сотында да кең көлемде мерекелік шара өткізілмек. Қол жеткен табыстар Ата Заңымыздың мықты әлеуетінің дәлелі десек артық айтқандық емес. Тұрақтылыққа, Отанымыздың басты байлығы – тыныштық пен бейбіт өмірге

Конституцияның негізінде қол жеткіздік. Осыны түсіне білуіміз қажет. Ата Заңмен өмір сүру – демократияның жарқын көрінісі.

Жақында республикамыздың Конституциясы тарихымен танысып, оның әр кезең-кездегі ел-жұртымыздың саяси-қоғамдық әрі экономикалық өміріндегі алған орнын саралағаным бар. Бір қызығы, оның өзінің жасампаздық танытқан мезгілдерінде, ел-жұрт және мемлекет, сосын, қоғам тыныс-тіршілігін жан-жақты әрі нақты көрсеткенінің куәсі болдым. Ал, кеңестік кезеңіндегі әр жылдары қабылданған Ата Заңымыздың негізін салушылар коммунистік идеялар мен идеологияның жемісі – утопистер екен де, мемлекеттің төлқұжаты саналатын конституция утопиялық бағыт-бағдарды негізге алған басты құжат екенін осы ізденісте аңғардым.

Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат - Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі.

Осыдан жиырма жыл бұрын, 30- тамызда Қазақстан халқы тарихи шешім қабылдап, еліміздің құқықтық өміріндегі жасампаз жана дәуіріне қадам басқан еді. Содан бері қарай тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата заң - мемлекет пен қоғамда орын алып отырған барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуына, дамудың қайнар бастауына айналды. Өткен 19 жылдан бері мемлекет пен қоғамның дамуындағы өзгерістер - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығу талпыныстарының бәрі - Ата заң қағидалары негізінде жүзеге асырылып келеді.

Тоқтала кететін тағы бір жайт, Қазақстанның Ата заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналатынын айтқанбыз. Расында, бүкіл мемлекеттік құрылымды айғақтайтын, елдіктің бастауы болып табылатын құжат 20 жасқа толып отыр. Әрине, тарих ауқымымен айтқанда, бұл азғантай ғана мерзім. Десе де, осындай алмағайып заманда Қазақстанның Ата заңы уақыттың сынынан сүрінбей өтті, өзінің заман талабына лайықтығын жан-жақты дәлелдеді. Ал көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қазақстанның Конституциясы әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі болып саналады екен. Бұның өзі Ата заңымыздың үлкен әлеуетін білдірсе керек.

Тарихқа кері шегінетін болсақ, тәуелсіздікке ие болған Қазақстанның ең басты қадамы Конституцияны қабылдаумен тұтастай байланысты. Бұл туралы: «Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген сенімді жинақтаған Негізгі Заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнатудың негізгі принциптерін баянды етуге тиіс болатын», - деп жазады Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» атты кітабында. Осылайша, ел егемендігінен кейінгі 1993 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы егемендік тарихындағы ең демократияшыл құжат болып табылған еді. Алғаш қабылданған 1993 жылғы Конституцияның мәні мен маңызына келетін болсақ, бұл Негізгі құжат Президенттің көрсеткен мақсаты бойынша төрт басты мәселеге жауап беруі және соған жағдай жасауы тиіс болатын. Оның біріншісі - мемлекеттік билікті басқарудың барлық жүйесін нығайту, екіншіден - экономикалық реформаны жүргізе отырып, елді сол кездегі терең дағдарыстан шығару, үшіншіден - жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыру, төртіншіден - ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін заңдық негіздерді Ата заңда көрсету. Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабында жазуына қарағанда, жоғарыда қамтылған төрт мақсатты шешіп беретін баптар әуелгі Конституцияның жобасында барынша қамтылмады. Президент бұл

ретте тұңғыш Конституция жобасы әуелден-ақ еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық үдерістен алшақ қалғанын жазады. Сөйтіп, уақыт өте келе заман ағымы мен сұранысына қарай, Бас заңымыздың кейбір тұстары нарықтық қоғамдағы өзгерістерге сәйкес болмай шыққаны байқалды. Сондықтан да арада екі жыл өткенде 1995 жылы қазіргі Негізгі заң - Конституция қабылданды. Осылайша, тәуелсіздік жылдары Қазақстанның мемлекеттігін айқындаған Ата заң екі қайтара түледі. Өйткені 90-шы жылдардың басында Қазақстанның саяси-экономикалық жағдайы мүлдем басқаша болатын [2, 6б.].

Күні кешегі тарихи оқиғаларға жүгінсек, жаңа Конституцияны қабылдау қарсаңында ұзақ мерзімді қызу жұмыстар атқарылды. Президенттің бастамасымен құрылған сарапшылар көптеген әлем елдерінің Конституцияларын, әсіресе XX ғасырдың екінші жартысында қабылданғандарын мұқият сараптаудан өткізді. «Біз үшін дамудың әртүрлі сатыларында тұрған, сан алуан әлеуметтік-мәдени, ұлттық және басқа да ерекшеліктері, әр түрлі құқықтық жүйесі бар елдердің Конституциясы басты мәселені - тұрақтылықты нығайтудағы, халықтың әл-ауқатын жақсартудағы және демократияны дамытудағы қол жеткен табыстарын ұғыну маңызды болды. Ізденіс географиясы да ауқымды болатын - ол Еуропаны, Азияны, Солтүстік және Латын Америкасын қамтыды. Мен өз басым тікелей әлемдегі жиырма елдің конституциясын талдап, олардан конспект жасап алдым. Нәтижесінде, жаңа Конституцияның қажеттігі туралы шешім қабылдас бұрын бізде бес жылдық жинақталған тәжірибе болды. Біз содан негізгі басымдықтарды, мақсаттарды ажыратып, оларға жетудің құралдарын үйрендік. Конституцияны қабылдау қарсаңында ондаған жылдар бойы азаматтарымыздың ой-санасында қордаланып қалған стереотиптерді жою үшін, мемлекет пен қоғамды түбегейлі реформалау барысында пайда болатын көптеген объективті және субъективті проблемаларды шешу үшін бірнеше жылға созылған табанды жұмыстар атқаруға тура келді. Иә, кейде біздің шешімдеріміз жартыкеш, ымырашыл сипатта да болды. Кез келген жаңа істе болатыны сияқты, қателіктер де жіберілетін. Осының бәрі сол кездерде анық өтпелі сипатта болған мемлекеттік институттар мен заңнамалық қызметтерден көрініс тауып отырды [3, 44б.]. Бірақ, сол бір қиын-қыстау жылдарды еске алғанда, елімізді күрделі әлеуметтік катаклизмдерге соқтырмай, аман сақтап, әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі ретіндегі осы заманғы мемлекет құру үшін не керектің бәрін істегеніме, мемлекетті құруға қызмет жасағаным сенімдімін», - деп жазады Елбасы кітабында. Сөйтіп, Тұңғыш Президенттің өзі ынталылық жасап, сол кездері Еуропа мен Азияның, Солтүстік Латын Америкасының барлығы 20-дан астам дамыған және дамушы елдерінің конституцияларын зерттеп, саралап шықты. Сосын 1994 жылы өз қолымен Әділет министрлігіне жаңа конституцияның жобасын тапсырған болатын. Нақ осы үлгі-жоба бүгінгі Ата заңымыздың негізін қалаған еді. Ендеше 1995 жылы қабылданған Конституцияның да басты авторы - Тұңғыш Президент - Елбасы Н. Назарбаев деп толық сеніммен айтуға да болады.

Шындығында, 1995 жылғы Конституцияны талқылау кезеңінде еліміздегі беделді заңгерлерден бөлек, Францияның Конституциялық кеңесінің өкілдері, осы елдің Мемлекеттік Кеңесінің мүшелері, Ресей зерттеу орталығының ең беделді заңгерлері жобалық жұмыстың жоғары талқылау шараларына атсалысты. Айта кетейік, тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынған да, елдің көптеген пікірі ескерілген Негізгі заң да осы - 1995 жылы қабылданған Конституция. Қазір келтіріліп жүрген ресми мәліметтерге қарасақ, құжатты талқылауға 3 млн. 345 мың адам қатысыпты. Жұртшылық тарапынан сарапталған 31 мың 886 ұсыныс түссе, соның 1 мың 100-і конституция жобасына енгізілген. Бұл жөнінде Елбасы «Қазақстандық жол» атты кітабында: «1995 жылғы Конституция тақыр жерде пайда болған жоқ. Ол егемен Қазақстанда конституциялық құрылыс

орнату үшін бұрыннан жинақталған тәжірибелерді, сондай-ақ біздің жағдайымызға сәйкес келетін ең прогресшіл шетелдік тәжірибелерді барынша толық пайдаланған еді. Сондықтан да, кімде-кім еліміздің Негізгі заңының рухы мен маңызын терең түсінгісі келсе, оны жасаудың, қалыптастырудың тарихын жақсы білуі керек», - деген болатын [4, 75].

Егер, біз халықтар достығын мәңгілік сақтаймыз деген ұстанымда жергілікті халықтың, яғни, мемлекеттің дінгегі саналатын ұлттың мақсат-мүддесі, тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрінен тыс конституция мен заңдар қабылдаймыз десек, онда өзімізді-өзіміз қатты алдағанымыз. Оның ең озық үлгісі сол бағыт-бағдарды жалған, жасанды жасампаздандырып мәңгілік бірлік, достық, бауырмалдықты қалыптастырып, бір тіл мен ділді мемлекет жасаймыз деген – КСРО. Оның басты кемшілігі жергілікті ұлт мүддесін аяқасты етуі еді. Ақыры сол түбіне жетті. Сондықтан, біз КСРО кезіндегі қателіктерді мемлекет ретінде жасанды достыққа құрып, оны іштей ірітіп-шірітсек өсіп-өнбейміз. Тарих – сабақ алатын басты құндылық. Ол – уақыт тудырып жүргізген оқиғалар жиынтығы. Ендеше, содан қорытынды шығара білуге тиіспіз [5, 406].

Сонымен биыл 20 жасқа толатын Конституция тәуелсіз мемлекет ретінде дамуымызға даңғыл болып, елдің бетке алған бағдарының тұтастай бөлігін қамтып отыр десе де болады. Алайда, заман ағымына қарай Негізгі заңымыздың өзгеріске ұшырауын да ешкім жоққа шығара алмасы анық. Дегенмен, қазіргі хәм өмір бойғы басты міндетіміз Қазақстан Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны қатаң ұстану. Яғни, басты талап - Ата Заңымыз, Конституцияны құрметтеп қорғау, ал оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау республикамыздың әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс. Ең бастысы, Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жыл бойғы дамуындағы бүгінгі жетістіктерінің баршасы Ата заңымыздың тиімділігін анық айқындап отыр. Конституция 20 жылдық тәуелсіз дамуға сеп болып қана қойған жоқ, Құжаттың нормативтік әлеуеттері де халыққа талай қызмет етіп, демократиялық, құқықтық мемлекеттіліктің одан әрі беки түсуіндегі прогресс жолында мығым заңдық негіз болып қала бермек. Осы тұрғыдағы ойымызды Елбасының сөзімен аяқтасақ: «Конституцияны қатаң ұстану - бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру - бұл демократияның ең жоғарғы мектебі [6, 40]. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз. Біздің міндет - Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек. Конституцияны сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни мұндай жағдайда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ».

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған // «Параграф» ақпараттық жүйесі.
2. Байжұманова А.М. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Оқу құралы, –Талдықорған: «Жетісу» баспасы, 2013. -356 б.
3. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Оқулық, –Алматы: «Жеті жарғы», 2009. -423 б.
4. Қопабаев Ә.Қ. Шетелдердің конституциялық құқығы. –Алматы: Жеті жарғы, 2000. -188 б.
5. Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы. –Алматы: Жеті жарғы, 2008. -120 б.

6. Сартаев С.С. и др. Конституционное право Республики Казахстан. Учебное пособие. –Алматы, 2008. -360 с.

УДК 342

ҚР-НЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Хасенова А.Н.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті Талдықорған қаласы,
ajin_91@mail.ru*

Данная статья рассматривает важность Конституций для человека и общества в целом и рассмотрения его социального значения. Правовой статус Конституционного Совета и важность его обязанностей.

Бұл мақалада Конституцияның жеке адам мен қоғам үшін атқаратын маңыздылығы мен жоғары әлеуметтік мәні қарастырылған. Конституциялық Кеңестің құқықтық мәртебесі және атқаратын міндеттері мен оның қоғам үшін елеулілігі.

The present article considers the importance of constitution for the individual and generally for the society and his social value. The legal status of the Constitutional Council and the importance of his duties.

Кілт сөздер: конституция, реформа, демократия, заң, конституциялық кеңес.

Елімнің тұғырын биікке самғатып, халқымызды бір ел қылып, ал жерімізді отан қылған ата-заңымыз Конституция. Адамды ең басты құндылық ретінде белгілеген Конституцияның адам үшін де маңызы зор. Конституция тек қана міндеттер мен талаптар жиынтығы емес, ол күллі халқымыздың болмыс-бітімін айқындайтын басты құжатымыз болып табылады. Оны қорғау, бақылау, қарастыру сияқты аса маңызды міндетті орындау кімге жүктелген, бақылау құрылымы қандай? Осы сұрақтарды қарастыруды ұйғардық.

Жалпы құқықтық мәртебе дегеніміз құқық нормаларымен бекітілген субъектінің заңды құқығы мен міндеттері. Бекітілген құқықтық нормалардың кепілдігі. Субъектінің өз міндетін орындамаған жағдайда тартылатын жазасы. Конституциялық Кеңес өте маңызды қызмет атқарады, себебі Конституция құқық пирамидасының, юрисдикцияның және тәртіптің, құқықтық актілер жиынтығы болып табылады, оған қоса бұл жоғары құндылықты, нормативтік-саяси, мобильдендіретін манифесттік құжат, ол бір топ адамды халық қылып, белгілі географиялық территорияны мемлекетке айналдырады. Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары айқындалып көрсетілген. Тәуелсіздігіміздің айқын белгісі, болашағымыздың кепілі. Конституциямыз қабылданған бері 20 жыл өтті. Әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналғанымен, дамушы мемлекеттер қатарында Тәуелсіз Еліміздің беделді болуына және халықаралық саяси аренада белді орынға ие болуына өз үлесін қосуда. Яғни өткен 20 жылдан бері мемлекет пен қоғамның дамуындағы өзгерістер - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығу талпыныстарының бәрі - Конституция қағидалары негізінде жүзеге асырылып келеді. осындай алмағайып заманда Қазақстанның Ата

заңы уақыттың сынынан сүрінбей өтті, өзінің заман талабына лайықтығын жан-жақты дәлелдеді.

Әрине бұндай жетістікке жету үшін өте үлкен жұмыс атқарылды, 3 млн азамат қатысқан 33 мың ұжымдық қаралым, 30 мыңнан астам ұсыныстар мен ескертпелер аталды, 55 бапқа 1100 өзгеріс енгізілді. Сонымен ағымдағы [Конституция 1995 жылы 30 тамыз](#) күні жалпыхалықтық [Референдум](#) негізінде қабылданды және [5 қыркүйек](#) күні өз күшіне енді. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрады [1]. Біздің зайырлы мемлекетіміздің тіреушісі. Конституция мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат болып табылады. Ол қоғамның, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады. Бұл тәуелсіз Қазақстанның 1995 жылдың 30 тамызында қабылдаған екінші конституциясы. Осындай күрделі жұмыспен саяси сауаттылықтың арқасында тәуелсіз еліміздің тұғыры биіктен көрінуде.

Уақыт өз орнында тұрмайды, онымен бірге кез келген жүйе өзгеріске ұшырайды. Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі, ол заңнамалық системалардың бір біріне жақындауы. Осы орайда ең басты мәселе, ол заңды және адамдардың бас бостандығын қорғау болып табылады. Қазақстан Республикасы нарықтық экономика, демократиялық саясат системасы және еркін азаматтық қоғамға өз есігін айқара ашты. Әрине бұл Конституциялық заңнамаға да өз толықтыруларын енгізеді. Осы орайда ерекше рөл атқаратын орган, ол Конституциялық Кеңес болып табылады. Оның жергілікті міндеті саралау, бақылау және ұғыну. Конституциялық кеңестің қабылдаған шешімі, әрекеті, енгізген өзгерісі, тікелей халық үшін, оның бостандығы мен құқықтарына негізделеді. Конституциялық Кеңес осындай ерекше институт болып табылады. Біздің еліміздің Конституциясында ең жоғары құндылық ретінде адам белгіленген. адамның құқығы мен бостандығы бастапқылық. Тарихқа кері шегінетін болсақ, тәуелсіздікке ие болған Қазақстанның ең басты қадамы Конституцияны қабылдаумен тұтастай байланысты. Бұл туралы: «Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген сенімді жинақтаған Негізгі Заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнатудың негізгі принциптерін баянды етуге тиіс болатын», - деп жазады Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» атты кітабында. Осылайша Конституция тек экономикалық немесе саяси қатынастарға ғана емес адам туғалы ажырамас өмірінің бөлігі болып табылады. Елбасы айтып кеткен сөздердің барлығы осылайша шындыққа айналып, Конституция шын мәнінде демократиялық қоғам орнатты. Өзім осы мемлекеттің азаматы ретінде, прогрессивті өмір сүруге негізделген осы заманның куәсі ретінде өзімнің нақты позитивті ойымызды білдіре аламыз. Осы сөздерімізге дәл келіп қалған Елбасының тағы бір цитатасын мақаламызға енгізуді жөн көрдік «Конституцияны қатаң ұстану - бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру - бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз. Біздің міндет - Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек. Конституцияны сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни мұндай жағдайда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ» [2]. Шын мәнінде Елбасының

осы орайда айтылып кеткен сөздерімен толық келісе отырып, бұл мектептен сүрінбей өтіп келе жатырмыз деп сеніммен айта аламыз.

Кез келген бастама бірден сәтті бола бермейтіні анық. Мәскеу де бірден салынбаған сияқты Конституциялық Кеңес құрылуының алдында да оның міндетін басқа алқалы органдар атқарған. Кеңес Одағында қайта құрылым басталғаннан кейін мемлекетте Конституцияны заңды түрде қорғау органның құру әрекеті орын алды. 1989 Жылы Кеңес Одағының Конституцияны бақылау комитетіне аналогиялық институт ретінде Конституциялық бақылау органы жарияланды, оның өкілеттілігі кең ауқымды болды. Дегенмен сол кезде орын алған саяси ақаулар мен кейіннен Президенттік орынға Елбасының келуімен бірге, бұл органның ұзақ созылмаған болмысы осылайша аяқталды. Біздің мемлекеттің тәуелсіздігімен бірге Конституциялық Сот құрылды. Шығыс Еуропа мен Ресейдің тәжірибесі бұл орайда үлкен ықпалын тигізді. Бұл органның болмысы да ұзақ болмағанына қарамастан, ол Негізгі Заңның беделін біршама көтергені сөзсіз. Бұл органның жалғасы болмағанның себебін саясаткерлер әр түрлі түсіндіретін. Мүмкін басқа экономикалық жағдай мен саяси, конституциялық тұрақсыздық та өзінің кері әсерін тигізген болар. Не дегенмен басқа ел тәжірибесінен алынған бұл орган, біздің мемлекетке тура келмегені анық. Осылайша Конституциялық Кеңес құрылды. Өте маңызды рөл атқаратын орган болып табылады. Ол Конституцияның тұрақтылығы мен оған заңның беріктілігінің кепілі. Конституциялық Кеңес Конституцияның құқықтық мағынасына түсінік беретін орган. Бұл бақылау системасы толықтай біздің мемлекетке дәл келеді, мүмкін тұрақтылық кезінде орнығуы да өз септігін тигізгені болар [3]. Алайда тек біздің мемлекетте осындай нысандағы бақылау органы бар деп айта алмаймыз, себебі Францияның Конституциялық бақылау органымен біршама ұқсастықтары бар, бұның себебі біздің кеңес Франция кеңесінің аналогы болуы мүмкін бе? Әрине, аналог деген дәлме-дәл деген мағына бермейтіні анық. Кез келген жас мемлекеттің саясаткерлері жаң-жақты ізденісте болады, бірден бір құрылымды ойлап табу мүмкін емес. Оның орнына тиянақты зерттеу мен саралау жүргізу арқасында өз мемлекеттік ерекшеліктерің негізге ала отырып қолданысқа алуға болады. Заң ғалымдарының докторы Остапович И.Ю бұл мәселеге толықтай мақала арнап, Конституциялық Кеңес Францияның кеңесінің толықтай аналогы болып табылады деген ойға дәлелдер келтіріп кетіп, “1995 жылғы Нұрсұлтан Н. реформасындағы жалпы халықтық Ассамблеяда да Францияның тәжірибесі жайлы бекер сөз қозғамағаны болар” деп айтты [4]. Біздің елге сол саяси тұрақсыздық кезінде дәл осындай орган қажет болды, заңның кепілі және саяси күрестен алшақ тұратын орган.

Мен Тәуелсіздікпен жасты, зайырлы мемлекеттің азаматымын. Конституцияны құрметтеу және сыйлау менің міндетім, тәуелсіздік қаншалықты маңызды болса, Конституцияда соғұрлым маңызды. Идеология, міне ең басты құндылық, тек идеология бізді алға сүйреп, дамуға есіктерді айқара ашады. Менің отаныма деген патриоттық сезімді тудыратын факторлар бірнеше: ол менің отбасым, отаным, халқым, тілім, дінім, ал Конституция осының барлығын бір жиынтық қылып, белгілі бір тәртіп пен жүйеге келтірген. Оны берік ұстану заң, ал заңды бұлжытпай орындау керектігі барлығымызға аян. Идеология - таптың, әлеуметтік топтардың мүддесін білдіретін, қоғамдық сана, философиялық, моральдық, эстетикалық теория. Адамның санасындағы идеалды мемлекеттік құрылым, идеалды Конституция, сол Конституцияны берік ұстанатын қоғам, Конституцияны бақылап, қорғайтын идеалды Конституциялық Кеңес. Жоғарыда аталып кеткендей Конституциялық Кеңес бірден осындай күйі мен құрылымда болмады. Себебі, бұл үшін үлкен тәжірибе, тұрақтылық және де әрине уақыттың

қажеті сөзсіз. Бостандығымыздың нақты кепілі, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекеттің ірге тасы. ҚР мен Францияның Конституциялық Кеңесіне мемлекеттің экс-Президенттері мүшелік етеді. Біздің елде өте дұрыс, оң қабылданған шешім деп айта аламыз, Франция жайлы әрине осындай бірқалыпты позитивті ой ұстай алмаймыз, себебі әрине барлығымыз білетіндей Францияның экс-Президентінің қаржы алаяқтығы сияқты даулы жағдаяттардан кейін кеңес бұл шартты талқылауға салғаны белгілі. Ал біздің Елбасының алғырлығы, мемлекетіміздің құрылуының ең басында ақ, барлығына аян болған. Осы уақытқа дейін барлық жасаған шешімдері мен енгізген реформалары өте орынды әрі халық үшін жасалғаны ешкімде күмән тудырмайтындығы анық. Мысалы біздің Елбасының өтінішімен және Конституциялық Кеңестің қаулысымен «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» реформалары Конституцияға негізделі енгізілген, ал Конституцияға сәйкес емес Заң міндетті түрде оған сәйкестендіріледі. Себебі ең басты қозғаушы күш конституция, заң одан ауытқымауы шарт.

Конституциялық Кеңес атқаратын міндеттер біршама, соның ішінде Прламент қабылдаған заңнама Елбасы қолын қояр алдында Конституциялық Кеңес қаралымынан өтеді. Баршамызға аяндай заң-жалпыға бірдей міндетті ереже, неғұрлым маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін [нормативтік акт](#). Заңға қарама-қайшы келетін кез келген құқықтық акт "қолданысқа жарамсыз" деп танылуға тиіс. Заңды қабылдаудың айырықша тәртібі бар. Мазмұндалған нормалардың маңызына қарай заңдар [конституциялық заңдар](#) және қарапайым заңдар болып бөлінеді. [Конституциялық заңға](#) Конституцияның өзі және [Конституцияға](#) өзгертулер мен толықтырулар енгізетін заңдар жатады. Ал қарапайым заңдарға жүйелік және ағымдағы заңдар жатады. Елдегі Конституциялық заңдылықтың нығаюына, сондай-ақ Конституциялық Кеңестің беделі артуына көп ретте мемлекет басшысының септігі Республика Конституциясына және Конституциялық Кеңеске деген ерекше ықыласы оң әсерін тигізуде. 2008 жылы Республика Президентінің заң шығарушылық бастамасы тәртібімен «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, солар арқылы Конституциялық Кеңестің шешімдеріне жоғарырақ дәрежедегі салмақ берілді [5]. Мұндағы енгізілген жаңалық сол, Конституциялық Кеңестің шешімдеріндегі заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар міндетті түрде қарап, қабылданған шешім туралы Конституциялық Кеңесті хабардар етуге тиіс. Конституциялық Кеңестің бұл функциясы ұлттық заңнаманы жетілдіруге өз үлесін қосатыны анық.

Конституция мен Конституциялық Кеңестің беделі мен қызметі біраз айқындалған секілді, әрине осы орайда Конституциялық Кеңестің регламенті және құрылымы жайлы атап кеткеніміз дұрыс. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі өкілеттіктері алты жылға созылатын жеті мүшесінен құралған. Конституциялық Кеңестің ғұмыр бойлық мүшелігіне Республиканың экс-Президенттері құқылы болып табылады. Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республика Президенті тағайындайды және дауыс теңдей бөлінген жағдайда оның дауысы шешуші болып табылады. Конституциялық Кеңестің екі мүшесі Республика [Президентімен](#), екеуі [Сенат](#) төрағасымен, екеуі мәжіліс төрағасымен тағайындалады. Конституциялық Кеңестің жартысы әр үш жыл сайын жаңартылып тұрады. Конституциялық Кеңестің ұйымдастырылуы мен қызметі Конституциялық заңмен реттеледі. Конституциялық Кеңеске өтініш

беру құқығына: Қазақстан Республикасының Президенті, Сенат Төрағасы, Мәжіліс Төрағасы, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігі, Премьер-Министр, Республика соттары ие. Конституциялық Кеңес сот органы емес. Ол Конституцияның үстемдігін сот әдістерімен қамтамсыз етпейтін мемлекеттік орган болып табылады. Конституциялық Кеңес өз құзіреітін Конституциялық іс жүргізу жолымен жүзеге асырады. Бірақ ол сот ісін жүргізу емес, Конституциялық Кеңестің мемлекеттік органдар жүйесінде алатын орны мемлекеттік іс жүргізу. Конституциялық Кеңес мемлекеттік механизмнің бір бөлігі бола тұрып мемлекеттік биліктің бірде бір тармағына жатпайды. Ол тіпті билік тармақтарының бірде біріне жуыспайды. Осының бәрі Конституциялық іс жүргізудің өзіндік қырын көрсетеді. Осыған орай Конституциялық Кеңеске өтініш беретін субъектілер ауқымы шекті. Жоғарыда көрсетіп кеткеніміздей бұл субъектілер Президент, Сенат Төрағасы, Мәжіліс Төрағасы, Парламент депутаттарының жалпы санының кем дегенде бестен бірі, Премьер Министр, Республика соттары, мемлекеттік органдар жатады.

Конституциялық Кеңес республиканың барлық аумағында ҚР Конституциясының жоғары тұруын қамтамасыз ететін мемлекеттік орган ретінде өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде дербес және мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға тәуелсіз, республика Конституциясына ғана бағынады әрі саяси және өзге себептерді негізге ала алмайды. Конституциялық Кеңестің атқаратын тікелей міндеттері: Конституция нормаларына ресми түсінік береді, Республика Президенті мен Парламент депутаттарын сайлауға қатысады, Республикалық референдум өткізудің дұрыстығы жайлы мәселеге туған дауды шешеді, жоғарыда айтылып кеткендей ең басты міндеттерінің бірі Парламент қабылдаған заңдардың Конституциямен сәйкестігін тексереді, Халықаралық келісімдердің Конституцияға сәйкес бекітілуін қарайды, Республика Президентін қызметінен мерзімінен бұрын босату туралы [Парламент](#) тиісті шешім қабылданғанша, Республика Президентін қызметінен босату туралы соңғы шешімге келгенге дейін белгіленген конституциялық [рәсімдерді](#) сақтау туралы ұйғарым жасайды [6]. Сонымен, Конституция мен Конституциялық Кеңестің және оның атқаратын міндеттерінің қаншалықты маңызды екені түсінікті болды. Оның қабылдаған кез келген шешімі республиканың барлық аумағында жалпыға бірдей міндет болып табылады.

Осындай маңызды міндеттер атқаратын кеңес халық үшін қызмет етіп, әрбір қабылдаған шешімін егжей-тегжейлі ойластырып қана жүзеге асырады. Кеңестің құрамына отыз жасқа толған, Республика аумағында тұратын, жоғарғы заң білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар Республика азаматы тағайындала алады. Сонымен осындай тәжірибесі бар адамдардың іскерлігі арқасында қазіргі таңда біздің мемлекет шын мәнінде құқықтық мемлекеттер қатарына өту үрдісінде екенің байқадық. Халық пен мемлекет үшін үлкен қызмет атқаратын Конституциялық кеңестің аппараты жайлы айтып кететін болсақ, ҚР Конституциялық Кеңесі аппараты ҚР Конституциялық Кеңес қызметін және оның өкілеттіктерінің іске асуын қамтамасыз ету үшін құрылды. Себебі кез келген құрылымдағы жұмыс, аппарат немесе ұйым арқылы жүзеге асады, Конституциялық Кеңес аппараты: ғылыми-құқықтық, ақпараттық-анықтамалық және басқа ҚР Конституциялық Кеңес қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қосалқы жұмыстарды орындайды. ҚР Конституциялық Кеңесі аппараты құрылымдық бөлімшелері: ғылыми-құқықтық бөлім; ақпараттық-талдау бөлімі; жалпы бөлім және қаржы-шаруашылық бөлімі болып бөлінеді. Конституциялық Кеңестің құқықтық мәртебесін анықтау барысында біз оған жүктелетін міндеттері мен оған қойылатын негізгі талаптарды

қарастырдық. Әрине біздің қоғам үшін өте маңызды рөл атқаратын Конституциялық Кеңес мүшелеріне азғантай басымдылық беріледі. Конституциялық Кеңес мүшелері мәртебесінің ерекшелігі мынандай сәттерден көрінеді: өз міндетін орындау кезінде тәуелсіз және тек Конституцияға және Президенттің Конституциялық Кеңес туралы Жарлығына ғана бағынады, басқа актілердің ол үшін айтарлықтай міндеттілік күші болмайды, кез келген жағдайда ол негізге Конституцияны алады. Олардың қызметіне араласушылық, сондай ақ қысым көрсету, өз ойын байлау немесе өзгедей бір қандай да болсын әрекет жасау заң бойынша жауапқа тартылады [7]. Конституция Конституциялық Кеңестің немесе оның мүшелерінің қандай да бір органның алдында есеп беретіндігін көздемейді. Конституциялық Кеңестің Парламентке елдегі конституциялық заңдылықтың жай күйі туралы жыл сайынғы жолдауы оның есебі болып табылмайды. Конституциялық Кеңес Төрағасы және оның мүшелері конституциялық іс жүргізу жөніндегі қызметі үшін ешкімге есеп бермейді. Президенттің Конституциялық Кеңес туралы Жарлығында олардың өкілеттігін жүзеге асыру жөніндегі есебін талап етуге ешкімнің құқығы жоқтығы тура жазылып айқын көрсетілген. Қаралған мәселе бойынша шешім шығарылғанша Конституциялық Кеңес Төрағасынан немесе оның мүшелерінен ешкімнің ешнәрсе сұрауына құқығы жоқ немесе жоғарыда атап кеткендей ешбір басымдылық көрсетілмеуі тиіс. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері шешім шығарғанша оған қатысты мәселелер бойынша пікір білдіруге немесе ақыл кеңес беруге құқығы жоқ. Әрине бұл тек Конституциялық Кеңес жағдайын ойлау емес, біздің Конституция мен халқымыз үшін де маңызды.

Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелері иммунитетін пайдаланады. Олар өз өкілеттігі кезінде түрмеге қамалмайды, күштеп әкелінбейді, сот тәртібімен әкімшілік жазалау шаралары қолданылмайды, қылмыс немесе ауыр қылмыс үстінде ұсталғаннан өзге жағдайларда қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Конституциялық Кеңес Төрағасы және мүшелеріне қатысты қылмыстық істі тек алдын ала анықтау және тергеу жүргізуші республикалық мемлекеттік органның лауазымы жоғары адамы туралы болғандықтан Бас Прокурор істі тергеу барысында заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асырады. Қылмыстың жасалғаны туралы дәлелдемелер болған жағдайда Бас Прокурор Конституциялық Кеңестің Төрағасын немесе мүшелерін қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім беру туралы Парламентке ұсыныс енгізеді. Конституциялық Кеңестің Төрағасы және оның мүшелеріне қатысты қылмыстық істі тек Жоғарғы Сот жүргізеді. Аса маңызды міндет атқаратын Конституциялық Кеңес мүшелеріне осындай басымдылық беріледі. Әрине мемлекеттік қызметшілерге сияқты тиымдар да бар. Олар, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, басшы органдардың немесе коммерциялық ұйымдардың қадағалау кеңестерінің құрамына кіруге болмайды дейтін тиым болып келеді. Аталған тиымдарды орындамау Конституциялық Кеңесте мүшелікті тоқтауға әкеліп соқтырады.

Кез келген мемлекеттің Конституциясын қарастыратын болсақ, оның негізгі мақсаты әдеттегідей, адам мен азамат құқығы, оның бостандығы мен міндеттерін қорғау. Яғни Конституция және Конституциялық Кеңес, мен және сіз сияқты қарапайым азаматтар үшін құралған, мен және сіз сияқты адамдарды зайырлы мемлекеттің азаматы қылады. Осылайша, жоғарыда атап кетілген барлық факторлар Конституциялық Кеңестің құқықтық мәртебесін айқындап отыр. Конституциялық Кеңес өзінің бекітілген құқықтық мәртебесіне сай өз құзіретін атқара келе үнемі саралау мен бақылау жасайды. Сонымен, Конституциялық Кеңестің атқарып отырған қызметі қаншалықты маңызды екені түсінікті болды.

Конституцияның құндылығы, Конституциялық Кеңестің атқаратын міндеттерінің маңыздылығы, Кеңестің құрылуының жолы және барысы сияқты өзекті тақырыптарға жауап іздеп тауып, ең басты құндылық ретінде қарастырдық. Жас азаматтар міндетті түрде Конституция қалай бақыланып, қорғалады деген сұрақтарға жауап іздегенде осы мақаламен танысса болады. Біз үнемі «мемлекеттік идеология жоқ, мемлекеттік идеологияны жасау керек» деп айтып келеміз. Ал егер шындыққа келетін болсақ, мемлекеттік идеология дегеніміз — ол біздің Конституция. Конституцияның әрбір бабының астарында осы мемлекеттік идеология жатыр, бірақ әрине ешбір мемлекет Конституциясын мемлекеттік идеология деп айтпайтыны анық. Бірақ ішкі саясат та, сыртқы саясат та, әлеуметтік саясат та, тәжірибе жұмысы да Конституциядан шығады. Сондықтан, Конституция — Ата Заң, Заңның Заңы, мемлекеттің идеологиясы. Онымен таныс болу, дәріптеу және бағалау керек. Осы уақыттың ішінде Қазақстан әлемдік қауымдастықтан өз орнын тауып, өзіндік даму жолына түскен елге айналды, кезінде біз басқа елдердің тәжірибесінен сабақ алсақ, енді өз тәжірибемізбен өзге елдермен бөлісетін жағдайға да жетіп қалдық. Біз осыған орай Қазақстан Республикасының қалыптасуы мен өсіп-өркендеуіндегі Конституцияның рөлі қаншалықты ауқымды екені анық, ал мемлекет ішінде оның міндеті [Қазақстан Республикасының](#) бүкіл аумағында Конституциясының үстінен қарауды қамтамасыз ететін [мемлекеттік орган](#) болып саналады. Конституциялық Кеңес өкілеттігін жүзеге асырған кезде мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды тұлғалар мен азаматтарға тәуелді емес, тек Конституцияға бағынады әрі саяси және басқадай себептерге сүйене алмайды. Конституциялық Кеңес өз іс-әрекетінің процесінде, барлық жағдайда, соттардың және өзге де мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын мәселелерді анықтаудан және зерттеуден тартынуға міндетті. Конституциялық Кеңес өкілеттігі, қызметінің ұйымдастырылуы және кепілдігі жағынан соттарға көбірек жуықтағанымен, билік тармақтарының бірде-біреуіне бірікпейді. Халық үшін қызмет етіп, Конституцияның берік болуын қадағалап, халық үшін маңыздылығы жоғары Конституцияны қорғайтын өзекті міндет атқаратын орган.

ЛИТЕРАТУРА

1. Об опыте исполнения решений Конституционного Совета Республики Казахстан // Конституционное правосудие в странах СНГ и Балтии. Хитрин Ю. Конституционный Совет Республики Казахстан: особенности статуса и пути повышения эффективности его деятельности 2001. № 2. С. 26-27
2. «Егемен Қазақстан» газетіндегі Конституциялық Кеңес мүшесі А.М. Нұрмағамбетовтың сұхбаты 1.01.2015 ж. Ата Заңның асқаралы асуы. 2015 – Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы
3. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук Остапович И.Ю Томск, 2005. - с.126-127
4. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук Остапович И.Ю б. 28-29
5. Конституция РК.- Алматы ТОО «Издательство «Норума К» с.49
6. «Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі» // akorda.kz
7. Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу конституционного закона, «О Конституционном Совете Республики Казахстан» от 29 декабря 1995 года // Казахстанская правда. - 1996, 9 января.

ЭКОНОМИКА

ӘОЖ: 336.1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАНК ЖҮЙЕСІНДЕГІ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДАМУЫ

Абдибеков С.У., Жумаханова А.Б.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
Saken_Abdibekov@mail.ru, Aika92_7@list.ru

Қазақстан Республикасының банк жүйесіндегі сақтандыру қызметінің дамуының өз кезегінде, заңнамалық базаны, мемлекеттік салық-бюджет және ақша-кредит саясатын жетілдіруге, сақтық қызметін қадағалау сапасы мен сақтық ұйымдары жұмысының сенімділігіне байланысты іс-шаралар қарастырылған.

Развитие страхования в банковской системе Республики Казахстан, в свою очередь, законодательная база, государственная фискальная и денежно-кредитная политика, чтобы улучшить безопасность и качество надзора мер безопасности, связанных с надежностью работы организаций.

Development of insurance in the banking system of the Republic of Kazakhstan, in turn, the legal framework, the state fiscal and monetary policies to improve the safety and quality of supervision of safety measures related to the reliability of the organizations.

Кілт сөздері: Сақтандыру, әлеуметтік сақтандыру, міндеті сақтандыру, медициналық сақтандыру, көлік құралдарын сақтандыру, жүктерді сақтандыру, жазатайым жағдайдан және аурудан сақтандыру, мүліктік сақтандыру, азаматтық - құқықтық жауаптылықты сақтандыру

Елімізде сақтандыруды дамытудың негізгі мақсаты - мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүддесін қорғаудың нақты құралы бола алатын толыққанды, орнықты жұмыс істейтін ұлттық сақтық рыногын қалыптастыру.

Қазіргі заманғы ұлттық сақтандыру жүйесін құру сақтық қызметі рыногын сапалы жаңа деңгейге көтеру жөнінде шаралар әзірлеуді және кезең кезеңімен іске асыруды талап етеді. Бұл қағида Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жүргізіледі. Онда мынадай міндеттерді шешу көзделінген:

- әлеуметтік сақтандыру түрі ретіндегі сақтық қорғауды ұсынудың қағидаттарын нақтылау;

- сақтандыруды қолдану аясын кеңейту және міндетті сақтандыру түрлерін нақтылау;

- сақтық рыногының қазіргі заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру және оның қатысушыларының - сақтық ұйымы, сақтық брокер, сақтық агент, сақтанушы, сақтандырылушы, пайда алушы, өзара сақтандыру қоғамы, сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңи және жеке тұлғалардың қызметін ұйымдастыру үшін жағдай жасау;

- халықаралық стандарттарды ескере отырып, сақтық қадағалауын жүйесін ұйымдастыру;

- сақтық және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттігі бойынша талаптарды күшейту;

- осы заманғы сақтандыру технологиясын енгізуге жәрдемдесу;

- сақтандыру саласында кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастыру.

Сақтандыруды дамыту, өз кезегінде, заңнамалық базаны, мемлекеттік салық-бюджет және ақша-кредит саясатын жетілдіруге, сақтық қызметін қадағалау сапасы мен сақтық ұйымдары жұмысының сенімділігіне байланысты болады.

Қазақстанның сақтық рыногы қалыптасу стратегиясында тұр: экономикалық және құқықтық негіздемелері бойынша ол дүниежүзілік деңгейден айтарлықтай артта қалып келеді. Дамыған нарықтық қатынастары бар елдерде сақтық қызметтер көрсетудің ассортименті 500 түрге жетіп отыр, ал Қазақстанда ол не бары 40 түрін қамтиды.

Ерекше сақтық қатынастар, сақтық қызметінің рыногын дамыту, азаматтар мен заңды тұлғаларды сақтандыру тұрғысындағы қорғау «Сақтық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңымен, сақтандыру мәселелері жөніндегі Үкімет қаулыларымен және Ұлттық банктің сақтық қадағалау департаментінің нормативтік актілерімен реттеліп отырады.

Қазіргі кезде Қазақстанның сақтық рыногы қатысушыларының ассоциациясы құрылған. Ассоциацияның негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының сақтық рыногын дамытудың қолайлы жағдайларын жасау және халықтың сақтық мәдениетінің деңгейін арттыру болып табылады [1, 15-196б.].

Сақтандыру - қоғамның экономикалық қатынастарының айрықша сферасын бейнелейтін көне категорияларының бірі. Сақтандыру сферасы адам өмірінің, өндірістік және әлеуметтік-экономикалық қызметтің барлық жағын қамтиды. Сақтандыруға түпкі болатын басты себеп - бұл өндіріс пен адам өмірінің қауіп-қатерлі сипаты. Сондықтан өндіріс процестерін жалғастыру, азаматтардың жекелеген санаттарының өмір тіршілігі мен әл-ауқатын қолдап отыру мақсатында оларды сатып алу үшін қоғамның, жеке өндірушілердің, олардың топтарының (салалық және аумақтық аспектілерде) натуралдық-заттай босалқы қорларын да немесе резервтерін де, сондай-ақ ақша ресурстарын да кіріктіретін қажетті қаражаттары болуы тиіс. Мұндай ақша қаражаттары әдетте резерв және сақтық қорлары түрінде қалыптасады.

Сақтандырудың мақсаты қоғамдық ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін азаматтарды, мүліктерді, өндіріс процестерін қоғамдық және ұжымдық қорғау болып табылады.

Сақтандыру категориясы үшін мына белгілер оған тән болып келеді:

- қатынастардың ықтималдық сипаты;
- қатынастардың төтенше (жай емес) сипаты (кез келген ауқымда - мемлекеттік, аймақтық деңгейде, кәсіпорын немесе оның бөлімшесі, жеке адам деңгейінде).

Сақтандыру категориясының қаржы категориясымен ортақ өзгеше белгілері бар:

- сақтық қатынастарының ақшалай сипаты;
- сақтандырудың қоғамдық өнімнің құнын қайта бөлуге қатысуы;
- оның іс-қимыл ақша қорларын жасап, пайдаланумен қосарланып отырады;
- сақтық қатынастарының бір бөлігінің міндетті сипатының болуы;
- ақша қорларын жасап, пайдалану кезіндегі сақтық баламалығы барлық жағдайда бола бермейді (қатынастардың баламасыздығы).

Сақтандыру шеңберінде мемлекет сақтық ресурстары меншігінің субъектісі болып келетіндіктен сақтандыру жалпы мемлекет қаржысының құрамды бөлігі болып табылады, қалған барлық жағдайда сақтық ісін (қызметі, бизнесті) экономикалық жүйе шеңберіндегі айрықша сақтанушыға немесе оның қайта бөлу процестерін жүзеге асыратын арнаулы қаржы - кредит институты ретінде қарауға болады.

Сақтандырудың экономикалық мәні барлық қатысушылардың төлемдері есебінен оқыс оқиғаға ұшырағанға көмек көрсетілетіндігінде. Демек, сақтандыру - қолайсыз құбылыстар мен күтпеген оқиғалар болған кезде жеке және заңи тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау және оларға материалдық зиянды төлеу үшін мақсатты ақша қорларын құру және пайдалану жөніндегі қайта бөлгіштік қатынастардың айрықша сферасы.

Сақтандырудың экономикалық мәніне бұл категорияның қоғамдық арналымының көрінісі ретінде оның бөлу, өтемдік, жинақтық және бақылау функциялары сай келеді.

Бөлу функциясы: бұл функцияның өзгешелігі қайта бөлу ретінде көрінуі. Ол алдын алу функциясына, мысалы, алдын алу шараларын қаржыландыру жолымен сақтық жағдайының болу мүмкіндігін жоюға бүгіледі. Жеке басты сақтандыруда бөлу функциясы сақтандырудың тиісті түрлерінің жинақтық функциясына бүгіледі.

Бақылау функциясы: сақтық төлемдерін жұмылдыруды және сақтық қорын қатаң мақсатты пайдалануды қамтамасыз етуге байланысты болатын тараптардың нақты қатынастарында көрінеді. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі бойынша мыналар сақтандырудың нысандары болып табылады:

- міндеттілік дәрежесі бойынша - ерікті және міндетті;
- сақтандыру объектісі бойынша - жеке және мүліктік;
- сақтық өтемі жүзеге асыру негіздері бойынша
- жинақтаушы және жинақтаушы емес.

Міндеті сақтандыру - заңнамалық актілер талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру. Ол сақтанушының есебінен жүзеге асырылады. Міндетті сақтандырудың әрбір түрі сақтандырудың жеке (бөлек) сыныбы болып табылады. Міндетті сақтандыру нысаны бойынша әрбір сыныптың мазмұны және оны жүргізуші жағдайлары бойынша қосымша талаптар сақтандырудың осы сыныбын реттейтін заңнамалық актілермен белгіленеді [2, 393-427бб.].

Ерікті сақтандыру - тараптардың еркін білдіруіне орай жүзеге асырылатын сақтандыру.

Сақтандыру түрі сақтық ұйымы сақтанушыға сақтандыру шартын жасау арқылы сақтандырудың бір немесе бірнеше сыныбы шеңберінде әзірлейтін және беретін сақтық өнімі болып табылады.

Жалпы сақтандыру және өмірді сақтандыруға тән экономикалық қатынастар қоғамдық өндіріс процесіндегі зиянның орнын; егер бұл процесс дүлей апат пен басқа төтенше немесе күтпеген оқиғалардың нәтижесінде бұзылса, толтырумен байланысты.

Мүліктік және кәсіпкерлік тәуекелдер (қауіп-қатерлер) азаматтық-құқықтық жауаптылықты қоса алғанда, оларға байланысты мүдделерді сақтандыру жалпы (мүліктік) сақтандыруға жатады. Мұндай сақтандыру кезінде мүліктің жоғалу (жойылу) қаупі (тәуекелі), жетіспеуі немесе бүлінуі және өзге де мүліктік игіліктер мен құқықтар сақтандырылады.

Сақтанушының немесе пайдаланушының мүліктері сақтандыруға мүддесі болмаған жағдайда жасалған мүліктік сақтандыру шарты жарамсыз болады.

Жазатайым жағдайдан және аурудан сақтандыру сақтандырылушы жазатайым жағдайдың немесе аурудың салдарынан қайтыс болған, еңбек ету (жалпы немесе кәсіби жағынан) қабілетін (толық немесе ішінара) жоғалтқан немесе оның денсаулығына өзге де зиян келтірілген жағдайда оның қосымша шығыстарын тіркелген сомада не ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтық төлемін жүзеге асыру көзделетін жеке басты сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Медициналық сақтандыру сақтандырушының медицина мекемесінен медициналық сақтандыру бағдарламасына енгізілген медициналық қызмет

көрсетулерді сұраған жолдамаларынан туындаған шығыстарын ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтық төлемдерін жүзеге асыру көзделетін жеке басты сақтандыру түрлерінің жиынтығы.

Көлік құралдарын сақтандыру көлік құралын иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты адамдардың мүліктік мүдделеріне оның зақымдануы немесе жойылуы, соның ішінде айдап немесе ұрлап әкетілуі салдарынан келтірілген зиянды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтық төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Жүктерді сақтандыру жүктерді иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты адамдардың мүліктік мүдделеріне оның зақымдануы немесе жойылуы, соның ішінде жүктердің тасымалдану әдісіне қарамастан жоғалып кетуі салдарынан келтірілген зиянды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтық төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Мүліктік сақтандыру мүлікті иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты адамдардың мүліктік мүдделеріне (автомобиль, темір жол, әуе немесе су көліктерін, жүктерді қоспағанда) оның зақымдануы немесе жойылуы салдарынан келтірілген зиянды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтық төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Азаматтық - құқықтық жауаптылықты сақтандыру кезінде, үшінші бір адамдардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтірудің салдарына туындайтын міндеттемелер бойынша жауапты болу (келтірілген зияндар үшін жауаптылықты сақтандыру), сондай-ақ шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапты болу (шарт бойынша жауаптылықты сақтандыру) тәуекелін сақтандыру [3,24-286б.].

Зиян келтіргендігі үшін азаматтық - құқықтық жауаптылықты сақтандыру кезінде сақтанушының өз жауаптылығы да, осындай жауаптылық жүктелуі мүмкін болатын өзге тұлғаның жауаптылығы да сақтандырылады.

Зиян келтіргендігі үшін азаматтық - құқықтық жауаптылықты сақтандыру кезінде сақтанушының өзінің жауаптылық тәуекелі ғана сақтандырылуы мүмкін. Бұл талаптарға сәйкес келмейтін сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі.

Шартты бұзғандығы үшін азаматтық - құқықтық жауаптылық тәуекелі шартта оның талаптарына сәйкес сақтанушы оның алдында азаматтық - құқықтық жағынан жауапты болуға тиіс тарап болып табылатын және бұл жағдайда пайда алушы ретінде іс - қимыл жасайтын тұлғаның пайдасына сақтандырылған болып есептеледі.

Сақтанушы болып табылмайтын тұлғалардың кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру шарты немесе өзге тұлғаның (пайда алушының) пайдасына жасалған шарт жарамсыз болады.

Қазақстанда сақтық ұйымдары шет елде инвестицияларды және экспорттық кредиттерді төлемеу тәуекелдігінен сақтық қорларға қатыспайды. Осыған байланысты, республиканың экспорттық мүмкіндіктері өсуінің жекеше сақтық ұйымдардың капиталдану қарқынан озық қарқынын ескере отырып, отандық инвесторлар мен экспортерларды сыртқы қауіп-қатерден қорғау саласында мамандырылған корпорацияны құру және оның жұмыс істеуі өте деркезділік болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының қаржысы.-Алматы.2006жыл, Б.15-19.
2. Мельников В.Д., Илиясов К.К. Қаржы: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық, - Алматы, 2001жыл, Б.393-427.
3. Баяхметов Т. Қазақстандағы сақтандырудың маңызы мен болашақта дамыту тенденциялары.- Алматы, Қаржы-қаражат, №2, 2007жыл, Б.24-28.

ӘОЖ: 336.1

ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ЖІКТЕЛІНУІ

Абдибеков С.У., Талдыбаева М.Қ.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Saken_Abdibekov@mail.ru, Marzhan92_03@mail.ru

Қазақстан Республикасындағы қазіргі кездегі кеңінен тарап отырған ауқымды мәселелердің бірі валюталық операциялар болып табылады. Бұл мақалада кеңінен тарап отырған: төлем құралдарын қаражат ретінде пайдалануға байланысты мәмілелер; валюталық құндылықтарды кез келген тәсілмен елге немесе елден әкелу/әкету және жөнелту; ұлттық валютаға, сондай-ақ номиналы мен (немесе) құны ұлттық валютада көрсетілген бағалы қағаздар мен төлем құралдарына меншік құқығы мен басқа құқықтардың ауысуына байланысты резиденттер мен бейрезиденттердің арасындағы мәмілелер.

Широкий спектр современных проблем в Республике Казахстан, который является одним из крупных валютных операций, в этой статье рассматривается: использования в качестве средства платежных операций; валютные ценности в любом случае из страны или импорта/экспорта и транспортировки национальная валюта, а также номинальная стоимость и стоимость национальной валюты по ценным бумагам и телевизионные права и другие права в связи с передачей права собственности на средства операциям между резидентами и нерезидентами.

A wide range of contemporary issues in the Republic of Kazakhstan, which is one of the major foreign exchange operations, this article examines: use as a means of payment transactions; currency values in any case out of the country or import / export and transportation; the national currency, as well as the nominal value and the value of the national currency with the Securities and television rights and other rights in connection with the transfer of ownership of the means of transactions between residents and non-residents.

Кілт сөздері: Валюталық операция, валюталық операциялар түрлері, валюталық бақылау агенттері.

Әр мемлекеттің өз ақшасы бар, олар айырбас құралы немесе төлем, есеп бірлігі құралы, құнды бірқалыпты сақтау құралы, сонымен бірге төленбеген төлемдерге шара қолдану қызметін атқарады. Яғни, ақша ұлттық валюта ретінде тек ішкі рынокта ғана емес, сыртқы рынокта да үлкен рөл атқарады. Қанша тәуелсіз ел болса, сонша ұлттық валюта болады. Соған байланысты, бірнеше түрлі валюта құрылымы пайыздық қойылым, валюта бағамының режимі, және тағы басқалар болады. Солардың барлығы халықаралық валюта нарығында жинақталады.

Валюталық операция түрін қарастырмас бұрын, алдымен, валюталық операция деген не, яғни оған дұрыс анықтама беру керек.

Валюталық операция - бұл шетел валютасын сатып алу - сату немесе бір валютаны екінші бір валютаға айырбастау.

Шетелдік валютасы валюта операциясын жүргізудің ең негізгі объектісі болып табылады және мынадай жағдайда қолданылады:

- 1) коммерциялық мәміле жүргізуде;
- 2) валюта нарығын құруда;
- 3) абсолюттік жүргізуде;
- 4) қауіп-қатерді ретке келтіруде [1,36.].

Шетел валюталық операциясы қолданылатын коммерциялық мәмілелер шетел валютасын иемдену және сатуды таза қаржы операциялары үшін емес тауар саудасын және қызмет көрсету түрлерін жеңілдету үшін қолданылады.

Валюталық операциялар - бұл меншік құқығының және өзге құқықтардың валюталық құндылықтарға өтуіне байланысты, соның ішінде шетел валютасы төлемдері мен шетел валютасындағы төлем құралдарын қаражат ретінде пайдалануға байланысты мәмілелер; валюталық құндылықтарды кез келген тәсілмен елге немесе елден әкелу/әкету және жөнелту; ұлттық валютаға, сондай-ақ номиналы мен құны ұлттық валютада көрсетілген бағалы қағаздар мен төлем құралдарына меншік құқығы мен басқа құқықтардың ауысуына байланысты резиденттер мен бейрезиденттердің арасындағы мәмілелер.

Валюталық операциялар ағымдағы және капитал қозғалысына байланысты операцияларға бөлінеді.

Ағымдағы операцияларға мыналар жатады: тауарлар мен қызметтерге төлем мерзімі ұзартылмаған есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін ақша аудару; экспорт-импорт мәмілелері бойынша 180 күннен аспайтын мерзімге кредит беруге байланысты есеп айырысуларды жүзеге асыру; 180 күннен аспайтын мерзімге кредиттер беру және кредиттер алу; депозиттер, инвестициялар, қарыз және өзге де операциялар бойынша ақша аудару және дивидендтер, пайыздар, тағы басқа кірістер алу; сауда түріне жатпайтын ақша аударымдары, оған қоса гранттар, мұрагерлік сомалардың аударымдары, жалақы, зейнетақылар, алименттер және өзге операциялар капитал қозғалысына байланысты операциялар мыналарды қамтиды: инвестициялар; жылжымайтын мүліктің мүлдік және басқа да құқықтарына төленетін ақша аударымдары; 180 күннен астам мерзімге экспорттық-импорттық мәмілелер бойынша кредит беру және алу.

Валюталық операциялар: экспорт, импорт, қызметтер көрсету, капиталды инвестициялау, халықаралық, мемлекеттік және коммерциялық кредит, экономикалық көмек көрсету, елдің алтын- валюта резервтерінің қозғалысы, дипломатиялық және басқа органдарды ұстау, шетелдік іссапарлар, туризм, халықтың миграциясы, мемлекетаралық трансферттер, мәдени, ғылыми, техникалық ынтымақтастық және сыртқы экономикалық қызметтің басқа түрлері кезінде жасалады.

Елдегі пайдаланылатын барлық валюталық ресурстардың түсу көздері болуы тиіс, сондықтан сыртқы экономикалық қызметтің аталған түрлерінің көбісі валюталық ресурстардың орнын толтырады, одан қаржыланады. Валюталық ресурстар қаржы ресурстарының құрамды бөлігі болып табылады және ұқсас орталықтандырылған (мемлекеттік) және орталықтандырылмаған (шаруашылық жүргізуші субъектілердің ресурстары) болып бөлінеді. Мемлекеттік валюта ресурстары мыналардың есебінен қалыптасады; экономиканың мемлекеттік секторының - кәсіпорындардың, ұйымдардың, компаниялардың, фирмалардың, қоғамдардың және т.б. өнімін, тауарларын және қызметін экспортқа шығарудан түскен түсім- ақшадан; тауарлар мен жүктердің кеден шекарасы арқылы қозғалысы жөніндегі операцияларды дайындау кезіндегі шетел валютасындағы кеден баждарынан, басқа төлемдерінен келісімшарттардың, мәмілелердің, контракттардың шетелдік қатынасушылары төлейтін сапықтардан, бонустардан, роялтилерден түсетін түсімдерден; валюталық заңды бұзғаны үшін шетелдік валютада төленген айыппұлдар мен өсімнен; шетел банктеріне және басқа қаржы ұйымдарына депозиттерді орналастырудан түсетін түсімдерден, сондай-ақ шетелдердегі мүлік пен активтерді пайдаланғаннан алынған табыстардан; шетел мемлекеттерінің, банктерінің, халықаралық және мемлекетаралық қаржы ұйымдарының кредиттері мен қарыздарынан валютадағы гранттар мен тегін көмек түріндегі түсімдерден. Валюталық ресурстар көбінесе мемлекеттің қарамағына шоғырландырылады. Басым мәселелерді орындау үшін немесе жалпы мемлекеттік ресурстардың бір бөлігі жергілікті органдарға берілуі мүмкін. Бұдан басқа, биліктің

жергілікті органдары валютаны валюта нарығында сатып ала алады. Мемлекеттің уәкілетті органдары мен оның қаржы агенттері де банкаралық биржада валютаны сатып алушылар бола алады. Мемлекеттің валюта ресурстары былайша пайдаланылады:

1) Ұлттық банк: елдегі тұрақты ақша айналысын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттің стратегиялық жоспарлармен анықталатын, реттелетін деңгейде ұлттық валюта бағамын қолдап отыру мақсатында валютаны сатуды жүзеге асыру үшін; Ұлттық банктің қарыздары мен басқа міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін;

2) Қаржы министірлігі: қарыздар туралы келісімшартпен белгіленген уақытта сыртқы берешекті өтеу графигі бойынша жабу үшін; халықаралық ұйымдардағы мүшелік үшін жарналар төлеу; елшіліктердің, консульдықтардың, өкілдіктердің және басқа елдердегі осындай органдардың жұмысын қаржыландыру үшін;

3) Үкімет органдары: мемлекеттік қажеттерді – тауарлар мен көлшілік қолды бұйымдарды импорттау жөніндегі орталықтандырылған сатып алуды қанағаттандыру үшін;

4) Басқарудың жергілікті органдары – коммуналдық шаруашылықтың, өндірістік емес сфераның қажеттіліктерін, аймақтардың жергілікті инфрақұрылымын дамытуды, халықтың түрлі елеулі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін.

Валюта қаражаттары түсімдерінің мүмкін болатын көзі келісімшарттарды, арбитраж органдары белгілеген контракттар бойынша міндеттемелерді, басқа елдердің сақтық органдары тарапынан болатын валютадағы сақтық өтемдерді орындамағаны үшін алынатын компенсациялар болып табылады.

Қайта бөлу ретіндегі валюта қаражаттары басқарудың жоғарғы буыны тарапынан төменгі шаруашылық бөліністерге бөлінуі мүмкін (басқарудың бұл деңгейінде валюта қорларын жасау кезінде).

Банктерді валюталық операциялармен үш мақсатта айналысады:

- 1) Клиенттердің тапсырысымен;
- 2) Спекулятикті мақсатта;
- 3) Валюталық тәуекелдерді хеджерлеу.

Валюталық операцияларды мақсатына қарай былай жіктеуге болады:

- 1) Валюта айырбастау;
- 2) Альп-сатарлы және абсолюттік.

Валюта айырбастау операциясында айырбастауға қатысушы үшін шешуші кезең бола алмайды, яғни түсім оған байланысты емес (тіпті залалдан сақтану үшін ол валюталық қауіп қатерден сақтандыра алмайтынын ескермеген жағдайда да). Шетел валютасына айырбастау басқа нарықтарда (тауар, қаржы) түсім түсіру үшін қолданылады, мысалы шетелге сатылған тауар есебінен [2,9б.].

Кез келген валюталық операцияны жүргізуде жүргізуші жақтар ақша айырбастау кезеңінің тәсіліне байланысты (телеграфт, пошта арқылы аудару, чек, жедел шарт немесе банкнот), баға белгіленімі тәсіліне байланысты валюта айырбастау бағамын келісіп алу керек. Сонымен бірге банк арқылы баға белгіленіміланған сатып алу, сату бағамы немесе орташаланған курс арасындағы таңдау маңызды рөл атқарады. Телеграфтың атқару бағамы ең жоғарғы курс болып табылады, себебі онда шетел валютасы банк арқылы тез төленеді немесе шетел банкінен аударуда алғаннан кейін келесі күні төленеді. Мәмілені орындауды жылдамдығына байланысты спот мәмілесі үшін телеграфтық аудару тиімдірек. спот мәмілесінде басқа тәсілдер ақша айырбастауда жылдамдығына байланысты тиімсіз болуы мүмкін. Егер ақша айырбастаудың басқа тәсілін қолдану мүмкін болса, онда соңғы курс телеграфтың айырбастау бағамының негізінде анықталады. Ол бір елден екінші елге төлем құжаттарын жеткізу мерзімі ішінде пайыздың көлеміне азайтылған телеграфтық айырбастау бағамының негізінде анықталады.

Валюталық бақылау агенттері:

1) өздері, оның ішінде клиенттердің тапсырмасы бойынша операциялар жүргізген кезде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

2) валюталық операциялар бойынша есепке алу мен есептіліктің толымдылығын және объективтілігін қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес өз клиенттері жол берген, өздеріне белгілі болған Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзу фактілері туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, сондай-ақ басқа да валюталық бақылау органдары мен құқық қорғау органдарына хабарлауға;

4) валюталық бақылау органдарына өздерінің қатысуымен жүргізілетін валюталық операциялар туралы валюталық реттеу органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен ақпарат беруге міндетті.

Валюталық бақылау органдары мен агенттері өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде өздеріне белгілі болған коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтауға міндетті.

Уәкілетті банк резиденттің және (немесе) резидент еместің төлемдер мен ақша аударымдарын соңғысы осы Заңға және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынған жағдайда ғана жүзеге асырады.

Бұдан шығатын қорытынды өкілетті мемлекеттік органның құқықтық нормотивтік актілердің бастырып шығуына валюталық реттеу басты делдал қызметін атқарады.

Қазіргі уақытта валюталық бақылау және реттеу туралы бірнеше нормативтік-құқықтық актілері бар. Солардың ішінде ең негізгілер: «Валюталық реттеу және бақылау туралы» заңы, «Төлемдер және ақша аударулар туралы» заңы, «Валюталық құндылықтарды қолданумен байланысты іс-әрекетті лицензиялау ережесі туралы» заңы [3].

Қазақстан Республикасы үкіметі және өзгеде мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес өз құқықтары ретінің шегінде валюталық реттеуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бөлшек сауданы және қолма-қол шетел валютасы үшін қызметтер ұсынуды жүзеге асыруға байланысты қызметті, Қазақстан Республикасындағы валюта түріндегі есепшоттарымен қоса, олар тіркелген мемлекеттердің заңдары бойынша тиісті құқығы бар шетел банктері мен қаржы институттарында (бұдан әрі - шетелдік банктер) резиденттердің ашқан есепшоттарын, сондай-ақ валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына өтуін (орналастырылуын) көздейтін капитал қозғалысына байланысты операцияларды лицензиялайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рамазанов Н. Валютные вклады обесцениваются // Деловая неделя, 9 июля 2008. - б. 3.

2. Баншев Б. О моделях банковской системы // Банки Казахстана - № 2 - авг. 2007. -б. 9.

3. Бондарь Т. Что происходит в банковской системе Казахстана (Становление банковской системы Казахстана обошлось без кризисов) Финансист, - №10 - 2001

ӘОК336:1

БАНКТЕРДІ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ КЕЗІНДЕ КАПИТАЛДЫ ҚАДАҒАЛАУ

Абдибеков С.У. э.ғ.к., доцент, **Сейдахметова А.А.** 2 курс магистранты
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
Saken_Abdibekov@mail.ru, aiym.seidahmetova@mail.ru

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктердің лицензиялау және тіркеу капиталды қадағалау мәселелері қарастырылған.

In this article the main stages of registration of licensing, supervision and regulation of banks of the second level in the Republic of Kazakhstan are considered.

В этой статье рассматриваются основные этапы регистрации лицензирования, надзора и регулирования банков второго уровня в Республике Казахстан.

Кілт сөздері: капитал, лицензия, банктік операциялар, акционер, қаржылық қадағалау.

Банктердің қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында банктік қадағалау ұйымдарының тарапынан несие мекемелерінің меншігінің құрылымын бақылау қажет. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банктік қадағалау органы ретінде несие мекемесінің тікелей немесе жанама иелерінің репутациясы таза екендігіне көз жеткізуі керек. Ұлттық банктің жаңадан құрылу және лицензия беру сатысындағы баға беруі өте маңызды. Ол несие мекемесінің әрі қарай қаржылай қадағалауға негіз болады.

Банктік, сондай-ақ ҚР-ң «Банктер және банктік қызмет туралы» заңына сәйкес белгіленген өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензияларды осы Заңның талаптарына сәйкес уәкілетті орган немесе Ұлттық банк береді.

Банк операцияларын жүргізуге лицензиялар Ұлттық Банк белгілеген тәртіп бойынша беріледі [1,64б.].

Ұлттық Банк немесе уәкілетті орган лицензия берген кезде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктердің жүзеге асыруына рұқсат берілген операциялардың атауларын нақтылауға құқылы.

Банк операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін өтініш беруші мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде:

а) барлық ұйымдық - техникалық шараларды орындауға, оның ішінде уәкілетті органның немесе Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін үй-жай мен жабдықтар әзірлеуге, сондай-ақ тиісті біліктілігі бар қызметкерлер жалдауға;

б) жарғылық капиталға төлем жасауға тиіс.

Жұмыс істеп тұрған банк қосымша банк операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін:

1. Банк операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін өтініш берген айдың алдындағы қатарынан үш ай ішінде пруденциялық нормативтердің және сақтауға міндетті басқа нормалар мен лимиттердің;

2. Тәуекелдер мен ішкі бақылау жүйелері бар бөлікте уәкілетті орган белгілеген талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

3. Банк операцияларын жүргізуге лицензия беру жөніндегі өтінішті уәкілетті орган немесе Ұлттық Банк өтініш қабылданған күннен бастап бір ай ішінде қарауға тиіс.

4. Ұлттық және (немесе) шетелдік валютамен банк операцияларын жүргізуге лицензия шектеусіз мерзімге беріледі.

5. Банк операцияларын жүргізуге берілген лицензия үшінші адамдарға берілмеуіне тиіс.

6. Банк операцияларының барлық түрлері оны жүргізу құқығы лицензияда тікелей көрсетілген жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

7. Банк операцияларын жүргізуге лицензия беру жөніндегі шешімді уәкілетті органның немесе Ұлттық Банктің ресми басылымдарында жариялайды.

8. Банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияның тиісті дәрежеде куәландырылған көшірмесі банк клиенттері көруіне онтайлы жерге орналастырылуы тиіс.

ҚР-ң «Банктер және банктік қызмет туралы» заңына сәйкес банктік операцияларды жүзеге асыруға лицензия беруге мынадай жағдайларда рұқсат етілмейді:

а) осы жоғарыда белгіленген талаптардың кез келгені сақталмаған ретте;

б) егер банк мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап бір жыл ішінде лицензия алу жөнінде өтініш жасамаған ретте жүргізіледі.

Осы орайда банктің жарғылық, жалпы меншікті капиталының көлемі мен оның қалыптасуы өте маңызды екендігін айта кету керек. Банкті құру сатысында жарғылық капиталы акцияларды сату не құрылтайшылардың жарналары есебінен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі және қалыптастырылады [2,50б.].

Банктің құрылтайшылары мен акционерлері сатып алынатын акцияларға ақшамен ғана төлем жасауға құқылы.

Банктің құрылтайшылары және акционерлері - заңды тұлғалар акцияларға орналастырылған активтерді және басқа тұлғалардың капиталына қатысу үлесін шегере отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес есептелген өз капиталы шегінде банк акцияларын сатып алады.

Банктің құрылтайшылары мен қатысушылары - жеке тұлғалар жарғылық капиталға ақша қосуға, салық заңдарының табыстары мен мүлік туралы декларация беру бөлігінде белгіленген талаптарын ескере отырып, банк акцияларын төлеуге құқылы.

Банк акцияларын алғашқы сату барлық құрылтайшылар (акционерлер) үшін бірыңғай орналастыру бағасымен жүргізіледі.

Жаңадан құрылған банктің жарғылық капиталына оның акционерлері Әділет министрлігі банкіні тіркейтін кезге қарай елу процент мөлшерінде және тіркеген күннен бастап бір күнтізбелік жыл ішінде толық төлем жасауға тиіс.

Банктің өз меншігіндегі капиталы (бұдан әрі - Банк капиталы) оның міндеттемелерінің сомасы шегерілген банк активтердің құны банк активтерінің бастапқы құнынан берілген қарыздар мен басқа да активтер бойынша қажетті резервтер (провизиялар) сомасын шегеру жолымен есептеледі. Банк капиталын, активтерінің құнын, берілген қарыздар мен басқа да активтер бойынша резервтердің (провизиялардың) мөлшерін есептеу әдістемесін уәкілетті орган белгілейді.

Банк міндеттемелерінің сомасы оның активтерінің құнынан асып кеткен жағдайда банк капиталы теріс болады.

Банк капиталының теріс мөлшері келесі үш күнтізбелік ай бойы анықталған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша оның акционерлерінің банктің жарғылық капиталындағы үлестерін (акцияларын) мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдауға және оларды банк капиталының ұлғаюына, инвестор алған міндеттемелерді ескере отырып оның қалыпты жұмыс

істеуіне кепілдік беретін шарттармен жаңа инвесторға сатып алынған баға бойынша дереу құқылы.

Банк акцияларын уәкілетті органның мәжбүрлеп сатып алуы банк акцияларын (акционерлердің үлесін) кейіннен жаңа инвесторға сату мақсатында мәжбүрлеп сатып алу туралы ол шешім қабылдаған күнгі оның нақты капиталының мөлшерін негізге ала отырып белгіленетін баға бойынша жүзеге асырылады. Банктің сатып алынған акцияларын олар сатып алынған баға бойынша дереу сатыды. Банктің мәжбүрлеп сатып алынған барлық акциялары иелерінің құқықтары мен міндеттері жаңа инвесторға көшеді.

Банкке талаптар қойылуы мүмкін міндеттемелерді орындау мерзімі басталған жағдайда, бірақ ол талаптар банктің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдағанға дейін қойылмасы, жеке және заңды тұлғалардың депозиттері бойынша талаптарды қоспағанда, мұндай талаптар өтелген болып есептеледі.

Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алудың және оларды кейіннен инвесторларға міндетті түрде сатудың тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Екінші деңгейлі банктердің жарғылық капиталының минималды мөлшері белгіленген және банктер сол деңгейде өз жарғылық қорын қалыптастыруы тиіс. Сонымен қатар жұмыс барысында капиталының теріс мөлшері анықталмауы тиіс.

Ғылыми әдебиеттерде тиімді қаржы қадағалау жүйесін зерттеу терең көрініс таппады деуге болады. Демек банктермен өзара байланысы аспектісінде қаржы қадағалау органдарының мәніне терең талдау жүргізілмеген. Сонымен қатар қаржы қадағалау жүйесінің жұмысын зерттеуде талдау қажетті элемент болып табылады.

Банктердің қаржы қадағалау органдарымен байланысы бұл органдардың құзыреті мен қызметі арқылы көрініс табады. Осыған байланысты жұмыс барысында аталмыш органдардың қызметіне көңіл бөлінеді.

Банктердің қаржы қадағалау органдарымен өзара байланысының мінезін объективті түрде анықтайтын алғышарттардың бірі ретінде мемлекеттің ұйымдастыру негіздері, биліктің жалпы құрылымы, мемлекеттік экономикалық саясаттың мақсаттарын жүзеге асыру бойынша функцияларды бөлу принципі табылады. Аталған мінездемелер мемлекеттің ата заңы - конституциямен анықталады. Қазақстанның дамушы нарықтық ел ретіндегі экономикалық жүйесінің сипаты оның ұлттық валютасының салыстырмалы түрдегі әлсіздігімен, яғни сыртқы және ішкі жағымсыз факторлардың әсеріне икемділігімен сиптталады. Экономиканың дамуының дәстүрлі және ықпалы жоғары аспектілерінің бірі болып тікелей және портфельді инвестиция түріндегі капиталдың трансшекаралық ағымы табылады. Бұл қаражаттардың елімізге келуіне банк жүйесінің тұрақтылығы да үлкен әсерін тигізеді. Осыған байланысты банктік органдар қаржы қадағалау органдарымен тығыз байланыста болуы тиіс. Себебі қаржылық қадағалау банк жүйесінің жағдайын алдын-ала жобалауға, белгілі бір шаралар қолдануға мүмкіндік береді [3,90б.].

Жоғарыда аталғандай, берілген тақыптағы жұмыс, банктік және қаржылық қадағалау түсініктерін тығыз байланыстырады. Қазақстанның банк жүйесін қаржылық қадағалауды Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі жүзеге асырады.

Бұл агенттік Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен біріге жұмыс істейді. Аталмыш агенттік банктік қадағалау органы ретінде банк қызметін қаржылай қадағалау тиімді жүргізілуін қамтамасыз етуге қатысады. ҚРҰБ қаржылық-қадағалау агенті ролін мынадай мақсатта орындайды:

1) Агенттіктің банктермен табысты жұмыс істеуін ұйымдастыру (банктерді қадағалау тәжірибесінің болуына байланысты);

2) Банктік ұйымдар мен агенттіктің қызметкерлерінің өз құзыретін аса сілтеушілікпен пайдалануына жол бермеу.

Осылайша ҚРҰБ еліміздің заңнамаларының орындалуын бақылаушы ролін атқарады. Сонымен қатар банктердің өзінің құқытары мен еріктілігін қорғаудың кепілшісі болады. Мұндай серіктестік әлемдік тәжірибе көрсеткендей оптималды шешім болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.В. Сорвин. О банковском надзоре за деятельностью и развитием кредитных организаций//Деньги и кредит.№4.2011ж.-64б.

2. М.И.Сухов. Банковский надзор: общеэкономические аспекты//Деньги и кредит.№8.2010ж.-50б.

3. М.В.Степанова. Правовое регулирование банковской деятельности: международно-правовой аспект//Банковское право.№4.2012ж.-90б.

УДК 657.012

ХҚЕС НЕГІЗІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП БЕРУ МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Адетбекова Д.Е.-магистрант

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекші: **С.К.Байдыбекова-э.ғ.к.**, доцент

Кәсіпорындардың қағаздарын жүргізу, кадрлық, өндірістік және есепке алу, т.б. мәселесін шешуге бір тиімді жолы барлық бағыттар бойынша кәсіпорынның кешенді автоматтандыру болып табылады Бұл жағдайда, барлық бизнес-процестері (және пайдаланушы аттары, сондай-ақ) сапалы бастапқы есебін ұйымдастыру деңгейін арттыру, ол автоматтандырылған жүйесін іске асыру үшін техникалық сипаттамаларын белгілеу, және өзін-өзі енгізу сатысында сөзсіз, рәсімделген стандартталған және стандартталған болады сатысында.

Одним из эффективных способов решения данной проблемы является комплексная автоматизация предприятия во всех направлениях: делопроизводство, кадры, производственный и бухгалтерский учёт и т.д. В этом случае все бизнес процессы (и учётные в том числе) на стадии постановки технического задания на внедрение автоматизированной системы и на стадии собственного внедрения неизбежно будут формализованы, унифицированы и стандартизированы, что качественно повысит уровень организации первичного учёта.

One effective way of solving this problem is complex automation of enterprises in all directions: record keeping, personnel, production and accounting, etc. In this case, all the business processes (and usernames as well) at the stage of setting technical specifications for the implementation of an automated system, and at the stage of self-introduction will inevitably be formalized, standardized and standardized, which qualitatively increase the level of organization of the primary accounting.

Түйінді сөздер: Іс қағаздар, бухгалтерлік жазбалар, біріздендіру, есептеу, бастауыш шот.

Халықаралық қаржылық есеп стандартының берген анықтамасына қарай бухгалтерлік есепке тән концептуалды негіз деп - қаржылық есеп пен қорытындының табиғатын, оның атқаратын міндетін, бұлардың аражігін анықтайтын, стандарттар жасау процесіне қайшы келмейтін, өзара байланыстағы мақсаттар мен принциптердің келісілген жүйесін айтады.

Негізінен концептуалды негіз:

Қаржылық қорытынды есеп құру мен мұның мазмұнын тануға;

Бухгалтерлік есеп жүргізу ме ұйымдастыру жөніндегі жалпы амалдармен бухгалтерлік есеп ақпараттарын пайдаланушы мамандарды қамтамасыз етуге;

бухгалтерлік есеп жөніндегі жаңа нормативтік актілерді әр кезеңдерде жасау мен қайта қараудың негізін қамтамасыз етуге;

нормативтік актілермен реттелмеген мәселелер жөнінде шешім қабылдаудың базалық негізін салуға;

бухгалтерлік қорытынды есеп құрамындағы мәліметтерді пайдаланушы жақтарға түсінікті тәсілдермен беруге арналған[1].

Қаржылық қорытынды есеп жасаудың негізгі мақсаты: - қажетті ақпараттармен сыртқы және ішкі пайдаланушыларды қамтамасыз теу болып табылады. Пайдаланушылардың мақсаты қажетті экономикалық шешім қабылдаумен тығыз байланыста болады. Шешім қабылдаудың бірінші кезектегі ең негізгі мақсаты - ұйымдардың қызмет өрісіндегі экономикалық ресурстардың тиімділігін арттыру, сондай-ақ осы ұйымға салынған инвестициялар, несиелер және алынған қарыздар жөнінде нәтижелі шешімдер қабылдау.

Қазақстандық ұйымдардағы қаржылық қорытынды есеп жасаудың түпкі мақсаты - ақша қозғалысын, табыстар мен шығындарды, инвестициялар мен несиелерді және меншікті капитал өрісіндегі ақпараттарды қалыптастыру болып табылады.

Қаржылық қорытынды есеп қалыптастыру төмендегі өзара байланысқан баланстық жинақтаулардан тұрады.

- Ұйымдар активі = меншікті капитал + міндеттемелер теңдеуі әрқашанда бухгалтерлік және қаржылық қорытынды есеп жүйесінде міндетті түрде сақталады.

- Табыстар=жұмсалған ресурстар сомасы+еңбек ақы шығындары +міндеттемелер жөніндегі пайыздар+салық төлеу шығындары+бөлінбеген табыс теңдігі сақталады.

- Бөлінбеген табыс=дивиденттер+мақсаттық қорлар құру резерві +бөлінбей қалған табыс (таза пайда) сабақтастығы сақталуы керек.

- Операциялық қызметтен түскен ақша түсімі+инвестициялық қызметтен түскен ақша+қаржылық қызметтен түскен ақша (жал төлемі, зайымдар т.б.) =міндеттемелерді төлеу+ бюджет сыртындағы қорларға төлеу + еңбеккерлер алдындағы міндеттемелерді төлеу+меншік иелері алдындағы міндеттемелерді төлеу+өтеушілік дәрежесінің өсімін төлеу.

Қаржылық қорытынды есепке тән меншікті капитал ұғымы меншік иесінің, басқа да қатысушылардың, құрылтайшылардың, бастапқы кезеңдегі қалыптастырған капиталының базасын құрайды. Сондай-ақ қаржылық қорытынды есепке тән міндеттемелер ұғымы әріптестердің, мемлекеттің (өкілетті органдар арқылы), жеке адамдардың берген, табыс келтіруге арналған қаржы көздерін көрсетеді. Ұйымдар меншігіндегі ~активтер ұғымы экономикалық айналысқа түскен және ұйымдар қызметіне қатыстырылған, бақыланатын барлық активтік сомалар жиынтығынан тұрады.

Ұйымдардың қаржылық қорытындысы жөніндегі қызметінің нәтижесі және ұйымның, тапқан таза пайдасының көлемі жөніндегі мәліметтер экономикалық ресурстардың потенциалды өзгеріске түсуі мен көбеюін сипаттап отырады[2].

Қаржылық қорытындының құрамы мен құрамдас бөлігі бірімен-бірі тығыз байланыста болады. Қаржылық қорытынды есеп жасау арқылы меншік иелерінің экономикалық мүддесін сипаттауға да болады.

Қаржылық қорытынды есеп беру және осы арқылы пайдаланушылар талабын қанағаттандыру жөніндегі қаржылық қорытынды есептің жалпы принциптеріне мыналар жатады:

-Ұйымдардың қаржылық жағдайы, қаржы рерурстары, меншікті және қарызға алынған капиталдың жекелеген түрлері мен көлемін айналысқа түсіру;

- Есепті кезең ішіндегі ұйымдардың қаржылық нәтижесін шығару, экономикалық ұтымдылықтың түрі мен мөлшері;

-Ұйымдардың қаржылық жағдайының өзгерісі, қаржыландыру көздерінің өзгерісі, есепті кезең ішіндегі негізгі құралдардың, басқа да активтердің өзгерісі.

Мұндай бағыт пен принциптер қаржылық қорытынды жөніндегі ақпараттар мазмұнын ашып көрсету жөніндегі ХҚЕС талабына сәйкес келеді.

Есептік кезеңдегі түгендеу санын, оның жүргізілетін күнін, оның әрбіреуін тексеретін мүлік тізбесін субъект белгілейді. Субъект түгендеуді жүргізу міндетті мына жағдайларда қалыс қалады:

Жылдық бухгалтерлік есеп беруді жасау алдында, алайда есептік жылдың қараша айынан бұрын бастамауы керек.

Субъект мүлікті жалға, сатуға, сатып алуға, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектінің қайта құрылуына тапсырғанда;

- Материалды-жауапты тұлға ауысқанда (істі қабылдау-тапсыру күні);

Талан-тараж және қаскүнемдік фактілерін белгілегенде, сондай-ақ құндылықтар бүлдірілгенде - мұндай фактілерде дереу түгендеу;

Төтенше жағдайдан болатын өрт немесе стихиялық (дүлей) апат кезінде, бұл апаттар басылғаннан кейін түгендеуді дереу қолға алу;

Тарату (бөліністік) балансы жасалмастан бұрын субъектіні таратуда (қайта ұйымдастыруда);

Негізгі құралды және тауарлы-материалдық қорларын қайта бағалауда - субъектінің есептік саясатымен белгіленген мерзімде және Қазақстан Республикасы заңында қарастырылған басқа жағдайлар.

Аяқталмаған құрылысты түгендеу барысында оның бар-жоқтығын және заттай көлемі тексеріледі, сонымен бірге оның құрамына құрал-сайман, құрастырылмай есептен шығарылған монтаж кіретінін немесе кірмейтінін анықтау; құрылыс-монтаж жұмыстарының құрамында - жорпарсыз жұмыстың бар-жоғы анықталуы керек; токтатылған және уақытша токтатылған құрылыс объектілерінің жағдайын анықтайды[3].

Аяқталмаған күрделі жөндеулерді түгендеу нақты өндірістің заттай жұмысын, оның көлемін және құнын белгілеуді білдіреді.

Кассадағы ақша қаражатын кассадағы қолда бар ақшаны белгілеу жолымен және қатаң есеп берумен бланктерді полистік (сақтандыру куәлігі) қайта есептеумен түгендейді. Түгендеу нәтижесін жеке „Қолда бар ақшаны түгендеу актісімен” ресімдейді.

Кассаны түгендеу шаруашылық жүргізуші субъектінің басшылығымен әзірленген және бекітілген кассалық операция жүргізу Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Кассаны түгендеу, қатаң есеп берумен құжаттар және бланкілерді (әуе-және теміржол билеттері, жанар-жағар май (бензин) талондарын және т.б.) түгендеу әдетте бас бухгалтер мен кассирдің қахысумен кенеттен болады. Түгендеу кезінде қолда бар ақша полистік қайта есептеліп, кассада сақтаулы басқа да құндылықтар тексеріледі. Түгендеу басталғанша оларға сүргі салынады, яғни мөрленеді. Кассир түгендеу сәтінде кассалық есеп беруді жасау керек және кассалық кітап бойынша

ақша қаражатының қалдығын шығаруы керек. Кассирден барлық кіріс және шығыс құжаттары есеп беруге кірді және кассада кірістелінбеген, есептен шығарылмаған сома қалған жоқ, деген қолхат алынады. Ақша қайта есептелінгеннен кейін кассадағы ақша қаражатын түгендеу актісі жасалады. Түгендеу нәтижесі кассалық кітапша бойынша бухгалтерлік есеп деректерімен салыстырылады.-Актіге анықталған жолсыздықтар туралы кассирдің түсініктемесі және түгендеу нәтижесі бойынша ары қарай шешім туралы субъект басшысының қарары жазылады [4].

Банктегі шот, несие бойынша, салық бойынша банкпен есеп айырысу, бюджетпен, қызметкерлермен еңбекақы бойынша, жабдықтаушылармен, мердігерлермен және басқадай кредит берушілермен бастапқы құжаттардың негізінде түгенделеді, мұнда қалдықтардың нақтылығы белгіленіп, бұл шотқа жататын соманы мұқият тексереді. Берешектің пайда болған мерзімін, оның нақтылығын, талап мерзімін өткізіп алған кінәліні айықтайды. Барлық дебиторлармен және кредиторлармен кәсіпорын қағаздық шоттан үзінді көшірме алмасуы керек және оларға түгендеу комиссиясын ұсыну керек .

Баланстан берешектің есептеп шығаруын тексеріп, 3 жылдың ішінде өндіріп алу мүмкіндігін бақылауды жүзеге асыру аса қажет.

Егер айырысуларды түгендеу дебиторлық және кредиторлық берешектер сомасын негіздеу және қысқарту, айыппұл төлеуге, тұрақсыздық төлеміне (айыбы) және күмәнді қарыз бойынша резерв пайда болуына жол бермеу үшін төлем тәртібінің сақталуын қадағалау, бекітілген келірімшарт бойынша өзара есеп айырысу, төлем мерзімін нақтылау мақсатында жүргізіледі.

Есеп беруші тұлғалармен есеп айырысу - Қазақстан Республикасы заңында белгіленген іс-сапар және өкілдік шығындардың орнын толтыру нормасына, субъектінің кассалық операцияларды жүргізу Ережесіне сәйкес шаруашылық, өкілдік және іссапар шығындырына арналған ақшалай қаражатты беру негіздемесінің дұрыстығын тексереді[5].

Кредиттерді алу және өтеу бойынша банкпен есеп айырысу - тексеру барысында ағымдық, корреспонденттік немесе жинақ шоттары мен оларға тіркелген қосымша ақтау құжаттарына қатысты банк жазулары салыстырылады. Ақшалай кредит сомасының есептелу мерзіміне және процент төлеміне сәйкес тексеріледі;

Жабдықтаушылар және мердігерлермен есеп айырысу - жолдағы тауарлар сомасының бір бөлігі және фактурасы жоқ жеткізілім бойынша.

Инвестицияны түгендеуде құнды қағаздарға жұмсалған шығынды растайтын құжаттар, олардың дұрыс ресімделуі, құнды қағаз балансында ескерілген құнның нақтылығы, уақтылығы және құнды қағаз бойынша алынған табыстардың бухгалтерлік есепте толық көрініс табуы тексеріледі.

Материалды емес активтерді түгендеуде олардың есепте дұрыс әрі уақтылы көрініс табуы, субъектінің оны пайдалану құқын растайтын (патент, лицензия, тауарлық таңба және т.б.) құжаттардың қолда бар болуы тексеріледі [6].

Халықаралық қаржылық есеп стандартына сай қаржылық қорытынды есеп дайындау принциптері екі топқа бөлінеді.

Бірінші - негізін салушы жорамал, екінші - қаржылық қорытынды есеп сапасын сипаттау. Қаржылық қорытынды есептің негізін салушы принциптер - есептеу және үздіксіздік принциптерінен тұрады.

Қорытынды есеп құрамындағы бухгалтерлік баланстың мәні өте жоғары. Осы құжат арқылы ұйымның қаржылық жағдайы жөнінде анық және бұрмаланбаған көрсеткіштер жинақтылып , мұның өзі пайдаланушылардың сұранысын қанағаттандырады. Баланс активтер, пассивтер және капитал қозғалысының есебін жүргізуші синтетикалық счеттардың қалдығынан туындайды. Бухгалтерлік есептің жекелеген счеттарынан жинақталған ақпараттардың барлығы пайдаланушылар үшін

әрқашанда қажет бола бермейді. Сондықтан бухгалтерлік баланс көрсеткіштерін оқып түсінудің жолдарын жеңілдету үшін жекелеген счеттарды топтастыру әдісі қолданылған.

Топтастырудың нәтижесінде қаржы салымшы инвесторлар, несиелендірушілер, қаржылық қорытындыны басқа да пайдаланушылар топтастырылған счеттардағы мәліметтерді өзара байланыстыра отырып, зерттеу және бағалау шараларын белгілейді. Мұның үшін жалпы бағыттағы қаржылық қортынды есеп бухгалтерлік есеп шоттары бойынша топтастырылған мәліметтер негізінде жасалынып, мұның өзін - жүйеленген қаржышық қортынды есеп деп те атауға болады. Баланс бухгалтерлік есеп жүргізудің әдістері мен арнайы сабақтастық ережелерді анық және дұрыс қолданған жағдайда ғана сақталады.

Баланстың атқаратын міндеттерінің негізгісі - есепті жыл ішіндегі ұйымның қаржылық жағдайы жөніндегі өзгерістерді сипаттау болғандықтан, баланс екі бағаналы кестеден + жылдың басындағы және аяғындағы көрсеткіштерді ажыратып тұрады. Есепті екі жылдың көрсеткіштері жазылған баланста осы жылдың аяғындағы баланстың арнайы тараулары мен баптарына жазылған көрсеткіштер келесі жылдың балансын жасау үшін жылдың басындағы көрсеткіштер болып, баланс бағанасына жазылып отырады[7].

Ұйымдар өз қызметін алғашқы кезеңнен бастап жүргізуі үшін бұлардың бастапқы капиталы болуы керек. Бастапқы капитал ұйым құрушы құрылтайшылардың қосқан үлестік жарнасынан тұрады. Құрылтайшылардың қосқан жарнасы - жарғылық капитал деп аталынады. Жарғылық капитал қалыптастыруға салынған жарналар: материалды және материалды емес қаражаттардан тұрады.

Материалды және материалды емес қаражаттар ақшалай бірлікке айналдырылып бағаланады және бағаланған сомалар капитал түрінде көрсетіліп, ұйым жарғысында жарияланады. Жарғылық капитал активтер қалыптастырудың белгілі бір қаржылық көзін құрайды. Мұның мөлшері меншікті капитал түрінде құралтайшылық құжатқа жазылып жарияланады. Басқаша айтқанда меншікті капитал жаңадан құрылған ұйымның өз құрылтайшыларының алдындағы берешегі болып есептелінеді.

Әр түрлі көздерден алынған қаржылық қаражаттар екі тұрады: ұзақ мерзімді және ағымдағы активтерге салынады. Өндірістік процесте бір жылдан , артық уақыт пайдаланылатын активтерді ұзақ мерзімді, ал бір жыл ішінде пайдаланылатын және ақшаға айналатын активтерді ағымдағы активтер деп атайды.

Есеп жүргізудің әлемдік тәжірибесінде бухгалтерлік баланстың екі үлгісі: көлденең және тігінен жасалынған үлгі қолданылады. Көлденең жасалған үлгіде активтер баланстың сол жағында, пассивтер оң жағында орналасқан. Тігінен жасалған үлгіде баланстың тараулары мен баптары белгіленген сабақтастықпен әуелі активтерді сипаттаушы баптарға, бұдан соң пассивтерді сипаттаушы баптар бойынша орналасқан[8].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кеулімжаев Қ.К. Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері [Мәтін]: Оқулық / Қ. К. Кеулімжаев, Н.А. Құдайбергенов.- Алматы: Экономика, 2009.- 178б.
2. Назарова В.Л. Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп [Мәтін]: Оқулық / В.Л. Назарова; Жалпы редакциясын басқарған Н.Қ.Мамыров.- Алматы: Экономика, 2010.- 166б.
3. Қаржылық есеп [Мәтін]: Оқу құралы / К.К.Кеулімжаев,З.Н.Әжібаева, Н.Құдайбергенов,А.Ә.Жантаева.- Алматы: Экономика, 2011.- 151б.
4. Қаржы есебі [Мәтін]: Оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған Т.А.Тасмағамбетов.- Алматы: Дәуір, 2011.- 98б.

5. Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп.- Радостовец В.И., Радостовец В.В., Шмид О.И. Алматы:Центраудит-Қазақстан,2002.- 68б.
6. Бухгалтерлік есеп теориясы және принциптері.- Әбдіманапов Ә. Алматы: Экономика, 2006.- 35б.
7. Кеулімжаев Қ.К., Әжібаева З.Н., Құдайбергенов Н.Қ. Бухгалтерлік есеп принциптері.- Алматы: Экономика, 2008.- 103б.
8. Ивченко Е. Қазақстандық компаниялардың Халықаралық қаржылық есеп стандартына көшудегі қиыншылықтары // МСФО.- 2013.- №49.-10-13 бб.

УДК 658.011.46

ПРИНЦИПЫ ФОРМИРОВАНИЯ И ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ КООПЕРАТИВОВ В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ РАЗВИТЫХ СТРАН

Асанова Ж.А.

*Жетысуский государственный университет, г.Талдықорган,
Zhulduzasanova@mail.ru*

В статье излагаются принципы формирования, основные черты и типы сельскохозяйственных кооперативов в развитых странах. Раскрываются специфические особенности, связанные с использованием форм общинного землепользования и землевладения, а также с проведением в ряде стран аграрных реформ. Цели кооперации - обеспечение возможностей использования в малом и среднем хозяйстве новаторских технологий в промышленности и индустриальных технологий в агропромышленном комплексе, направленных на рост объемов производства товаров народного потребления и устойчивых доходов кооператорам, что является залогом повышения уровня жизни населения.

Бұл мақалада ауылшаруашылық кооперативтердің құрылу қағидалары, негізгі сипаттары және түрлері қарастырылған. Аграрлық реформаларды өткізуіне байланысты жерді қолданудың төл өзгешеліктері ашылады. Кооперацияның мақсаттары - халық тұтынуына және кооператорлардың күнделікті табыстарына әкелетін тауар көлемін көбейту, кіші және орта шаруашылықта жаңашыл технологияны өнеркәсіпте және индустриалды технологияларды агроөнеркәсіп кешенінде қолдану, бұның бәрі болашақта халықтың өмір деңгейін көтеруге әкеледі.

In article the principles of formation, the main lines and types of agricultural cooperatives in the developed countries are stated. The specific features connected with use of forms of communal land use and land tenure, and also with carrying out in a number of the countries of agrarian reforms reveal. The cooperation purposes - providing opportunities of use in small and average economy of innovative technologies in the industry and the industrial technologies in agro-industrial complex directed on increase in production of consumer goods and the steady income to cooperators that is pledge of increase of a standard of living of the population.

Ключевые слова: *кооперация, кооперативные формирования, агропромышленный комплекс, модель, методика, специализация, аренда.*

В ряде стран Кооперация сельскохозяйственная занимает монопольное положение в переработке и сбыте большинства или отдельных видов

сельскохозяйственной продукции, а некоторые кооперативные предприятия входят в число крупнейших перерабатывающих и сбытовых компаний.

В Швеции, Норвегии, в известной степени в Японии существует единая система Кооперация сельскохозяйственная, руководимая из общего центра; в большинстве же стран имеется несколько крупных центров Кооперация сельскохозяйственная, действующих независимо друг от друга и вступающих иногда в конкурентную борьбу между собой.

Кооперация сельскохозяйственная в развивающихся странах Азии и Африки возникла в конце 19 - начале 20 вв. двумя путями: как добровольные организации среди колонистов европейского происхождения и как насильственные объединения местного населения, насаждавшиеся колониальной администрацией для хищнической эксплуатации природных богатств в интересах метрополий. Принципиально новый этап в развитии кооперативного движения в странах, освободившихся от колониальной зависимости, наступил после получения ими политической независимости. Правительства большинства молодых государств отводят кооперации значительное место в программах развития с.-х. производства и всей национальной экономики. Ранней формой Кооперация сельскохозяйственная является кредитная кооперация, имеющая наибольшее распространение в странах Азии. Сбытовая кооперация развивается преимущественно в странах Африки, где перед монокультурным сельским хозяйством остро стоит проблема сбыта продукции. Так, в середине 60-х гг. 20 в. Через кооперативы сбывалось: в Сенегале свыше 50% урожая земляного ореха, в Уганде 60% хлопка и свыше 50% кофе. В АРЕ в районах, где проведена аграрная реформа, весь сбыт хлопка осуществляется кооперативами. Сбытовые кооперативы постепенно переходят к первичной переработке заготавливаемых продуктов. В развивающихся странах Кооперация сельскохозяйственная способствует сплочению разрозненных крестьянских масс, содействует росту их классового самосознания, выработке навыков коллективного ведения хозяйства и тем самым созданию социально-экономических предпосылок для перехода этих стран на некапиталистический путь развития. В странах Латинской Америки тенденция развития Кооперация сельскохозяйственная в целом соответствует практике развитых капиталистических стран. Специфические черты связаны с использованием форм общинного землепользования и землевладения, а также с проведением в ряде стран аграрных реформ [1].

Кооперация опирается на три принципа: добровольности, неприкосновенности и коллективной реализации собственности. На современном этапе в развитых странах Западной Европы кооперация охватывает мелкое и среднее фермерство, мелких собственников всех отраслей реальной экономики на основе сочетания этих принципов с целью выживания. Задачами кооперации являются умелая защита от разорения и обеспечение мелкому собственнику стабильных условий для выживания в конкурентной борьбе с крупными предприятиями как внутри страны, так и на мировой арене. Цели кооперации - обеспечение возможностей использования в малом и среднем хозяйстве новаторских технологий в промышленности и индустриальных технологий в агропромышленном комплексе, направленных на рост объемов производства товаров народного потребления и устойчивых доходов кооператорам, что является залогом повышения уровня жизни населения.

Кооперация возникла в Древнем Египте, Вавилоне и Месопотамии, Древнем Китае и Древней Индии за 2-2,5 тыс. лет до н.э. Простая кооперация является первой и основной экономической формой организации труда и производства. С возникновением капитализма кооперация стала коренным способом такой организации и основой для двух исторически последующих форм организации труда

и производства - мануфактуры (описанной английским экономистом Смитом) в 1776 г. и фабрики, или машинного производства (впервые описанной Рикардо) в 1819 г. Следующей формой организации труда является научная лаборатория, в недрах которой наука стала непосредственной производительной силой, вбирающей в себя черты всех трех форм.

Кооперация объединяет принцип неприкосновенности трудовой собственности с принципом коллективной ее реализации на основе разделения труда. Если в Западной Европе сохранились индивидуальные крестьянские (семейные) хозяйства, то это произошло потому, что их предки начиная с XV в. были объединены кооперативным движением.

Понятие кооперация происходит от латинского слова "cooperatio", что в переводе на русский язык означает сотрудничество. Сейчас данный термин имеет два аспекта: первый - кооперация в узком смысле слова, относящаяся к технико-технологическому процессу производства, второй - в широком, и несет в себе организационно-управленческую нагрузку.

Кооперация в узком смысле слова - простая кооперация - предполагает участие многих сотен, а иногда и тысяч работников, действующих одновременно на строительстве какого-нибудь крупного объекта. Все они подчиняются воле одного руководителя, четко выполняя свою работу. Свидетельствами простой кооперации являются всемирно известные памятники истории цивилизации: Египетские пирамиды, остатки Вавилонских строений, Китайская стена, Греческий Парфенон, Римский Колизей, Московский Кремль, Зимний дворец в Санкт-Петербурге и др [2].

Кооперация в широком смысле слова, или сложная кооперация, как особая форма организации производства является не только технико-технологической формой приложения труда, а экономической и социальной формой организации мелких собственников, как правило, мелких крестьян и индивидуальных кустарей и ремесленников по поводу производства и реализации готовой продукции с целью выживания в конкурентной борьбе с крупными феодальными, а затем и капиталистическими хозяйствами.

Сложная форма кооперации возникла, на наш взгляд, в сельском хозяйстве Северной Италии, во Флоренции, в XV в. при кооперировании и специализации крестьянских хозяйств на производстве молока. Крестьяне стали членами кооперативов по переработке и реализации молока, масла и сыров. Эти кооперативы были освобождены от земельного налога, а также было дано распоряжение купцам покупать продукцию объединенных в кооперативы крестьян по экспортным ценам. Они просуществовали до XVIII в.

Опыт кооперации в сельском хозяйстве Италии. Началось все с первых кооперативов по закупке, переработке и реализации молока и молочных продуктов. Небольшие заводы по производству молока создавались на "паях" крестьян-кооператоров. Молоко же производилось, как и раньше, в индивидуальных хозяйствах. Из Флоренции сельскохозяйственная кооперация распространилась по всему северу Италии - от Венеции и Генуи до Милана и Турина, вовлекая в кооперативы все новые и новые массы крестьян. Хотя кооперативы спасли крестьян от разорения, но возникала другая опасность - крестьянин-кооператор побогаче на основе большего размера "пая" подчинял себе кооператоров победнее, становясь феодалом, а затем и капиталистом. Когда это явление стало распространяться, в правительстве Италии задумались над спасением сельскохозяйственной кооперации и о недопущении ее превращения в крупное феодальное хозяйство.

Во второй половине XIX в. министр сельского хозяйства - выходец из крестьян-кооператоров Цанарделли подготовил закон, одобренный правительством, который предусматривал ряд условий с целью сохранения кооперативов как

объединение мелких крестьян. Закон закрыл путь в кооперативы феодалам, капиталистам и банкирам и утвердил принцип "эгалитарности" ("уравнительного пая") для крестьянина-кооператора: каждый член кооператива вносил в уставный фонд стабильную, равную для всех сумму "пая" (долю): стоимость одной акции определялась в 100 денежных единиц, количество акций было равным для всех членов кооператива.

Доход был также равен для всех. Этот закон с некоторыми изменениями действует и сегодня. Он оберегает кооперативы от монопольной конкуренции, кредитов с высоким процентом, высоких налогов, высоких цен на машины, сельскохозяйственный инвентарь и удобрения, гарантирует кооператорам стабильные рынки сбыта по выгодным ценам. Все эти меры обеспечивают рост и развитие единоличного крестьянского хозяйства под патронажем кооператива. Усилиями кооператива решаются не только экономические, но и социальные вопросы: льготное здравоохранение, образование и обеспечение жильем семей и детей кооператоров.

Кооперация в США. Традиционные ее виды: потребительская, снабженческо-сбытовая, сервисная, которые постепенно взяли на себя и производственные функции. Остановимся на деятельности сбытовых и снабженческих кооперативов.

Сбытовые - занимаются первичным сбытом фермерской продукции, включающим ее заготовку, транспортировку на перерабатывающие и сбытовые предприятия. Кроме того, они осуществляют переработку сельскохозяйственного сырья, регулирование экономических условий реализации, заключают торговые сделки от лица фермеров, ведут оптовую торговлю, а крупные кооперативы - и розничный сбыт продовольствия. Преимущественное распространение получили молочные сбытовые кооперативы, которые реализуют 78% молока, 17 - г - плодовоовощной продукции, 59% - зерновых, включая бобы и горох. Перерастание рамок традиционных сбытовых операций привело к проникновению кооперативов в производственный сектор. Деятельность этих предприятий протекает достаточно успешно: 21 кооперативное объединение по переработке продовольственного сырья вошло в список 100 ведущих компаний пищевой промышленности США. Молочные кооперативные заводы выпускают 87% всего реализуемого в стране сухого молока, 81 - сухой сыворотки, 59 - сгущенной сыворотки, 64 - сливочного масла, 47% - твердых сыров. В их собственности в начале 1980-х гг. находилось около 700 заводов, из которых 242 выполняли только посреднические функции по заготовке и перепогрузке молока для последующей реализации, 174 - производили сыр (средняя производительность труда работников на заводе - 174,6 кг в час), 122 - сухие молочные продукты (293,2 кг в час), 95 - масло (375,3 кг в час), 123 - специализировались на розливе молока [3].

Функции, выполняемые этими кооперативами, можно условно объединить в 2 группы: участие в заготовке, транспортировке и переработке молока; регулирование экономических условий реализации произведенной продукции - заключение от имени фермеров торговых сделок, регулирование объемов и режимов поставок продукции с целью установления наиболее выгодных для кооператива и его членов цен реализации.

В соответствии с этими функциями действуют три типа кооперативов: первый - организации фермеров, специализирующиеся преимущественно на транспортировке, перепродаже, производстве молочной продукции и ее оптовом сбыте (стоимость продукции этих кооперативов - свыше 90% общей суммы реализации), второй - предприятия, берущие на себя функции посредников при заключении сделок между производителями и переработчиками молока, третий - универсальные кооперативы, занимающиеся производством и сбытом молока.

В стране успешно функционируют и снабженческие кооперативы, охватывающие сферу обеспечения фермерских хозяйств средствами производства и производственными услугами. На долю кооперативного снабжения приходится 23-27% всего объема индустриальных поставок фермерам. В функции крупных снабженческих кооперативов входят: оптовые закупки семян, химикатов, горючего и ветеринарных препаратов; изготовление комбикормов, контроль за качеством кормовых ингредиентов, доставка корма на ферму; ремонт техники и оборудования, доставка запасных частей. Их целью является увеличение денежных доходов членов организации благодаря росту объемов сбыта и производства, эффективному распределению доходов; развитие только самых подходящих для членов кооперативов видов деятельности; обеспечение кооператоров всеми необходимыми видами услуг. Крупные региональные снабженческие кооперативы имеют несколько комбикормовых заводов со складами. Они владеют парком трейлеров, тракторов и грузовиков для доставки товаров. Наиболее крупные объединения стали в последнее время производить удобрения и отдельные виды сельскохозяйственного оборудования.

Ситуация в Канаде. Центральное место в структуре сельского хозяйства в этой стране занимают фермерские и кооперативные хозяйства. Наряду с ними существенную роль играют другие принципиально важные структурные единицы - общественные ассоциации производителей без уставного фонда и кооперативно-акционерные объединения (с уставным фондом) районного и провинциального (реже федерального) уровней. В настоящее время в Канаде 277 тыс. фермерских хозяйств (средняя площадь земли - 244 га на каждое), 506 сельскохозяйственных кооперативов (из более 10 тыс. кооперативов в различных сферах деятельности). В аграрном секторе зарегистрировано более 330 ассоциаций производителей, в том числе 84 - в сфере животноводства. Производство и оптовая продажа различных сельскохозяйственных продуктов контролируется 121 торговым управлением провинциального уровня. Успешно функционируют две торговые корпорации (Канадское пшеничное управление и Канадская комиссия по молочным продуктам) и четыре агентства, контролирующие производство и рынок птицеводческой продукции (яиц, инкубаторных цыплят, бройлеров, индеек). Деятельность последних курирует Национальный совет по сельскохозяйственным продуктам [4].

ҚР халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету елімізді дамыту стратегиясының басым бағыттарының бірі [1]. Сондықтан «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «...Баспананы тікелей, делдалдарсыз және несиеге барынша төмен пайызбен ұсыну, оның сатып алу құнын арзандатуға мүмкіндік береді. Бастапқы жарнаманың болмауы мен ипотека үшін төмен пайыздар баспананы қазақстандықтардың көптеген жіктері үшін қолжетімді ете түседі. Сондықтан 2015-2016 жылдар ішінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды қосымша 180 млрд. тенге сомасында ұлғайтамыз» - деп, халықты баспанамен қамтамасыз етуді жетілдірудің қазіргі жағдайына назар аударған болатын [2].

Жалпы ҚР тәуелсіздік алған жылдар барысында халықты баспанамен қамтамасыз етудің нормативтік –құқықтық негіздерін қалыптастыра алды. Одан басқа мемлекет деңгейінде қабылданған түрлі бағдарламалар оның ішінде 2005-2007 ж. арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2008-2010ж. және 2011-2014 ж.арналған бағдарламалармен бірге 2012ж. қабылданған «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы осы саладағы кешенді шараларды жүзеге асыру бағыттарын белгілеп берді [3].

Соған сәйкес елімізде жыл сайын 6 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беруге, жарты миллионнан астам жас отбасын жеке баспанамен қамтамасыз етуге мүмкіндік құрылып, оны жүзеге асыру қарастырылған. Бұл үшін жалға берілетін тұрғын үй алаңын 1 миллион шаршы метрге жеткізу, оның ішінде, ұзақ мерзімге жалға беру, одан кейін сатып алу тәрізді екі түрлі жолы нақтыланған. Қаражаты мен мүмкіншілігі барлар жалдау ақысын төлеп, кейіннен үйді өздеріне сатып алуда. Оған қоса жалға алғаны үшін жасалатын төлем орта отбасы мүмкіндігіне сәйкестендірілуде. Одан басқа еліміздегі тұрғын үйдің халыққа қолжетімділігін арттыру мақсатында келесі бағыттар айқындалған:

-жыл сайын әр облыста, Астана мен Алматы қалаларында тұрғын үй жағдайларын жақсарту есебінде тұрған азаматтар үшін мемлекеттік арендалық пәтерлер, үйлер салу;

-тұрғын үйді тұрғын үй құрылыс жинақ салымдарын пайдаланып, салу;

-соңдай-ақ тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін мемлекет екінші деңгейлі банктерді қорландыра отырып, қолдау көрсету.

ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша 2013ж. басында тұрғын үй құрылысына қаржыландырудың барлық көздерінен 417,1 млрд. теңге бағытталып, 6,5 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, оның ішінде:

-мемлекеттік құрылыс салушылар 834,3 мың шаршы метр;

-жеке құрылыс салушылар 5,4 млн. шаршы метр;

-Республикада барлық тұрғын үйдің 54,6 пайызы тұрғындар есебінен іске қосылды;

-Республика бойынша 55511 пәтер, оның ішінде 2426 дербес тұрғын үйлер іске қосылды.

Арендалық тұрғын үй:

-10,9 млрд. теңге бөлінді;

-120,5 мың шаршы метр немесе 2006 пәтер пайдалануға берілді.

Тұрғын үй құрылыс салымдары жүйесі бойынша:

-28,8 млрд. теңге бөлінді;

-54,1 мың шаршы метр немесе 814 пәтер пайдалануға берілді

Ал 2014 жыл басында 6,05 млн. шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берілді. 136,4 мың шаршы метр арендалық тұрғын үй құрылысы үшін 9,6 млрд. теңге бөлініп, осы жылы жалпы 13 млрд. теңгеге көп пәтерлі тұрғын үйлерді жөндеу жөнінен іс-шаралар жүзеге асырылды.

Коммуналдық шаруашылық бойынша:

-ТКШ-ны жаңғырту бағдарламасы шеңберінде 150 жобаны жүзеге асыруға 70,2 млрд. теңге бөлінді:

-сумен жабдықтау жүйесін дамыту-33,7 млрд. теңге, яғни 82 жоба;

-коммуналдық шаруашылықты дамыту-29 млрд. теңге болатын 65 жоба;

-қалалар мен елді мекендерді көріктендіруді дамытуға-7,5 млрд. теңге, толығымен игерілді [4].

Одан басқа ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес жаңа бағыттар жүзеге асыру жоспарланып отыр, олар:

-жас отбасыларына беру үшін арендалық тұрғын үйлер салу;

- мерзімін созып және кепілді жарнамен сатып алу құқығындағы аренда - ұзақ мерзімді 20 жылға, жарна 10 пайыз, қысқа мерзімді - 5-10 жылға, жарна тұрғын үй құнының 20 пайызы;

- Самұрық-Қазына Жылжымайтын мүлік қоры АҚ ұзақ мерзімге арендасы арқылы кейіннен сатып алынатын арендалық тұрғын үй құрылысы.

Бұл бағдарламаның негізгі орындаушысы «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ болып табылады. Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдарға 80,84 млрд. теңге қаржы бөлінген. Ол қолға алынып жатқан тұрғын үйлердің 1 шаршы метрі Алматы қаласында-142,5 мың теңге, Астана, Ақтау, Атырау, Өскемен қалаларында -112,5 мың теңге және басқа облыс орталықтарында 90 мың теңге болып белгілеуге мүмкіндік құрды [5].

Нәтижесінде «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Астана, Алматы қалаларының және басқа да облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен бірігіп 31 тұрғын үй кешенін салды. Сонымен бірге ресми мәліметтер бойынша «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ 86 мыңнан астам адамдармен баспана бойынша кесісім жасасқан.

Одан басқа тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету отандық екінші деңгейлі банктердің ипотека саласындағы қызметтеріне байланысты дамыды. Олардың несиелендіру портфелінің 40% құрылыс және ипотека, жылжымайтын мүлік нарығында шоғырланған.

Бұл мәліметтен халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуде банктің ипотекалық несиелендіру қызметтерінің орны көрінеді. Мысалы, 2012-2013 жж. ҚР екінші деңгейлі банктерінің құрылысқа және тұрғын үй сатып алуға берген барлық несиелерінің сыйақы ставкаларының 0,7% төмендеген (кесте 1) [6].

Кесте 1.

Банктердің құрылысқа және тұрғын үй сатып алуға (ипотекалық несиелеу) берген несиелері және олардың сыйақы ставкалары

	2012ж.		2013ж.	
	млн. KZT	%	млн. KZT	%
Барлық несиелер, оның ішінде	171 552	11,9	170 443	11,2
ұлттық валютада:	166 563	11,9	17 162	11,2
қысқа мерзімді	1 631	11,8	96	11,4
ұзақ мерзімді	164 931	11,9	17 066	11,2
шетел валютасында:	4 990	13,1	280	10,7
қысқа мерзімді	81	10,1	71	11,0
ұзақ мерзімді	4 908	13,1	209	11,0

Ескерту: ҚР ҰБ-нің Статистикалық бюллетені. – 2013. желтоқсан

Осыдан тұрғын үйді банктік ипотекалық несиелендіру жүйесін дамыту арқылы халықтың белгілі бір бөлігінің тұрғын үй проблемасын шешуге жәрдемдесуде. Мысал ретінде «Халық банкі» АҚ ресімделген ипотекалық кредиттердің саны - 31 259, ал жыл басынан оның клиенттері толығымен өтеген ипотекалық кредиттері 3 000 болды. Осы банктің «Жаңа ипотека», «Өз ипотекам», «Салынып жатқан жылжымайтын мүлікті сатып алуға» деген бағдарламалармен бірге «Жеке тұрғын үй салуға және үйді жөндеуге» және «Тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін», «Ипотекалық бонус» бағдарламалары халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудегі қызметтерінің қазіргі жағдайын сипаттай алады.

Ал соңғы жылдардағы халықтың табысының өсуі, банктердің несиелік ресурстарының ұлғаюы, жылжымайтын мүліктің өтімді кепіл затына айналуы сияқты факторлардың ықпалы басым бола бастады. Осыны ескере отырып, Қазақстанның ипотекалық компаниясы ипотекалық несиенің халықтың қалың жігіне қолжетімді болу үшін несиеге қойылатын сыйақы мөлшерлемесін төмендету және берілу мерзімін ұзарту мақсатында жұмыстарды жүргізуде.

Жалпы Қазақстан ипотекалық компаниясы тұрғын үйге ипотекалық несиесін беретін және оған қызмет көрсететін серіктес банктерге мынадай талаптар қояды:

1. компанияның талаптарына серіктес банктердің сай келуі;
2. серіктес банктердің қаржылық тұрақтылық сипаты;
3. компанияның сатып алатын ипотекалық несиелеріне қызмет көрсетуге жұмылдыратын серіктес банктер қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары;
4. компанияның сатып алатын ипотекалық несиелерін беру және қызмет көрсетуге байланысты серіктес банктердің ішкі құжаттарына қойылатын талаптар.

Соған қарамастан тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету – еліміз алдында тұрған өткір мәселелердің бірі болып қалып отыр

Сондықтан ипотекалық нарықтың дамуына күш беретін жаңа қаржы институттары құру қажет. Оларға, біріншіден ипотекалық несиелерді кепілдендіру қорын, несиелік бюро және ұлттық аумақта ипотекалық сақтандырумен айналысатын сақтандыру компаниялары жатады. Қазақстанда ипотекалық несиелерді сақтандыруды ипотекалық несиелерді сатып алуға және оларға қызмет көрсетуге байланысты компания мен серіктес банктер арасындағы қатынас өзара жасалған келісімшартқа және ипотекалық куәліктерді сатып алу және қайта сату келісімшартты, компанияның мүлкін сенімді басқару туралы келісімшартты немесе қызмет көрсету туралы келісімшарт негізінде жүзеге асыру орынды бомақ.

Одан басқа Қазақстан Республикасының соңғы жылдарындағы ипотекалық несиелердің дамуына талдау жасай отырып, ипотекалық несиелендірудің даму жүйесінің жақсаруы бойынша келесідей қорытындылар мен ұсыныстар жасауға болады:

-Қазақстан Республикасының барлық тұрғындары үшін ипотекалық несиелер туралы жарнамаларды дамыту және оларды кеңінен тарату.

-Ипотекалық несиелендіру кезінде бастапқы жарна сомасын 12 – 15%-дан 5 – 15% -ға дейін төмендету.

-Ипотекалық несиелер бойынша пайыздық ставкаларды 12 – 15%-дан 9 – 10% -ға дейін төмендету.

-Несиелендіру мерзімін 20 жылдан 30 жылға дейін ұзарту.

-Клиенттерге қызмет көрсету барысында, банк қызметкерлерінің маркетинг және жобалық талдау салалары бойынша мамандану деңгейін жоғарылату.

Қазақстанның қазіргі жағдайына ипотекалық несиелендіру мемлекеттің қолдауынсыз ойдағыдай дами алмайды. Бұл ең алдымен тұрғын үйге сұраныстың жоғары болуы жағдайында азаматтардың орташа табысының деңгейінің төмен болуымен байланысты. Сонымен бірге мемлекеттің банктік стандартты шарттар негізінде ипотекалық несие алуға жеткілікті табысы жоқ азаматтарға жасалатын қолдауы түрлі нышандар болуын қарастыру керек.

Сонымен бірге еліміз азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету проблемаларын шешуде тек қана несиенің жылдам және төмен пайыздық өсіммен берілуіне иек артып қоймай, нарықтық базадағы жаңа нұсқаларын немесе қор биржасында ипотекалық бағалы қағаздар шығару жолдарын іздестірудің Қазақстан экономикасының болашағы үшін маңызы бар.

Қазіргі заманғы мемлекеттік тұрғын үй саясаты тұрғын үй проблемасын шешуде жұмыс істейтін халықтың орташа табысы және өзінің жинақ қаражаты бар

негізгі бөлігіне арналып ыңғайлануы басты назарда болғаны орынды болмақ деген ойдамыз. Ипотекалық несиелендіру жүйесін дамыту халықтың тұрғын үй жағдайын жақсартуға байланысты маңызды әлеуметтік мәселені шешуді күрт жеделдетіп қана қоймай, тұрғын үй құрылысын қарқынды жүргізу арқылы елдегі жалпы макроэкономикалық ахуалға оңды ықпал етіп, экономикалық өрлеуге серпін берілуіне жәрдемдеседі. Сөйтіп еліміз экономикасының өзге салалары үшін өзіндік бір «локомотив» бола алады. Сондықта да бүгінгі таңдағы басты мақсат – табысы орташа азаматтарды құны қол жетерліктей тұрғын үймен қамтамасыз етудің қалыпты жүйесін құруға келіп саяды. Мұндай жүйе азаматтардың өз жинақ ақшасы мен ұзақ мерзімді ипотекалық несиелендіру қағидаларына негізделген болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.А. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиясы: барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және хал-ахуалының жақсаруы: Елбасының Қазақстан халқына жолдауы. - Алматы: «Білім», 1998.
2. Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2014ж.
3. «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы
4. ҚР Статистика агенттігі «Қазақстан 2012жылы» жылнамалығы
5. «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ жылдық есептері
6. ҚР ҰБ-нің Статистикалық бюллетені. – 2013. желтоқсан

КУЛЬТУРА И СПОРТ

ОӘЖ 378:7

КЕСКІНДЕМЕДЕГІ (ЖИВОПИСЬ) МАЙЛЫ БОЯУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН СТУДЕНТТЕРГЕ ҮЙРЕТУ

Бекбергенова А.С., Утельбаева Д.Б.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған қ. Dikol_vip@mail.ru*

Мақалада кескіндемедегі майлы бояудың әдіс-тәсілдері айқындалған.
В данной статье подробно освещаются методические основы масляной живописи

This article covers in detail the methodological fundamentals of oil painting

Кілт сөздер:

Кескіндеме, сырлау, лессирлеу, фактура, *кенеп, кенепті тарту, кенепті жапсыру, кенепті грунтуу.*

Өнер - өмір, ізгілік пен әсемдік бұлағы. Өнерді, оның қоғамдағы тәрбиелік мәнін жан-жақты білу үшін әсемдік, әдемілік заңдарын жақсы түсіну шарт. Сондықтан біз студенттерге айнала қоршаған әсемдікті, сұлулықты жете түсіндіріп, өмірдің тылсым ғажайып сырларын ашып, үйретуіміз қажет. XV ғасырдың басында Нидерландыда әлемнің жаңа көркемдік тануымен қатар оны жүзеге асырудың жаңа тәсілі пайда болды - майлы бояулар мен кескіндеме. Өсімдік майларынан бояуларды жасау ертеректе пайда болған. XV ғасырға дейін бұл тәсіл кескіндемеде дербес рөлді ойнамайды. Суреттерді ағаш тақтаға жазған суретшілер мұндай бояуларды өте сирек қолданды: шикі өсімдік майы өте баяу кепті. Сондықтан суретші бірнеше күндер бойы кептіруге тура келді. Содан бояулар қанық болмай, ағып кететін болды. Майлы тәсілдің таралуы Нидерландық кескіндемеші Ян Ван Эйктің жасаған жаңа енгізуінің арқасында мүмкін болды. Ол майлы бояуларды жетілдіріп, содан барып май жалпы танымға ие болды. Ян Ван Эйк ерекше шығармашылық талантқа ие болған адам. Жас кезінде суретші бояулар үшін байланыстырушы заттарды іздеуге көп күш салды. Оның қатарында май да бар. Ол кезде май жұмыс үшін ыңғайлы болды. 1410 жылы ол бруктік лактағы қайнатылған және тазартылған зығыр майын ерітуді жөн көрді. Оған пигментті қосып, тіпті көлеңкеде жеңіл кебетін массаны алды. Жаңа бояулар өзгеде жақсы қасиеттерге ие болды: олардан әртүрлі түстерді ала отырып, палитрада араластыруға болатын болды; біреуінің үстіне екінші бояу қабатын жағуға мүмкіндік туды, жұмыс барысында өзгерістер енгізуге болатын болды; жаңа бояулар түстес болды. XV ғасырда майлы бояу тәсілі Германияға, Францияға көшіп, ол жақтан Италияға жетті. Майлы бояулармен негізінен екі жағдайда жазады: сырлау арқылы немесе сырлаусыз. Алғашқы тәсіл натураға көп оралуды талап етеді және кескіндеме үшін негізді күрделі дайындауға оралуды қажет етеді. Екінші тәсіл кеңінен қолданылады. Онда көп сеанысты этюдтар жазуға болады. А-ля прима (бір қабатпен сурет салу) – бұл тәсілдегі кескіндеме әдетте, тубикті бояулармен олардың қоспасынсыз жүргізіледі. Осыған орай әдетте жұмыс «шикі» бойынша жүреді. Бояуларды қалай болса солай жақпау үшін өзінің алдына таза кенепті алады. Мотивтің ерекшелігін анықтап алуға тырысады. Одан барып кескінді үлгіні өзінің түсінуінде қалыптастырады. Егерде бұл бір сеанысты этюдте жұмыс жасауға қажет болса, онда ұзақ этюд үшін алғашқы нобайлары қалыптасып, оның түстік композициясы табылғанда ғана жұмысқа кіріседі. Бұл тәсілде түстік гаммалардың құрылым жүйесі кенептің бірнеше жерлердегі негізгі түстес қатынастарында бірден жасалады. Пейзаж хатында, бір-екі мазок тасталады. Ол түсі бойынша өте түсінікті

дақ байқалған жерге жағылады. Осы жерде бірден-екі үш жағылым аспан, ағаш, шөп құрылысы бар көрініске жағылады. Басқаша айтқанда түс пейзаждағы барлық элементтерді ашады. Ол барлық кенеп бойынша жекелеген соққылар арқылы жүреді. Ірі жағылған жағымдарды салыстырып, нақтылап алған соң жаңа түстерді жағады. Эюдтің ары қарайғы жұқа үлгіленуі суретшінің өзінің жұмысының барысындағы міндетіне байланысты. Алғашқыда жылы және ашық түстерді жазуы сирек емес. Яғни, көмескі түстерде эюдтің жалпы гаммасын сақтайды. Әдетте, ең күшті түстік дыбыстар соңғы сәтке қалдырылады. Ол кезде жұмыс аяқ жағынан таяп қалады. Бұл жерде пасталық жағылымдармен шешуші және энергетикалық жағулар орынды болып табылады. Түс пен көлеңкенің анық жағылған қарама-қарсылығы кезінде мотивтерді шешу үшін ең көмескі түстерден ашық түстерді пайдаланады. Ашық және қараңғы түстердің қарсылығын анықтауды үйрену қажет. Салыстыру әдістемесі арқылы түстердің бояуы бойынша түс пен көлеңкені табу керек. Кейбір шеберлер а-ля прима техниксының өзге тәсілдерін пайдаланады. Олар алғашқы да кенепті кеңінен жауып, бояуды скипидармен қыздыра отырып, оларды акварельге жағып, кенеп бойынша құйылуымен ерекшеленген болатын. Бірқатар шеберлер алғашқы жазбаны майлы бояумен емес, акварель немесе темперамен (егер грунт эмульциялы болса) жасайды. Бұл майлы бояудың қабаттарының тегіс жағылуын болғызбайды. Осы жерде форманың көлемділігі үлгіленбейді, өйткені алғашқы және жұқа қабатты жазбаның мақсаты мотивтің жалпы түстілік массасының (дақтарының) негізгі түстік қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді. Колорит – кескіндемедегі көркемдік бейнелеудің эмоционалдық айқындылығының маңызды құралы болып табылады. Бұл белгілі бір біртұтастықты қалыптастыратын, түстік бояулар мен олардың түстенудің қатынасының жүйесі. Форманы үлгілей отырып, ерекше назарды фон көрініс пен заттың арасындағы түстік қайшылыққа аудару қажет. Форманы үлгілеу эюдті жалпылаудың сатысымен аяқталады. Кескіндемеге дайындала отырып, К.Юонның сөзіне құлақ асу керек: «Жұмыс барысында суретші сезімі сыртқы органы қабылдауға ғана емес, сондай-ақ ол өндірістің материалдары мен құралдарының сапасы мен қасиеттерін түсінуге алып келеді» [1]. Жұмыстың талап етілген бөлігін қандай қылқаламмен істедің - сол маңызды. Өйткені хирург үшін пинцет немесе қандай да бір пышақ маңызды болса, қылқалам кескіндемеші үшін сондай маңызды. Полотноның матасының сапасы мен қасиеті грунттың құрамы және оның фактурасы, бояулар өздерінің химиялық қоспасында, олардың қатысы қалыңдығымен немесе көрнекілігімен, мастихин темірінің мықтылығы, қылқалам талшықтарының жабысқақтығы, ағаш және рама жиігі, кескіндемені байланыстырушы заттар лактар мен кескіндемелер үшін барлық қажетті заттар күрделі және көп жақты ғылымды қалыптастырады. Ол көркемдік материалдардың технологиясы өзіне аса назар аудартады. Кескіндеме сапасы, оның түсі мен түстің күші кескіндемелік материалдарға тікелей байланысты болып табылады.

Көп қабатты кескіндеме – бұл бірнеше бояулы қабаттардың қабатына негізделген тәсіл. «Шикі бойынша» жазу тәсіліндегі ең алдымен әрбір бояу қабатының келесі қабатты жағу алдында нақты кебумен ерекшеленеді.

Көп қабатты тәсілінде жұмыс істеу барысы келесі негізгі сатылардан тұрады: сырлау, пастозды жағылымдар, одан барып осы жағуларды топырақтау. Осылайша, кескіндеменің міндеттері бірнеше сатыға бөлінумен ерекшеленеді.

Сырлау. Көпқабатты сырлау тәсілінде жұмыс басқа бағытта болады. Ол а-ля приманың екінші тәсілдегі жұқа қабатты жазбаға қарағанда : кенептің түсінің ашылуына негіз болады. Сондықтан да сырлау көбінесе екі бояумен–ақ немесе қандайда бір қараңғы бояумен жасалады. Сырлаудың барлық түрі екінші жазбада эюдты бояудың аз ғана бөлігімен соңына дейін жеткізу есебімен жасалады. Жалпы бояуға жылы түсті жағу кезінде жазба одан сайын жылы болады, ал суық түске

жылы түсті жаққан кезде оның әлсірейтіндігін ескеру қажет. Майлы бояулармен сырлау а-ля приманың алғашқы жазбасындай жұқа қабатты немесе пасталық, ол көбінесе грунттың қажетіне байланысты. Екінші жазба сырлауды кептірген соң жазу басталады. Түсті сырлау кезінде ол жартылай жазумен жүреді. Егер де сырлау гризайльмен жасалса, онда екінші жазбаны жартылай жазумен жасау дұрыс. Оны жергілікті түстермен, одан этюдті бітіріп, көлеңке түсіне сәйкес етіп ағартқыштың көп мөлшері арқылы жасау керек.

Лессирлеу –бұл негізінен кепкен басқа жерге жағылатын бояудың жұқа қабаты. Лессирлеу әсерін түсті әйнек жапсырудан алынған жасыл түс, сары мен көк түсті араластырғаннан пайда болған түске қарағанда күрделі болады. Мұндай құбылыстар лессирлеу кезінде де байқалады. Одан өтетін түстің айшығы төменгі өтетін бояу қабатына шағылысады. Лессирлеу майлы кескіндеудің барлық түрлерінде қолданылады. Ашық лессирлеу суретшіге бірінші жоспарды орындауға мүмкіндік береді. Өйткені олардың түстері корпустық жазбаға анағұлым көрнекті болып көрінеді. Көбіне жартылай лессирлеу қолданылады. Егер де бояуды кепкен бояулы қабатқа жақсақ онда жартылай түсті беруге болады. Жартылай түстер суық түстерді береді.

Фактура. Кескіндеменің бояулы қабаттарының сипаттарына назар қоя отырып зерттеу суретшіге кескіндеменің өзге де тәсілдерін анықтауға мүмкіндік туғызады. Ескі суреттерге жылтыр бет беретін мұражайлық лактардың қабатында өте әртүрлі фактуралы дайындықтың кескіндемесі жатыр. Ұлы Рембранд мысалы: рельефті сырлауды қолданған [2].

К.Юон кенептің фактурасының жасауы жөнінде былай деп жазған: «Кескіндемелік тәсіл тікелей және тар мағынада полотно бойынша қылқаламда жүргізумен байланысты. Кескіндеменің көремдік қабылдануы үшін фактура онда басты рөлді алады. Кескіндемелік фактуралардың диапазоны күнделікті тәсілінде Тицианның ұстамды тәсілінің пластикалық немесе Валаскестің есепті соққыларына дейін жазылады.

Фактура мен шеберлік ажырамас заттар. Фактура автордың темпераментімен тығыз байланысты. Онда автор туралы көптеген нәрсені білуге болады. Фактураның осындай автобиографиялық қасиеттерінен соң ол түстің қарқындылығы мен түстің күштілігіне жету маңызды болып табылады...». Ешбір жағудың қатаң рецептісінің жоқ екендігін есте ұстаған жөн. Фактураны жағудың сипатын бейнелейтін натураның ерекшелігі мен өзінің орындау қандай да бір орындау тәсіліне бейімділігіне байланысты іздеу қажет. Бір сөзбен айтқанда кескіндемедегі тәжірибеден басқа тағы да фактураны құрудың әртүрлі нұсқаларын іздеп, үнемі кеңейтіп отыру керек. Өйткені, жағу сипаты мен фактура этюдтің бояу қабатын құруда зор болып табылады.

Композициялық бейнелеуді шешкен кезде әртүрлі әдіс-тәсілдерді орындай білу қажет. «Техникалық түрде ойластырылған әрбір жұмыста қылқаламмен әрбір соққысы, әрбір түсі мазмұнының көрінісі болуы керек» К.Юон.

Сурет жасалатын материал *негіз* деп аталады. Маймен кенепте жазған дұрыс. Формасын келтіре отырып, пластикалық мазьді жағуға мүмкіндік беретін қылқалам күшімен оны реттуге болатын кенеп кеңінен қолданылады.

Кенеп кескіндеме үшін зығырлы және көбікті болуы керек. Кенептің дәнді фактурасы кескіндеме үшін өте ыңғайлы, бояу қабатын әртүрлі етіп жасауға мүмкіндік береді. Бірақ кенеп жіптердің қалыңдығын сурет көлемімен өлшеу қажет. Ұсақ дәнді кенеп «кленкалы» ыңғайсыз фактураны болғыза отырып, бояумен тез толтырылып қалады.

Кенепті таңдаған соң *рамалар* жиегін жасау қажет, олардың басты бағыты-кенепті тартылған жағдайда ұстап тұру. Кенеп өзінің қасиетін ол дұрыс тартылған

жағдайда ғана таныта алады. Кенеп ақ қайыңнан жасалған рама жиегіне тартылады. Оның мөлшері 5-7 градус ішкері болады. Олай болмаған күнде рама жиегінен кенептің ойысқан жерінде кенеп деформацияға ұшырап, ал грунт және бояулы қабат ажырайды. Раманың үлкен жиектерінің мықтылығы олардың ұзындығына байланысты, қалыңдығы мен биіктігін анықтауға да байланысты болып келеді. Картина үшін рама жиегі 0.5 метр квадрат болуы шарт, олардың қиылысу жері 4x1 см немесе 5x2 болуы керек.

Кенепті тарту. Кенепті тарту өте қажет, өйткені ол жеткілікті дәрежеде мықты болу үшін және де қылқаламнан ақпауы тиіс. Оның тартуы мен бекітуі бұрышқа қарай екі жағына ортасынан тікелей жүргізіледі. Кенептің талшығы рама жиегінің параллельді жақтарында қалып қоюы қажет.

Кенепті жапсыру. Кескіндеме үшін жақсы жапсырылған кенеп қажет. Бұл жұмыстың алғашқы сатысы жапсыру болып табылады. Ол кенепті майдың зақымдануынан сақтайды, ол грунттың құрамына кіреді.

Жапсырғыш құралды жаққаннан бұрын кенепті пульвизатордан әрлеу қажет. Ол жапсыруды жеңілдетіп, желімнің кенептің ішкі жағына өтуіне мүмкіндік береді. Алғашқы жапсырудан кейін кенепті бөлмелік жай температурада құрғату қажет. Онан соң кенептің беткейін пензаның бөлігімен сұрту қажет. Осыдан соң екінші жапсыруды жүргіземіз. Жапсыру үшін желімді дұрыстап алу керек. Желімді пайдалану үшін столярлы, желатинді желімді пайдаланады. Желатинді желім-грунттау үшін өте таптырмас зат, оны пайдалана отырып, жоғары сапалы өнім алуға болады. Желатинді алдымен суға араластырып, 1:15 және бір сағатқа ісу үшін қояды. Одан барып оны су ваннасында қыздырады. Желімді ерітіндіні қайнатуға болмайды. Оны суытып, кенепке жағады.

Кенеп форматы және бейнелеу мөлшері. Суреттің композициялық құрылымының маңызды міндеті болып кенептің форматын таңдау мен өзіндік бейненің көлемі табылады.

Жоғарғы тартылған тік бұрышты формат бейнеден монументальді әсерді ұлғайтады. Көлденеңнен тік бұрышты кенеп бойынша өте қатты тартылған кенеп бейнеленген объектіні төмендетеді.

Сурет көлемі оның мазмұнына да байланысты. Рамкаға барлық сюжет сия бермейді. Әрбір сюжет үшін сәйкес мөлшер табылуы керек.

Суреттің композициясы үшін, сюжеттік орталықты бөлу үшін кенептің тегістілігіндегі сол бейненің көлемі маңызды болып табылады. Ірі бейнелеу барлық уақытта суреттің тегістілігінен шығады. Өте шағын бейнелеу суреттің тегістілігінен алыс тұрады. Сәтті композиция көрген кезде кенептің жиектерін өзгертуге тілегі болмаған кезде, оның масштабын өзгертуге тілегі бар.

Композициялық орталықтың ерекшеленуі және кескіндегі көру әсерін құру түс көленкесіне, фигуралардың көлеміне, фигуралардың арасындағы аралықта қол жеткізеді. Суретші кескінде басты затты түспен, ондағы детальдардың ерекшелігімен ажырата алады.

Кенепті грунттау. Екінші жапсырма кепкеннен кейін кенепке грунт жағады. Грунт - кенеп пен бояу арасындағы біріктіргіш звено болып табылады, грунтталмаған кенепке жазуға болмайды. Егер грунт нашар жасалса, онда ол майды «тартып», оған қылқаламмен жазу қиынға соғады. Бояулары әлсізденіп, өзінің сапасын жоғалтады. Кескіндеменің қарайып кету қаупі де жоққа шығарылмайды. Кенеп рама жиегіне тартылған полотно бойынша тырнақпен қол жүргізген кезде шытырламуы қажет. Кенептің фактурасы грунттаумен толықтырылмауы керек. Осындай кенептерде жазу жеңіл әрі ыңғайлы болады [3].

Барынша күрделі және қарапайым грунтты жасау, бұл-желімді грунтты жасау болып табылады. Ол ПВА желімінің қоймалжыңынан және ақ су имульциялық

бояуынан жасалады. Оған су қосылады. Грунт массасын жақсы араластыру қажет, ол қоймалжынды қою емес қаймаққа ұқсас болуы қажет. Грунттың алынған массасын кенепке жағады. Кепкен соң, оның беткейін пемзамен толықтырады.

Майлы бояу живопись салуға арналған картонды басқа әдіспен: оның бет жағына арнайы ерітіндімен (скипидардың 5 бөлшегіне балауыздың 1 бөлшегі) жағылып, содан кейін зығыр майымен сүртілген чертеж немесе сурет қағазын желімдеу әдісімен де дайындауға болады.

Этюдтер үшін олифпен, живопись майымен майланған немесе желім жағылған қағазды пайдалануға болады. Оның өзінде кепкен кезде қағаздың бүрісуінен аулақ болу үшін оны такта бетіне кнопкалардың көмегімен теріп тастайды. Этюд салу үстіндегі жұмыстың мақсаты - өмір мен табиғаттың құбылыстарына жіті көз тастап, шынайы беру, бұл құбылыстар сурет салушының бойында тудыратын сезімдерді айқында дәлме-дәл білдіру. Н.Рерих табиғатта көргенді бейнелей білу маңызды, бірақ бейнелегің келгенді көре білу одан да маңызды деген болады. Өнер біздің қоғамда адамдарды, оның ішінде әсіресе жастарды рухани – эстетикалық тәрбиелеуде сенімді, күшті құрал болып табылады. Жастарды көркем өнерді сүйеге, адамға тән ізгі қасиеттерді қастерлей білуге үйретеді. Олардың шығармашылық қабілеттерін, техникалық ой-өрістерін дамытуға үлес қосуымыз керек [4].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.Әлмұхамбетов, Ж.Баукенов. «Сурет салу және бояумен жұмыс әдістері» Алматы, 1987ж.
2. «Бейнелеу өнері» Оқу әдістемесі. Қ.Болатбаев, О.Ибрагимов. Алматы, «Атамұра» 2001ж.
3. «Қазақстан бейнелеу өнері XX ғасырда. Алматы, 2001ж.
4. «Қазақстан өнері». М.Қожақметова. Алматы, «Өнер», 1990ж.

УДК 541.124

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОДГОТОВКИ ВУЗОВСКОЙ ФУТБОЛЬНОЙ КОМАНДЫ В ГОДИЧНОМ ТРЕНИРОВОЧНОМ ЦИКЛЕ

Саутов Р.Т., старший преподаватель

Балхашев Т.М., учитель ФК

Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы

СШ. Шубарская, Алматинская область

Мақалада жылдық жаттықтыру циклдағы ЖОО футбол командаларын дайындаудың ғылыми-әдістемелік негізі айқындалған.

В данной статье подробно освещаются научно-методические основы подготовки вузовской футбольной команды в годичном тренировочном цикле

This article covers in detail the scientific-methodical basis of preparation the University football team in the annual training cycle

Ключевые слова: Сплоченность, техника, тактика, атака, нападение, взаимодействие, футбол, команда, система.

Актуальность исследования. Анализ научных и методических работ, посвященных подготовке футбольных команд, включая команды высшей лиги, свидетельствует о том, что в большинстве случаев авторы акцентируют внимание на

одном, иногда – двух-трех разделах подготовки, недостаточно уделяя внимания другим вопросам тренировочного процесса.

Однако еще очень много работ, реализующих системный подход в подготовке футбольной команды в течение годичного тренировочного цикла, что и определяет актуальность исследования.

Цель исследования – научно-методическое обоснование подготовки вузовской футбольной команды в годичном тренировочном цикле.

Результаты исследования и их обсуждение. Многие специалисты считают, что программирование тренировочного процесса в игровых видах спорта, включая футбол, находится еще на стадии развития. Это объясняют тем, что структура соревновательной деятельности в них очень сложная, а управление действиями команды затруднено из-за набора игроков с разными личностными характеристиками [1].

По нашему мнению, при разработке технологии подготовки футбольной команды в годичном тренировочном цикле следует использовать системный подход, который многие специалисты рекомендуют применять при изучении сложных явлений (процессов). Системный подход предполагает рассматривать подготовку футбольной команды как систему, состоящую из множества тесно взаимосвязанных компонентов с целевой направленностью – на достижение полезного приспособительного результата. Применительно к футболу – успешная реализация соревновательной деятельности.

Компонентами системы являются техническая, физическая, тактическая, психологическая, теоретическая подготовленность каждого игрока как результат учебно-тренировочного процесса. Идеальным является сбалансированность подготовленности каждого игрока по всем разделам, а также сбалансированность всей команды.

Для успешного управления подготовкой команды тренер должен иметь информацию о каждом футболисте, знать уровень технической, физической, тактической и психологической подготовленности каждого игрока, владение коммуникативными навыками, а также распределение социометрических статусов игроков – знать деловых референтных и эмоциональных лидеров команды и остальных игроков.

Ошибочным является мнение тренеров, что футбольная команда является простой суммой игроков. Команда – это коллектив, в которой межличностные отношения опосредованы совместной деятельностью, а содержание этой деятельности носит социально одобряемый характер и соответствует общечеловеческим ценностям [2].

Согласно исследованиям зарубежных психологов, коллектив (футбольная команда) характеризуется сплоченностью. Без сплоченности существование такой группы невозможно [3]. Первичным условием развития между членами группы положительных установок является достижение целей. Сплоченность как термин заменяет понятие межличностной аттракции, которая становится более эффективной при установлении взаимоотношения сотрудничества и согласованности статусов, угрожающая извне коллективная опасность [3].

Таким образом, научно-методическое обеспечение подготовки вузовской футбольной команды в годичном тренировочном цикле заключается в использовании системного подхода, в котором на первом этапе проводят обследования футболистов для оценки технической, физической, тактической, психологической и теоретической подготовленности. Затем проводится анализ полученной информации, составляются индивидуальные планы подготовки и план учебно-тренировочной работы команды, в котором много внимания уделяется

эффективному взаимопониманию, взаимодействию игроков в обороне и нападении, формированию сплоченности команды и положительного „психологического климата” в команде.

Разработанная концепция научно-методического обеспечения подготовки вузовской команды была реализована в практической работе с футболистами Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова. На Всеказахстанской универсиаде в 2013 году команда университета заняла 3 место, что свидетельствует об эффективности разработанной модели подготовки.

Выводы:

- при подготовке вузовской футбольной команды следует использовать системный подход и руководствоваться принципов сбалансированности различных разделов у каждого игрока и команды в целом;
- систематический контроль подготовленности игроков по всем разделам мастерства существенно повышает эффективность управления тренировочным процессом футболистов;
- постоянное внимание эффективному взаимодействию и взаимоотношениям игроков способствует сплоченности игроков, обеспечивая высокую результативность соревновательной деятельности.

ЛИТЕРАТУРА

1. Шамардин А.А. Целевая функциональная подготовка юных футболистов: Автореф. дис....д-ра пед. наук. – СПб., 2009. – 50 с.
2. Шевандрин Н.И. Выявление уровня развития межличностных отношений группы на основе ее ценностно-ориентационного единства: Автореф. дис....канд. псих. наук. – М., 1989. – 24 с.
3. Hogg M. The Social Psychology of Group Cohesiveness: From attraction to social identity. London: Hannerster Wheatsheaf. Harvester. 1992. – 360 p.

**АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ӘЛЕУМЕТТІК
ӘРІПТЕСТІК ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ**

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.д., профессор Л.К., Еркінбаева

Айдашев Б. А «Құқықтану» мамандығының 1 курс магистрант

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ

Азаматтық қоғам – мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің, сонымен қатар азаматтардың мемлекетті, қоғамды басқаруға қатысуының үдерісі және соның негізінде құқықтық тәртіпті орнықтыруыға бағытталған институт ретінде айқындалады. Осы мәтіндегі ұғым – саяси, әлеуметтік экономикалық, мәдени, ұлттық, діни, отбасылық және басқа қатынастардың барлық жиынтығын білдіреді [1]

Азаматтық қоғам институттары құрамын: саяси партиялар; жергілікті қоғамдастықтар; кәсіптік одақтар; діни бірлестіктер; шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер; бұқаралық ақпарат құралдары; сондай-ақ қоғам үшін түрлі қызмет көрсетулердің кең ауқымын іске асыратын мемлекеттік емес қорлар; коммерциялық емес мекемелер; заңды тұлғалардың одақтары (қауымдастықтары); қоғамдық пайдалы міндеттерді шешетін басқа да ұйымдар мен бастамашыл топтар түрінде құрылған мемлекеттік емес ұйымдар құрайды. Азаматтық қоғамның басты тармағы, **бөлігі болып кәсіптік одақтар танылады.**

Кәсіптік одақтар, әлеуметтік әріптестік ретінде, азаматтардың кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде құрылатын, сондай-ақ, өз мүшелерінің басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру мен оларды қорғау, қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту үшін ерікті түрде құрылатын дербес, тіркелген жеке мүшелігі бар қоғамдық бірлестіктер болып танылады. Азаматтық қоғам институттарына келесідей міндеттер жүктеледі. Азаматтық бастамаларды қолдау, дамыту және көтермелеу; қоғам мүшелерінің мүдделерін жақындастыру; азаматтардың жалпы мемлекеттік және жергілікті проблемаларды шешуге қатысуын қамтамасыз ету; қоғамда жалпы адами нормаларды, құндылықтар мен адамгершілік негіздерін бекіту; адамның тәуелсіз өмір сүруін қамтамасыз ететін еңбек өнімділігі үшін жағдай жасауға қатысу; әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі аса маңызды қоғамдық функцияларды орындайтын кәсіподақ ұйымдарының қызметін қолдау; өмір сүру сапасының жоғарғы стандарттарына қол жеткізу; еңбек қатынастарын үйлестіру және жетілдіру; халықтың бай және кедей жіктері кірістерінің арасындағы айырмашылықтарды қысқарту. Халықты әлеуметтік қамсыздандырудың тиімді жүйесін құрудың бірден-бір бағыты әлеуметтік-әріптестікті дамыту және оның құқықтық негіздемесін нақты айқындау болып табылады. Демократиялық мемлекеттің басты қағидаты, «азаматтық қоғамның басты құндылығы ретінде, адам құқықтарын қамтамасыз етуді жан-жақты іске асыру болып айқындалуға тиіс. Осы қағидат, құқықтық норма нысанында, ҚР Еңбек кодексіне енгізуге тиіс деп санаймын. Сонымен қатар елдегі еңбек қатынастарының әлемдік стандарттар деңгейіне жеткізу экономикалық өсудің қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуға, халықтың толыққанды жұмыспен қамтылуына ықпал ететіндей жүйені қалыптастыруымыз керек. Мемлекеттің, жұмыс берушілер мен кәсіподақтардың тиімді әлеуметтік әріптестік жүйесін қалыптастыру міндеті қойылды. Қазіргі кезде азаматтық қоғамның экономикалық құрамдас бөлігіндегі шағын және орта бизнесі үлесінің айтарлықтай өсетіндігі айқындалды. Әлеуметтік әріптестік жүйесінің айқындаудың алғашқы қадамын, Тұжырымдамасын әзірлеу мен іске асырудың құқықтық негіздемелері болып: Конституция, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен мақұлданған 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт; «Ассоциация бостандығы және ұйымдастыру құқығын қорғау туралы» Халықаралық еңбек ұйымының № 87 Конвенциясы; Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы «Қазақстан – 2030» Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген 1996 жылғы 23 мамырдағы № 2995 Мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыру Тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген 2002 жылғы 23 қыркүйектегі № 949 Құқықтық саясат Тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен мақұлданған 2002 жылғы 23 қаңтардағы № 85 Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау туралы Тұжырымдамасы танылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі №154 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған Тұжырымдаманың 6.4. бөліміне сәйкес, еңбек заңнамасын жетілдіру мақсатында; қызметкерлер мен жұмыс берушілер мүдделерінің тенгерімін қамтамасыз ету мақсатында еңбек заңнамасын әлеуметтік мемлекет қағидаттарына сәйкес келтіру; қызметкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуде кәсіподақтардың рөлі мен орнын арттыру; ықтимал жанжалдар мен еңбек дауларының алдын алу мақсатында меншік иелері мен кәсіподақтар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл, еңбек қатынастарын реттеуде орын беретін

ауыртпалық орталығын кәсіпорындар деңгейіне ауыстыру; жұмыс берушілер мен қызметкерлер өкілдерінің арасында жасалатын ұжымдық шарттар шеңберінде тиімді келіссөздер жүргізу үдерісін қамтамасыз ету; қызметкерлердің мүдделерін, қажеттіліктерін қанағаттандыру және өнеркәсіп орталықтарындағы өткір әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешу мақсатында кәсіподақтардың үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жүйесін жолға қою талап етіледі. Осы мақсатта келесідей ұлттық стандарттар, бағыттары айқындалды: еңбекақы төлеу; зейнетақымен қамсыздандыру; халықты әлеуметтік сақтандыру және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету; медициналық қызмет көрсету мен отбасын әлеуметтік қолдау; азаматтың жалпы және ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, экологиялық мәдениет стандарттары. Осы кезеңде, үкіметтік емес ұйымдар мен әлеуметтік әріптестіктердің білім беру қызметтері мен қоғамның қоғамдық-саяси өміріне қатысуға қол жеткізу саласында – мүгедектердің құқықтарын қорғау, халықты жұмыспен қамту саласында жастар мен әйелдердің құқықтарын қорғауға бағытталған жобаларды тұжырымдауға белсенді түрде тартылатындығы айқындалды. Билік құрылымдарының қоғам алдында, бұқаралық нысанда, есеп беру модельдері бекітіледі. Жанжалдарды соттан тыс шешу тетіктері, дауларды келіссөздер, аралық соттар арқылы сотқа дейін реттеу практикасының белсенді түрде енгізілетіндігі айқындалды. Соңғы жылдары, 2014 жылдан бастап, қолданыстағы еңбек және басқа да заңнамалық актілерге толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп азаматтық қоғам институттарын дамыту жүйелі және үдемелі сипатқа ие болатындығы, бизнес пен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасауын оңтайландыру, қазақстандық қоғамды дамыту проблемалары бойынша жыл сайынғы баяндамалар жарияланып, жыл сайынғы тыңдаулар өткізілетіндігі айқындалды. Осы аспектіде еңбек заңнамасының сақталуын және дұрыс қолданылуын зерттеуге байланысты Алматы қалалық үкіметтік емес Ұйымдарының Конфедерациясы АҚНО «Әріптес» тарапынан, қызметкерлердің құқықтарының бұзылуының жай-күйі туралы өткізген ақпараттық талдау жұмысының қорытындысы бойынша Қазақстанда еңбек заңнамасының жұмыс берушілермен жаппай бұзушылық фактілерінің бәсеңдемей тұрғандығы айқындалды. Сол зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша келесідей мәлімет жария етілді: 2010 жылға дейінгі, республика деңгейінде, қызметкерлерге қатысты төленбеген тікелей жалақы мөлшері – 47 миллиард теңгені құрады. Жалпы, тікелей жалақыға және басқа да өтемақылар бойынша жұмыс берушілердің қарызы – 77 миллиард теңгені құрады. Прокуратура органдарымен, бүгінгі таңда, 3,5 миллиард теңгеге жуық жалақы сомасы өндіріліп кінәлі жұмыс берушілерге белгіленген тәртіпте құқықтық шаралар қолданылды [2].

ҚР АҚ-нің 19-бабының 3-тармағына сәйкес «азаматтардың заңды тұлға құрмай-ақ жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметіне, егер заңдардан немесе құқықтық қатынастар мәнінен өзгеше нәрсе туындамайтын болса, тиісінше осы Кодекстің коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың қызметін реттейтін ережелері қолданылады». Азаматтық және еңбек заңнамасына сәйкес кәсіпкер-жеке тұлғалар, заңды тұлғалармен қатар, өндірістік-шаруашылық қызметін атқаруда, жалданбалы қызметкерлердің еңбегін уақытша не тұрақты пайдалануда тең құқықпен иемденеді және осы Кодекспен анықталған міндеттерді заңды тұлғалармен тең жағдайда жүзеге асырады.

Заңға қайшы еңбек шартын бұзу, жұмыспен қамту, уақытылы төленбеген жалақы және өндірісте орын берген жазатайым жағдайды тергеп-тексеру мәселелері жөнінде берілген өтініштер саны, пайыздық мөлшерде, барлық өтініштердің 4,7 % құраған. Әркімнің жұмыспен қамтылу, әлеуметтік, экономикалық бағыттағы құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету қажеттілігін, жан-жақты барынша

ескеретін қоғам құру міндеті, азаматтық қоғамның барлық институттарының және мемлекеттік органдардың қатысуымен іске асырылады. Аталмыш міндетті іс жүзінде жүзеге асыру елімізде қолайлы экономикалық жағдайдың қалыптасуымен қамтамасыз етіледі және, сол себепті, неғұрлым ауқымды міндеттер қоюға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі №947 Жарлығымен бекітілген Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл қызметін белгілеу туралы Ереженің 21-тармағына сәйкес, Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл, әр жылғы баяндамасында, елде адам құқықтары мен бостандықтарының сақталу жағдаяты жөнінде ақпарат беріп, сол ақпараттарды талдау, сараптау жұмыстарын атқарады. Қазақстанда адам құқықтарына байланысты жағдайды бағалау үшін дайындалған баяндаманың негізін барлық мемлекеттік органдармен, мекемелермен, ҮЕҰ-мен, Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл жанындағы Сарапшылық кеңес мүшелерімен (консультативтік көмек ретінде) берілген ақпараттар құрайды.

Әр жылғы баяндамалармен айқындалатын дәлелдер, жасалатын бағалаулар мен ұсыныстар Адам құқықтары жөніндегі Уәкілге келіп түскен азаматтардың, ҮЕҰ-дың жекелеген не ұжымдық шағымдарын тексеру барысында жинақталған материалдар, интернеттік ақпарат материалдары және, сонымен қатар, республика өңірлеріндегі мемлекеттік, медициналық, пенитенциарлық мекемелердегі адам құқықтары жөніндегі мониторингін талдау, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарында адам құқықтарының проблемалары бойынша жарияланымдарға негізделеді. Олардың қатарында жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде жинақталатын ақпарат көздері ерекше назарға алынады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қарашадағы №1474 «Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Жарлығымен Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілеттігі күшейтіліп, келесі мәтіндегі ережелермен толықтырылды: адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен істі сотта қарауда қатысуға; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа немесе прокуратураға заңды күшіне енген сот шешімін, үкімін, соттың ұйғарымын немесе қаулысын тексеру туралы қолдаухатпен жүгінуге; Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың шағымдарын қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ олардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы ақпаратты өзге жолмен алған кезде осы мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізу ұсынысымен Парламент палаталарына жүгінуге; адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың, басқа да үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмысына қатысуға; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды тұлғаға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді не қылмыстық іс қозғау туралы, сондай-ақ материалдық немесе моральдық залалды өтеу шараларын қолдану туралы қолдаухатпен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жүгінуге деген құқықтары айқындалды.

Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл азаматтар тарапынан берілген шығарымдарды қарау нәтижесіне байланысты мемлекеттік органдарға, лауазымды тұлғаларға өзінің ұсынымдарын, ескертпелерін және, сонымен қатар, ұсыныстарын жолдайды. Уәкілдің ұсынымын алған лауазымды тұлға, бір ай уақыт ішінде, сол ұсынымда айқындалған мәселелер жөнінде қабылдаған шешімін, белгіленген тәртіпте беруге міндетті. Сонымен қатар, аталмыш мәселелер жөніндегі өтініштерді қабылдауды және қарауды Қазақстан Республикасы Президенті жанында құрылған Адам құқықтары жөніндегі Комиссия, уәкілеттігіне байланысты, жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы құрамындағы құқықтық статистика және арнайы есеп жүргізу жөніндегі Комитеттің (бұдан әрі – Комитет)

мәліметі бойынша 2014 жылдың бірінші жартысында республикалық деңгейдегі мемлекеттік органдарға, олардың аумақтық органдарына және жергілікті атқару органдарына, жалпы саны, 4153002 өтініштер берілген. Бұл өтініштер жеке және заңды тұлғалар тарапынан еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру, азаматтық-құқықтық мәселелер жөнінде берілген.

